ISSN 1563-0307
Индекс 75875; 25875

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия философия. Серия культурология. Серия политология

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Philosophy series. Cultural science series. Political science series

№4 (53)

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ISSN 1563-0307
Индекс 75875; 25875



ХАБАРШЫ

ФИЛОСОФИЯ СЕРИЯСЫ. МӘДЕНИЕТТАНУ СЕРИЯСЫ. САЯСАТТАНУ СЕРИЯСЫ. №4 (53)

25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

Журнал философия, мәдениеттану және саясаттану ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған // Докторлық диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдардың тізіміне кіреді // ЖАК бюллетені, №3, 1998; Нормативтік және методикалық материалдарын жариялайтын ғылыми басылымдар тізімі Қазақстан ЖАК төрағасының бұйрығы 26.06.2003, №433-3 ж. // Нормативтік және методикалық материалдар жинағы №6 ЖАК. – Алматы, 2003

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ
Борбасова Қ.М.,
филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Телефон: +7701 168 0292
E-mail: karlygash_bm@mail.ru

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Масалимова А.Р., филос.ғ.д., профессор – ғылыми редактор *(Қазақстан)*
Насимова Г.О., саяси ғ.д., профессор – ғылыми редактордың орынбасары *(Қазақстан)*
Абдыгалиева Г.К., филос.ғ.д. профессор *(Қазақстан)*
Алтаев Ж.А., филос.ғ.д. профессор *(Қазақстан)*
Асунсьон Лопез-Варела, профессор, Комплутенс университеті *(Испания)*
Байтенова Н.Ж., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Ғабитов Т.Х., филос.ғ.д. профессор *(Қазақстан)*
Ғарифолла Есім, филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Жолдубаева А.К., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Исмағамбетова З.Н., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Каплан С., профессор, Калифорния университеті *(АҚШ)*
Карабаева А.Г., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Кэтлин Адамс, профессор, Лойола университеті *(АҚШ)*
Құлсариева А.Т., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Құрманалиева А.Д., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Қайдарова А.С., саяси ғ.д., доцент *(Қазақстан)*
Нурышева Г.Ж., филос.ғ.д., профессор *(Қазақстан)*
Петрик Дж., профессор, Огайо университеті *(АҚШ)*
Сенгирбай М.Ж., PhD докторы, аға оқытушы *(Қазақстан)*
Федотов А.В., профессор, София университеті *(Болгария)*
Финке П., профессор, Цюрих университеті *(Швейцария)*

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ БАСПА ҮЙІ

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы
Гульмира Шаккозова
Телефон: +77017242911
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:
Гүлмира Бекбердиева
Қарлыға Ибрагимова

Компьютерде беттеген:
Айша Калиева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші
Мөлдір Өміртайқызы
Телефон: +7(727)377-34-11
E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ №9107

Басуға 09.11.2015 жылы қол қойылды.
Пішімі 60x84 $^{1}/_{8}$. Көлемі 17,18 б.т. Офсетті қағаз.
Сандық басылыс. Тапсырыс №4023. Таралымы 500 дана.
Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

1-бөлім

ФИЛОСОФИЯ

Раздел 1

ФИЛОСОФИЯ

Section 1

PHILOSOPHY

Абдрасилова Г.З., Бұхаев Ә.Н.

Адами капитал қалыптастырудағы ұлттық рухани мұраның рөлі

Мақалада Қазақстандық білім беру жүйесіндегі мәдени-әлеуметтік және рухани мәселелердің астарында жатқан «адами капиталдың» негізгі қырлары талданды. Мақала авторлары инновациялық технологиялар әлемі құшағындағы студент жастар бойында біртұтас дүниетаным қалыптастырудың – адами капитал қалыптастырудағы басымдық екеніне назар аударады. Адам потенциалын капиталға айналдыру – ақпараттық қоғамдағы өндірістің маңызды да басты факторы. Осы салаға жеткілікті инвестиция жасау – кез-келген ұлттың экономикасының басымдығына айналуда. Өйткені түпкі мақсат – адамға несиеленген бастапқы құннан да артық кіріс келтіретін, адам қабілеттерінің өзіндік өсімі болып отыр. Мақала авторлары аталмыш үдерісте ұлттық философиялық мұраның тағылымдық мәні шешуші рөл атқаратындығын тұжырымдайды.

Түйін сөздер: адами капитал, технологиялық мәдениет, позитивті интеграция, ұлттық инновация жүйесі.

Abdrasilova G., Buhayev A.

The role of national spiritual heritage in the formation of haman capital

The article analyzes the main aspects of the socio-cultural problems of modern higher education, in particular, the problem of forming a holistic world view among students in the eclectic world of pluralism and integration of IT. The article in Kazakhstani educational, cultural, social and spiritual problems in a context of "human capital" of the main aspects analyzed. The authors of the article in the world dreamed of innovative technologies for the formation of a single world view of young students that priority attention is given to the formation of human capital. Capitalization of human potential - a key factor in the importance of the information society. Sufficient investment in this sector has become a priority in any of the nation's economy. After all, the ultimate goal - people were financed more revenue than the original, is the ability of self-growth. The authors of the article, the value for the process of national philosophical heritage plays a key role in formulating.

Key words: world view, higher education, human capital, innovative technologies, tehnologic cultural heritage, information society.

Абдрасилова Г.З., Бухаев А.Н.

Роль национального духовного наследия в формировании человеческого капитала

В статье проанализированы социокультурные проблемы казахстанской системы образования и ключевые аспекты человеческого капитала. Авторы статьи обращают внимание на то, что формирование целостного мировоззрения студенческой молодежи в век инновационных технологий является приоритетом и в формировании человеческого капитала. Трансформация человеческого потенциала в человеческий капитал – ключевой фактор производительности информационного общества. Достаточное инвестирование в этот сектор становится приоритетом экономики любой страны, так как конечная цель – человеческий капитал. Т.е. развивать способности человека, позволяющие создавать большую стоимость, чем первоначально была вложена в человека. Авторы статьи указывают, что национальное философское наследие в этом процессе играет решающую роль.

Ключевые слова: мировоззрение, человеческий капитал, технологичная культура, позитивная интеграция, национальная инновационная система, информационное общество.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 130.121.2

***Абдрасилова Г.З., Бұхаев Ә.Н.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: gauhar_abdrasilova@mail.ru

АДАМИ КАПИТАЛ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ МҰРАНЫҢ РӨЛІ

Бүгінгі таңда өз өндірісінде табиғи ресурстарды аз мөлшерде тұтынатын, есесіне, қазіргі заманғы технологияларға, ғылыми құндылығы жоғары өндіріске, біліктілігі жоғары мамандарға ие ел алдыңғы қатарға шығуда. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудағы білім мен ғылым маңыздылығының артуының сипаты осындай, «адами капитал» теориясымен түсіндірілуде.

Білім өздігінен экономикаға тасымалданбайды. Ғылыми зерттеулерге, жоғары білімнің өнімдеріне салынған инвестиция олардың оңтайлы қайтарым беретіндігіне кепілдік емес. Ғылыми-техникалық білімнің барынша пайда әкелуі үшін ұлттық инновация жүйесін зерделеп, «адами капитал» теориясын насихаттауға және іске асыруға бағытталған ұйымдарды кешенді жүйе шеңберінде дамыту қажет. Адам потенциалын капиталға айналдыруды көздейтін адами капитал ақпараттық қоғамдағы өндірістің маңызды да басты факторы, ал оған жеткілікті инвестиция жасау – кез-келген ұлттық экономиканың басымдығына айналуда.

Американдық ғалым-экономистер Теодор Щульц пен Гэри Беккердің еңбектерінде қоғам мен жаңұяның, экономикалық дамудың маңызды факторы ретінде сипатталатын «адами капитал» ұғымы отандас әріптестеріміздің түсіндірмесінде қысқа да нұсқа анықтамаға ие болып, адамға несиеленген бастапқы құннан да артық кіріс келтіретін, адам қабілеттерінің өзіндік өсімін бейнелеуде [1].

Адамзаттың өресі өсіп, саналы әрекеттің ықпалы қоғамға жағымды әсер әкелуі – өмірлік заңдылық. Адамның дүниені тану мүмкіндігі кеңейіп, сана өзгергеннен кейін өмірге жаңашылдық енбек. Озық қоғамның мұраты – өз азаматтарын әлеуметтендіру, өмірге бейімдеу. Жаңашылдық орын алған дүниеде адам, азамат қоғамға оңай бейімделе түспек. Кез-келген қоғам бір ғана мақсат үшін өмір сүреді. Ол – адамды мәдени тұрғыдан дамыту. XXI ғасыр – ақпараттық қоғам және технологиялық мәдениет дәуірі. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушылардың өзіндік санасын, ойлау қабілетін дамыту, шығармашылығы мен құндылық бағдарларын ұштау арқылы қоршаған дүниеге дұрыс бейімдеу [2].

Жалпы мүдделердің келісімінсіз гумандылыққа, демек, өркениетке қол жетпейтіндігін өмір көрсетуде. Жас ұрпақ тәр-

биесі, патриотизм мен азаматтық қауымдастық – нәзік те аса қымбат құбылыс. Елімізде бұл саладағы мәдени-әлеуметтік мәселелер жеткілікті. Ұлттық құндылықтарымыздың құнсыздануына дәлел болатын келеңсіздіктерді күнделікті естіп-көрудеміз. Қоғамымыз, мемлекет өз азаматтарының жай-күйіне алаңдаулы.

Қоғамның ыдырап, мемлекеттің құлауы ғылым мен техникадағы артта қалушылықтан емес, рухани тозудан, шынайы құндылықтардың жалған үндеулер мен алмастырылуынан басталады [3]. Ұлттық мәдениет, тарихи таным өздігінен, таза жерде пайда болмайды. Бұл ерекше сезімді жас ұрпақ бойына егіп-ендіріп, дамытатын – дарынды тәрбиешілер. Сапалы тәрбие нәтижесінде уақыт пен заман позитивке байып, адамзаттың баянды өмірге, ұзақ тіршілікке үміт-сенімі молая түседі.

Еліміздің білім беру саласындағы іске асырып жатқан жаңа бағдарламасы асқақ мақсаттарды көздейді. Олар: электронды оқулықпен қамтамасыз ету, ұлттық деңгейдегі сапа бақылауы, ұстаз біліктілігін Кембридж университетінің бағдарламасы бойынша жоғарылату мақсатындағы жаңа жүйелер ұйымдастыру, академиялық икемділік, жоғарғы оқу орындарында берілетін білім деңгейін арттыру. Жаңа технологиялар баршаны: оқушыларды, олардың ата-аналарын, қоғамды, ұстаздар қауымын – түгел қызықтыруда.

Білім беру үдерісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Интерактивті технология («inter»-«бірлесу», «act»-«әрекет жасау») құралдарының көмегімен өтілетін сабақ барысында мұғаліммен оқушы бірін-бірі толықтырып, үдеріске бірдей қатысуына және шығармашылықпен қатар айналысуына жол ашылуда.

Ұзақ уақыт тақта алдында сөз сөйлейтін дәріс берушіге Ғаламтор көмекке келуде. Оқу материалы енді жылдам, көрнекі түрде түсіндірілуде. Ақпараттық технологиялар арқылы пән тақырыбының ақпараттық көлемі ұлғайып, оқыту үдерісі ықшамдалып, сабақтар түрлі формаларда жүргізіліп, нәтижелілік артуда. Көрнекі, қызықты, мағыналы мазмұн оқушылар есінде жақсы сақталып, өтілген материалды қайталаудың қажеттілігі ығыстырылуда. Мұғалім уақыты үнемделіп, оқушылар белсенділігіне, өз бетінше жұмыс істеуіне (рөлді қойындарға, пікір сайыстарға, топтық жұмыстарға) жеткілікті уақыт артылуда. Интерактивтілікті пайдаланудағы тиімділікке – оны сабақ мақсатына сәйкес қолданып, сауатты жоспарлау арқылы қолжетуде [4].

Бүгінгі таңда компьютерлік технология қолданылмайтын кәсіби жұмыс, қоғамдық өмір жоқ. Қазіргі уақытта e-learning (электронды білім алу) әлемдегі жетекші құбылысқа айналуда. Оқушылар мен студенттер компьютерден кітап оқып қана қоймайды. Электронды оқулық түрлі және қызықты ақпарат береді, адамдармен қарым-қатынас орнатуға және сұрақтар қоюға бейімдейді. Мультимедиялық технологиялар білім алушыны баурай түсуде. Білімді игеру нәтижелері таңғалдыруда: e-learning қолданылатын дамыған елдерде білім үлгерімі 15-20% көтерілуде. Оқушылар өмірге жақсы білім қорымен енуде.

Еліміздегі барлық оқу орындары осы бағдарламамен қамтамасыз етілуде. Сол арқылы білім беру жоғарылап қана қоймай, қала мен ауыл арасындағы білім сапасы жүйеленуде. Оқушы қай елді мекенде тұрғанына қарамастан, электронды оқулық материалымен толық қамтамасыз етіліп, оқу үдерісі тоқтаусыз жүруде.

Дереккөздері елімізде миллионнан астам сандық білім ресурстары бар екенін хабарлауда. Олар: электрондық оқулықтар, бейнесабақтар, электронды кітаптар түріндегі қорлар. Бұған дейін мұғалім – бірден-бір, жалғыз білім көзі болса, қазір олай емес. Мұғалім статусы өзгерді. Ол енді нағыз ақиқат жолды білетін және жол сілтейтін бедел емес.

Интерактивті қордың молдығына қарамастан Ұстаз рөлі төмендемек емес. Керісінше, сан алуан әрекет арқылы ақыл-ойды ұштап, жеке тұлғаның өзіндік санасын қалыптастырып, өз-өзіне сенімділігін, жауапкершілігін дамыту жолдарын іздестіретін, сол арқылы тұлғасын дамытуға, қабілетін арттыруға ықпал жасайтын – ұстаз.

Оқушы алдындағы оқу материалы түпсіз терең. Адастырып та, батырып та жіберетін шытырман. Тереңге тұншықпай, шытырманнан жол табуға бейімдейтін – ұстаз. Ақиқатты бірге іздесіп, бірге адасып, тәжірибесімен бөлісетін, қателесуден, қателескенін мойындаудан қорықпайтын жолсерік. Сонысымен – бедел. Өз пәні бойынша үйретіп қана қоймай, қажетті ақпаратты қалай іздеп, қалай табуды, құндылығына көз жеткізуді, ақпарат тасқынының пайдасызын, қажетсізін ығыстыруды үйрететін шебер.

Қалыпты, дәстүрлі сабақ түріне тиым салынған жоқ, салынбайды да. Жаңа білім құралдарымен қаруланған мұғалім интерактивті материалды дәстүрлі тәсілмен қатар өрнектеп, нәтижелі үдеріске айналдыруды өзі жоспарлайды. Түпкі нәтиже өзіне ғана байланысты. Амал-тәсіл таңдауда еркін. Ал еркіндік – жауапкершілік. Еркіндік көбейген сайын жауапкершілік ұлғаяды. Есесіне шығармашылық артады.

Жаратылыстық ғылыми білім, нақты пәндер, арнайы курстар студентті маман ретінде дайындайды. Әйтсе де мамандық иесі атану адамды азамат, тұлға ете алмайды. Азаматқа айналу – әлеуметтік-гуманитарлық пәндер арқылы, бетпе-бет, көзбе-көз әңгімелесу арқылы іске асады. Мысалы, ежелгі заманның өзінде Сократ «тікелей, көзбе-көз сұқбатсыз философия жоқ» деп санаған. Философия өмір мәні жайлы, парызы, еркіндігі мен жауапкершілігі жайлы көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Гуманитарлық пәндер интерактивті инновациялық әдістер арқылы адам бойында өз өміріне жауапкершілік танытатын, ойлай алатын тұлғаны қалыптастырады. Гуманитарлық мәдениетке бейімделмеген адамның қандай да бір бағдарлама шеңберінде ғана әрекет ете алатын құлтемірден айырмашылығы болмайды [5].

Бүгінгі таңда нанотехнология, биотехнология, ақпараттық және когнитивтік технологиялардың конвергентті дамуы арқылы адамзаттың болашағына төніп тұрған қауіп-қатерлермен қатар адам мен қоғамды өзгерту, түрлендірудің бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктері ашылуда.

Жаратылыстану ғылымдары жоғары сұранысқа ие болып, жемісті нәтижелерге қол жеткізіп жатқанымен, гуманитарлық ғылымның үлесі сырт көзге көрінбесе де, аса маңызды. Руханилықты, тәрбиелілікті, адамдар арасындағы, қоғамдағы қатынастарды адам бойына үйлесімді сіңіретін, әрбір адамның өзіндік жүзеге асуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар болып табылады. Ол білімнің тапшылығы әсіресе, бір қоғамдық құрылымнан екіншіге ауысқан өтпелі қоғамда айрықша байқалады.

Ұрпақтар арасындағы рухани байланысты күшейтудің басты шарасы – экономикалық табыс пен пайданың түпкі мақсат емес екенін түсіну, ұғындыру. Басты мақсат – интеллектуалдық потенциалымызды толығымен пайдаланатын, дамуға, өзара пайдаға негізделген позитивті интеграциялық процесті дамытуға мән беру [6]. Мәдени-интеллектуалдық және тарихи құндылықтарымыздағы жалғастылықты, сабақтастықты сақтау.

Мәдениет арасындағы ашықтық пен тығыз байланыс – жақсы. Алайда жат мәдениеттің төл мәдениетімізді құлдыратуына, ұлттық болмысымыздың сипаттарын жоюына жол беруге болмайды. Бұл ақын М.Шаханов айтқандай, космополиттік қоғамға айналу – әрбір ұлттың төл ерекшеліктерінің сабақтастығының ұлт санасынан өшуі, яғни ұлттымыздың жойылуы.

«Жаһандану» термині XX ғасырдың 80-ші жылдарынан тарады. Ол «шекарасыз әлем», «біртұтас әлем» мағынасын береді. Жаһанданудың қазіргі заманғы қоғамдарға мәдени тұрғыда тікелей жаңа серпін беруі ұлттың мәдени саналуандық проблемасына тікелей ықпал етіп, бізге бұрын белгісіз болған алапаттар мен соларға шара қолданудың жаңа тәсілдерін табуды талап етуде.

Мәдени ықпалдастыққа арналған шекаралардың ашықтығы, бұқаралық ақпарат құралдары қуатының шексіздігі, әсіресе ғаламды «виртуалды деревняға» айналдырған телевизияның теңдессіз әсері, және адамзат баласының бұрын-соңды болмаған әлеуметтік мобильділігінің ауқымдылығы нәтижесінде мәдениеттердің ассимиляциясы, басқа мәдениетке сіңіп кету қаупі бүгінгі қазақ ұлтына шындап төнуде.

Жаһандану құбылысы міндетті түрде бірыңғай (біртұтас) мәдениет құруды талап етпесе де, зерттеулер көрсеткендей ол, космополитті және мәдени біркелкілікті, бұқаралықты, ұлттық мәдениеттердің, әсіресе әлемдік аренада бекіп үлгермеген, басым емес мәдениеттердің шекараларын жою үрдісін енгізіп отыр. Тап қазір өмір сүріп жатқан ұрпақтың бірыңғай жаһандық стереотиптік санада ойлауы – ұлт сабақтастығының үзіліп, тамырсызданған космополиттік тұлғаға айналуын бейнелейді. Жаһандану құбылысының ұлтты жоюға арналған миссиясы осындай.

XXI ғасыр – интеграциялар ғасыры. Интеграциялар үдерісі – бүгінгі күні әлемдік дамудағы тенденциялардың бастысына айналуда. Мұндай сипат ТМД республикаларының барлығына тән құбылыс. Өзара интеграциялық бірлестіктерге топтасудың басты себебі екеу. Біріншіден, демократия – ашықтыққа, компромиске негізделген қоғам. Тұйықталу, изоляция – әлсіздіктің, үрейдің белгісі. Мұндай принципті басшылыққа алатын қоғамның өмірі ұзақ болмасы анық. Қазақстан ондай топқа жатпайды. Қазақстан – өз мәдениетін насихаттап, өзгені қабылдай отырып дамығысы, күшейгісі келетін жаңа сипатты мемлекет.

Жаһанданудан ұлттық мәдениетті сақтау – жаһандануға қарсы тұруда емес, жаһандануды пайдалануда болмақ. Қарсыласатын болсақ Жаңа әлемнен, жаңа дүниелерден қол үзіп қаларымыз анық. Конфуций: «Жел тұрғанда ақымақ адам пана болатын жер іздейді, ал парасатты адам желді пайдаланып жел диірменін тұрғызады» деген екен. Демек, ұлттығымызды паш ететін ерекшеліктерімізді жаһандануға бейімдеп, ұлттық сананы күшейте түсуіміз қажет.

Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен іске асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын мысал етуге болады. Үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түскен жаһандық тұтастану, шекара талғамайтын қаржы мен ақпарат ағындары өзін сақтап қалмақ болған әрбір ұлтты жаңа қатер қаупінен қорғануға мәжбүр етіп отыр. Өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен, тарихи жадын, бірегей ұлттық болмысы мен ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ерекше ділін, дәстүрлі төл мәдениетін дамыту, жалпы жаңарған ұлттық рухты аман алып қалу жолында әрекеттенуі қажет.

«Мәдени мұра» бағдарламасы жаһандану заманында жасанды, виртуалды әлемде жоғалып кетпеу, өз төлтумалығымызды, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлауымыз бен кейпімізді сақтап қалу үшін маңызды болып отыр. Сондықтан бүгінгі Қазақстан – өз отандастарын тарихи дәстүрлерін сақтай отырып жалпы өркениетке қол жеткізуді мемлекеттік тұрғыда қарастырып, көздеп, нақты жоспарлар құрып, шаралар жасап жатқан ел.

Бейбітшілікті, саяси-әлеуметтік тұрақтылықты, қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлемдегі адамзаттық болмыстың шынайы рухани негіздерін сақтау – мәдениет пен руханият арқылы іске асатыны даусыз. Әрбір ұлт өзінің мәдени мұрасын жоғары деңгейде қадірлеген сайын ол әлемдік жұртшылық алдындағы, Ұлы адамзат тарихы алындағы мәртебесін биіктете түседі. Руханияты мен мәдениеті жоғары халықтың болашағы да жарқын және айқын болады. Адамзаттың бай рухани әлеміне, адамдардың санасы мен ізгілікті еркіне деген сенім бізге өмір сүруге және болашаққа жоспар құруға негіз береді.

Қоршаған әлемді, адами өмірді түрлі ұғымдар, түсініктер, көркем бейнелер арқылы рухани игеруге ұмтылмайтын, даналық тағылымдарды қордаламайтын тарих толқынындағы халық та, ұлттық мәдениет те болмайды. Ол саланы қадірлемеу, оның философиялық байыбына жетуге тырыспау этностың рухани құлдырауына, әлеуметтік дағдарысына алып келуі мүмкін. Сондықтан дүниені әмбебап кейіпте танып-білуге, өрнектеуге талаптанатын философиялық дүниетаным кез-келген мәдениет үшін, тарихи кезең үшін адамгершілік, гуманизм ұстындарын тарататын маңызды феноменге айналады [7].

Қазақ халқы даналыққа құштар халық, философия оның өмір сүру және өркендеу формасы болып табылады. Халқымыздың сан ғасырлық тарихында орасан зор рухани байлық, даналық тағылымдары болғаны және қазір де бар екені белгілі. Мәселе сол рухани дүниені жүйелі түрде, кәсіби сараптаудан өткізе отырып келесі ұрпаққа жеткізе білуде. Бұл – біздің рухани парызымыз.

Осы мағынада бұрын жеткілікті назар аударылмай келген философиялық танымның ұлттық типіне барынша ыждағаттылықпен назар аударыла бастады, тарихтың «ақтаңдақтары» болып келген көптеген жаңа ойшылдар мен шығармаларға жаңа түсініктемелер де беріліп үлгірілді. Әлемді, адамды, оның өзін-өзі тануын, сөйтіп өзін басқаға таныту, бәсекеге қабілетті тұлғаның өмірдегі орны мен рөлін философиялық-дүниетанымдық және дәстүрлі этикалық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге айрықша мән беру қазақ философиясының ерекше сипаты болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда қазақ философиясы – шығыстық философиядағы, рухани жағынан толық жетілген адам болу рухын қастерлеу мен зерделеу дәстүрін жалғастыра отырып, оны өзіндік ең жоғары кісілік мазмұнмен байытқан философия. Қазақ философиясы дегенде оның ежелгі түркілік рухани-мәдени бастауларын, халықтық және кәсіби формаларын айтқан дұрыс. Қазақ халқының бай философиялық мұрасын зерттеуші ғалымдар осындай ерекшеліктерді ескере отырып, ұлттық әдебиетті ұлттық философияның өмір сүру формасы ретінде түсініп, жеке тұлғалардың поэтикалық мұрасындағы бай философиялық-дүниетанымдық мазмұнды ашып көрсету үшін оны герменевтикалық және компаративистік тәсілдердің көмегімен қайта саралады.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ ойшылдары Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Ғұмар Қарашев, Мәшһүр Көпеев және тағы басқа даналар ой еркіндігін өздерінің дүниетанымының басты ұстындарының бірі етті, сөйтіп халыққа жаңа, ұлттық ояну философиясын ұсынды.

Ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеру тек тәуелсіздік жағдайында ғана толық іске аспақ, ал оның негізгі мақсаты тұлғаның рухани қалыптасуын іске асыруда, ұлттық сана мен рухты ояту, оны тәуелсіздік жолындағы жасампаздық іске қосу, сөйтіп, еліміздің рухани тәуелсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Әлемдік философияның, яғни Ежелгі Қытай мен Ежелгі Үндістаннан басталып, қазіргі Батыс Еуропалық постмодерндік философияға дейінгі ғұламалар шығармаларының озық үлгілері

болып есептелетін антологиялық ұстынмен жинақталған үзінділер мен тарауларды оқырмандарға ұсынудың астарында жастардың философиялық мәдениетін көтеру мақсаты жатыр, сонымен қатар жоғары оқу орындарында жетіспей келген мемлекеттік тілдегі оқу құралдарының орнын толтыру мүддесі алға қойылған; екіншіден, бұрын жеткілікті деңгейде қолға алынбай келген күрделі философиялық мәтіндерге аударма жасау мәселесі жолға қойылып, елімізде философия саласында кәсіби аудармашылар корпусы қалыптасты және олар өзара біріге қызмет атқарудың арқасында көптеген философиялық терминдерге ортақ, бірізді баламалар тауып та үлгірді. Мәселен, «глобализация» деген ұғымды жаһандану деп, менталитет деген ұғым діл деп айтылса, разум – зерде, рассудок – пайым деген кейіпте қолданысын таба бастады. Осындай терминологиялық базаны нығайту мақсатын қойған ғылыми тұрғыдағы қадамдар мемлекеттік тілдің еліміздегі қолдану аясын кеңейтуге, оның мағыналық, ұғымдық жағынан алғанда лингвистикалық қауқарын тереңдетуге барынша игілікті ықпалын тигізді. [7].

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – ұлттық рух пен ұлттық намыс оятып, ұлттық және әлемдік философиялық мұраны игеруге, жастарды тәуелсіз және еркін ойлауға үйретеді. Еркін ойлау қазақ халқының қанына туа біткен қасиет. Оған ақын-жыраулар дүниетанымы, би-шешендер және ағартушылар философиясы кепіл. Қалыптасқан пікірлер мен қағидаларға күмәнмен қарау – қазақ ойшылдарының негізгі ұстыны. Еркін ойлау адамзаттың танымын кеңейткен талай-талай ғылыми және техникалық жаңалықтардың ашылуына, өнер мен шығармашылық туындыларының пайда болуына, күрделі кешенді саяси-экономикалық мәселелердің шешілуіне себеп болды [7].

Елдік мұратымыздың бастысы – озық ел болу. Озықтықтың басты шарты – сапалы білім. Сапа – өнімнің белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыру мен талаптарға сәйкес келу қабілеттілігін сипаттайтын қасиеттердің жиынтығы. Адамгершілік, эстетикалық тәлім-тәрбие құралы болған философиялық мұралардың дүниетанымдық тағылымы бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген халқымыздың қайта жаңғырып, мәдени, рухани өркендеп дамуына, Қазақ елінің «Мәңгілік Ел» идеясын дамытуына мол септігін тигізері сөзсіз.

Әдебиеттер

1 Мұхамеджанова А.Г. Человеческий капитал Казахстана: формирование, состояние, использование. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – 274 с.

2 Тәжібаева З. Оқыту үдерісінде интерактивтік әдістерді тиімді пайдалану // Worldteacher 11.03.2013

3 Бурханов А. Основные тенденции развития мировой науки // Казахстан в глобальных процессах. – 2005. – № 2 (4). – С. 142.

4 Тәжібаева З. Оқыту үдерісінде интерактивтік әдістерді тиімді пайдалану. Worldteacher

5 Тулегенова М.С. Социально-экономические факторы инновационного развития Казахстана //Қазақстанның ұлттық бәсекеге қабілеттілігі: теориясы, тәжірибесі, болашағы. Қазақстан Республикасының 15 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, 7-8 желтоқсан 2006 ж. – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 4.1. – 222-225 бб.

6 Аршинов В.И., Лебедев М.В. Постнеклассическая рациональность, виртуалистика и информационные технологии// Философские науки. – 2007. – №7.

7 Нысанбаев Ә. Философиялық мұра және тұлғаның рухани қалыптасуы. // «Қазақ мәдениетінің ділдік рухани тұтастығы» атты Қазақстан Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы, – Алматы. – 2013.

References

1 Muhamedjanova A. Chelovecheskii capital Kazahstana: formirovanie, sostojanie, ispolzovanie. – Almaty: NICIA «Gylym», 2001. – 274 s.

2 Tajibaeva Z. Okytu yderisinde interaktivtyk adisterdi tiimdi paydalany // Worldteacher | 11.03.2013

3 Burhanov A. Osnovnye tendencii razvitia mirovoy nauki// Kazahstan v globalnyh prosessah. 2005. – № 2 (4). – C. 142.

4 Tajibaeva Z. Okytu yderisinde interaktivtyk adisterdi tiimdi paydalany. Worldteacher | 11.03.2013

5 Tulegenova M.S. Socialno-ekonomicheskie factory innovacionnogo razvitia Kazahstana// Kazahstannyn ulttyk basekege kabilettiligi: teoriasy, tajiribesi, bolashagy. Kazahstan Respublikasynyn 15 jyldygyna arnalgan halykaralyk gylymi- tajiribelik koferenciasynyn materialdary, 7-8 jyltoksan 2006 j. Almaty: «Kazak universiteti», 2006-4.1- 222-225 bb.

6 Arshinov B.I., Lebedev M.B. Postneklacisheskaa raciaonalnost, virtuaistika, I informacionnye tehnologii// Hilosofskie nauki. – 2007. – №7.

7 Nysanbaev A. Filasofialyk mura jane tulganyn ruhani kalyptasuy// «Kazak madinietinin dildik ruhani tutastygy» atty Kazahstan Respublkalyk gylymi- teoriayk konfencianyn materialdar jinagy. – Almaty. – 2013.

Алтаев Ж., Амиркулова Ж.

Қазақ философиясының методологиялық негіздері

Мақалада қазақ философиясын зерттеудің методологиялық негіздері сарапталды. Қазақ философиясының көп ғасырлық тарихы мен мәдени-рухани әлемі, дүниетанымдық ерекшеліктері мен дәстүрлерін зерделеу, бойлау және оларды танымдық мағынада игеру мәселелері қарастырылды. Қазақ философиясын зерттеудегі кемшін тұстар мен заманауи үрдістері, төлтума ұғымдарын оңтайлы қолдану үдерістері мақалада айтылады. Қазақ дүниетанымдық әлеміндегі этикалық принциптер негізінен адамаралық қатынастарды реттеп, игі көкжиектердің үлгілерін ұсынатыны байыпталды. Мәдениеттің, философияның, салт-дәстүрдің дамып өзгеруі әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайлардың дамып өзгеруімен де тығыз байланыстылығы көрсетілді. Қазақ философиясының калыптасуы және оның миф, дін, көркемдік ойлаудан бөлініп шығуы қазақ философиясының ең өзекті мәселелерінің бірі екені проблема ретінде көтеріледі.

Түйін сөздер: философия, қазақ философиясы, методология, философия тарихы, руханилық, этика.

Altayev Zh., Amyrkulova Zh.

Methodological bases kazakh philosophy

The article presents an analysis of the methodological bases of research of the Kazakh national philosophy. Features of outlook and philosophical heritage studied through the prism of epistemological problems, rooted in the long history of culture and spirituality of the Kazakh people. The attention is focused on the challenges and priorities of the study of tradition and modern trends in the Kazakh philosophy, exemplifyregulation of relations between people, based on universal ethical principles of the spiritual world of the Kazakhs. Development of culture, philosophy, traditions and customs is directly dependent on the socio-economic and socio-political development. In conclusion, substantiated the urgency of philosophical understanding of the modern world in the context of the differentiation of philosophy from these forms of social consciousness like mythology, religion, ideology.

Key words: Philosophy, Kazakh philosophy, methodology, history of philosophy, spirituality, ethics.

Алтаев Ж., Амиркулова Ж.

Методологические основы казахской философии

В статье представлен анализ методологических оснований исследования казахской национальной философии. Особенности мировоззрения и философское наследие исследуются через призму гносеологических проблем, укорененных в многовековой истории культуры и духовности казахского народа. Акцентируется внимание на трудностях и приоритетах изучения традиций и современных тенденций в казахской философии, приводятся примеры регулирования отношений между людьми на основе универсальных этических принципов духовного мира казахов. Развитие культуры, философии, традиций и обычаев находится в прямой зависимости от социально-экономического и общественно-политического развития. В заключении обосновывается актуальность философского осмысления современного мира в контексте дифференциации философии от таких форм общественного сознания, как мифология, религия, идеология.

Ключевые слова: философия, казахская философия, методология, история философии, духовность, этика.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 1 (091) (574)

***Алтаев Ж., Амиркулова Ж.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: altaev_2007@mail.ru

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ философиясының бастау бұлағы ежелден негізделіп, өзінің кейбір тарихи шектеулеріне карамастан ұлтымыздың жарасымды дамуына, философиялық ой-санасының өсуіне гуманистік рух, рухани мол азық берді. Осы рухани мұра жүйесінде қазақтың ежелгі философиялық теориясын түгелдей қамтитын ұзақ та жемісті философия тарихы өзінің, көл-көсір молдылығымен де, тарихи деректілігімен де, дүниетанымдық әрекеттілігімен де халқымыздың рухани болмысында айрықша орын алады. Әрбір халық «Өз тарихын, философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес» – дейді белгілі түркітанушы ғалым Л.Н. Гумилев [1].

Мәдениеттің, философияның, салт-дәстүрдің дамып өзгеруі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың дамып өзгеруімен тығыз байланыста. Сондықтан да, көшпелілер мәдениетін, философиясын, оның тарихын зерттеу үшін мәселені ата-бабаларымыздың әлеуметтік-экономикалық тұрмыс-тіршілігінің, рухани табиғи болмысының аясында қарастырғанымыз жөн.

Қазақ философиясының калыптасу мәселесі және оның миф, дін көркемдік образды ойлаудан бөлініп **шығуы** қазақ философиясының ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселе соңғы кезде философия әлемінде үлкен орын алып, жанды ғылыми айтыстар, тартымды пікірталастар туғызуда. Қазақ философиясына арналған әдебиеттерде бұл мәселе өте аз қамтылған, әлі зерттелінбеген тың тақырыптардың бірі болып отыр. Философияның ұлттық генезисін түсіндірмей және сананың алғы философияға қатынасын зерттемей философия пәнінің мазмұнын оның рөлі мен мәнін қоғамдық сананың **ерекше** спецификалық формасы екенін анықтау айтарлықтай қиындыққа түсер еді.

Мәселен, ежелгі үнді, қытай және грек философиясының генезисін анықтау, олардың алғы философиялық сананың формаларына деген арақатынасын анық түсіну, әрқайсысының ерекшеліктері мен олардың даму заңдылықтарының құрылуына мүмкіндік береді. Бұл Көне шығыс пен ежелгі грек философиясын, сондай-ақ Шығыс пен Батыстың өркениеттілігін де салыстырмалы түрде оқып білудің алғышарттары болып табылады. Өркениеттің рухани аспектісінің кең ауқымда болғандығы соншама

оның Шығыс қоғамындағы орны Батысқа қарағанда мүлдем өзгеше.

«Бұрынғы әлемдік философия тарихының қазіргі мәселе қою жағдайынан өзгешелігі сол, онда еуропацентризм үстемдік алады. Ол Батыстағы шешімді асырып жіберіп, Шығыс философиясын теріс бағалады. Бұған сенсек, Шығыста барлық уақытта бір түрлі философия өмір сүрген» [2]. Бірақ, бұл солай ма? Олай емес. Өркениет, философия, мәдениет Шығыста да Батыстағыдай әрқилы жолдармен жүріп, дамып келді. Бұл алшақтық Шығыстың қоғам дамуының ерекшелігінен көрінеді. Яғни бұл мәдениеті мен философиясында ерекше өз көрінісін тапқан қайталанбас өз тарихы бар, салт-дәстүрі бар дербес Шығыс қоғамын көрсетеді. Бүгінгі таңда Шығыс мәдениеті, өркениеті әлемдік деңгейде рухани мәдениеттің бар саласына белсенді әсер етіп, үлкен үміт арттырып отыр. Бұл еуропацентристік теориялардың жалпы әлемдік универсализмге ие бола алмай тұйыққа тірелген шағын көрсетіп отыр.

Өкінішке қарай, кезінде ұлы Гегель де Батыс философиясы Шығыс философиясынан әлдеқайда жоғары деп бағалағанын оның концепциясынан көреміз. Мұның бәрі отаршылдықтың көптеген ғасырлары Шығыс ойларының пессемистігі, инерттілігі делінетін менсінбей қараушылықпен белгілі [2, 9 б.]. Шығыс философиясына үңіле зер салсақ, оның ешқашан жалпы болмағандығын ең аз дегенде, үш дербес бағытта – үнді, қытай, араб-мұсылман болып дамығандығын көреміз. [3].

Бұдан біздің пайымдайтынымыз – Шығыс философиясының өзіндік бір дербес ерекшелігі бар ешқандай бұлжымай қатып қалған философия түрлерінің болмауы. Қайта бағыттардың әртүрлі қалыптарына, өміршеңдігі, не даналығына көз жеткіземіз. Қазақ философиясының тарихи даму ерекшеліктері, ұлттық философиямыздың идеялық бастау бұлағы қай уақыттан нәр алады? Сондай-ақ, қасиетті қазақ даласынан шыққан біздің дәуірімізге дейінгі VII ғасырда өмір сүрген гректің ұлы жеті ғұламасының бірі деп танылған Платонның айтуы бойынша аты аңызға айналған скиф Анахарсис (Анарыс), одан кейінгі XI-XIII ғғ. аралығында өмір сүрген әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи, Махмұд Қашқари, Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани сынды ұлы ғұлама ойшыл-философтардың асыл мұраларын, философиялық дүниетанымын, одан кейінгі XV-XVIII ғғ. өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының философиялық ойлары, XIX ғасырдың екінші жартысындағы философиялық ойдың дамуы, ағартушылар философиясы. Қазақ болмысы үшін философиялық емес қалыптағы даналық тән. Сондықтан да осы ұлы ғұлама тұлғалар арқылы, олардың кейінгі ұрпаққа қалдырған бай – мұралары арқылы қазақ философиясының іргетасын қалауға ат салысу, оны онан әрі ғылыми зерттеулер арқылы дамыту. Философия – өз заманының ой-пікірі, демек субъективтік жағынан алғанда белгілі бір ойшыл одан жоғары тұрғанымен, қалай да өз заманының перзенті болып қала береді.

Міне, осы ойшылдар, ақындар мен жыраулар – бәрі де өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын тілге тиек, ойға өрнек етіп, әртүрлі деңгейде, бірақ жалпы алғанда жартылай даму тенденциясы шеңберінде қазақ халқының қоғамдық саяси, мәдени, сайып келгенде философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады.

Қазақ халқының философиялық ой-пікірлерін зерттеу XX ғасырдың басынан қолға алына бастады. Бірақ бұл зерттеулерде сыңаржақ пен үстірт көзқарас басымырақ болды. Ал маркстік-лениндік методология тұрғысынан жазылған еңбектерде таптық редукционизм мен партиялық принципке ерекше жол берілді. Олар түптеп келгенде философия тарихын идеология мақсатында бұрмалауға әкеліп соқтырды. Және бұл бағыт ғылымның дамуына кері әсерін тигізді. Бөтен елдің идеологиялық ықпалында болған дәстүрлі қазақ қоғамындағы социалистік сананың үстемдік алу кезеңі халықты мәдени ерекшелігі мен өзіндік болмысынан ажыратты. Бұл жалған идеалдарды және ішкі рухани дүниеге жат стереотиптерді қалыптастыруға жетеледі.

Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан іргелі көшпенділер ғасырлар бойында жазба мәдениеті болмаса да, ауызша әдіспен өзіне тән бай рухани мұра жасай білді. Ал жазба әдебиет пайда болғаннан кейін бұл мұра өте үлкен қарқынмен дами отырып, әрқилы ерекшеліктерге толы күрделі тарихи жолдардан өтті. Осы рухани мұра жүйесінде қазақтың ертедегі философиялық ойлау элементтерінен бастап қазіргі замандағы толысқан философиялық теориясын түгелдей қамтитын ұзақ та жемісті философия тарихы мол орын алады. Оның негізгі бағыттары ретінде тұрпайы-диалектикалық ойларды, дүниеге шынайы түрдегі көзқарасты, дінді тану және басқа да еркін ойлау процестерін, моральдық мәселелер мен адам туралы ілімдерді, күш көрсетпеу идеясы және оның күш көрсету саясатына қарсы бағыттарды насихаттауы т.б. мәселелері болды.

Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, айтыскерлер мен ертекшілер, билер мен серілер – бәрі де өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын тілге тиек, ойға өрнек етіп, әртүрлі деңгейде, бірақ жалпы алғанда жартылай даму тенденциясы шеңберінде қазақ халқының қоғамдық саяси, мәдени, сайып келгенде философиялық ойлау жүйесінің құрылымын жасады. Олар – арнайы реализм, білімнің негізгі жақтары еркін ойлау, деистік және пантеистік көзқарастар, адамгершілік, ізгілік, имандылық, зорлық-зомбылыққа қарсы күресу, құқықтық саяси және философиялық жақтары, мемлекет, қоғам, жеке адам мәні тағы басқалар еді.

Осы аталған көзқарастар сыңаржаққа, консерватизмге, тоқыраушылыққа және білімділікке, қазақ халқының прогрессивті дамуына кедергі болатын басқа да кемістіктерге қарсы бағытталады. Бұл да қазақ философиясының қалыптасуы мен дамуының өзінше ерекшелігі деп атап айтуға болады.

Қазақ философиялық ойының тағы да бір ерекшелігі деп оның шынайы патриотизмін, халқына сүйіспеншілігін, оның бақыты, мүддесі және болашағы үшін күресуге дайын және оған жету жолдарын өз қадірінше анық, жан-жақты көрсете білуі дер едік.

Бұл айтқандар қазақ философиясы басынан-ақ аяғынан тік тұрған, бірден қалыптасып кеткен жүйе деген пікір тумаса керек. Біртұтас көзқарас, дүниені жан-жақты танып білу, оның заңдылықтарын, таным процесін, әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіну, ойлау түрлерінің жүйесін анықтау – ол соңғы ғасырлардың үлесіне тиеді. Дегенмен, халықтың ақындық шығармашылығында қоршап тұрған табиғат пен әлеуметтік орта туралы ойлаудың біршама жиынтығы болды. Олар негізінен кездейсоқтық, жүйесіздік, қасиетке толы бір қалыпқа сия бермеуі мүмкін. Бірақ адамдардың бай әлеуметтік өмірін, халық даналығын көрсететін философиялық мәні бар еді. Ойлау тәсілі ерекше, шығармашылық жолы мен шығармалардың сақталуы ауыз мәдениетіне сай, тез жаттап алу, оны есінде сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа өзгертпей, жоғалтпай, «ұрламай» жеткізу – бұл философия тарихындағы ғажап құбылыс.

Халқымыздың өмірін бейнелеген, адамдардың түйсігін, ойларын өскелең талабын көрсете білген фольклорда обьективті шындықтың элементтері бар екенін байқаймыз. Халық эпостары, ертегілер, аңыздар, лирикалық-тұрмыстық поэмалар, мақалдар мен мәтелдер адамдарды табиғи және әлеуметтік құбылыстарды, саяси-экономикалық жағдайларды, ізгілік, мақсаттарды өз уақытына сәйкес танып-білуінің куәгерлері. Ауыз мәдениетінің ескерткіштерін зерттеу халқымыздың танымдық, әлеуметтік-саяси, адамгершілік-тәрбие және дүниеге көзқарас ерекшеліктерін білуге көмектеседі.

Табиғи және әлеуметтік өмірді тікелей бейнелеу, дүниенің құрылымы, оның жасырын күштері туралы тұрпайы түсінік – бұл қазақ философиясының бастапқы кездегі деңгейі еді. Ол кезде жүйелі және негізделген көзқарас болған жоқ, сондықтан да философияның басты бағыттары да айқындалмаған еді.

Қазіргі кезде тарихи – философиялық ғылымның көптеген халықтардың философиялық мұраларын зерттеген тәжірибелі ұлттың философиясының қалыптасуы, дамуы және қазіргі бағыттары туралы, оларды зерттеудің теориялық және методологиялық мәселелері жөнінде жиынтықталған, жалпы ойларды тұжырымдауға кең мүмкіндіктер береді. Қазақ философиясының тарихы халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Онда ғылыми таным процесі мен халықтың идеялық ізденістері, бай тарихы мен ұлттық ойлау айшықтары көрініс тапқан. Қазақ философиясы халқымыздың тарихын жан-жақты түсіну үшін үлкен негіз және методологиялық құрал. Ол қоғамдық сананың басқа да түрлерімен тығыз байланыста. Сондықтан оны зерттеп, зерделемейінше қазақ ғылымының тарихын, саяси идеологиясын, өнерін, әдебиетін, адамгершілік қағидаларын, діндарлығын және т.б. пайымдау мүмкін емес. Халықтың ұлт-азаттық қозғалысымен тығыз сапырылысқан қазақ философиясы ғылыми құндылығымен қатар жоғары азаматтық қасиетімен, әлеуметтік әділеттілікке жету жолдарын тікелей іздеуге атсалысқан, өзінің жемісті жетістіктерімен ерекшеленеді.

Соңғы кезге дейін қоғамтану ғылымдарында әлеуметтік процестерді тану тәсілі ретінде таптық редукционизм, яғни барлық қоғамдық рухани, мәдени, саяси т.б. құбылыстарды таза таптық айшықтарға әкеліп тіреу тәсілі үстем болды. Бұның өзі бірін-бірі жоққа шығару логикасы өмірдің обьективті логикасын жалмап, жұтаңдатып көрсетуге әкеліп соқты. Қазіргі кезде жалпы адамзаттық айшықтар, идеялар ең жоғарғы құндылықтар есебінде танылғаннан кейін, философия тарихын зерттеудің ауқымы да кеңейді, бағыттары да нақтылана түсті. Соның бір мысалы ретінде негізінде «таптық күрестің» құрбандары болып кете барған қазақ халқының аяулы азаматтары әдебиетші, философ, ақын, саясаткерлердің өз ортамызды қайта жаңғыртуы, философиялық кеңістікке жаңа идея-

лардың қосылуы және олардың қазақ философиясы тарихының жаңа беттерін ашуға тигізген жан-жақты әсерін атап айтуға болады.

Халықтың сана-сезімінің өсуі, тоталитарлық империяның күйреуі жас тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы, философиялық ойлаудың жаңа түрлері адамзаттың тұтастығы мен ерекшеліктерін, достық пен алауыздықтың айырмашылығын, халықтар тағдырларының ажырамас бағыттарының тарихи шындықтарын терең де мазмұнды ашып беруіне көп септігін тигізуде. Осы тұрғыдан алғанда біздер дүниежүзілік қоғамдастыққа қазақ халқының терең де тұңғиық философиялық ойларын, оның шынайы болмысын және өзіне тән мәдениетін көрсете білуіміз керек. Бұл мақсатты іске асыру жолында көптеген бұрыннан қалыптасқан, сіресіп қалған ұғымдар мен қағидаларды сын көзбен қарап, жаңаша методологиялық шешімдер жолын ұсынғанымыз абзал.

Қазақ философиясының көкейтесті мәселелерінің бірі – философияның пайда болу проблемасы. Қазіргі уақытқа дейін әлемдік философияның тарихында осы мәселе талай пікірталас туғызып жүр. Біріншіден, философияның дәл шыққан мерзімін белгілеу өте қиын. Екіншіден, философия деген ұғымның өзіне дәл анықтама беруге осы кезге дейін толық қол жеткен жоқ. Үшіншіден, қазақ философиясына келетін болсақ, жазба түріндегі оның мәселелері классикалық тұжырымдар арқылы берілген текстері жоқтың қасы.

Әлемдік философияда үш ошақтың (Қытай, Үнді, Греция) шамалас бір мерзімде пайда болғанын білеміз. Ол орталықтар философияның әлеуметтік кеңістігіндегі жоғары деңгей еді және теориялық ойлаудағы дүниенің өзін жеке және тұтас ретінде бейнелеген алғашқы жүйелер болды. Философиялық ойдың тууына белгілі-бір алғышарттар қажет. Олар әлеуметтік, теориялық-танымдық, тарихи шарттар. Тарихи практика көрсетіп отырғандай, философиялық өркениеттің ұзақ дамуының жемісі.

Жалпы қалыптасқан көзқарас бойынша, философия экономикалық, саяси және идеологиялық жағынан нашар дамыған, көнедегі құлиеленуші қоғамнан, сол қоғамның жоғарғы сатысына өту кезеңінде пайда болды деп айтылады. Дегенмен әлеуметтік алғышарттар философияның пайда болуының тек тиісті жағдайларын түзейді. Қалыптасып келе жатқан қоғамдық қатынастарды жақтау немесе заңдастыру философияның алдындағы негізгі міндеттерінің бірі еді. Әлеуметтік институттар мен қоғамның құрылымын осы қатынастарды нығайтуға бағыттап философия өзінің аталған міндетін орындауға күш салады.

Біздің заманымыздың VI ғасырынан бастап Қазақстанның қазіргі территориясында алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, оның орнына феодалдық әлеуметтік-экономикалық формация орнына бастады. Осы уақыттан бері барлық әлеуметтік өзгерістер оның ішінде сана ауқымында, феодалдық формацияның ішкі заңдылықтарымен айқындалады.

IX-XVIII ғасырлардағы Қазақстан жерінде орналасқан тайпалар, олардың көсемдері өз биліктерін, басқару құралдарын тәңірінің өзі берген күш ретінде есептеді. Оның жақын көрінісі болып қазақ философиясының ойындағы кездесетін ақсүйекті абзал әулеттердің «генеалогиясы». Кейініректе осы аталған идея биліктің заңды «табиғаты» күштілерді ғана қалайды деп, одан кейін де адамдардың әдет-ғұрпына, заңдылыққа, өнерге саяды. Осыдан келіп философияның шығу процесі әлеуметтік жағдайлармен қатар сол кездегі адам ойының даму процесімен тығыз байланыста болғанын көреміз.

Философияның пайда болуына оның, тарихи алғышарты болған миф екені белгілі. Бірақ оны философия эпос арқылы өзгерген және жүйеленген кезінде ғана пайдаланды. Әрбір заманға байланысты эпос мифтің түрін өзгертіп отырды және сонымен қатар өнер мен бастапқы ғылым элементтерінің әсерімен философияның шығу процесін, оның қоғамдық сананың шығу және жаңа бір түрі ретінде қалыптасуын жеделдетеді. Мифологиялық көзқарас пен табиғат және қоғам туралы жаңа дамып келе жатқан ғылым элементтерінің арасындағы қайшылықтарды шешу философияның пайда болуының жолы деген де қалыптасқан тұжырымдар бар. Философия мифке тән дүниеге тұтас көзқарастың бағытын сақтауға тырысады. Соның негізінде не мифологиялық, не аллегориялық-көркем, не символикалық-діни, не нақты-ғылыми ойлау, бірақ олардың әрқайсысынан қабылданған түрлеріне сыймайтын, жаңа түсініктегі ойлау формаларын құрайды.

Белгісіз дүниені түсіндіруге тырысудан одан да белгісіздігі мол дүниені танып білуге ұмтылу, егер де ол дүние тіпті танып білуге мүмкіндік бермесе тәңірге немесе құпия ғаламат күшке сілтеме жасау мифтің өзіне тән ерекшелігі. Адамға әлеуметтік басқару жүйесін таңып, оны түсініксіздеу әлдебір күштің әсерімен түсіндіру ғылым мен дамудың барысында оған сенбеушілік пайда болған жағдайда жеке адамға өзінің дүниеге көзқарасын өзгерту мүмкіндігін жетілдіру – бұл мифпен философияның ара салмағын ажыратудың бір жолы. Ақылмен ой қозғау, табиғаттың өзіне бет бұру, дұрыс көзқарастың қалыптасуы

философияның пайда болуындағы диалектикалық синтез, бастапқы қайшылықтардың шешілу процесі [4].

Қазақ тарихында көп кездесетін «рулық» генетизм осы қоғамның әлеуметтік-таптық бөлінуі және «аксүйекті» рулар пайда болған кезінде күшейді. Соңғылардың қоғамдағы «заңды» орындары олардың төркіні құдайдан немесе батыр бабаларынан басталады деп түсіндірілді. Сөйтіп олардың әлеуметтік дүниенің қажетті және заңдастырылған бөлшегі ретінде қоғамдағы белсенді рөлі бекітілді. Осы рулардан шыққан ойшылдардың әлеуметтік идеялары қоғамның даму тенденциясын біршама дұрыс бейнеледі. Осыдан келіп олардың көзқарасы ғана емес, қоғамның тарихи дамуының мүддесіне сай келгендіктен қоғамдық пікір ретінде қалыптасты. Мысалы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және т.б. ой жүйесі, олардың ақыл кеңесі айтқан тұжырымдары осыған дәлел.

Жалпы дүниежүзілік тарихтан белгілі болғандай, қоғам дамуының көп сатыларында алдыңғы орынға экономикалық мүдделер мен саяси қызметке қарағанда философиялық, этикалық, діни және т.б. проблемалар шығады. Олар азаттық және адам еркіндігі, діни сенім және ақыл-ой, өмір сүру және адамгершілік қасиеті, бостандық пен құлдық, керек болса «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған», «алтын ғасыр» және «ақыр заман» туралы және басқа мәселелер. Бұлар жүп категориялар ретінде де, немесе жекелей, әлде бәрі бірдей әрбір қазақ ойшылдарының көзінен таса қалмаған. Осы мәселелерді тиянақты ойластыру арқылы олар экономикалық, соғыс және саяси дағдарыстарды шешуде үлкен рөл атқарады.

Қоғамдық ойдың көптеген мәселелері өзінің ауқымы жағынан ұлттық шеңберден асып жатады. Мәселен, ағартушылық бағыты таза ұлттық қасиетке ғана ие емес. Керісінше, оның түрлі ұлттық ерекшеліктері әлемдік жалпылықпен астарланып жатады. Қазақ ағартушысы жалпы ағартушылықтың бір түрі, оның ерекшеліктері: ұлттық мәселені басты проблема етіп қоюында, қоғамдық практикамен тығыз байланысты.

Жаңадан қалыптасып келе жатқан қазақ буржуазиясының ой-өрісін көрсете отырып, ағартушылық халықтың ұлттық сана-сезімін оятуға, оның бостандыққа, рухани азаттыққа жетуіне жәрдемдесті. Оның Қазақстанда калыптасып, дамуына, негіз болған демократиялық элементтері, халықтың ауыз әдебиеті мен фольклоры феодализмнен капитализмге өту барысында шыққан. Жалпы әлемге тән ағартушылыққа келетін болсақ, ол алдымен кейбір заманның әлеуметтік-саяси және идеологиялық сұранысына сәйкес белгілі-бір аймақта пайда болып, басқа аймақтарға тарай береді.

Ханафилік ілімге қарағанда хадис жақтастары осы аймаққа кештеу келгендігі баяндалады. Хорасан мен Мауреннахрдың Бұхара, Насаф сияқты батыстағы қалаларына хашауия (хадис жақтастары) IX ғасырдың екінші жартысынан бастап тарала бастаған. Ал X ғасырда аймақтағы қалаларда ол белді ағымға айналды. Еңбегін 990 жылы жарыққа шығарған әл-Мақсидидің келтірген мәліметіне қарағанда IX-X ғасырдарда нишапур, Шаш, Тус, Наса, Бұхара және Исфараин сияқты қалаларда Шафилердің саны Ханафилермен теңескен, тіпті кейбір қалаларда олардың саны ханафилерден де асып түскен [10, 116 б.]. Бухари, Әбу Дәуіт, Тирмизи, ибн Қу-тайба сияқты хадис іліміне еңбегі сіңген ғұламалардың шыққан жері осы Мауреннахр екендігін [10, 117 б.] ескере отырып, осы аймақта хадис жақтастарының сол заманда терең тамыр жайғандығы анық.

Бүгінгі күні суннизм шеңбері ішінде орын алады деп есептелетін шафилік пен ханафилік арасында ортағасырлық Мауреннахр мен Хорасанда бәсекелестік орын алғандығы баяндалады. Тіпті, мешіттерде, жаназа рәсімдерінде бір-бірімен келісе алмай қалатындығы, осындай тартыстардан қан төгіліп жататындығы [1, 92 б.] дереккөздерде орын алады. Мұндай тартыстар мен пікірталастар Имам Матуриди заманында да күн тәртібіне айналғандығы анық. Себебі, Имам Матуридидің «Китабу-т-Таухидында» тағдыр [3 406 б.], үлкен күнә [3, 428 б.], иман [3, 497 б.] тақырыптарында ха-шуилер (хадис жақтастары, шафилер) ілімімен келісетін, келіспейтін тұстарын ортаға қойған.

Самани билеушілері әсіресе, ханафиттік ілімге иек артып, ханафилік ғұламаларға көп қолдау көрсеткендігі баяндалады. Мәселен, Самани әміршісі Исмаил бин Ахмад (892-907 жж.) мәліметке қарағанда Самарқанд, Бұ-хара және өзге де Мауреннахр елді мекендеріндегі Ханафи ғұламаларын жинап, өзге діни ағымдар адасқан сенімдерінің ел ішіне таралуына тосқауыл жасау үшін сунниттік сенімді дәріптеуді өтінген. Аталған ғұламалар сунниттік сенімнің принциптерін қуаттау және түсініктеме жасау жұмысын Ханафи ғұламасы Исхақ бин Мухаммад әл-Хаким ас-Самарқандиге міндеттеген. Міндеттелген жұмыс аяқталғаннан соң туынды ел әміршісі мен дін ғұламалары тарапынан ресми түрде мақұлданды. «ас-Сауаду-л-Азам» деген атпен даңқы шыққан туынды Саманилер заманында ресми діни кітапқа айналды [11, 87 б.]. Осыған қарағанда Имам Матуриди іліміне арқау болған ханафиліктің осы өлкеге таралу тарихы өзге исламдық ағымдармен салыстырғанда терең, ауқымы да көлемді және жақтастары да көп болғандығы баяндалады.

Ханафилік ілімнің негізі куфалық ғұлама Имам Ағзам Әбу Ханифаның көзқарастары мен әдістемелерінде жатқандығы белгілі. Оның көзқарастары мен әдістемесінің ерекшелігі мәселелерді шешуде, тұжырым жасауда қасиетті жазбамен (Құран) қатар ақылдың маңызына иек артуына байланысты. Осыған орай, Әбу Ханифа Әһлу Рай мектебінің шынайы құрушысы болып табылады. Бұл бір жағынан адам ой-санасының дамуында, өрісін кеңейтуде өз септігін тигізсе, келесі жағынан араб емес өзге халықтардың арасында мұсылмандықтың таралуына жол ашты. Себебі, арабтық ой-санаға, мәдениетке, сол жақтың климаттық-географиялық жағдайына икемделген Мединелік мектептен қарағанда, араб емес халықтардың талаптарын, салт-санасын, уақыт пен кеңістік шарттарын ескеретін Әһлу Рай мектебі халифаттың шығыс аймақтарына сонау VIII ғасырдың өзінде-ақ кең таралған және Хорасан, Мауреннахр сияқты халифаттың шығыс аймақтарына ханафиліктің таралуына мұрындық болған да осы Әбу Ханифамен пікірлес, жақтас жолдастары мен шәкірттері екендігі анық. Мауреннахр мен Хорасан халқының қолдауымен жалпы халифаттың билігі басына келген Аббасилер Имам Ағзамның шәкірті Әбу Юсуфты бас қазылық қызметке тағайындады. Бұл ханафилік ілімінің өзге халықтар арасына, әсіресе халифаттың шығыс аймақтарына таралуына көп септігін тигізді [9, 498 б.]. Одан басқа Әбу Ханифа тірі кезінің өзінде-ақ оның жақын, үзеңгілес жолдасы әрі шәкірті Омар бин Маймун а-Раммах (787-88 ж.) Балх қаласының қазысы лауазымын иеленді, одан кейінгі кезеңдерде ханафи ғұламасы Әбу Мути әл-Балхи аталған қалада ұзақ жылдар қазы қызметін атқарған. Одан өзге Әбу Ханифа шәкірттері арасында Әбу Исма Нух бин Әби Мариям Мерв қазысы, келесі бір шәкірті Абдулазиз бин Халид ат-Тирмизи Тирмиз қазысы қызметтерін атқарды. Шайбанидің атақты шәкірті Ханафи фиқх ғұламасы Әбу Сүлеймен Муса бин Сүлеймен әл-Жузжани де Жузжан қаласының тумасы болып табылады. Бұхара қаласындағы аймақтық Ханафиттік мектеп Шайбанидің шәкірті, осы аймақ тарапынан үлкен құрметке бөленген Әбу Хафс әл-Кабир (Ахмад бин Хафс) (ө. 832 ж.) тарапынан құрылған [11, 84-87 б.]. Ал Балх пен Рей қаласы сол кезеңде ханафилік мектептің басты қаласы, ханафи ғұламалары көп шоғырланған аймақтар қатарына жатты.

Сол замандағы басты ғылыми, мәдени орталықтардың бірі болып табылатын Имам

Матуридидің отаны – Самарқанд қаласында да Ханафилік ілім жоғарыда баяндалғаны сияқты Әбу Ханифаның тірі кезінен бастап-ақ дәріптелді және амал етілді. Әбу Ханифаның өмірбаянын жазған Кардари Әбу Ханифаның шәкірттері және оның көзқарастарын Самарқанд қаласына таратқандар деп Әбу Мұқатил Хафс бин Салм (Сухайл) әл-Фарразиді, Наср бин Әби Абдилмалик әл-Атакиді, Шарик бин Әби Мұқатилді, Маруф бин Хассанды, Юнус бин Сабихты және сонда қазылық қызмет атқарған Исхақ бин Ибрахим әл-Ханзалиді атап өтеді [12, 123 б.]. Бұған Матуридилік мазхабының белді ғұламаларының бірі Әбу Муин ан-Насафи де куәлік етеді. Насафидің берген мәліметіне қарағанда Мерв, Балх және Хорасандағы басқа да қалалар, Мауреннахр аймағы толығымен, тіпті шекаралық аймақтағы түркі қалалары ерте кезден-ақ усул мен фуруда Әбу Хани-фа мазхабын ұстанған [12, 124 s.]. Міне осындай ортада өскен, білім алған Имам Матуриди ақыл мен діни дереккөзді тепе-тең ұстаған ханафилік ілім-ді одан ары дамытты.

Деректерде жалпы алғанда Имам Матуридидің ұстаздары ретінде Ханафи ғұламалары Әбу Бәкір Ахмад бин Исхақ бин Салих әл-Жузжани-ді, Әбу Наср Ахмад бин әл-Аббас әл-Иязиді, Мухаммад бин Мұқатил ар-Разиді, Нусейр бин Яхя әл-Балхиді, Әбу Бәкір Мухаммад бин Ахмад Ража әл-Жузжаниді [13, 41-43 бб.] ерекше атап өтеді. Тіпті Әбу Ханифадан бастап, Мухаммад Шайбани, Әбу Юсуф, Әбу Мути әл-Балхи, Әбу Мұқатил ас-Самарқанди бастаған көптеген ханафилік мектебі ғұламалары арқылы Имам Матуридиге дейін ұласқан ұстаздар силсиласының бірнеше версиялары орын алады. Ибн Яхяның, Баязидің, Забидидің, У. Рудольфтың [13, 37-40 бб.] келтірген ұстаздар тізбесінде ғұламалар саны бір-бірімен үйлеспегенімен, олардың барлығы ханафи ғұламалары екендігі даусыз. Ортағасырлық және бүгінгі зерттеушілердің барлығы Матуридилік ілімінің түп бастауы ханафиттік мектеп екендігін бірауыздан мақұлдайды. Демек, жоғарыдағы қысқаша мәліметтерге қарап отырып, Имам Матуриди өзі өмір сүрген ортада кең таралған, тамыры аз уақыттың ішінде тереңге кеткен Ханафилік ілімнен сусындағаны және оның ілімін өз деңгейінде түсіне, түсініктеме жасай білгендігі анық. Сонымен қатар, осы тұста Имам Ағзамның теологиялық, діни-құқықтық пікірлері жинақталған «Фиқху-л-Ак-бар» еңбегінің, Әбу Ханифаның жақын жолдастарының бірі және шәкірті Әбу Мути Хакам бин Абдиллаh әл-Балхи (814 ж.) тарапынан жеткізілген, Әбу Ханифаның ойлары жинақталған «әл-Фиқху-л-Асбат» атты туындының, Имам Ағзамның келесі бір шәкірті Әбу Мұқатил ас-Самарқанди тарапынан жеткізілген «Китабу-л-Алим уа-л-Мутаалимнің» [13, 75-76 бб.] Имам Матуриди ілімінің дамуында маңызы зор болғандығын атап өткен жөн.

Матуриди ілімінің бастауларын муржиялық көзқараспен ұштастыратын көзқарастар да орын алады. Оған басты себеп Матуриди ілімінің бұлағы болып табылатын ханафилік пен оның құрушысы Әбу Ханифаның муржия деп есептелуіне және оның көзқарастары муржилікпен сәйкес келуіне, қарсыластары тарапынан муржи деп ат тағуына байланысты. Тіп-ті, Әбу Ханифа ілімін мужриттік тармақтар қатарына қосып, сунниттік шеңберден тысқары шығаратын көзқарастар да орын алады. Мәселен, Ашари Әбу Ханифа мен оның жақтастарын муржияның тоғызыншы тармағы ретінде қарастырып, сунниттік шектен тысқары шыққан ағым ретінде қарастырады [12, 122 б.].

Муржилік атауы, тіпті ислам мазхабтарының тарих сахнасына шығуы Али мен Муауия арасында орын алған Сыффын шайқасынан бастау алатыны белгілі. Осы кезде көтерілген күн тәртібіндегі тақырыптардың бірі, тіпті бастылары иманның мәні, үлкен күнә және үлкен күнә жасаған адамның о дүниедегі жағдайы келеді. Осы тақырыптағы алғашқы ойды ортаға тастаған харижиттер болатын. Харижиттер Сыффын шайқасына қатысқан және одан кейінгі хакамдыққа қолдау білдірген, осылай, Алланың үкіміне қарсы шығып, күнәға батқандарды, тәубеге де келмегендерді, қатаң сынап, күпірлікпен айыптаған, үлкен күнә істегендердің мәңгілік тозақта қалатындығын қуаттаған діни білімі саяз топтың ағымы ретінде тарихта аты қалды. Харижиттік білімі саяздар мен фанаттардың ағымы ретінде бағаланғанымен, үлкен күнә, үлкен күнә істеген адамның о дүниедегі жағдайы, иманның мәні проблемасының көтерілуіне мұрындық болған деп бағалауға болады. Үлкен күнә мен оны жүзеге асырған адамның о дүниедегі жағдайы төңірегіндегі харижиттік көзқарасқа қайшы түрде муржилік ағым үлкен күнә істеген адамды бұл дүниеде күнәhар мүмін деп есептеп, имандылық шеңберінен шықпайды, ал о дүниедегі жағдайы құдайға серік қосудан басқа барлық күнәні Алла қаласа кешіреді, ал қаламаса азапқа салады. Олар күнәсі өтелгеннен соң жұмаққа кіреді деген тезисті ортаға тастады. Осыған орай, олар «кейінге қалдырушы», «үміт еттіруші» деген мағынаны білдіретін муржия деп аталып кеткен.

Демек, муржилік мұсылман қауымын үрейлендірген, өз көзқарастарын қолдамағандарды күпірлікпен кінәлаған харижиттік ағымға, Омайядтар мен Хашимилер арасындағы текетіреске, Омайядтардың халықпен әділетсіз қатынасына, олардың салған ауыр салығы мен араб еместерді төмен санауына қайшы түрде ағымдарды үндестіруші, үйлестіруші, тыныштық пен бірлікті жақтаушы, бейбітшілікті қолдаушы бағыт ретінде дүниеге келді [14, б.172].

Шамамен хижра жыл санағы бойынша бірінші ғасырда қалыптаса бастаған муржилік көзқарас, әсіресе, арабтарға қарсы ойдағы араб еместер көп шоғырланған орта – Иракта кең таралғанға ұқсайды. Ал хижрет жыл санағы бойынша бірінші ғасырдың соңғы ширегінде Куфа муржияның ең басты орталықтарының біріне айнала бастаған. Муржияның діни сенімдік, құқықтық көзқарастары Хаммад, одан соң, Әбу Ханифа аты төңірегінде шоғырланған дін қайраткерлері тарапынан қалыпқа түсті. Муржия ілімінің өзге халықтар арасында кең қолдауға ие болуы оның арабтар мен араб еместерге тең құқық беретін іліміне байланысты [15, 51-52 б.].

Дегенмен де, муржилік діни-теологиялық тақырыптарда тек бір идея мен түсініктемені қолдап келген ағым емес. Олар иман мен амал айырымы, үлкен күнә жасаған адамның мүмін екендігі, үлкен күнә істеген адамның о дүниедегі жағдайы т.б. сияқты тақырыптар төңірегінде бір пікірде болғанымен біршама теологиялық мәселелерді шешуде түрлі көзқарастар мен түсініктемелерді ортаға тастап, өз ішінде бірнеше тармақтарға бөлініп кеткен. Мәселен, муржияның Юнусия тармағы үлкен күнә істесе де мүмін тозаққа мүлдем кірмейді, керісінше, ғибадаты мен тағатына байланысты емес, ықыласы мен махаббатына орай жұмаққа кіреді деп үлкен күнә істеген адамның о дүниедегі жағдайына қатысты мүлдем бөлек түсініктемені ортаға тастаса, Салих бин Омар намаздың өзі ғибадатқа жатпайды, ғибадат дегеніміз – иман [16, 248-249 б.] деп иман төңірегіндегі өз ойын білдірген. Мұндай түсініктемелер мұсылмандардың көпшілігі қолдайтын дәстүрлі сунниттік ғалымдардың қарсы шығуына, муржилерді сунниттік шектен тысқары шыққан деп айыптауына жол ашты. Осыған орай, оларды муржиттік жалпы атауы ішінде ірі екі тармаққа бөлуге болады: сунниттік шектен тысқары шыққан және шықпаған. Ақыл мен нақыл арасындағы тепе-теңдікті сақтап, тіпті екеуін бір-бірімен үйлестіре білген екінші тармақты «ханафилік», «ханафия муржилігі» деп атағанымыз жөн. Жоғарыдағы жіктеуге сәйкес Имам Матуриди муржилерді «мақтауға» және «даттауға» лайықты муржия деп екі топқа бөліп, осының ішінде мақтауға лайықтысына (ханафи муржилігіне) қолдау білдірген. Оның көзқарасы бойынша мақтауға лайықты болған Муржияға үлкен күнә істегеннің о дүниедегі жағда-йын Аллаға салған адамдар жатады. Өйткені, Алла қаласа ширктен басқа барлық күнәларды кешіреді [17, 194 б.]. Ал айыптауға себепкер Муржилер амал-әрекеттердің жаратылуын тек Аллаға артып қойып, мұнда адамның ешбір қатысы болмайтынын алға тартушылар [17, 195 б.] деп есептеген және сунниттік шеңбердегі барлық ұстанымдарды үндестіруші, байсалды жолдағы мужилікті қолдайтынын білдірген.

Қорытындылай келе, Матуридилік ілім Имам Матуридиге дейінгі немесе Матуриди заманында көтерілген проблемаларға өзіндік шешім жасау, тұжырым жасау арқылы пайда болғандығы белгілі. Осы проблемалардың қатарына иманның мәні, үлкен күнә және үлкен күнә істеген адамның о дүниедегі жағдайы, адам қалауының еркіндігі немесе еркін еместігі, тағдыр және адам тағдыры, құдайлық сипаттар, пайғамбарлық және ел басшысы (халифалық) т.б. мәселелер жатады. Бірақ, осы проблемалардың бастылары Имам Матуридиге дейін оның жүрген арнаның басында Әбу Ханифа мен оның дарынды ізбасарлары тарапынан қарастырылып, лайықты түрде тұжырым жасалған. Бірақ, Әбу Ханифа мен Ханафиттік ғұламалардың теологиялық тұжырымдары VIII ғасырдың талаптарына лайықталғандығын естен шығармаған жөн. Ал X ғасырдың талаптары өзгерді, VIII ғасырға қарағанда проблемалар күрделене түсті, мәселелердің шешімдері мен жауаптары терең білімді, жан-жақты ізденісті талап етті. Озық ойлы, дарынды ойшыл Имам Матуриди Ханафи ілімінің терең түсініп уақыт талабына сай кейіннен пайда болған діни ағымдарға, әсіресе, солардың ішіндегі мутазилиттерге, философтарға, грек философиясы жақтастарына, шииттік тармақтарға т.б. жауап берді.

References

1 Korkmaz S. İmam Ebu Mansur el-Maturidi'nin Hayatı ve Eserleri//Dini Araştırmalar, Mayıs-Ağustos – 2001.
2 Zatov Q. Zoroastrizmning tarihi tamyrlary men dini ilimi// Qazaq halqynyng madeni murasy. Ezhelgi koshpeliler dunietanymy. 1 tom. – Astana, 2005.
3 El-Matüridi E.M. çev. Topaloğlu B. Kitâbü't-Tevhid Tercemesi – Ankara, 2002.
4 Tuğlu N. Mâturîdî Kelam Ekolü Çerçevesinde Kelâmî Hadislerin Değerlendirilmesi (Doktora Tezi), Isparta 2003.
5 Orynbekov M. Qazaq senimderinin Bastaulary – Almaty, 2002.
6 Bulutay M.Zh. Ata-baba dini, turkiler nege musylman boldy? – Almaty, 2000.
7 Zandarbek Z. Yasaui zholy jane qazaq qoghamy – Almaty, 2006.
8 Zandarbek Z. Nasab-nama nusqalary jane turki tarihi. – Almaty, 2002.
9 Saffet Sarıkaya M. Türklerin İslamlaşma Sürecinde Mezheplerin ve Tarikatların Yeri //Türkler C.5. – Ankara, 2002.
10 Kalaycı M. Tarihi Süreçte Eşarilik-Maturidilik İlişkisi (Doktora Tezi). – Ankara, 2011.
11 Wilferd Madelung çev. S.Kutlu. Horasan ve Mâverâünnehir'de İlk Mürcie ve Hanefiliğin Yayılışı//İmam Maturidi ve Maturidilik. – Ankara, 2007.
12 Kutlu S. Ebu Mansûr el-Mâturîdî'nin Mezhebî Arka Planı//İmam Maturidi ve Maturidilik. – Ankara, 2007.
13 Ak A. Maturidi kaynaklarla Maturidi ve Maturidilik. – Ankara, 2006.
14 Kutlu S. Mürcie Mezhebi: Doğuşu, Fikirleri, Edebiyatı Ve İslâm Düşüncesine Katkıları// Gazi Üniversitesi Çorum Ilahiyat Fakültesi Dergisi, 1(2002).
15 Ünver M. Ebû Hanîfe Düşüncesinin Arkaplanını Besleyen Ayetler//İslam araştırmalar dergisi, Cilt 15, sayı 1-2, 2002.
16 Tok F. Ebû Hanîfe Hakkında İki İddia/İtham: Murciîlik ve Halku'l-Kur'ân//İslam Hukuku Araştırmaları Dergisi, sy. 13, 2012.
17 Ak A. Ebû Mansûr el-Mâturîdî'nin Mürcie'ye Bakışı// Dini Araştırmalar, Cilt 8.

Сүлейменов П.М.

Қазақстандағы діни сананың эволюциясы

Мақалада біздің заманымыздан бұрынғы кезеңнен бастап қазіргі кезеңге дейінгі діни сана мәселесі қарастырылады. Діни сана ол қоғамдық сананың бір бөлшегін құрайды және оның бастамасы тұлғааралық қарым-қатынастан басталуы туралы пікір айтылады. Дүниетаным мен сенім тұлғаның ішкі рухани өмірінің негізін құрайды және адамның сыртқы мінез-құлқысынан айқындалады. Дінде адамның тұлғалық дамуы мен бағыттылығын айқындайтын сенім болады. Қазақ халқының Тәңірге, Ұмайға сенімі, ата-бабаның аруақтарына сиыну, шаман дінінде бақсылық түрлер және ислам діні кең тарауы қазақ халқының мәдениетінің, діни дүниетанымының және психологиялық ерекшіліктерін білдіреді. Мақалада адам іс-әрекетіне талдау жасауды адамның сенімінен бастау қажет екені айтылады. Сол ежелден келе жатқан наным-сенімдер осы күнге дейін сақталып, қазақ халқы өз этностық өзгешелігін жоғалтпаған. Сондықтан, қазақ қоғамындағы діни санасының қалыптасуымен даму ерекшеліктерін қазіргі таңда терең және жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Түйін сөздер: Алла, «құдай», (тәңірі), ұмай, шамандық, ата-баба аруағына сиыну, атеист, бақсылық, этнос, ислам.т.б.

Suleimenov P.M.

Evolution of religious conscious IN Kazakhstan

The problems of the religious consciousness considered in the article as from times before our era before present-day time. The religious consciousness is part of public consciousness and there is opinions that it rises the interpersonal communication. The worldoutlook and faith forms the base to internal spiritual life to personalities and is defined by external nature of the person. A finder of the larval development and directivities is in the religions faith. The Faith in the Tengri and Umay, worship spirit their own limit, development of the Islam and shamanism defines the particularities of the culture, religious of worldoutlook and psychological distinctive quality of kazakh folk. In article is spoken about that analysis of the behavior of the person follows to begin from his faith.

The beliefs ed with old times before our days, have not lost its unique. So presently it is necessary deeply and all round research shaping and particularities of the development of the religious consciousness in kazakh society.

Key words: Holy, Goad shamanism, to believe in spirit of ancestors, ateist, fortun-teller, ethnos, Islam.

Сулейменов П.М.

Эволюция религиозного сознания в Казахстане

В статье рассматриваются проблемы религиозного сознания Казахстана начиная с времен до нашей эры до сегодняшних дней. Религиозное сознание является частью общественного сознания, и существует мнение, что оно берет начало с межличностной коммуникации. Мировоззрение и вера составляют основу внутренней духовной жизни личности и определяются внешним характером человека. В религии вера является определителем личностного развития и направленности. Так, вера в Тенгри и Умай, поклонение духам своих предков, развитие ислама и шаманизма определяют особенности культуры, религиозного мировоззрения и психологического своеобразия казахского народа. В статье говорится о том, что анализ поведения человека следует начинать с его веры. Убеждения, сохранившиеся с давних времен до наших дней, не потеряли своей уникальности. Поэтому сейчас нужно глубоко и всесторонне исследовать формирование и особенности развития религиозного сознания в казахском обществе.

Ключевые слова: Аллах, «бог», (тенгри), Умай, шаманизм, поклонение духам предков, атеист, этнос, ислам и т.д.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ. 2:316.3

Сүлейменов П.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E–mail: spirimbek.@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ САНАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Діни сана – белгілі бір діни идеялар мен құндылықтарға қатыстылық, сонымен қатар белгілі бір дін және діни топ құрамында болу. Адамда діни сана өмірдің әртүрлі кезеңдерінде және әртүрлі жағдайларда қалыптасады. Ол адамның діни қарым-қатынастар жүйесіне қосылуы және діни идеялар мен құндылықтарды қабылдауы арқылы жүреді. Негізінен діни сана отбасында, қоршаған ортаның, діни тәлімгерлер мен уағыздаушылардың ықпалымен қалыптасады. Кейде адамдар ішкі толғаныстың және одан кейін болған психологиялық таңдаудың нәтижесінде діндар болады. Мұнда көп нәрсе тұлғаның жеке ерекшеліктеріне байланысты. Діншілдікке ие болу және оны ұстау үрдісі діни тәжірибе деп аталады. Адам мен топтың діни тәжірибесі оның дүниеге көзқарасын, мысалы, мұсылман не христиан болудың мәні туралы, біреудің басқалардан қандай айырмашылығы бар екені туралы түсініктерді қалыптастырады. Халықтың діни бірыңғайлығының қалыптасуына оның географиялық орны, жазуы, тұрмыстық түсініктері әсер етеді. Мысал: түркілердің санасы үшін шежіре мен жеті ата маңызды болды, Ата-баба аруақтарын қадірлеу салты оларды өз шежіресін, жеті атаға дейінгі аталардың ерліктерін білуді міндеттеді. Әр ер адам өзінің іс-әрекеттерін жеті ұрпақтың бағалайтынын түсінді. Ата-бабаға табыну және Тәңірге деген сенім түркілерді ерлік жасауға ұмтылдырды, адамгершілік тазалықты міндеттеді. Қазақи сананы толеранттық, шыдамдылық, ұрпақтар сабақтастығымен байланыстырады. Қазақ санасының ашықтығы мен ымырашылдығы Қазақстандағы дәстүрлі емес діндердің кең таралуы мен теңдігінен байқалады. Қазақ санасында этникалық пен конфессионалдық арасында қатаң байланыс жоқ. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзін исламмен байланыстырмайды. Журналистің діндарсыз ба деген сұрағына Н.Ә. Назарбаев: «Мен өзімнің коммунистік өткенімді жоққа шығармаймын, сондықтан бұл сұраққа жауап беру мен үшін қиын... Пасха кезінде мен православтық шіркеуге, Рамазанда – мұсылмандық мешітке барамын... Құдайдың – біреу, ал адамдар оған әртүрлі жолмен барады деп ойлаймын», – деп жауап берді [1].

Профессор А.Г.Косиченко қазақстандық діни сана туралы келесідей жазады: «Діни сана Қазақстандағы діни жағдайды

субъективті жағынан – оның діншіл де, діншіл емес те қазақстандықтардың санасында қалай көрініс табатынын көрсететін кешенді және интегративті көрсеткіш болып табылады. ҚР халқының діни санасының құрылымы қиын: діншілдердің бір бөлігі Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылатын дінді ұстанады, ал екінші (анағұрлым аз) бөлігі жаңа діни қозғалыстардың ұстанушысы болып келеді. Дінге қатысты халықтың енжар бөлігі, сонымен қатар өздерін атеисттер деп анықтайтын қоғамның едәуір үлкен бөлігі бар. Атеистік және діни көзқарасты ұстанушылар болып табылатын Қазақстан халқының бұл сегменттері жиынтығында діни сананың феноменін құрайды» [2]. Қазіргі заманғы қазақи діни сананың бір элементі «қазақ – демек мұсылман» деген стереотип болып табылады, яғни ұлт діни қатыстылықтың белгілеріне ие бола бастады. Қазақстанда дін этникалық және мәдени нышан ретінде көрініс табады. Өзін мұсылман деп санай отырып, қазақтар исламды ата-бабаларының діні деп мойындайды. Бірақ қайда барарын, ары қарай не істерін білмейтіндер үшін ислам тарихи-рухани мұрадан гөрі, эскапизм болып табылады. «Исламды қабылдаған басқа халықтар сияқты, қазақтарда да ислам пайда болғанға дейін қалыптасқан дәстүрлі діни нанымдармен тығыз байланысты. Көшпелі қазақтардың көзқарастары жеткілікті дәрежеде үйлесімді және оны ұстанушылардың барлық қажеттіліктеріне жауап береді, ол адамның ғарышқа, табиғатқа, басқа адамдарға қатыстылығын бекітеді. Көшпелі қазақтар әрқашан өздері тұратын ортамен үйлесім заңдары бойынша өмір сүрген. Олардың дәстүрлі діни кешені жердегі болмыстың әлемдік, ғарыштық өріспен өзара байланысы туралы түсініктерге арқа сүйеген. Көшпендінің санасында табиғат құбылыстарында адамға әсер ететін, оның тағдырына оң не теріс ықпалын беретін мәңгілік, түсіндіруге келмейтін құдіретті күш бар деген түсінік болды [3,15 б.]. Қазақтардың қазіргі діни санасы сыртқы жағдайлардың, тіпті күштеудің нәтижесінде қалыптасты. Белгілі философ, профессор, протоқазақтардың философиясы бойынша маман М.С. Орынбеков: «Қазақстанның байырғы тұрғындары үшін, барлық ежелгі түркілер сияқты тарихи алғашқы діни ағым болып тәңірлік дін табылды... Түркілер дүниетанымының ерекшелігі Аспанды құдай деп тану болды, түркілер оған ең жоғарғы құдіретті күш ретінде қарады, одан жоғары еш нәрсе жоқ деп санады, сондықтан таудың шыңын Хан-Тәңірі деп атады... Көшпенді түркілер мен малшылар өмірінің ерекшелігі үнемі аспанды, өз құдайларын бақылаудан көрінеді, ол жерде дұрыс бағдар ұстауға мүмкіндік берді. Аспан күмбезін үнемі бақылаудың арқасында дала тұрғындары көші-қон үшін ең қолайлы бағдарларды жасай алды. Аспан жұлдыздарының орналасуын білу оларға болмыс көзқарасынан қарауға себепкер болды. Көк Тәңірі – бір мезгілде құдай да, шынайылық та, бірліктегі нышан... Тәңірлік шын мәнінде монотеистік наным болды, онда жоғарғы құдай біреу, ал қалғандары оған қызмет етумен айналысады. Осы негізде діннің тотемистік, шамандық және тәңірлік деңгейлері бөлінді, тәңірлік деңгейде тотемдік түсініктің шаманизмге өтуі байқалады. Осы деңгейлерге байланысты, Тәңірге бәсекелес жағдайына түсетін құдайлардың негізгі әйел бейнелері – Жер-Су және Ұмай-анамен күрделі эволюция орын алды», – деп жазған [4,11б.]. Бақсылық – қазақтардың діни салтындағы исламға дейінгі кезеңнен қалған ең көрнекті құбылыстардың бірі. Бақсылық – әртүрлі халықтардағы рулық құрылысқа тән анимистік нанымдар мен сенімдердің кең жүйесі. Олардың ортақ белгілері ата-бабаларға табынудың болуы, сонымен қатар ерекше, экстатикалық күйге түсе алатын және ұстанушылардың түсінігі бойынша, осы күйде о дүниемен байланыс орнататын бақсылардың салт-жораларды орындауы болып табылады.

Қазақтардың діни санасының ары қарай дамуы діни конформизм ұғымымен байланысты. Ресейлік дінтанушы, дін әлеуметтанушысы И.Н. Яблоков діни конформизм туралы былай деп жазады: «Діни конформизм топтық ықпалдың әсерінен пайда болады; сыртқы және ішкі болуы мүмкін. Сыртқы конформизм кезінде индивид өзінің нанымдары мен мақсаттарын «жасырады» да, ықпал жоғалған кезде оларға қайта ие болады. Ішкі конформизм сырттан міндеттелген көзқарас, догматтар, құндылықтар, ойлар, канондар, нормалар топтық ықпал ету аяқталғаннан кейін де адам үшін бағдардың қайнар көзі болуын тоқтатпайды. Стимул ретінде діни құлақ салу, оңашалану қорқынышы, діни ұйымда барынша жоғары мәртебеге ие болуды тілеу және т.б. орын алады [5,125 с.]. Қазақстандағы ислам, сөз жоқ, конформизммен байланысты. «Қазақтардың барлығы мұсылман» деп өзін мұсылмандармен ұқсататын қазақтың кейбіреулері мүлдем құдайға сенбеуі мүмкін. Қоғамдағы үстемдікке ие дінге қатысты конформизм болмаса, мұндай өзіндік идентификациялау ешқандай мағынаға ие болмауы мүмкін. Өзін мұсылман деп атайтындардың көпшілігі

исламның салт-жораларын, мейрамдарын және парыздарын орындамайды. Жалғыз кеңінен тараған, орындалатын салт-жоралғы – сүндетке отырғызу. Мұндай діндарлық туралы Абай Құнанбаев: «Қазақ құлшылығым құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды біз де қылып, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейді. Саудагер несиесін жия келгенде «тапқаным осы, біттім деп, алсаң – ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?» дейтұғыны болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын» дейді. «Оқымадың демесе болады дағы, тілімнің келмегенін қайтушы еді» дейді. Оның тілі өзге жұрттан бөлекше жаратылып па?» – деп жазады [6].

А.Г. Косиченко тәжірибемен шұғылданбайтын діндарлар туралы: «Діни сана жалған болуы мүмкін. Адамдар көбінесе өз саналарында өздерін олай деуге негіздері аз бола тұра діндар деп санайды. Осылайша феномені әлі де жеткілікті зерттелмеген алдамшы діни орта қалыптасады. Жалған діндар адамдар Қазақстанның тұрақтылығына белгілі бір қауіп төндіреді. Біріншіден, мұндай ортаның болуы діндарлар санын аса көтеріп жібереді, ал бұл діни саясат саласында дұрыс стратегияны жасауға мүмкіндік бермейді. Екіншіден, жалған діндар адамдар діни білімнің таяз болуы және саналарында ұстап тұрушы діни факторлардың болмауы себепті шын діндарлармен салыстырғанда, дін атынан наразылық жасауға көбірек дайын болады. Үшіншіден, олар діни құндылықтарды салыстырмалы (өздерінің бұрмаланған діни түсініктеріне сай) етіп, дінді бұзады. Осы себептерге байланысты мемлекеттік-конфессионалдық қатынастарды дамыту механизмдерін жасау кезінде жалған дін феноменіне аса назар аудару керек» – деп жазған.

Бірақ исламның Қазақстан аумағына күштеу жолымен енгенін де ұмытпау қажет. М.С. Орынбаеков жазғандай: «Араб әскербасының әскері исламды қазақ даласына найзаның ұшында алып келді» [7]. Ислам мәдениетінің қазақ халқының дініне, саясатына, мәдениетіне, тілдік және әлеуметтік қатынастарына үлкен әсер еткенін айта кету жөн. Бүгінде күнделікті қарым-қатынаста қолданылатын көп сөздер қазақ тіліне араб тілінен енген. Мысал ретінде: мектеп, адам, дәптер, қалам, мәдениет, сабыр, нұр, иман, сағат, қуат және т.б. көптеген сөздерді келтіруге болады. Ислам мәдениетінің әсері қазақтардың қазіргі күнгі күнделікті өмірлерінде де байқалады. Көптеген қазақ ер-азаматтары амандасқан кезде «Ассаламуағалейкум» дейді, ол араб тілінен аударғанда «Аллахтан саған береке» дегенді білдіреді. Бүкіл әлемдегі мұсылмандар бір-бірімен осылай амандасады.

Қазақ халқының діни жағдайын қазақ ғалымы, тарихшы және этнограф Шоқан Уәлиханов зерттеді. 1822 жылдан бастап қазақ даласына патша билігінің келуімен исламның мықтап орнығуы, жоғары білімді Ш. Уәлиханов үшін өрескел болды. Ол бұл туралы өзінің көптеген еңбектері мен зерттеулерінде шебер жазады. Өз халқының рухани көзқарасын зерттей отырып, Ш. Уәлиханов өз заманындағы қазақтардың бақсылықты көбірек ұстанатынын, мұсылмандыққа қарағанда, бақсылық салттарды көбірек орындайтыны туралы жазады. Ш. Уәлихановтың осындай қорытындылары оның «Қырғыздардағы шамандықтың қалдықтары» атты мақаласында көрініс тапты, онда ол: «Қырғыздар – мұсылмандар, бірақ олар шамандық рәсімдерді ұстанатыны не мұсылмандық салтты шамандық сеніммен араластыратыны туралы барлық жазушылар жазады және барлық дерлік географиялық нұсқаулықтарда осылай жазылады. Қырғыздарда ол мұсылмандық нанымдармен араласып, мұсылмандық деп аталатын бір сенімді құрады, бірақ олар, Аллаға және сол мезгілде онгондарға (аруақтарға) сенген, мұсылман әулиелер зираттарында құрбандық шалды, шамандарға сенді және мұсылмандық қожаларды құрметтеді. Отқа табынды, ал шамандар онгондарға (аруақтарға) бірге мұсылмандық періштелерді шақырып, Аллахты ұлықтаған. Мұндай жағдай исламның орыс өркениетімен бірге біздің далаға енген уақытына дейін жалғасты, әрі бірбеткей татарлармен тәрбиеленген сауатты балалар ата-бабаларының әдет-ғұрыптарына теріс бұрылып, байқаған жерлерінен оларға тыйым салып, қудалады. Бірақ, дегенмен, шамандық сенімнің негіздері мұсылмандық бірқұдайлылықпен шайқалған болатын».

Патша үкіметімен өткізілген қазақтарды мұсылмандандыру большевиктердің билікке келуімен тоқтатылды. XX ғасырда кеңес билігінің орнатылуымен қазақ халқын ислам мен араб жазуынан қол үздіруге бағытталған мақсатты жұмыс жүргізіле бастады. Мұсылмандардың діни белсенділігі тұншықтырылды. 1920-1930 жылдарда көптеген мешіттер жабылды. Дін үшін оңай емес уақытта көптеген мұсылмандар жасырын түрде намаз оқып, ораза ұстауды жалғастырды, ифтар өткізді.

Қазан революциясы исламның негіздерін айтарлықтай бұзды. Қазақтардың өзгерген өмір сүру салты діни әдет-ғұрыптардың жойылуына және қазақ халқының көпшілігінде атеистік көзқарастың қалыптасуына ықпал етті. КСРО ыдырауының басталған кезеңінде Қазақстан Орта Азиядағы ең «зайырлы» мемлекеттердің бірі болды. Исламның «тұрмыстық» нысанда болуы, тұрғындардың көп бөлігі қазақтар болып табылатын, республиканың оңтүстік аудандарында байқалды. Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы діншілдік деңгейі, жергілікті қазақтар өте тығыз байланыс жасаған, орыстілді халықтардың деңгейімен бірдей болды. Қазақтар мен орыстардың көпшілігі, басқа азаматтар сияқты кеңестік атеизмді ұстанды. М.С. Горбачевтің либералды реформаларының барысында және 1991 ж. КСРО-ның құлауынан кейін қазақтар арасында протестанттар мен мұсылмандар белсенді миссионерлік жұмыс жүргізе бастады. Бұған қоғамда қалыптасып жатқан психологиялық ахуал да жағдай жасады. Өз балаларына тиянақты діни білім бергісі келгендер, оның ішінде балаларын шетелде оқытуға дайын адамдардың саны көбейді. Бұл адамдар идеологиялық және саяси бағыттарын танып-білместен, түрлі шетелдік рухани орталықтармен әртүрлі байланысқа шықты.

Қазақтарға көптеген діни сәйкестік тән. Исламның тәңірлікпен, шамандықпен, аруақтар культімен діни синкретизм құбылысы кең тараған. О.Е. Жанайдаров: «Прототүркілік «Тәңір», парсылық «Құдай», арабтың «Аллах» сөздері әртүрлі тілдерде бір мағынаны білдіреді. Қазақтар өзінің табиғи қабілеттілігі себепті олардың үшеуін де қолданады, осылайша: «Тәңір жарылқасын!», «Құдай сақтасын!», «Аллатағала байлық-береке берсін!» дейді. Аталған әр жағдайда жоғарғы құдай – аспан құдайы – Тәңір туралы айтылады. Мұсылмандықты қабылдағанына қарамастан, қазақтар өздерінің түп-тамырын, өздерінің негізгі діні – тәңірлікті ұмытқан жоқ». Халық мәдениетіндегі дәстүрлі діншілдік пен жаңадан қабылданған діншілдіктің бірігуі қоғам санасында, салттық тәжірибеде көрініс табады. Мысалы, үйлену той, жерлеу салттарына дәстүрлі тәңірлік дін мен шамандықтың көптеген элементтері енген. С.Орынбековтің синкретизмнің қазақтардың діни санасын қалыптастырудағы рөлі туралы керемет сөзі бар: «Протоқазақтардың діни көзқарасының синкретизмі - діни көзқарастардың керемет қоспасы болып табылады, оған өз кезегінде қазақтардың басқа халықтарға деген толеранттығына айналған ашықтығы жағдай жасады [8,228 б.]. Ұлттық мәдениеттің, тілдің, біздің ұлттық болмысымыздың жоғалуына орыс тілде сөйлейтін қазақтарды жиі кінәлайды. Оларды «шалақазақтар» және өз тегін білмейтін мәңгүрттер деп атайды. Өкінішке орай, өзінің ұлттық санасын ұмытуға ұмтылушылық туған тілді еркін меңгерген мұсылман-қазақтардың арасында да байқалады. Мәселе исламның дінді ұстанушылар өмірінің барлық салаларын: өзін-өзі ұстауды, тойды қайда және қалай өткізуді, баланың есімін кім деп қоюды, нені қашан жеуге болатындығын реттейтіндігінде. Кез келген дін – халықтың тек рухани емес, материалдық мәдениетінің негізі. Дәл осы жерде «таза ислам» мен қазақ мәдениетінің қақтығысы, қарама-қайшылығы орын алады. Хиджаб, ниқаб, толарсаққа дейін шалбар кию – арабтардың киімдері мен ұлттық мәдениетін насихаттау. Жаппай исламға берілу, кеңестік режим сияқты, біздің мәдениетімізге де қолайсыз әсер етеді. Бұрындары, кеңестік режимде, қазақ мәдениетінің орыс тілді ортада ассимиляциялану қаупі болса, қазірде ислам қауымдастығына толықтай еніп кету қаупі төніп тұр.

XIX ғасырда Шоқан Уәлиханов бізді осы туралы ескерткен болатын. Шоқан Уәлихановтың қазақ халқының әлеуметтік, мәдени және рухани қалыптасуы туралы алаңдаушылығы оның «Даладағы мұсылмандық» атты еңбегінде анық көрініс тапқан: «Мұсылмандық біздің қанымыз бен жанымызға әлі сіңіп үлгермеді. Ол болашақта халықтың бөліну қаупін тудырады. Қырғыздар арасында Мұхаммедтің атын да білмейтіндер көп, біздің шамандар даланың көп жерлерінде өз мәнін жоғалтпаған. Ресейдегі әулие Нестор кезіндегідей біздің далада қазір қос дін кезеңі орын алып тұр. Біздің кітаптар ежелгі Русь кітаптарындай өз көнелігін өзі құдалап келеді. Татар молдаларының, ортаазиялық ишандар мен жаңа ілім прозелиттерінің ықпалынан біздің халық барған сайын жалпымұсылмандық бейнені иеленіп барады. Діндар қырғыздар Меккеге баруды бастады; біздің баяндар ұлттық қиссалардың орнына халықтық өлеңдерге салынған мұсылмандық апокрифтерді айтып жүр.»[9,71 б.]

Қазақстан Республикасында кейбір дерек көздерінің мәліметтері бойынша қазіргі танда мемлекет ішінде саны 495 адам болатын 24 радикалды сәләфистік джамааттар бар көрінеді. Сәләфия – ислам дамуының әртүрлі кезеңдерінде ерте мұсылмандық қауымның өмір салты мен сенімдеріне бейімделуге шақырумен

айналысқан мұсылмандық діни қайраткерлерді біріктіретін исламдағы бағыт [10]. Сәләфиттер барлық мұсылмандар Алла алдында тең, ал қазақтардың «жергілікті» исламы қатты өзгеріске ұшыраған деген тезисті алға тартып, ұлттық, өзіндік нәрселердің барлығын жоюға шақырады. Олар арабтардың әдет-ғұрыптарын, олардың заң деңгейі – шариғатқа шығарылған көзқарастарын ұстануды зорлап міндеттейді, бөтен тұрмыс пен мәдениетті орнатады. Қазақ мәдениетін жоққа шығаратын ислам қазақ ұлтының ежелгі дәстүрлі діні деп атала алмайды. Бұл жас адамдар Қазақстан мұсылмандарының ресми дінінен теріс айналды, өйткені ол мұсылмандар өз кезегінде, сәләфиттердің ойы бойынша, Қазақстандағы мұсылмандар құқығын шектеген биліктен бас тартпады. Олардың көбісі ашықтан-ашық: мен Аллаға сенемін, бірақ мешіттердің имамдарына сенбеймін дейді.

Қазақстанда ұлттық дін жоқ. Плюралистік қазақстандық қоғамда діни идентификация мен діншілдікте өзіндік таңдау элементі бар. Исламның қазақтың діни санасындағы басымдығы дінге сенушілердің сапалық және сандық құрамына байланысты. Қазірде Қазақстан мемлекет аумағынан кеткен немесе қазіргі шекараларының сыртында қалған этникалық қазақтарды репатриациялау саясатын жүргізіп жатыр. Соңғы 2 онжылдықтың өзінде ресми деректер бойынша Қазақстанға 1 миллионға жақын этникалық қазақтар көшіп келген. Оралмандардың көбісі исламды өз діні деп санайды. Бүгінде біздің халық таңдау алдында тұр: өз ұлылығымызды қайта жандандыру үшін қандай жолды таңдауымыз керек? Сондықтан барлығымыз мұқият болып, қазіргі күнге тарихи призмадан қарап, ойлануымыз, біздің өте ауыр жағдайда екенімізді түсініп, сезінуіміз қажет. Біз не өз ұлттық мәдениетімізді, тілімізді, дәстүрлерімізді сақтап қаламыз, не өзіміздің ерекшелігімізді мәдениетінді жоғалтамыз.

Әдебиеттер

1 Казахстанская Правда. – 24.10.1995. – С. 2.

2 Косиченко А.Г. Религиозное сознание казахстанцев и проблемы совершенствования религиозной политики в Республике Казахстан // материалы научно-практической конференции «Состоявшийся Казахстан, устремленный в будущее», 10 декабря 2013 г.

3 Кишибеков Д.К. Ментальная природа казаха. – Алматы, 2005. – С.172.

4 Орынбеков М. С. Қазақ сенімдерінің бастаулары. – Алматы, 2002. – 8 б.

5 Религиоведение. Энциклопедический словарь. – М.: Академический проект, 2006. – С.125.

6 Абай Құнанбаев. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. – Алматы, 2007. – 248 б.

7 Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы, 2005. – С.17.

8 Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы, 2005. – С.228.

9 Уалиханов Ш. 5- томдығы. Том 4 / Қазақ ССР Ғылым Академиясы. – Алматы, 1985. – 48 б.

10 Ибрагим, Т. К. Сагадеев А. В. ас-Салафийа. // Ислам: энциклопедический словарь / отв. ред. С.М. Прозоров. – М.: Наука, 1991. – С. 204.

References

1 Kazahstanskaja Pravda. – 24.10. 1995. – S. 2.

2 Kosichenko A.G. Religioznoe soznanie kazahstancev i problemy sovershenstvovanija religioznoj politiki v Respublike Kazahstan // materialy nauchno-prakticheskoj konferencii «Sostojavshijsja Kazahstan, ustremlennyj v budushhee», 10 dekabrja 2013 g.

3 Kishibekov D.K. Mental'naja priroda kazaha. – Almaty, 2005. – S.172.

4 Orynbekov M. S. Kazak senimderinin bastaulary. – Almaty, 2002. – 8 b.

5 Religiovedenie. Jenciklopedicheskij slovar'. – M.: Akademicheskij proekt, 2006. – S.125.

6 Abaj Kunanbaev. Olender, pojemalar, audarmalar, kara sozder. – Almaty, 2007. – 248 b.

7 Orynbekov M.S. Genezis religioznosti v Kazahstane. – Almaty, 2005. – S.17.

8 Orynbekov M.S. Genezis religioznosti v Kazahstane. – Almaty, 2005. – S. 228.

9 Ualihanov Sh. 5- tomdygy. Tom 4 / Kazak SSR Gylym Akademijasy. – Almaty, 1985. – 48 b.

10 Ibragim, T. K. Sagadeev A. V. as-Salafija. // Islam: jenciklopedicheskij slovar' / otv. red. S.M. Prozorov. – M.: Nauka, 1991. – S. 204.

Tanabayeva A.S., Alikbayeva M.B.

Al-Farabi: about philisophy and religion

The article considers the analysis of Al-Farabi studies on religion and philosophy, their location and the importance of understanding each of them. Studied such aspects as the primary philosophy and interpretation of religion and its role in the community, a city, a virtuous religion, considered the views of other Medieval thinkers, as well as the importance of religion. Accordingly, according to the purpose of the article, the authors asked a question about the fact that how important it is to understand the distinction between religion and philosophy, as it was important at the time of writing the Al-Farabi's treatise "Books of religion", and how important it is in the modern period. The current situation in the world shows that a proper understanding of religion and philosophy can solve many problems, conflicts. To date, the relevance of philosophy and religion increases, and in this regard the works of Al-Farabi can serve as one of the basic scientific concepts.

Key words: Al-Farabi, religion, philosophy, virtuous ruler, a virtuous city, understanding of the world.

Танабаева А.С., Аликбаева М.Б.

Әл-Фараби: философия мен дін туралы

Мақалада әл-Фарабидің дін мен философия туралы зерттеулеріне талдау жасалынып және олардың маңыздылығы мен орны қарастырылады. Философияның алғашқы түсінігі мен діннің интерпретациясы және оның қоғамдық санадағы рөлі, ортағасырлық ойшылдардағы ізгілікті дін туралы көзқарастары айшықталады. Осыған орай, әл-Фарабидің «Дін туралы кітабы» атты трактатындағы дін мен философия туралы тұжырымдамаларының бүгінгі таңдағы орны қарастырылады. Қазіргі заманғы әлемдегі жағдайлар дін мен философияны дұрыс түсінсе көптеген қақтығыстардың оңтайлы шешу жолдары болатындығын көрсетіп отыр. Дін мен философия мәселелері өзекті тақырыптардың қатарында болғандықтан, әл-Фарабидің негізгі ғылыми концепциялары аталған мәселені зерттеуде маңызы зор.

Түйінді сөздер: әл-Фараби, дін, философия, қайырымды билеуші, қайырымды қала, әлемді түсіну.

Танабаева А.С., Аликбаева М.Б.

Аль-Фараби: о философии и религии

В статье исследуется отношение аль-Фараби к религии и философии, их место и важность понимания каждой из них. Изучены такие стороны, как первичность философии и интерпретация религии и ее роль в общине, городе, добродетельная религия, рассмотрены взгляды других средневековых мыслителей, а также значимость религии. Соответственно согласно цели статьи, авторы задаются вопросами о том, насколько важно понять грань между религией и философией, насколько это было важно в момент написания трактата «Книги о религии» аль-Фараби и насколько это важно в современный период. Современная ситуация в мире показывает, что правильное понимание религии и философии может разрешить многие проблемы, конфликты. На сегодняшний день актуальность философии и религии возрастает, и в этом вопросе труды аль-Фараби могут послужить одним из основных научных концепций.

Ключевые слова: Аль-Фараби, религия, философия, добродетельный правитель, добродетельный город, понимание мира.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 2-1 (574)

***Tanabayeva A.S., Alikbayeva M.B.**

Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty
*E-mail: inara2005@mail.ru,

AL-FARABI: ABOUT PHILISOPHY AND RELIGION

The whole earth will become virtuous,
if only people do help each other to achieve happiness

Al-Farabi

Introduction

All the events and processes that are present in social society, perform specific functions and have an impact on society as a whole and each individual in particular, and religion - is no exception to this rule. Since religion today as a century ago, is an integral part of human society, and most of all who live on the planet of people consider themselves believers and practiced some of the major world religions, naturally, the role of religion in public life is very significant and the impact of which has a particular belief in the society in which it is spread, it is difficult to overestimate.

Since religion is an integral part of human society, of course, it performs a number of important functions, and affects both the processes taking place in society and in the world and the life of each individual member of society. In modern society, religion creates a religious view of the world and contributes to the understanding of man's place in it, makes up for the limitations, dependence, helplessness of people, organizes a certain way the thoughts and aspirations of people, their activities, promotes the development of culture in society – writing, printing, art, and transmits accumulated heritage from generation to generation, and also integrates a society or some big social groups and legitimizes certain social order.

The problem of the relationship of philosophy and religion

The problem of the relationship of philosophy and religion explored all the medieval thinkers, deciding which of these intellectual, spiritual currents from the other, depending on, whether they co-exist, complementing or deny each other? In the East, namely Al-Farabi started quite conscious juxtaposition (and togo opposition) religious and philosophical (rational, evidence-based knowledge). Although all previous thinkers have somehow solved the problem of interference of philosophy and religion, but Al-Farabi formulated

this relationship as a problem (treatise «The attitude of the philosophy of religion»). From Al-Kindi, the precursor of Al-Farabi, who considered philosophy and religion equally, complementing and refuting each other, and used the philosophical and logical reasoning to uncover the meaning of any provision of the Koran, or vice versa, - statements from the Quran to confirm his thought in a philosophical argument. This free passage from one app to another does not erase the distinction between religion and philosophy, the two different interpretations - a religious and philosophical - how to coexist.

The philosophy of the teachings of Al-Farabi is different from religion, is opposed to it, it is placed above it. Religion is based on philosophy, philosophy itself becomes an enlightened form of religion. It is a foundation of a virtuous ruler, a virtuous city, virtuous people. This conclusion follows from the fact that faith alone gives an idea of the illusory happiness of happiness, which is only "seems as happiness". On true, "extreme happiness" teaches only demonstrative science philosophy and it is a premise of the virtuous city. If Al-Farabi considered theology as the same for all of society, then Ibn Sina had two: theology for the elect (philosophical) and ordinary people (religious). The development of this situation in the future is expressed in the doctrine of Ibn Rushd's "double truth" [1].

Al-Farabi considered the correlation problem of religion and philosophy in his work "Book of letters". Among the many works of Al-Farabi "Book of letters" has a special place.Most of the scientific value of this comprehensive book value M.Mahdi sees that it is a commentary on Aristotle's Metaphysics. Before it, as he says, in one of the writings al-Farabi did not touch this area of the great Greek philosophy. This book later become for Ibn Sina and Ibn Rushd the main source and the key to understanding Aristotle's Metaphysics [2, 4].

Now we consider some passages of this book to see the philosopher's research on religion and philosophy.

The era of authentic philosophy came when the method of evience - apodeyktika- reached a stage at which it was possible to report all with their help, prompting the need for an explanation of the preceding era dialectical, sophistical, doubtful or something as a false philosophy. Religion, though it possessed the minds of humanity, in time it appeared later than philosophy. In short, as teaching people with its help, looking speculative and practical things that we study in philosophy, their respective ways, they are a belief or imagination, or both together.

Art of Kalam Islamic law came later and follows them. It is known that art of Kalam and Islamic law came relatively late to the religion, but rather religion- philosophy, and that philosophy of dialectical and sophistic philosophy precedes apodictic philosophy. In short, the philosophy of religion precedes like being preceded by a time / production of tools / implements the use of guns. A dialectic sophistry and previous philosophy similar to how the tree precedes the power / supply / fruit, or the like being preceded by a flowering tree / appearance / fruit. And religion precedes Kalam and Islamic law like how the head appointed by the governor, preceded by a servant, and how / precedes / manufacturing tools had used tools by tools.

Religion teaches speculative wise using imagination and beliefs, and as their followers do not know / other ways of learning, besides these two, it is clear that the art of Kalam follows a religion, because it does not give information about other compelling things does not prove anything of them, except persuasive reasoning, and especially when we have in mind as a proof of the true.

Thus, especially in the absolute sense of the word is the philosophers who are philosophers in the absolute sense of the word. First special superiority considered by philosophers in the absolute sense of the word, followed by the dialectic, the Sophists, legislators and jurists Mutakallims, among the common people, who gave the definition, there are those that mimic the civil power or become devout to imitate it [3].

По мнению А. Сембай, в казахскоязычном сегменте самым популярным форумом можно считать молодежный портал «Zhastar.biz» [8, с. 114]. Основная аудитория – старшеклассники и студенты. В день портал посещают 800-1000 пользователей. Портал «Массаган» также имеет большой форум, где на протяжении 3 лет обсуждаются самые различные темы. Сайт «Казах.ру» содержит форумы на русском и казахском языках. Казахскоязычный форум отличается своей социальностью, пользователи форума – студенты, которые высказываются о своих проблемах.

Самые востребованные темы на порталах и форумах: образование, религия, литература, проблемы казахского языка, компьютер и Интернет, взаимоотношения [8, с. 139]. Из перечисленных предпочтений очевидными являются стремление познакомиться, коммуникации и общение, история этноса, религиозная тематика, а также проблемы образования, развития родного языка, культурно-этнической идентификации.

Аналитика состояния сайтов свидетельствует о том, что для нашей молодежи значимыми являются стремление к общению со своими ровесниками, найти себе друзей-единомышленников, молодых людей, разделяющих с ним интересы в сфере музыки, спорта, танца, театра и т.д. Очень важным для молодежи является стремление к общению, в котором нет заорганизованности, централизованности в проведении мероприятий, иерархичности, зависимости. Они предпочитают такие формы проведения досуга и общения, где имеется возможность свободного вхождения и выхода, возможности проявления личной инициативы, ощущение своей личности, личной инициативы, удовлетворение своей юношеской любознательности, социальные программы, стремление к приватности веры, соблюдение правил справедливости в отношении близких людей, к сохранению личностного пространства [9, 10].

Именно СМИ и медиасреда в целом, могут содействовать эффективному полноценному преодолению факторов стериотипизации, стигматизации, упрощению в представлении о принципах толерантности, а также в восприятии других культур и реализовать приемы компетентного и неагрессивного взаимодействия «агентов» диалога в обсуждении актуальных проблем толерантного и нетолерантного поведения и общения, «контакта» культур, проявления терпимости или ксенофобии на личном или коллективном уровне. Современные СМИ способны определиться по поводу явной декларативности понятия в современном социодискурсе, его размытости, с некоторой тенденцией к постоянной подмене смысла и негативной модальности.

Критичность СМИ позволяет обратить внимание на сектора и отдельные проявления симптомов (ситуаций) эмоциональной нестабильности на личностном и коллективном уровне, подключая объясняющие аргументы и информационные доводы. Предметный контент проблем толерантности в СМИ формируется как в профессиональной среде, так и благодаря специализированным ресурсам в сети Интернет, что обеспечивает адресность, информативность, профессионализм в решении насущных проблем социальной сферы. Сложность данной «практической» проблемы заключается в многоуровневости и диверсифицированности

вопросов и тем, связанных с межэтническими отношениями, предупреждением конфликтов, опытом интеграции и адаптации различных слоев общества в современных кризисных социально-экономических и культурных условиях, глобальной трансформацией социальных структур и политических институтов, культурных ценностей, а также с отсутствием «поддерживающей среды» на фоне практических действий государственных и негосударственных структур и благоприятной обстановки в сфере развития отношений толерантного взаимодействия. Современные казахстанские СМИ должны эффективно воспользоваться поддержкой профессиональных сообществ, структур и гражданских институтов в решении проблем толерантности на уровне социально-психологического и культурно-аксиологического взаимодействия разных субъектов социального целого и «акторов» культурных контактов в глобальном пространстве современной политики и в социальной повседневности.

Литература

1 Черняк М Социально-культурные условия формирования толерантности средствами масс-медиа в городской среде // Вестник Кемеровского государственного университета культуры и искусств. – № 13. – 2010. – С. 98-102.

2 Тилюкова У.Д. Толерантность современных СМИ // Академия медиаиндустрии. – Наука // Вестник электронных и печатных СМИ. Архив журнала «Вестник». – № 15.

3 Социальное насилие и толерантность: реальность и медиаобразы. – М., 2004.

4 Нуржанов Б.Г. Культурология: в новом ключе. – Алматы, 2011.

5 Нуржанов Б.Г. Постмодерн и модерн. – Алматы, 2012.

6 Luckmann Th. The invisible religion: the problem of religion in modern society. – L.: Collier-macmillan, 1970.

7 Исследование: Интернет в Казахстане. Проект поддержан фондом им. Конрада Аденауэра. – Алматы: Типография BTCOM. Международный центр журналистики MEDIANET, 2010. – 400 с.

8 Сембай А. Развитие казахскоязычной сферы казахстанского сегмента Интернета // Исследование: Интернет в Казахстане. – Алматы: Типография BTCOM. Международный центр журналистики MEDIANET, 2010.

9 Tashimova F.S., Mirzabekova A., Ismagambetova Z., Massanov Y., Gabit Z. Dependence of virtual Subjects reflection from the features of Coping Behavior of students // «World Academy of Science, Engineering and Technology». – Issue 65. – May 2012. – Amsterdam. Netherlands.

10 Крюкова Т.Л. Методы исследования копирующего поведения. – Кострома, 2007.

References

1 Chernjak M. Sociokulturnye uslovija formirovanija tolerantnosti sredstvami mass-media v gorodskojj srede // Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta kul”tury i iskusstva. – № 13. – 2010. – S. 98-102.

2 Tiljukova U.D. Tolerantnost” sovremennykh SMI // Akademija mediaindustrii. – Nauka // Vestnik elektronnykh i pechatnykh SMI. Arkhiv zhurnala «Vestnik». – № 15.

3 Social”noe nasilie i tolerantnost”: realnost” i mediaobrazy. – M., 2004.

4 Nurzhanov B.G. Kulturologija v novom kluche. – Almaty, 2011.

5 Nurzhanov B.G. Posmodern i modern. – Almaty, 2012.

6 Luckmann Th. The invisible religion: the problem of religion in modern society. – L.: Collier-macmillan, 1970.

7 Issledovanie: Inernet v Kazachstane. Proekt podderzhan fondom Konrada Adenauehra. – Almaty: Tipografija VTSOM. Mezhdunarodnyjj centr zhurnalistiki MEDIANET, 2010. – 400 s.

8 Sembajj A. Razvitie kazakhojazychnojj sfery kazakhsatanskogo segmenta Interneta // Issledovanie: Inernet v Kazakhstane. – Almaty: Tipografija VTSOM. Mezhdunarodnyjj centr zhurnalistiki MEDIANET, 2010.

9 Tashimova F.S., Mirzabekova A., Ismagambetova Z., Massanov Y., Gabit Z. Dependence of virtual Subjects reflection from the features of Coping Behavior of students // «World Academy of Science, Engineering and Technology». – Issue 65. – May 2012. – Amsterdam. Netherlands.

10 Krjukova T.L. Metody issledovanija kopirujushhego povedenija. – Kostroma, 2007.

Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады.

Мұхтар Әуезов

Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтын-ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазына...

Жүсіпбек Аймауытов

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Ғабит Мүсірепов

Манасова М.М.,
Мұханбет А.А.,
Кенжебаева С.К.

Әлемдік астаналардың мәдени дамуын компаративистік талдау

Берілген мақалада қаланың дамуындағы мәдениеттің рөлі анықталады. Әлемдік астаналардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, архитектуралық бейнесіне, мәдени ерекшелігіне салыстырмалы талдау жасалады. Елордалық қалалардың пайда болуы және қала мәдениеті феноменінің жан-жақтылығы қарастырылады. Қойылған мақсат келесі міндеттемелер арқылы жүзеге асырылады: біріншіден, қаланы мәдениеттанулық бағытта зерттеген ғалымдар зерттеулеріне тұжырымдама жасалады; екіншіден, әлем қалаларының функционалды ерекшелігі мен тарихи дамуы, қазіргі қала сипаттары анықталады; үшіншіден, астаналар ауысуының ел дамуына әсері қарастырылады. Мақала авторлары қаланы әлеуметтік-экономикалық жүйенің бөлшегі ретінде көрсетеді. Қолданылған теоретикалық және әдіснамалық бағыттар қалалар мәдениетінің дамуында негізгі тенденция ретінде қолданылады.

Түйін сөздер: қала, мәдени даму, әлемдік астаналар, компаративистика, Астана.

Manassova M.M.,
Mukhanbet A.A.,
Kenzhebaeva S.K.

Comparative analysis of the cultural capitals of the world

This article discusses the role of culture in the development of the city. Authors made a comparative analysis of the socio-economic condition, architectural image, and cultural characteristics of the world's capitals. The process of the emergence of the first cities and the various manifestations of the phenomenon of urban culture. This goal is realized through the following objectives: first, analyzes the concept of researchers on urban culture; second, we investigate features and historical development of the world's capitals; third, examines the impact of moving the capital to develop the country. The authors of this article examines the city as part of the various socio-economic systems. Used theoretical and methodological approaches used in the study of the major trends and issues of socio-economic dynamics of cultural cities.

Key words: city, culture, world capitals, comparative, Astana.

Манасова М.М.,
Муханбет А.А.,
Кенжебаева С.К.

Компаративистский анализ культурного развития мировых столиц

В данной статье рассматривается роль культуры в развитии города. Делается сравнительный анализ на социально-экономическое состояние, архитектурный образ и культурную особенность мировых столиц. Рассматривается процесс появления первых городов и многообразные проявления феномена городской культуры. Поставленная цель реализуется посредством следующих задач: во-первых, анализируются концепция исследователей по городской культуре; во-вторых, исследуется функциональная особенность и историческое развитие мировых столиц; в-третьих, рассматривается влияние переносов столиц на развитие страны. Авторы данной статьи рассматривает город как часть различных социально-экономических систем. Используемые теоретические и методологические подходы применяются при изучении основных тенденций и проблем социально-экономической динамики культурных городов.

Ключевые слова: город, культурное развитие, мировые столицы, компа-ративистика, Астана.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 008 (574-25)

Манасова М.М., Мұханбет А.А., *Кенжебаева С.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.
*E-mail: sayabek-mira@mail.ru

ӘЛЕМДІК АСТАНАЛАРДЫҢ МӘДЕНИ ДАМУЫН КОМПАРАТИВИСТІК ТАЛДАУ

Қазіргі әлеуметтік және мәдени орталар жаһандық өзгерістерге ұшырап отыр. Қалалар кеңістікті саяси, әкімшілік, экономикалық және әлеуметтік жағынан ұйымдастырып отырады. Қала әрқашанда мәдениетті нақтылы түрде көрсететін орта. Әртүрлі қауымдастық пен.

Мәдениеттанулық бағыт (Л.Мамфорд, К. Линч, М.Вебер, А.С. Кармин) қаланы еркін, теңқұқылы жерді басқарушы адамның қауымдастығы және субмәдениетті біріктіруші социум ретінде қарастырады. Тарихи тұрғыдан алсақ, қалалар – құндылықтар, байлық, билік, білімнің ортасы.

Мәдениеттанушылардың ойынша, қалалардағы өмірдің негізгі ерекшелігі кеңістік пен уақытты адамның қарқынды түрде меңгеруі. Қалалық орта – жасанды. Оның барлық компоненттері адам кеңістігінде жасалған [1].

Қалалық кеңістіктің символикалық ерекшелігі болады, әр қаланың өзіндік тілі бар. Архитектуралық – эстетикалық бағытта (В.Л. Глазычев, А.В. Иконников, Д.С. Лихачев, К. Линч) қалаларды материалдық және рухани құндылықтардың әлемі ретінде түсіндіреді.

И.М. Гревс, Н.П. Анциферов, М.С. Каганның теоретикалық зерттеулерінде қаланы тарихи, әлеуметтік және мәдени феномен ретінде қарастырады.

XX ғасырдың басында И.М. Гревс «қаланың тек әдемі тәнін бейнелеу ғана емес, тірі жанын сезіну қажет. «Қаланың жанын» түсіну дегеніміз мәдени кеңістігіне ене отырып, онымен терең жан-жақты әрекет ету» деп қаланы мәдени орта ретінде көрсетеді.

Қала мәдениетін зерттеудегі тағы бір ірі тұлға неміс әлеуметтанушысы Георг Зиммель урбанизмді қазіргі заманның тәжірибесі ретінде қарастырады. Зиммель «астаналық индивидуалдылықты» түсінуге тырысты және соған әсер етуші ішкі және сыртқы факторалды анықтағысы келеді. Оның айтуынша, қалалық адамның психикалық өмірі (мәдениеті) көпжақты әртүрлілікпен күресуден туындайды. Бұл міндетті түрде жағымсыз нәрсемен емес. Керісінше, қала еркіндік алуға да жол ашады [2].

Зиммель мен Вирттің қала мәдениеті туралы келтірілген маңызды аспектілері екі түрлі. Бірақ жалпы қала мәдениетінің белгілерін анықтайды. Олардың мақсаты қала теориясын универсалдау еді [3].

Мәдениеттің қоғам, мемлекет, қала дамуындағы рөлі ерекше. Себебі, әр қала өзінің менталдық, бейнелік, символикалық, яғни мәдени мәнділігі арқылы ерекшеленеді. Қазіргі жаһандық, жоғары деңгейдегі өркениеттік дамудың дәуірінде әр елдің экономикалық дамуы жағдайында, халықаралық дәрежені көтеруде мәдениеттің рөлі зор. «Мәдениет», «қала», «қоғам» түсініктері бір-бірімен тығыз байланысты.

«Мәдениет» – «өнер әлемі», «ағартушылық зерде болмысы», қоғамның өмір сүру түрі, қоғамдық өмірдің бір бөлігі ретінде түсіндіріледі (Williams 2000). Грэм Эванстың «Мәдени жоспарлау: қала ренессансы» кітабы (Evans 2001), Чарльз Лэндри «Креативті қала: қалалық инноваторлар үшін аспаптар» (Landry 2001), Ричард Флорида «Креативті кластың өрлеуі және оның еңбек, ойын-сауық және қоғамның күнделікті өмірін өзгертуі» (Florida 2005) [4], еңбектерінде қаланың әлеуметтік жақтарын тұжырымдамалап, аналитикалық жағынан зерттеп, талдау жасайды. Жоғарыда көрсетілген зерттеулерге түрткі болған жаһандану процесі аясындағы қалалардың даму тенденцияларының өзектілігі.

Мәдениет қазір қалалық саясатта басты орынға ие. Еуропалық Одақ және ЮНЕСКО қала дамуында мәдениетті пайдалануды қолға алып отыр. Еуропа, Австралия, Азия және Солтүстік Американы алып қарасақ, қала мәдениетін қалалық стратегиялық жұмыстарда, ұлттық және халықаралық контекстерде қолданған.

Ірі мегаполистердегі қала мәдениетін зерттеу орталығы World Cities Culture Report [5] мәдениет инфрақұрылымын ресми, яғни институционалды, және бейресми (арнайы институтқа бекітілмеген) деп екіге бөледі. Мәдениет арнайы инфрақұрылым (мәдениет мекемелері, суретшілер, әртістер, мәдени шаралар және т.с.с.) арқылы жасалады.

Қалаларда инфрақұрылымның дамуы, символикалық маңыздылығы, экожүйе және мәдени әмбебаптылығының өсуі маңызды. Қалалардың пайда болуы коммуникацияның жаңа механизмдері мен құрылымдарының (жазба, архитектоника, мәдени-тарихи өнімдерді) өмірге алып келеді. XXI ғасыр зерттеушілері қазіргі қалаларды – жаңа жаһандық күштер мен экономиканың, саясат пен биліктің, білім мен дәстүрлердің арасындағы қақтығыстардың жиналған жері деп есептейді. Мәдени-шығармашылық инфрақұрылымның дамуы қазіргі «креативті қалалардың» (Florida 2005) сапалы өмір сүру жүйесіне алып келді.

Қала – шексіз коммуникативтік кеңістік, қарым-қатынас аймағы. Хосе-ортега-и-Гассет «қала халық жиналатын алаңнан басталады» деген. Қала – мәдени ақпаратты сақтау мен ақпаратты тасымалдаудың ең тиімді ордасы. Қаладағы мұражайлар, кітапханалар, театрлар, университеттер – ақпарат тасымалдау мен сақтау рөлін атқарып отырады.

Бұрынғы қала өндірістік өнімді әлемге таратумен айналысатын болса, бүгінгі қала – ғылым-білім, технология орталығы (Кесте 1). Бүгінгі қалаға өркениеттілік, жаңа технология, кәсібилік, маманданғандық, индивидуализм тән.

Кесте 1. Әлем қалаларының функционалды ерекшелігі мен тарихи дамуы, қазіргі қала сипаттары.

Соңғы статистикалық зерттеулерге сүйенетін болсақ, әлем тұрғындарының 50%-нан көбісі қалаларда өмір сүріп отыр. БҰҰ және ЭЫДҰ жобалауынша, 2050 жылға қарай дүниежүзі бойынша қала тұрғындарының саны 70-80%-ға жетуі мүмкін. Қалалар инновациялық

жобалардың өмірге келу алаңына айналып отыр.

Қалалар тарихта маңызды орын алып отыр. «Барлық жолдар қалаға бет бұрады, қалалар – кездесу орталықтары, экономикалық және әлеуметтік процестердің тоғысқан жері»[6] деп Н.П. Анциферов зерттеу тақырыбына сай «Қала туралы кітабында» қала болмысын ашып өтеді. Қалалар – адам қызметінің, өнердің, материалды және рухани мәдениеттің ортасы. Бүгінгі таңда көптеген ғылымдардың зерттеу объектісіне айналып отыр. Э.В.Сайко қала туралы зерттеуді гуманитарлы бағытқа жатқызады. Себебі, қаланың құрылуы тарихи қиын жолдардан өтті, сонымен қатар шығармаларда әртүрлі стильдер өмірге келді [7].

Ежелгі қалалардағы (Ежелгі Афины мен көне Рим) театр, храм, кітапханалар (кейінгі мұражайлар), сондай-ақ моншалардың болуы, сол қалаларды мәдени орталық ретінде танытты. Ал кеңестік қалалар үшін «мәдениет сарайлары» мәдени орталық ретінде саналды.

Қазіргі заманғы қалалардың мәдени кеңістігін қалыптастыру мәдени саясат дискурсымен тығыз байланысты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін еуропа елдерінде бірінші кезекті мәдениет орталықтарын қаражаттандырды. Өнер жоғары бағаланып, мәдениет орталықтарына толық қолжетімділік қамтамасыз етілді. Мәдени саясат арнайы білім бағдарламалар, мұражайларға тегін кіру, теле және радиодағы мәдени бағдарламалардың таралуы сияқты мәдени аймақты дамыту үрдісі ұзақ уақытқа дейін созылды (Матарассо, Лэндри 2002) [8].

Вальтер Беньямин – XX ғасырда қала туралы жазған белгілі авторлардың бірі. Ол қалалық өмірдің театр мен спектакльге ұқсастығын айтып өтеді. Беньямин Париж, Берлин, Марсель, Неаполь және Мәскеуге сипаттама беріп кетеді. Ол Берлин қаласындағы саябақтар, кафе, көшелер мен аудандарда – өмірінің өткен шағын бейнелейтін қойылымдарға айналғандығын айтады.

Қала кеңістігіне семиотикасын зерттеуші Лотман қалаларды эксцентристік және концентристік деп бөліп қарастырады. Петербург «эксцентристік қала», себебі табиғи құбылыстарға қарама-қайшы. Ол теңіз жағалауында орналасқан. Табиғатпен күрестен туындаған қала. Эсхатологиялық мифтермен байытылған. Лотманның айтуынша, қала – өзінің «эксцентристілігін» тапқан әртүрлі мәдени және геосаяси қақтығыстар, спектакль, театральды қойылым алаңы секілді [9, 39-40]. Эксцентристік қалаға қарсы концентристік қала – елдің ішінде орналасқан қала, мысалы, Рим (концентристік қала) - жер мен аспанды байланыстырушы «мәңгі қала» [9, 30].

Қала зерттеулерінде ел астаналарының рөлі ерекше. Бүгінгі таңда нақты бір астаналар тарихы және архитектурасына арналған жазбалар көп, бірақ дәл елордалық қалаларға арналған теоретикалық мәтіндердің библиографиялық тізімі қысқа. Елордалық өмірдің әртүрлі жақтары әртүрлі пәндер арқылы: архитектор, тарихшы, саясаттанушы, қаланы жоспарлау бойынша мамандармен және әлеуметтанушылармен меңгерілген. Осы жұмыстардың барлығы елордалық қалалардың түрлі аспектілерін қарастырады, алайда астаналардың дамуы туралы біржақты, нақты тұжырымдалған теория жоқ.

Астаналар көбінесе жеке әкімшілік орталық ретінде қарастырылады. Алайда астана – ұлттық идеологияның символикалық көрінісі, мемлекеттің урбанизацияға деген қатынасының бейнесі, елдің экономикалық дамуының катализаторы және тарихи жағынан алғанда, әртүрлі жергілікті мәдениеттер арасындағы байланыстырушы және ұлттық мемлекеттің «ойсана қауымдастығы».

XIX ғасырдың ортасынан бастап географтардың астаналарды зерттеуге қызығушылықтары артты. Соның ішінде бірінші болып неміс географы И. Коль өзінің «Еуропа астаналарының географиялық жағдайы» атты еңбегінде барлық еуропа астаналарының географиялық жағдайларына баға беріп өтті.

Американдық урбанист Скот Кэмбпел (2013) елордалық қалалардың елордалық емес қалалардан айырмашылығын, астаналардың ерекшелігіне былай талдау жасайды: «Елорда – үкімет орналасқан, басқарушы елдің өмір сүруі мен келешегіне қатысты шешімдердің қабылданатын жері. Елорда статусы қалаға ұзақ уақыт бойы қауіпсіз әрі нәтижелі шешім қабылдау үшін қолайлы орынды толыққанды қамтамасыз етеді» [10].

Бүгінгі уақытта еуропалық 20 қалаға «мәдени астана» (Афины (1985), Флоренция (1986), Амстердам (1987), Берлин (1988), Париж (1989), Глазго (1990), Дублин (1991), Мадрид (1992), Антверпен (1993) және т.б.) атағы берілген. Бұл қалалардың әрқайсысының өзіндік даму бағыты, мақсаты бар.

«Мәдени астана» бағдарламасы – әдемі қалалар арасындағы жарыс түрі ғана емес, мәдениетті қолдану және мәдениеттің маңыздылығын жариялау мүмкіндігі. Осы бағдарлама арқылы

қалалардың мәдени, әлеуметтік және экономикалық дамуға ықпалы айқындалады.

Осындай еуропалық тәжірибе дүниежүзіне жайылып, 2005 жылы қазанда Афиныда «Мәдени астана» бағдарламасының 20 жылдық тарихына арналған конгресс өтеді [11].

XX ғасырдың 90 жылдары осы бағдарламаға сәйкес жобалар өмірге келді: Араб мәдени астанасы, Американың мәдени астанасы [12]. Сонымен қатар Ресей Федерациясының мәдени саясат аясында «Мәдени астана» бағдарламасы бойынша мәдени алмасу жобалары жүзеге асып отыр.

«Мәдени астана» жобасы әлем бойынша орын алып отыр. Жаһандану үрдісінде бұл жобаның өзектілігі артып отыр. Себебі, мәдени құндылықтарды, ұлттық мәдениетті мәдени астана арқылы көрсету мәдени идентификацияны қалыптастырып, мәдени аралық кеңістікті халықаралық деңгейге кеңейтеді. Мәдени астана статусы – туризм саласының дамуына да көп көңіл бөледі.

Рудан (2010) мәдениет пен туризмнің бірбірімен тығыз байланысты екенін айтады [13]. Сонымен қоса, Масиокко мен Серрели [14,138] мәдени туризмнің жергілікті мәдениетке кері әсерінің бар екенін айтты. Яғни, туризм жергілікті мәдени мұраның өзіндік болмысының жойылуына да алып келеді. Ал басқа авторлар мәдениет пен өнердің қаладағы туризмнің дамуындағы рөлін анықтағысы келді. Law [15]: «музейлер, көркемдік галереялар, мәдени мұра, арнайы мерекелік шаралар, өнер фестивальдары – мәдени туризм мен мәдени қала терминдері» деп жазды.

Бряссоулис пен Страатен (2000) [16], Чавла (2006) [17] мәдениет пен өнердің қаланың дамуындағы маңыздылығын айтты.

Дүниежүзілік тәжірибеге сүйенсек, қаланың мәдени-шығармашылық секторын сауатты қолданған орталық жақсы көрсеткіштерге ие болады:

– сапалы инфрақұрылымды жасау;

– қалаға инвестиция тарту процесінің дамуы;

– тұрғындардың көз алдында қала имиджінің түбегейлі өзгеруі;

– жоғары білікті мамандар санының көбеюі.

Мемлекет астанасы – елдің ең ірі қаласы. Мемлекеттер астаналарында билік пен басқарудың жоғарғы органдары орналасқан. Мемлекет астаналарын компаративистикалық талдауда [18] тек салыстырмалы талдау жеткілікті емес. Әлемдік қалалардың мәдени дамуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтап, астаналар мәдениетінің дамуындағы ортақ мәселелерді ашып алу қажет.

Елордалық қалалардың көптүрлі типтері бар. Классикалық елордалық қалаларға жататын – Лондон мен Париж: қуатты үкіметі бар, бұрынғы колониалды империялардың астаналары, айқын көрініске ие архитектурасы бар көпғасырлық орталықтар. Оттава немесе Канберра – қуатты елдердің қарапайым әкімшілік орталықтары. Монтевидео немесе Джакарта – әлсіз елдердің беделді қалалары. Вашингтон мен Берлин – қарама-қайшылықты сипаттағы гибридтік астаналар. Астаналардың параметрлерін салыстырмалы түрде қарасақ, Берн мен Мехико көлемі жағынан, Пекин мен Дублин демографиялық жағдайымен, Оттава мен Сингапур географиялық көлемі жағынан бір-біріне қарама-қарсы.

Саяси сипаттамасы жағынан демократиялық Стокгольм мен оған қарама-қарсы үкімет түрі империялық Эр-Рияда, немесе коммунистік Пхеньян; Францияның орталықтанған Парижін Швейцарияның орталықсызданған Бернмен салыстыруға болады. Қаланың елордаға айналу тарихы белгілі рөлді атқарады. Мысалға, тарихи, империялық елорда Лондонды Бразилиамен салыстыруға болады. Әуел бастан астана ретінде қалыптасып, бүгінгі уақытқа дейін елордасы ретінде қызмет атқарып отырған Лондон мен Парижді ауыстырылған ел астаналары Бонн, Канберра, Бразилиа, Нью-Дели, Анкара, Астанамен немесе бұрынғы астаналар Константинополь, Петербург, Калькутта, Филадельфия, Рио-де-Жанейро, Боннмен қарама-қарсы қойып қарастыруға болады.

Астаналар экономикалық параметрлері жағынан да ерекшеленеді. Мемлекетінің әл-ауқаты жағынан Лондон, Токио және Вашингтон қалалары Могадишо, Мапуту және Дакки қалаларына қарама-қарсы деңгейде көрінеді. Мемлекеттік даму бойынша экономикалық жағынан елдерінен үстем астаналар Монте-видео, Париж, Лондон, Копенгаген, Мехико и Бангкок қалалары. Елдерінде екінші қала деңгейіндегі астаналар Оттава, Бонн, Канберра, Анкара, Берн, Преторія, Бразилиа. Елордалық қалада елінің экономикалық іргетасы ретінде Лондон мен Токио танылады. Оттава мен Канберра үкіметті жұмыспен қамтамасыз ету қызметі бойынша жоғары деңгейді көрсетеді.

Елордалық қалалардың географиялық орналасуы да маңызды ерекшелікке жатады. Мысалы, Рим мен Мадрид мемлекеттің географиялық орталығында орналасқан астаналар. Берлин,

Москва, Пекин, Вашингтон қалалары географиялық шеткі аймақтарда орналасқан. Лондон, Вашингтон және Токио орталық транспорттық аймақта орналасқан астаналар.

Көп елдерде басты экономикалық немесе мәдени орта ретінде қызмет атқарып отырған саяси астаналардан бөлек бейресми астаналары да бар. Мысалы, Нью-Йорк, Шанхай, Калькутта, Бомбей, Стамбул, Милан, Майнадағы – Франкфурт, Торонто, Сан-Паулу және Рио-де-Жанейро, Йоханнесбург.

Әлемде екі астанасы бар бірнеше мемлекет бар. Мысалы, Америкада заңды түрде Вашингтон астана ретінде белгіленген, алайда Нью-Йорк американдықтар санасында, жалпы дүниежүзілік қауымдастық үшін де астана статусына лайық. Тағы бір мысал, Австралия. Елдің саяси астанасы Канберра, ал көпшіліктің қабылдауында Сидней. Олимпиадалық ойындардан кейін жершары адамдарының санасында Сидней астана ретінде қабылданып отыр.

Кей елдерде астана рөлін мемлекетте бірнеше қала атқарып отырады. Бұны көпастаналық деп атайды. Мысалы, нидерландыда Амстердам (ұлттық, конституциялық) және Гаага (бұл жерде үкімет, парламент, жоғарғы сот және королева орналасқан); Израильде Иерусалим (парламент және үкімет резиденциясы) және Тель-Авив (бұл жерде шет елдік елшіліктер мен министрліктер бар), Палестинада Газа мен Рамаллах
(Иорданның батыс жағалауындағы және Газа бөлігіндегі астана); Танзанияда Додома (ресми) және Дар-эс-Салам (әкімшілік); Кот д'Ивуарда Ямусукро (парламент пен үкімет резиденциясы) және Абиджан (елшіліктер мен министрліктер бар); Шри-Ланкада Шри-Джаяварденепура-Котте (заң шығарушы) және Коломбо (әкімшілік); Малайзияда әкімшілік астанасы Паттраджая және заң шығарушы Куала-Лумпур; Свазилендте ресми астана Мбабане, корольдік және заң шығарушы Лобамба; Боливияда конституциялық және соттық астана Сукре және әкімшілік және заң шығарушы Ла-Пас; Чилиде ресми астана Сантьяго және заң шығарушы Валпараисо (бұл жерде Ұлттық конгресс отырысы өткізіледі); Бенинде ресми астана Порто-Ново, ал іс жүзінде Котону; Бутанде ресми астана Тхимпху, іс жүзінде – ескі астанасы Пунакха және тағы басқалары[19,46].

Германия мен ОАР-да үш астанадан бар. ОАР ресми астанасы Претория (Тшване), заң шығарушы билік – Кейптаунда, ал соттық – Блумфонтейн. Германияның саяси астанасы – Берлин, соттық – Карлсруэ, министрліктер пен елшіліктердің көбі әлі күнге дейін ГФР бұрыңғы астанасы Боннда орналасқан. Кейбір Науру (арал), Токелау және ниуэ сияқты мемлекеттерде астаналары болмаған [20].

Сонымен қатар елдің мәдени орталығына айналған астаналар да бар: Көптілді елдердің астаналары Оттава, Берн, Нью-Дели және бұрынғы Кеңес одағы үшін Мәскеу немесе біртілді елдер астаналары Париж, тарихи діни орталық ретіндегі астаналар Рим, Иерусалим немесе зайырлы қалалар Вашингтон, Оттава, Бонн, Астана елінің басты мәдени орталығына айналып отыр.

Архитектуралық көрінісінде ежелгі дәуір мен қазіргі заманғы кезеңнің көрінісі бар көрікті жерлерге толы көптеген еуропалық астаналар туристтік орталық болып саналады. Мысалға, Рим - Италияның астанасы мыңдаған жылдар бойы ұлылық пен құдіреттілікті жүзеге асырушы болып саналады.

Рим – әлемдік мәдениеттің қазынасы, католицизм жүрегі. Рим – елінің басты саяси, мәдени, маңызды экономикалық орталығы, әлемдегі ең көне және тарихи және мәдени ескерткіштерге бай қала, «мәңгілік қала» (б.э. III ғ) атағын алған. Рим шекарасында Ватикан бар. Ватикан - бірнеше ғасырлар бойы әлемдік католицизм орталығы болған, әйгілі Петр соборы, Рим Папасының иелігіндегі сарайлар орналасқан қала-мемлекет [21].

АҚШ-тың Нью-Йорк қаласы, Солтүстік Американың шығыс бөлігінде орналасқан, «әлем астанасы» (XIX ғ) атанған және АҚШ-тың бейресми астанасы. Бұл қала жер шарының қаржы және экономикалық орталығы болып есептелінеді. XX ғасырдың бірінші жартысында әлемдік өндірістік тауар мен байланыс орталығына айналды. БҰҰ-ның штаб-пәтерінің Нью-Йорк қаласында салынуы әлемдік деңгейдегі саяси маңыздылығын арттырды [22].

2020 жылғы жоспарға сәйкес мәдени қалалардың маңызды орталығы Шанхай қаласы – әлемдегі ең қарқынды дамып жатқан қалалардың бірі. Нью-Йоркпен салыстырмалы түрде алып қарайтын болсақ, мәдени секторлар әр аудандарды алып отыр. Мәдени саясаттың қала биілігінің қызметтерінің басқа аймақтармен біте қайнасуы маңызды. Мәдениетті алға тарту, эстетикалық дамуды және басқа да жағымды нәтижелерді береді. Мысалы, Богота мен Йоханнесбургте мәдениетті денсаулық сақтау және әлеуметтік дамудың бір бөлігі ретінде қарайды. Сонымен қатар қоғамның маргиналды қабатының өмірін жақсартудың кілті ретінде қарастырады. Ал

Сидней үшін аборигендер өмір сүретін жер мен қалалық мәдениетті біріктіру маңызды мақсаттардың бірі болып саналады. Амстердам мен Сингапур мәдениетті мектеп жасынан бастап білім жүйесінің маңызды бөлігі ретінде санайды. Париж мәдениеттің экономикалық дамудағы рөлін жоғары қояды. Ал Шанхай тез қарқынды жүріп отыратын экономикалық және әлеуметтік өзгерістер жағдайында әлеуметтік үйлесімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін қайнар көз ретінде көреді.

Әртүрлі мемлекеттер тарихында астаналардың ауысуы түрлі географиялық, саяси, әлеуметтік факторлардың ықпалымен жүрді.

Бразилиа архитектурасындағы мәдени мұра объектілеріне утопиялық пен әмбебаптылық тән. Бразилианың өмірге елді отарлық қанаудан азат етіп, экономикалық дамуда бәсеңдетеді. Архитектор Оскар нимейер Бразилиа архитектурасына әсем әрі ерекше сипат берді. Бразилиа құрылысы мақтаныш, үміт символына айналды, бразилиялықтарды біріктірді, елдің күшін бар әлемге паш етті. Бразилиа – биоклиматтық жоба жасау бойынша бірінші тәжірибе. Он жылдың ішінде Бразилианы болашақ қаласы ретінде танытады [23].

Канберра – Австралиядағы ең ірі қала, мемлекет астанасы. Канберра дизайнының негізіне қала-бақ концепциясы алынды. Австралияның резиденциясы, парламент, Жоғарғы Сот, министрліктер мен агенстволар орналасқан әкімшілік орталық. Сонымен қатар мемлекеттік маңызы бар (Австралияның ұлттық галереясы мен Австралиның ұлттық мұражайы) қоғамдық және мәдени мекемелер бар. Канбераның архитектуралық бейнесі «Шынайы Табиғи Астана» жобасына сәйкес жасалған.

Қазақстанның елордасы Астана қаласы – Еуразия материгінің қақ ортасында орналасқан, Қазақстанның тәуелсіздік кезеңін білдіретін қазіргі заманғы қала. Жаңа астана Еуропа мен Азияны біріктіріп, Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасында сұхбаттастық алаңына айналып отыр. Астана қаласындағы барлық әлемдік сәулет еліміздің архитектуралық дәстүрімен сіңісіп кеткен. Әлемге аты жайылған Кисе Курокава мен Норман Фостер әлемдік архитектурадағы басты тенденцияларды анықтай отырып, экологиялылық, технологиялылық, интеллектуалдылық, кеңістікті еркін меңгерген қаланы өмірге әкелуде өз септігін тигізді.

Жоғарыда айтылған ел астаналарының (Бразилиа, Канберра, Астана) дамуында мәдениет, экожүйе және ерекше архитектуралық стилдің дамуы экономикалық өсу мен әлеуметтік интеграция факторы ретінде жүзеге асырылып отыр. Мәдениет пен шығармашылық индустрия қаланың қайта жаңғыруы үшін қозғаушы күшке айналды.

Елордалық қалалар символикалық маңызы зор бай қала болуы керек. Өз мемлекетін әлемге таныстырар қасиеттерге ие болуы шарт [24].

Елорда – әлемдік капиталдардың және шетелдік мемлекеттердің күштерінің назар аудару ортасы, және сонымен қоса оларға қарсы тұрарлық национализм күші. Бұл жерде астананың парадоксын көреміз. Себебі астаналар жаһандану кезеңінде әр мемлекеттің өз ерекшеліктерін бейнелейді. Астананың басты міндетіне жергілікті және халықаралық қарама-қайшылық күштерді алшақтату да саналады. Энтони Кингтің айтуынша, «ең сәтті астана өз кеңістігінде ұлттық нақыш пен қазіргі заманғы жаһандық стилді үйлесімді байланыстырады» [25]. Көптеген қалалар секілді астаналар да әлемдік нарық, әлемдік мәдениет пен ақпараттардың ықпал етуіне ұшырап отырады. Сондықтан да астаналар жергілікті, территориалды қызығушылықтарды алға тарта отырып, ұлттық мәдениетті бірінші кезекке қойып отыр.

Еуропалық мәдениетте қаланың тарихи-мәдени құндылығы экономикадағы шикізат пен өндірістен тиімді қаржы көзі ретінде саналады. Ғалымдардың айтуынша индустрализация мен урбанизация үрдісіне енді аяқ басқан елдерде мегаполис феномені айқын орын алып отыр. Сондықтан оларда елді мекендер арасындағы дисбаланс жиі кездеседі.

Дүниежүзілік қалаларда мәдениет мемлекеттік саясаттың жүрегі ретінде қарастырылады. Барлық қалалар саясаткерлерінің ойынша қалалық билікте мәдениетті стратегиялық жағынан жүзеге асыру, орталық бөлік ретінде дамыту қажет. Дүниежүзілік қалалар дамуында мәдениет рөлі жоғары тұр. Нью-Йорк мәдениетті барлық аймақ шеңберінен жоғары стратегияның 2-ші номеріне қойып отыр. Шанхайда мәдениет – қаланы біріктірудің көзі. Токиода мәдениет елді болашаққа бастаушы құрал ретінде көрсетіледі. Кейбір қалаларда экономикалық стратегияны қолдаушы ретінде мәдениеттің рөлі басым. Лондон мен Парижде шығармашылық саласы экономикалық жағдайдағы түрлі қиындықтарды шешуде, сонымен қатар жаңа жұмыс орындарының өсуіне әсер етіп отыр. Мәдени шығармашылық қалалық регенерацияда маңызды құрал болып саналады.

Жаһандық дәуірде мәдениет әлемдік қалаларды жасап отыр. Бір елдің ішіндегі қалалар емес, қалалар әлемі бір-бірімен ірі көлемді халықаралық спорттық және мәдени шараларды өткізуге рұқсат алу үшін бәсекелесуде. Мәдениет пен экономикалық жетістік өзара тығыз байланыста қарастырылады. Лондон, Нью-Йорк және Париж мәдениеті жағынан жоғары деңгейдегі қалалар. Себебі, олар мәдениетке экономиканың маңызды бөлігі ретінде қарайды. Мәдениетке бай болу экономикалық жетістіктің қайнар көзі. Қала білімді, шығармашыл адамдар үшін жасалған. Жоғары білімі бар жұмыс күштері шығармашылық ортаны жасау арқылы елдің жағдайын жақсартып отырады. Бұл жағдай дамушы Шанхай, Стамбул қалаларында да байқалады.

АҚШ-ты алып қарайтын болсақ, федералды соттар, әскери басқармалар мен базалар, ақша сарайы және көптеген компаниялар өкілдігі елдің түрлі қалаларында орналастырылған. Германияда да осындай жағдай кең жайылған. Осындай жағдайлар орталықсыздандыру үлгісі дамыған елдерде көп кездесіп отыр. Бұндай елдерде негізгі шешімдер бір орталықта қабылданып, жүзеге асуы жергілікті жерлерде жүріп отырады. Экономикалық қызметтердің жаһандануы мен орталықсыздандыруына қарамастан елорда мемлекеттік, үкіметтік істердің орталығы ретінде қызмет атқарып отырады [26].

Тарихи-мәдени маңызы бар астана Петербургты І-ші Петр «Ресейдің мәдени астанасы» (1990 ж. тұжырымдамаға сәйкес) ретінде өмірге әкелді. Ресейдің бұрынғы астанасы Петербургтың өзіндік философиясы, тарихы және архитектуралық бейнесі бар қала. Тұрғындарының өмір сүру менталитеті де ерекше. Орыс мәдениетін әлемдік мәдениетке аяқ бастырған елордалық қала [27].

Қазақстан Астанасы туралы әртүрлі параметрлер бар. Астана қаласы басынан бастап тек әкімшілік орталық қана емес, Қазақстанның ғылыми әрі мәдени ортасы ретінде танылды. Астана – жоғары білімді адамдардың ортасы. Астана қаласында ұлттық мәдениет сақталып қана қоймай жаңа деңгейге өтті. Еліміздің бүгінгі мәдени көрінісін қалыптастырып отыр.

Қаланы әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастыру үшін қазіргі қалалар дамуындағы басты ерекшеліктерге назар аударылып отыр. Берілген мақалада елордалық қалалар мәдениетіне салыстырмалы талдау жасалып қоймай, астаналардың пайда болуы, атқаратын қызметтері құрылымдық ерекшеліктері, қарастырылады.

Әдебиеттер

1 http://science.jrank.org/pages/8640/City-Cultural-Center-Cities-Difference-Globalization-in-Progress.html#ixzz3q4zSTXL8

2 Зиммель Г. Большие города и духовная жизнь // Логос. – 2002. – № 3-4 (34). – С. 1-12.

3 Stevenson, D 2003, Cities and urban cultures. Open University Press, Buckingham & Philadelphia.

4 Richard Florida, Cities and Creative Class. – New York; Oxon: Routledge, 2005. – 198p.

5 http://www.worldcitiescultureforum.com/

6 Анциферов Н. П., Анциферова Т. Н. Книга о городе. – Л.: Брокгауз-Ефрон, 1926-1927.

7 Сайко Э.В. Город как среда и как субстанция-субъект образующий индивида // Мир психологии и психология в мире. – 1995. – №4. – С.7-9.

8 Матарассо Ф., Лэндри Ч. Как удержать равновесие? Двадцать одна стратегическая дилемма культурной политики // Сб. материалов. – М.: Либерея, 2002.

9 Лотман Ю. М. Символика Петербурга и проблемы семиотики города: избранные статьи / Ю.М. Лотман. – Т. 2. – Таллин: Александра, 1992. – 480 с.

10 Скотт Кэмпбелл. Идентичность и меняющаяся роль столиц в эпоху глобализации // Логос. – №4 [94]. – 2013.

11 http: //www.greek.ru/news/

12 Культурная столица Американского континента // http://www.cac-acc.org/

13 Rudan E. (2010). The development of cultural tourism in small historical towns, Tourism & Hospitality Management, Conference Proceedings. P. 577 – 586.

14 Maciocco G., Serreli S. (2009). Enhancing the city, new perspectives for tourism and leisure, Editura Springer, London.

15 Law C. (2002). Urban tourism, second edition, Editura Continuum, Lond.

16 Briassoulis H., Straaten J. (2000), Tourism and the environment: regional, economic, cultural and policy issue, second edition, Editura Kluwer Academic Publishers, Dordr.

17 Chawla R. (2006), Tourism for urban development, Editura Sumit Enterpises, New D

18 Беркалиев Т.Н., Особенности компаративистики как науки и метод исследования деятельности библиотек // Библиосфера. – 2009. – №1. – С.10-16.

19 Алимбекова Г.Т. Особенности многостоличности стран // Обретение Астаной столичного статуса: сборник докладов Второй ежегодной медународной конференции. – Астана: Елорда, 2009. – 312 с.

20 Тархов С.А. Столицы // Журнал «География». – 2007. – №3.
21 Вечный город Рим. Lozzi Roma. – Roma, 1998.
22 http://ru.wikipedia.org/wiki/
23 Лане гран Давид., Реальность Бразилиа // Проект классика. – 2007. – № XXI. http://www.projectclassica.ru/v_o/21_2007/21_2007_v_02a.htm
24 Milroy B. M. Commentary: What is a Capital? // Capital Cities / Les Capitales. p. 86.
25 King A. Op. cit. P. 276. Logos_4_2013.indb 93 15.10.13 2:36.
26 Markusen A., Hall P., Campbell S., Deitrick S. The Rise of the Gunbelt: the Military Remapping of Industrial America. Oxford. – N.Y.: Oxford UniversityPress, 1991.
27 Лихачев Д. С. Петровские реформы и развитие русской культуры // Избранные труды по русской и мировой культуре. – СПб., 2006. – 168 с.

References

1 http://science.jrank.org/pages/8640/City-Cultural-Center-Cities-Difference-Globalization-in-Progress.html#ixzz3q4zSTXL8
2 Zimmel' G. Bol'shie goroda i duhovnaja zhizn' // Logos. – 2002. – № 3-4 (34). – S. 1-12.
3 Stevenson, D 2003, Cities and urban cultures. Open University Press, Buckingham & Philadelphia.
4 Richard Florida, Cities and Creative Class. – New York; Oxon: Routledge, 2005. – 198p.
5 http://www.worldcitiesculturefor um.com/
6 Anciferov N. P., Anciferova T. N. Kniga o gorode. – L.: Brokgauz-Efron, 1926-1927.
7 Sajko Je.V. Gorod kak sreda i kak substancija-sub#ekt obrazujushhij individa // Mir psihologii i psihologija v mire. – 1995. – №4. – S.7-9.
8 Matarasso F., Ljendri Ch. Kak uderzhat' ravnovesie? Dvadcat' odna strategicheskaja dilemma kul'turnoj politiki // Sb. materialov. – M.: Libereja, 2002.
9 Lotman Ju. M. Simvolika Peterburga i problemy semiotiki goroda: izbrannye stat'i / Ju.M. Lotman. – T. 2.
– Tallin: Aleksandra, 1992. – 480 s.
10 Skott Kjempbell. Identichnost' i menjajushhajasja rol' stolic v jepohu globalizacii // Logos. – №4 [94]. – 2013.
11 http: //www.greek.ru/news/
12 Kul'turnaja stolica Amerikanskogo kontinenta // http://www.cac-acc.org/
13 Rudan E. (2010). The development of cultural tourism in small historical towns, Tourism & Hospitality Management, Conference Proceedings. P. 577 – 586.
14 Maciocco G., Serreli S. (2009). Enhancing the city, new perspectives for tourism and leisure, Editura Springer, London.
15 Law C. (2002). Urban tourism, second edition, Editura Continuum, Lond.
16 Briassoulis H., Straaten J. (2000), Tourism and the environment: regional, economic, cultural and policy issue, second edition, Editura Kluwer Academic Publishers, Dordr.
17 Chawla R. (2006), Tourism for urban development, Editura Sumit Enterpises, New D
18 Berkaliev T.N., Osobennosti komparativistiki kak nauki i metod issledovanija dejatel'nosti bibliotek // Bibliosfera. – 2009. – №1. – S.10-16.
19 Alimbekova G.T. Osobennosti mnogostolichnosti stran // Obretenie Astanoj stolichnogo statusa: sbornik dokladov Vtoroj ezhegodnoj medunarodnoj konferencii. – Astana: Elorda, 2009. – 312 s.
20 Tarhov S.A. Stolicy // Zhurnal «Geografija». – 2007. – №3.
21 Vechnyj gorod Rim. Lozzi Roma. – Roma, 1998.
22 http://ru.wikipedia.org/wiki/
23 Lane gran David., Real'nost' Brazilia // Proekt klassika. – 2007. – № HHI. http://www.projectclassica.ru/v_o/21_2007/21_2007_v_02a.htm
24 Milroy B. M. Commentary: What is a Capital? // Capital Cities / Les Capitales. p. 86.
25 King A. Op. cit. P. 276. Logos_4_2013.indb 93 15.10.13 2:36.
26 Markusen A., Hall P., Campbell S., Deitrick S. The Rise of the Gunbelt: the Military Remapping of Industrial America. Oxford. – N.Y.: Oxford UniversityPress, 1991.
27 Lihachev D. S. Petrovskie reformy i razvitie russkoj kul'tury // Izbrannye trudy po russkoj i mirovoj kul'ture. – SPb., 2006. – 168 s.

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.

Жұмысы жоқтық,
Тамағы тоқтық,
Аздырар адам баласын.

Абай

Мантаева Т.С.

Көшпелі кезеңдегі тұлғалық бейнелер

Мақалада көшпелі кезеңдегі тұлғалық бейнелер хан, қаған, рубасы, батыр т.б қарастырылған. Батыр – өзінің жігері мен ерлігі арқасында қауымнан дараланып шыққан мәдени кейіпкерге жатады. Ол тек жаугершілік оқиғаларында ғана емес, сонымен қатар елін басқыншылар мен табиғаттағы тылсым күштерден қорғауда орасан зор жанқиярлық танытады.

Түйін сөздер: тұлға, батыр, хан, көркем мәдениет, көшпелі кезең.

Mantayeva T.C.

In nomadic times viewed images of individuals

In nomadic times viewed images of individuals as khans, leaders, brave, batyrs and others. Batyr culture acted as a character due to its bravery and feats. They protect people not only in wartime, but also in natural disasters.

Key words: personality, batyr, khan, art culture, nomadic times.

Мантаева Т.С.

Образы личностей в кочевые времена

В статье рассматриваются образы личностей кочевые в времена, как ханы, вожди, храбрецы, батыры и др. Батыр выступал как персонаж культуры благодаря своей храбрости и подвигам. Они защищали народ не только в военное время, но и в природные катаклизмы.

Ключевые слова: личность, батыр, хан, художественная культура, кочевые времена.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 008 (574)

Мантаева Т.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: toty2009@mail.ru.

КӨШПЕЛІ КЕЗЕҢДЕГІ ТҰЛҒАЛЫҚ БЕЙНЕЛЕР

Архаикалық көшпелілер мәдениетін зерттеушілер қауымнан алғашқы дараланған адамдар ретінде рубасыларды, ақсақалдарды, батырды, абыз, бек, көсемдері, сәуегейлерді, т.т. атап өтеді. Бұл сипаттағы ру басылар адамдық ынтымақтықтың қауымдық тәртібін жүзеге асырушыларға жатады. Бірақ олардың архетиптік бейнелері әрқалай, түрлі көрініс те кейінге ұрпақтарға жеткен. Тек олардың дәстүрлі ерекшеліктері сыртқы ықпалға аз ұшыраған деуге болады. Ойымызды нақыштай түсу үшін Қытай қазақтары мәдениетіндегі рубасыларының орны мен қызметтері туралы этнографиялық дерекке жүгінейік.

«Үлкенді-кішілі рубасылары өз басқару көлеміндегі ру адамдарының адамдығын, ар-намысын, абыройын қорғауға, басқа ру адамдарының келемеждеуінен, аяқ асты етіп қорлауынан сақтауға жауапты. Өзі басқарып отырған ру ішіндегі және өз руы мен басқа рулар арасындағы дау-шар жұмыстарына иелік етуі тиіс. Сол ру ішінде кездейсоқ апаттарға, айталық өрт апатына, селге, тасқынға тап болған, жұтқа ұшыраған, жауға шауып, ауыр халге душар болғандарға, елден жылу жыйып құтқаруға, оның тұрмысын оңдауға, көмектесуге міндетті. Жанашыр жақын, асырап сақтар баласы жоқ кәрі немесе мүгедек адам болса, оны бақтыруы, асырап сақтауы керек. Егер ондай адам үркіп-қорқып, тыныш кездерде аштан өлсе, үсіп өлсе, ел басшылары жауап етеді де, үлкен тайпаларға құн төлейді. Егер сыртынан біреулер баспана тілеп келсе, ол басқа ру, басқа ұлт адамы болуына қарамастан, адамдығын қорғауға, тұрмысына көмектесуге, жан баға алмай қаңғырып келгендерге елден жылу жинап беріп, құтқаруға жауапты. Егер мұндай адамдар өздері сол рудың адамы болуға риза болса, оны сыртқа теппей, өз руымыз деп есептеп, кісі өлтірсе, құн төлеуге, кісі өлсе, құн алуға болады деген ереже белгіленген» [1, 92 б.].

Рубасылардың «билігі», шын мәнісінде, бағындырушы қатынастардан тумайды. Рубасы мен кейінгі қазақ қоғамындағы билердің арасында түбегейлі айырмашылықтар бар. Ежелгі мәдениет мәтінінде рубасы ерекшеліктері (1) ауызекі ақпараттық беріліс жағдайында ең тәжірибелі, көпті көрген және көпті түйген, осының нәтижесінде руластарының арасынан дараланып шыққан; (2) рубасының белгі мен беделі сакралды (қасиетті) сипатта тиянақталған.

Осы туралы толығырақ тоқталып өткен этнограф Е. Тұрсынов ру басыларының қауымнан дараланған және бұл екінші мифологизациялану нәтижесінде жүзеге аса бастады дейді. Әлеуметтік жіктері ажыратылмаған қоғамда адамдық қарым-қатынастар дәстүр, рәсім (ритуал) және мифтік сананың қауымда шексіз үстемдік етуімен реттеліп отырды. Алғашқы фатрияларда (жыныстық қатынастары шектелген тотемдік топтарда) дәстүр рәсімдерін коллектив мүшелерінің барлығы орындалған және білген. Кейін дуалдық (қосбайланыстық) фратриялардың әлеуметтік өмірі күрделенген жағдайда осы топтардағы ең беделді адамдар өкілеттік функцияға ие болып, бүкіл рудың атынан әртүрлі сайысқа түсе алатын болған. «На этой стадии конфликтные отношения обеих половин дуального общества перешли в область ритуала: во время общих для всего дуального коллектива обрядов происходили своеобразные «иллюстрации» дуалистической мифологии, имевшие целью закрепление в традиции содержания мифов и поддерживаемые самой этой традиций. Так возникла традиция ритуальных состязаний в себе, в борьбе и т.д. а также ритуальных словестных перепалок, во время которых каждая из фратрий имитировала соперничество родоначальников, один из которых выступал в мифологии умным и ловким, другой – неумелым его подражателем. Фратрия, победившая в ритуальном состязании, воспринимала мифического роднoначальника» – дейді [2, 19 б.].

Рубасылардың сакральдық билігі тек олардың қоғамдағы орнын фетиштендірумен қатар, туысқандық қауымға тән тотемдік сенімдермен де нығайтылған. Арғы тек (тотем) тек қауым-фратрияны ғана емес, сонымен бірге бүкіл ұлысты біріктіретін магиялық бейнеге жатады. Жаңа тас дәуірінен бастап, ру басылар басқа қауымдастарынан бөліне бастайды және бұл олардың ритуалдық дәнекершілер қызметінен де туады. Әдетте, ақсақалдар дәстүр-рәсімдердің тасадағы мазмұнын терең меңгергендіктен, басқа қандастарының арасында киелі адамдарға айналады.

Егер әскери демократия батырлардың дараланып шығуына әсер етсе, ілкі тектерді антропоморфтандыру рубасыларының мәдени функцияларын күрделендірді. Осы кезеңде адам мен дүниенің жаратылуы туралы этнологиялық, ру мен тайпаның арғы тектен бергі тарихын баяндайтын генеалогиялық, мифтер мен арғы аталардың ерлігін жырлайтын поэтика қалыптасады. Е. Тұрсынов қауымның жіктелуінде бүкіл тайпаға ортақ тотемнің индивидуалдық қоғаушы-пірмен (нагуальмен) ауысқанының үлкен рөл атқарғанын атап өтеді. Алғашқы мифологиялық арғы тектер бірден жоғалып кеткен жоқ. Олар, әдетте, жаңа тарихи кейіпкерлермен синкретті көрініс болды [2].

Рубасыларының қауымнан дараланып бөлінуінің тағы бір әлеуметтік-мәдени негізіне көшпелі қауымдағы ақсақалдардың билігі (геронтократия) жатады. Бұл әлеуметтік құрылым қауымдық меншік шытынап, негізгі тіршілік құралдарына (көшпелілерде – малға) индивидуалдық меншік пайда бола бастаған кезде өз нышанын береді. Патриархаттың матриархатты ауыстыруы нәтижесінде еркектердің рөлі бірінші орынға шығады және ру басылар, көсемдер, әскер басылар, т.т. олардың арасынан таңдалып, алынады. Шын мәнісіндегі, әлеуметтік мұралану тек аталық құқықта жүзеге аса алады.

Э. Фроммның пікірін қайталасақ, аналық қоғам қауымшылдықтың тірегі болса, аталық қоғам тарихтағы индивидуалдандыру үдерісін бастап берді. Патриархалдық қатынастар геронтократия мен арғы текті әсірелеуге сүйенді [3, 5 б.]. Өйткені ата-бабалар культі жіктеле басталған қауымдастық отбасы ынтымақтастығын сақтайтын басты фактор еді.

Индивидуалдық қалыптастауындағы келесі саты батыстық мәдениеттанушылар қолданатын – «варварлық» кезеңмен байланысты. Егер бұл түсініктегі кемсітушілік позициясынан жоғары тұрсақ, онда бұл мәдени феноменнің төмендегідей белгілерін атап өтуге болады:

Жоғары (құдайлар), ортаңғы (адамдар) және төменгі (өткен арғы тектер) әлемдерін байланыстыра алатын арнаулы медиумдардың (абыздар, шамандар, көріпкелдер, еркектердің құпия одақ өкілдері, эпос орындаушылар, т.т.) қалыптаса бастады.

Рубасылар мен ақсақалдар арасынан әскер басыларының және «батырлық ғасырларына» қатысты батырлардың дараланyы. Мүліктік теңсіздік композициясының және осыған байланысты әлеуметтік тұлғалардың (бай, бек, хан, би, төлеңгіт, құл, қараша, т.т.) пайда болуы.

Жаугершілік заманында дараланған тұлғалар, әсіресе, батырлық эпоста жан-жақты суреттеледі. Батыр – өзінің жігері мен ерлігі арқасында қауымнан дараланып шыққан мәдени кейіпкерге жатады. Ол тек жаугершілік оқиғаларында ғана емес, сонымен қатар елін басқыншылар мен табиғаттағы тылсым күштерден қорғауда орасан зор жанқиярлық танытады. Мысалы, «Манас» жырында қырғыз батыры Сырғақ оқ пен найза

алмайтын жалғыз көзді циклоп Малғұнды көзін түйреп, жеңеді. Фирдоусидің «Шахнамасында» Рустем зал циклоп Исфендиарды екі ұшты жебемен жаралайды.

Табиғи кесір күш сияқты батыр да ерекше қорғалған. Мысалы, Манас, Алпамысты «атса – мылтық өтпейді, шапса – қылыш кеспейді». Батырдың даралық қасиеті әмбебапты сипатта келтіріледі. Мысалы, «Қорқыт ата жырындағы» батыр Бисаттың циклоппен шайқасын алайық. Оғыздардың батырлық эпосын хатқа түсіріп, Абубәкір ад-Дудари оны өз кезіндегі Мысыр елінің билеушісі мамлюк қыпшақ Насыр Қалауынге сыйға тартады. «Төбекөз» туралы аңызды алғаш зерттеген неміс ғалымы Диц. Ол Төбекөзді Гомердің «Одиссейіндегі» Полифеммен салыстырады, сөйтіп гректер бұл аңызды Шығыс елдерінен алған деген қорытындыға келеді. Түріктер аңызында Бисаттың ағасынан кейін қият елі тарайды делінеді. Археологтар Енисей бойынан жалғыз көзді дәудің тасқа түсірілген бейнесін тапты. Мұның өзі, оған қоса кейін келе діни нанымға ие болып кеткен «Тас әулие» (Тарбағатай), «Қоңыр әулие» (Шыңғыс тауда), «Қазығұрт үңгірі» (Шымкент маңында), «Айдаһарлы үңгір» (Атасу бойында) сияқты қатерлі жерлерді ерте заманда жезтырнақ, дәулер мекен етеді десетін қорқынышты орындар болғанын белгілейді» [4, 142 б.].

Ғалым Д. Раев «Дәстүрлі қазақ қоғамына тән батырлар институтының қалыптасуының қайнар көздері ежелгі замандардан бастау алады. Оған ежелгі дәуірлерден бастап зерттеушілердің көпшілігі көшпелі халықтардың жауынгерлік болмысына ерекше назар аударғаны белгілі. Шетелдік зерттеушілер де көшпелі халықтардың жауынгерлік рухының мықтылығы мен әскери өнерінің, әсіресе әскери тактикасының ұтқырлығына зер салып, оның ерекше қуаттылығын жазған. Тарихи мәліметтерге қарағанда, басқа халықтарда әскери адам өкілдерін «самурай», «рыцарь», «кшатрий» деп өзіндік атауымен атағаны сияқты көшпелі қоғамның кәсіби әскерилер әлеуметтік топ өкілдерін «батыр/баатур/бахадур» деп атағаны белгілі. Басқа халықтардағыдай көшпелілер әскерилерінің – батырлардың ерекше әлеуметтік топ ретінде өзіндік идеологиясы, қоғамдық функциясына, қызметіне байланысты тек өздеріне тән өмір сүру салты, жауынгерлік салт-дәстүрі, басқа әлеуметтік жіктермен ара қатынасын реттейтін әлеуметтік-моральдық нормалары, мәдени-рухани жоралғылары т.б. ерекшеліктері қалыптасты» – дейді [5, 135-136 бб.].

Бұл мәтіннен мынадай бір ой қорытуға мүмкіндік бар: батыр – табиғаттан алғашқы азаттық алған тұлға. Оның жігері мен қайраты табиғи күштерден жоғары тұрады.

Әрине, мәдени қаһарманның (культурный герой) теріс әлеуметтік қызметі мен деструкциялық әрекеттерін аңғарған абзал. Алайда, негізі ілкі тектен, мәдени қаһарманнан басталатын батыр бейнесі халықтың мифологиялық, генеалогиялық, тарихи жадында Құдай деңгейіне дейін көтеріле (Шоқан Уәлихановтың «әр қазақ ерлігі мен елдігі арқылы өлгеннен кейін аруаққа айнала алады» деген ойын еске алайық) алады. Мәдени қаһарман Прометей адамзатқа от сыйласа, Толағай тауды арқалап әкелді, Қабанбай, Наурызбай, Бөгенбайлар халқын геноцидтен аман алып қалды.

Қазақ және оның арғы тектерінің мәдени қаһармандары көшпелілер қоғамын мұрат тұтады. «Бұл қоғам жай ғана тіршіліктің, күн көрудің түрі ғана емес, бүкіл елдің, ардақты батырлардың қызғыштай қорыған қорғаны. Жер-су, ел-жұрт жырда көшпелі тіршіліктен бөлек қарастырылмайды. Бұлар – бір-бірімен ұштасқан тіршіліктер. Жер-судан айырылған ел көшіп-қонудан да қалады. Ел мен жерді қорғау бір жағынан сол көшпелі қоғамды да қорғау болып шығады.

Батыр жаудың небір әсем шаһарларын, биік мұнаралы бекіністерін, бау-бақшалы сарайларын шауып алғанымен онда тұрақтап қалмайды, аяғында сол баяғы көшпелі тіршілікке қайтып оралады. Эпос логикасына салғанда, отырықшы, кентті жерде сұлу қыз үшін, болмаса, билік үшін қалып қойған батырдың әрекетін түсіну қиын. Жауды жеңсе де, оның сол елде қалып қоюы сатқындықпен тең. Ол көшпелі тіршілікке қайтып оралу керек» [6, 194 б.]. Әскери демократиялық әлеуметтік құрылымда батырлармен қатар ерекше қызмет атқарған мәдени қаһармандарға әскербасылар, бектер мен хан-сұлтандар жатады.

Ғалым Д. Раевтың еңбегінде «Википедиялық түсініктемелерге жүгінетін болсақ, хан-лауазым, түркі-моңғол халықтарында мемлекет басқарған билік иесі. Зерттеушілер Хан сөзі семантикалық-тілдік сипаты өзгерген көне түркілердің «қаған» терминінен қалыптасқан деп есептейді. Жазба дереккөздері Орталық Азия халықтары Хан терминін Түркілік қағандығы ыдыраганнан кейінгі кезеңнен қолдана бастағандығын растайды. Мысалы: Иран мен Ауғанстан көшпелі халықтары тайпа көсемдерін Хан деп атады. Осман сұлтандығында Хан сұлтан лауазымы

болды. Қазақ жерінде Қарахан мемлекетінің билеушілері Хан атанды. Кейін қыпшақ, найман, керей тағы басқалар ұлыстық мемлекеттерді Хандар басқарды» – делінген [5, 135-136 бб.].

Ежелгі түркілік мәдениетте элитарлық тұлғалар қасиетті саналып, тернарлық әлемде оларға жоғары дүниеден орын беріледі. Мысалы, ғұндардың тәңіркұты Көктен жаралған және Күн нұрымен шапағатталған деп есептелген. Кейін исламды қабылдаған және Шыңғыс хан жорықтарынан соң, қазақтардың көшпелі мәдениетінде ақсүйектер (төрелер, қожалар) мен қарашалардан тұратын әлеуметтік құрылым қалыптасты.

Исламды қабылдағанға дейінгі түрік көшпелілерінде «басқарушы» топтың әлеуметтік орны арнаулы дәстүр мен салттық сананың бақылауында болды. Бұл дәстүр көптеген жағдайда хандар мен бектердің билігін қауым мүдделері тұрғысынан шектеуге бағытталған. Сол себепті, осы мәдени тұтастыққа қатысты автаркия мен деспотия туралы айту орынсыз. Мысалы, қытай тарихшылары көшпелі түрік иеліктерінде хан мен бектердің қатардағы тайпаластарынан артықшылығы аз екенін және соғыс жағдайында ғана олардың билігінің артатындығын атап өтеді [7, 21 б.]. Зерттеушілер көшпелі мемлекеттерде «хан талау» деген дәстүрдің болғанын айтып өтеді. Аталған үрдіс қазақ хандығында да сақталып келген. Мысалы, Орынбор губернаторы Ваконскийдің мына бір куәлігі бар: «Күшті рубасылары немесе топтасқан барымташылар ханға бағынбақ түгіл, оның малын тартып алады» [7, 168 б.]. Тағы бір куәлік: Әбілхайыр хан Ресейге бодандыққа ену туралы келісімге келгеннен кейін, ел жиыны оны өлім жазасына бұйырады және сонда бұл үкімді Барақ сұлтан жүзеге асырады [7, 169 б.]. Ш. Уәлиханов та осы сипатта өз дәлелін келтіреді. «Қазақтың ешқандай ханы Абылайға дейін шексіз билікке ие болған жоқ. Ол бірінші болып өз кеңестерімен хан билігін тежеп келген күшті рубасылары мен сұлтандарды бағындырды, тек халық жиынының ғана шешімімен берілетін өлім жазасын өзі бұйыруға мүмкіндік алды» [8, 11-116 бб.].

Билеушінің мемлекетті құруы мен оны сақтаудағы және нығайтудағы рөлі мен сіңірген еңбегі мақтанышпен айтылады. «Елтеріс қаған қам жеп, иелік қылмаса, ол жоқ болған болса, мен өзім Тоныкөк қам жеп, иелік қылмасам және жоқ болсам, онда түркі-сір халқының жерінде мемлекет те, жұрт та, иесі де жоқ болар еді». Бірақ бұл жағдай халық пен қоғам арасындағы, бектер мен жұртшылықтың өзара қарым-қатынасынсыз шешіле қоймайды. Билеушілер мен халық арасындағы қайырымды қатынастың тиімділігі туралы жырда, «Егер, сен, түрік халқы, өз қағандығыңнан, өзіңнің бектеріңнен, өз Отаныңнан бөлініп кетпесең, онда өзің бақытты өмір сүріп, өз үйеріңде боласың, қайғы қасіретсіз өмір сүресің» деп тұжырымдалады [9, 73 б.].

Біз, әрине, мәдени қаһармандар ретіндегі елбасылардың орны мен қызметін әсірлеуден аулақпыз. Бір орталыққа бағындырылған биліктің жеткіліксіздігі ру-тайпалық сепаратизмді өршілендіріп жіберуі мүмкін. Бұл жағдайда, Л. Гумилев айтқан, түрік тайпаларының тарихи қарғысы – рулар қақтығысы орын алды.

Көшпелі қауымнан дараланып, бөлінген хан, сұлтан, бек, тархан, рубасы, мырза, бай, би сияқты тұлғалардың әлеуметтік статусы олардың қоғамда атқаратын қызметімен қоса рухани-мәдени факторлармен де негізделіп отырылған және бұл аңыздық қасиеттермен толықтырылған. Мәдени қаһармандар тек реалды кеңістік пен уақыт өрісінде әрекет етіп қоймай, мифтік континиумда қатар өмір сүрген. Тарихи оқиғалар аңыздық қосымшалармен тұтасып кеткен. Батырлар мен хандар ғажайып өмірге келеді, тез ержетеді, тұлпарымен сөйлесе алады, тылсым күштерге иелік етеді, Ғайып Ерен Қырық шілтен, Түкті Баба Шашты Әзиз, пірлер мен аруақтар оларға қолдау көрсетіп отырады. Өткен уақыт пен баяғы кеңістік қайтадан келгендей болады. Мезгіл мен мекен мәдени қаһарманның төңірегінде тоғысады. Осы жөнінде М. Әуезов мына бір ойын алға тартады: «Ескілікті әңгімелердің бірсыпырасы белгілі бір хан мен патша немесе бір белгілі, асқан бидің айналасында жиналған болады.

Ескілік әңгімелерін кейде бір үлкен тарихи дәуірге әкеп те жинап қояды. Орыс жұртының ескіліктегі батырлар әңгімесінің барлығы «Қызыл күндей Владимирдің» айналасында жиналған. Араб жұртының ескіліктегі әңгіме, ертегісінің көбі Арон Рашид патшасының айналасында жиналған. Қазақ атаулы елдің ноғайлы дәуірінен қалған әңгіме-жырларының көбі «Орманбет би» заманының маңызына жиналған. Онан соң қазақтың ноғайдан бөлініп шығып, қазақ атанып, бөлек хандық құрып жүрген заманнан қалған ескілік әңгімелерінің көбі «Әз Жәнібек» ханның тұсында болды» [10, 67 б.]. Тарихи инверсия бұрынғы мәдени қаһармандарды бізге жақындатады, тіпті арамызда жүргендей әсер қалдырады. Сол себепті, Қобыланды мен

Алпамыс та, Еділ мен Едіге де, Жәнібек пен Абылай да біздің замандастарымыз сияқты. Қазақ халқының XVIII ғасырдағы жыр-дастандарында Абылай атының жиі кездесетіні де дәл осыған байланысты. Эпоста ол қазақ халқының жоңғарларға, Қытайға және Орта Азия жеріндегі хандықтарға қарсы күрестің көптеген оқиғаларына қатысушы ретінде көрсетіледі.

Қазақтың және оның арғы аталарының қоғамындағы әлеуметтік жіктер мен топтардың қарым-қатынасын марксизм тұрғысынан «қанау», «феодализм» деп сипаттаудың ауылы шындықтан алыс. Өйткені, туысқандық қатынастарға негізделген көшпелі қауымда құндылықтар да басқаша сипатта болды. Осы жөнінде белгілі түріктанушы Мұрад Әджи былай дейді: «Далалықтарда зат емес, керісінше әрекет пен руханият құндылық қасиеттеріне ие болды. Шығыс мәдениеті мен шығыс дүниетанымы ең алдымен материалдық негіздерге емес, керісінше руханиятқа табынған. Сылдырмақ алтындар – бос нәрсенің сыртынан ғана жылтырауы. Ат – алтыннан да жоғары бағаланған. Тағы қылыш пен садақ.

Далалыққа үш тілек қасиетті болып табылған. Біріншісі – ат ерттеп міну, Екіншісі – ет жеу. Үшіншісі – әйел алу. Шығыс мәдениетін бойына сіңірген шығыс адамының психологиясы руханияттың материалдықтан басымдығы қағидасымен қалыптасқан. Бұл өте маңызды жағдай және ол көптеген тарихи оқиғалардың, тіпті адамдардың трагедияларын түсінуге мүмкіндік береді» [11, 71 б.].

Әрине экономикалық стимулдардың төмендігінің көшпелілер үшін теріс әсері де жеткілікті: еңбек өнімділігінің бір қалыптылығы және техникалық инновациялардың жоқтығы. Бұл көшпелі қауымның батыстық, ресейлік және қытайлық экспансияға қарап тұра алмауына әкелді.

Арнаулы зерттеулерде көшпелі қауымдағы әлеуметтік теңсіздікті кемітіп, адамдық ынтымақтықты арттыратын мәдени тетіктер аталып өтеді. Мысалы, қазақтың құқық мәдениеті тарихын зерттеуші Сәкен Өзбекұлы Абайдың Шар съезі Ережелерін талдай келе, «сойыс, қонақ асын бермеген адамға ат-шапаннан түйе құнына дейін айып салынады» дейді [12, 74 б.]. Қазақ даласын көп зерттеген И. Георги мынандай куәлік келтірген: «Қазақ байлары нашарларына мал бөліп береді, ал олар оның қарымтасына ырза болып, өзінің қамқоршысының малына көз қырын салып жүреді. Егер кімде-кімнің табыны көбейіп кетсе, бұл Алланың ырзығы деп кедей адамдарға мал бөледі. Егер жаңағы мал иесінің болашақта ырзығы толмай жүрсе, мал алғандар еш міндет өтемейді, ал егер жұттан малы қырылса, не ұрлап әкетсе, шауып алса, не басқа бір қырсықтан малынан айырылса, бұрын ол ырза қылған адамдар өзінің жасаған жәрдемі арқылы өз малын мәңгілік қылып жібереді» [7, 68 б.]. Осындай дәстүрлердің қатарында шүлен тарту (байлықтың бір бөлігін кемтар, бишара, науқас, жетім-жесірге таратып беру), қызыл көтеру (мертіккен малды 12 мүшеге бөліп, сатып алып, құнын мал иесіне беру), жылу (кенеттен кедейлікке ұшыраған адамға рулық тегін көмек беру) т.т. атап өткен жөн. Олардың мәдени негізінде қонақжайлылық жатыр. Бұл феномен туралы қазақ мәдениеті тарихына қатысты еңбектердің көпшілігінде нақтылы деректер келтіріледі. Біз қонақжайлылықтың аңыздық, сакральды тұрғыдан әдеп пен әдет нормасы ретінде көрсетілгеніне назар аударамыз. Мысалы, Алаша хан өз байлығын үш ұлына бөліп беріп, былай деген екен:

«Көшпелі өмірдің жағдайларына байланысты сендердің өмірлерің отырықшылықтан бөлек болғандықтан да оның саудасы мен базарынан әр жолаушы, қайда барса да өзіне белгілі ақыға жатар орын табады: сендердің араларыңда осындай ыңғайлылықтың жоқтығына байланысты тараған ұрпақтарыңа, олардың бір-біріне қатынас жасауы қиынға түседі, себебі, сендер жарты күндік жолға өз қойларыңды, ал одан алыс шыққанда тіптен алып жүрмейсіңдер ғой, міне сондықтан, менің сендерге айтатын мәңгілік өсиетім: бір-бірлеріңе барғанда тамақ үшін ақы алмаңдар, бір-бірлеріңе үнемі қонаққа шақырылғандай болыңдар, соның нәтижесінде бір-біріңе қонақ асы беретін құқықты немесе ақы төлемей жататын орын және тамақ беруді пайдаланыңдар – осыған менен қалған байлықтың төртінші бөлігін алып, оны тек өз меншіктерің деп санамай, жалпы бөлінбейтін игілік, ғасырға кеткен енші деп таныңдар» [7, 73 б.].

Әрине, әфсана мен аңызда қауымдық ынтымақтастық қерағар жақтарынан арылып, мұрат тұтатын қоғам ретінде суреттелген. Егер тарихи сананың шежірешілдік пен мифтік санадан айырмашылығын ескерсек, онда көшпелі қауымда «элитарлық» тұлғалармен қатар қауымға жатпайтын құлдар мен өздерін қауымнан аластағандардың болғанын ескерген қажет. Әдет пен әдеп аймағынан өздерін тыс қойған адамдардың болғаны ежелгі мәдени мәтіндерде бейнеленген «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған», әсіреленген әлеуметтік мәдени тұтас-

тықта ағайын арасындағы келеңсіздіктер мен араздықтар, қатігездік пен күш көрсетудің кейбір көріністері әдейі көмескіленген. Талас пен тартыс, ішкі қайшылықтар мүліктік теңсіздіктен және адам еркіндігін шектеуден туады.

Біздің ойымызша, батыстық емес қауымдасу тәжірибелерінде индивидуалдық коллективтің ішінде де қалыптаса алады. Оған қоса жекедаралық адамдық қасиеттердің қалыптасуында материалдық өндіріс пен әлеуметтік құрылымдардан гөрі, Мендік еркіндік пен рухани факторлардың рөлі айырықша болатындығын ұмытпаған жөн. Бұл мағынада Батыс қуатты техникалық өркениетті қалыптастыра алса, Шығыс елдерінде адамның рухани мәдениетін жетілдіруге үлкен көңіл бөлінген. Осыған дәлел ретінде кезінде мұсылман Ренессансы уақытында қазақ топырағында әрекет еткен әл-Фарабидің «Кемел адам» концепциясын келтіруге болады. Ғұлама табиғи адам мен рухани тұлғаның айырмашылығын көре білген. Ол «Надан қалалар» трактатында: «Адам табиғи жандардың бірі, ал оның қазіргі кездегі тіршілігі –табиғи тіршілік емес, соңғысы – қазіргі тіршілік емес, ал екіншісі – оның қазіргі бастан кешіп отырған тіршілігі – ана тіршілікке қайшы келеді және оған бөгет жасайды; ол – табиғи тіршілік емес… Жанның шарықтауы үшін оған тәннің әсте қажеті жоқ; сондай-ақ шарықтау дәрежесіне жету үшін оған тәннің де, тәннен тысқары байлық сияқты нәрселердің де қажеті жоқ» [13, 382-383 б.], – дейді. Кемел адам – дараланған тұлға, бірақ ол тек қауымдаса тіршілік ете алады. Осы жөнінде әл-Фараби «Адамдық бірлестік пен өзара көмекке зәрулігі туралы» трактатында: «Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғарғы кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысы оған қажетті нәрселердің жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады», – дейді [13, 322 б.].

Жоғарыда түрік халықтарында, оның ішінде қазақта, ерекше дараланған тұлғаларға үлкен құрметпен қарау дәстүрі бар екендігі жөнінде айтып өткенбіз. Осы сипатта әл-Фараби мен Абайды салыстыра бірге алуға болады; әл-Фарабидің түсінігінде, Әділ, Білгір, Данышпан кісі – Ел басшысы. Абайша, «бұл аталмыш үш хасиеттің иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң хакимдер. Бұл үш түрлі фиғыл құданың соңында болмақ, өзін біліп, үйретіп, әулиелерге әулиелер оқыды, ғашық болды» [14, 205 б.].

Сонымен, индивидуалдық бастаулардың әрбір мәдени жүйеде әртүрлі көрініс табатынын аңғаруға болады. Белгілі философ Ю. Хабермас индивидуалдықтың әр мәдениеттегі деңгейін анықтау үшін оның мынандай қасиеттеріне назар аудару қажет деген: а) жеке адамдардың қарым-қатынасқа түсу қабілеттілігі: ә) өзіндік меннің бар болуы және оған сүйену; б) моральдық жауаптылықтың болуы. Осы жағдайда индивидуалдық дискурс жүре алады.

Адамгершілік ұстаным қашан да кісілік қасиеттерде көрініс табады. Кісілік қасиеттер әл-Фарабидің «Қайырымды қала» ілімінде арнайы қарастырылады. Оның пікірінше, кісілік белгілер, әсіресе, елбасыға тән болуы қажет. Осындай кісіге қойылатын талаптар: «Біріншіден, бұл кісінің мүшелері мүлдем мінсіз болуға тиіс: Жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт; өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан-анық айтып бере алатын тілмар болуы шарт; өнер-білімге құштар болуы, оқып-үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып, азаптанбай, бұған оңай жететін болуы керек; тағамға, ішімдік ішуге, сұқбат құруға келгенде қанағатшыл болуы керек; шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көруі керек; жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт; оның жаны жаратылысынан пысық істердің бәрінен жоғары болып, игі істерге ынтызар болуға тиіс; дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да атрибуттарына жирене қарау керек; жаратылыстан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көру керек; қыңыр болмау керек; өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанда шешімпаздық көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болуы керек», – дейді [13, 336 б.].

Сонымен, «кісі» шығыстық мәдениетте инабатты адам мағынасына жақын қолданылатын адамдық келбет болып табылады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде «кісі» ұғымы өзіндік «Мені» сөз өнерін жеге меңгеру арқылы үлгі боларлық адамды айтады. Бұл, әсіресе, ақын-жыраулардың перформативтік дискурсына тән (Ә. Наурызбаева). Бұл дискурста кісілік алдыңғы қатарға шығады.

Қаһармандық эпоста түркі ғұламаларындағы «кәмелетті адам» бейнесі «батыр», «ер» түсініктерімен ауысады. Бұл мәселені терең зерттеген ғалым Ш. Ыбыраев өз ойын былай түйіндейді:

«Қаһармандық эпоста идеализацияланған, барлық жағынан жетілдірілген кейіпкер батырдың өз басы. Әлеуметтік топтың мүшесі қандай ортадан шықса да, теңесетін дәрежесі батырлық. Бұл – хандық билік сияқты тартып алатын, сайлайтын, әкеден балаға мұра болып қалатын, байлық сияқты сатып алатын дәреже емес, ел қорғаған ерлік, елге сіңірген еңбек арқылы келетін құрметті атақ. Сондықтан да, батырлық – барлық әлеуметтік өкілдерге бірдей қаһармандық дәуірдің сынақ көрсеткіші, сынап бағанасы. Хан мен қара, бай мен кедей, бек пен нөкер өзара теңесе алатын биік меже; ерлікпен маңдай термен келетін халықтық идеал бұл» [6, 210 б.].

Халықтық эпостағы адам (батыр) түсінігін нақтылы қарау мақсатында ежелгі батырлық жырдың бірі «Қамбар батыр» дастанына тоқталайық. Мұндағы бір шындық, Қамбар атының қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінде жиі аталатыны. Айталық, «Манас» жырындағы қазақ батыры Ер Көкшенің арғы атасы Қамбархан, су иесі Қамбар, жылқышы ата – Қамбар ата, Қамбар жұлдызы, тағы басқа әулие – киелі есім түрінде жедел еске алынып отыратыны. Дастан «Қарақасқа атты Қамбар», «Тоқсан үй тобыр, жетпіс үй жебір», «алпыс үй арғын, тоқсан үй тобыр», «алпыс үй арғын, сексен үй селдір» деп те аталып келген. Қамбар атын еске түсіретіндей тарихи деректер жоқтың қасы десек те, Қараманның бас бегі – Керейұлы Келмембет аты шежірелерде кездеседі. Керей – Шыңғысхан жас кезінде талай мәртебе болған Тұғрылхан елінің аты. Ал Ақ Келімбет, Қара Келімбет деген кісі аттары қазақтың ұлы жүзінің түп аталарының бірі ретінде шежіре деректерінде жүреді», - дейді Ә. Хасенов [1, 34-35 б.б.].

Эпостағы аңыздық кейіпкерлер мен батырлық жырдағы қаһармандар қаншама мифологиялық әдіспен сипатталғанымен, олардың түбінде бәрі-бір тарихи шындық жатыр. Мысалы, Ноғайлы дәуірінің жырларын алайық. «Ноғайлы – қазақ дәуірінің батырлық жырлары кейіпкерлерінің кейбіреулері тарихи деректерде осылай там-тұмдап кездеседі. Соның өзінде, оның көпшілігі Едіге, Мұса, Исмайыл, Мамай, Қази, Орақ, Сайын тағы басқа ноғай мырзалары болып келеді де, әдеби кейіпкерлерді бұлардан мүлде алыстата береді. Сондықтан, бұл дәуір әдеби мұраларын қарастырғанда, тарихи мырза, билерді жыр кейіпкерінің өмірдегі прототипі деп қараудан сақ болу керек. Бұл – әлі терең зерттеуді қажет ететін күрделі, қат-қабаты көп мәселе» [15, 59 б.].

Дәстүрлі қазақ мәдениетінде кісілікке жетелейтін рухани күштердің арасында намыс ерекше рөл атқарады. Намыс адамдық «Менді» қайрай түседі; «ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» дейді халық. Адамның кісілік ер жетуіндегі мәдени кластарды (нәресте, бала, жігіт, жігіт ағасы (отағасы), қария) тек биологиялық немесе табиғи факторлармен түсіндіру сыңаржақтылыққа жатады.

Қазақтың қауымдық мәдениетінде туыскандық құрылымдармен қатар, тікелей қандастық байланысы жоқ жеке адамдарды қауым құрамына қосуға мүмкіндік беретін «анда», «тамыр», дос сияқты статустық ұғымдар болған. Осы жөнінде тарихшы-этнограф Ж. Артықбаев былай дейді: «Құрдастық сияқты анда да бөтен ру, алыс ұлыс, басқа жүздің адамдарын бір-бірімен жақындастырады. Тіпті кейде бөтен елдің, өзге этностың кірмелері де қазақ арасынан анда тауып, ел қатарына қосылып кетеді. «Құрдас, «тамыр», «дос», «жолдас», «андалар» нағыз туыстардан да шынайы жақын болады. Анда адамдар «сенікі-менікі» демейді, бір-бірінің бетін қайырмайды. Анда тәртібі алыс руларды, елдерді бір-бірімен туыстастырып, қоғамдық құрылымның берік негізіне өз үлесін қосады. Сонымен қатар, қазақ ішінде жан дос, дос, тамыр сияқты әріптес, замандас адамдардың бір-бірімен тіл табысып, көңіл жақындастырып, араласуына мүмкіндік беретін дәстүрлі институттар бар. Жалпы қоғамдық араластық процесінде олардың тигізер ықпалы зор» [7, 152 б.].

Халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тарихи, мәдени мұрасын шашау шығармай зерттеп, оның тәлім-тәрбиелік құнды жақтарын тиімді пайдаланғанымыз жөн. О бастан-ақ халқымыз өз ұрпағын дүниеге шыр етіп келген күннен бастап, құнарлы сөздің құндағына бөлеп, әсем әннің әуезімен әлдилеп, бар жақсы қасиеттерді сәби бойына сіңіріп, болашақта тұлға, кісі, адам деген атқа кір келтірмей өсіруді дәстүрге айналдырғаны белгілі.

Әдебиеттер

1 Хасенов Ә. Қазақстан мәдениеті мен өнерінің тарихы. – Алматы: ҚазМУ, 1987. Т.1. – 138 б.
2 Тұрсынов Е. Истоки тюрского фольклора. Қорқыт. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 168 с.

3 Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности. – М.: Аст- Атд, 1998. – 672 с.
4 Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы: Өнер 1985. – 293 б.
5 Раев Д. Қазақ би-шешендері: әлеуметтік-саяси ойлар және дипломатия. Алматы: ҚазХҚжәне ӘТУ, 2015.– 544 б
6 Ыбраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 206 б.
7 Артықбаев Ж. Қазақ этнографиясы: Этнос және қоғам. XVIII ғ. – Қарағанды: ҚМУ, 1995. – 266 б.
8 Уәлиханов Ш. Аблай // Соч.: в 4 т., 5 т. – Алма-Ата: Каз. Энцик., 1985. – 461 с.
9 Орхон-Енисей жазбалары // Екі мың жылдық дала жыры. – Алматы: Қаз. энциклопедия, 2000. – 752 б.
10 Әуезов М. Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар. 1921 – 1929. 1-том – Алматы: Ғылым, 1998. – 447 б.
11 Мурад Аджи. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи. – М., 1999. – 176 с.
12 Өзбекұлы С. Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық. – Алматы: Мектеп, 2002. – 224 б.
13 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 380 б.
14 Құнанбаев А. Шығармалар. Екі томдық . – Алматы: Жазушы, 1968. – Т.2. – 205 б.
15 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

References

1 Khasenov A. Kazakhstan madenieti men onerinin tarikhi. – Almaty: KazMU, 1987. T.1. – 138 p.
2 Tursunov E. Istoki turkskogo folklore. Korkyt. – Almaty: Daik-Pess, 2001. – 168 p.
3 Fromm E. Anatomia shelovekskoi destruktivnosti. – M.: Ast-Atd, 1998. – 672 p.
4 Omiraliev Kh. VIII-XII gasirlardagi kone turki adebi eskertkishteri. – Almaty: Oner, 1985. – 293 p.
5 Raev D. Kazakh bi-sheshenderi: aleumettik-sayasi oilar zhane diplomatia. – Almaty: KazHKH jane ATU, 2015. – 544 p.
6 Ibrayev Sh. Epos alemi. – Almaty: Gilim, 1993. – 206 p.
7 Artykbayev Zh. Kazakh etnografiasy: Etnos zhane kogam. XVIII g. – Kharagandy: KMU, 1995. – 266 p.
8 Ualikhanov Sh. Ablay // Sosh.: v 4 т., 5 т. – Alma-Ata: Kaz. ensik., 1985. – 461 p.
9 Orhon-Enisei zhazbalary // Eki min jildik dala jiri. – Almaty: Kaz. ensiklopedia, 2000. – 752 p.
10 Auezov M. Makhalalar, angimeler, audarmalar, pesalar. 1921 – 1929. T. 1 – Almaty: Gilim, 1998. – 447 p.
11 Murad Adji. Kipshaki. Drevnya istoria turkov I Velikoi stepeni. – M., 1999. – 176 p.
12 Ozbekali S. Koshpeli Kazakh orkenietindegi kukyk. – Almaty: Mektep, 2002. – 224 p.
13 Al-Farabi. Aleumettik-etikalik traktatttar. – Almaty: 1975. – 380 p.
14 Khunanbayev A. Shigarmalar. Eki tomdik. – Almaty: Zhazushy, 1968. – T.2. – 205 p.
15 Margulan A. Ezhelgi zhir, anizdar. – Almaty: Zhazushy, 1985. – 368 p.

Иман сақтауға – қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керек.

Құдайшылық- жүректе. Қалпыңды таза сақта.

Құдайдан- қорық, пендеден – ұял: балаң бала болсын десең оқыт, мал аяма!

Абай.

Молдабеков Ж.Ж.,
Мантаева Т.С.

Қазақ көркем мәдениетіндегі тұлғалық даралану үдерістері

Мақалада көркем мәдениеттегі тұлғалық кейіпкер, бейне зерттелген. Тұлғалық бейне – ерлік пен батырлық қасиеттерін бойына сіңірген, ізгі мұраттар мен игі мақсаттардың жолында құрбандыққа баруға дайын батыл да шешімді образ. Ол – құтқарушы, қорғаушы, айналасындағыларды қамқорлығына алуға дайын. Сондықтан қаһармандар адамзат санасында мәңгі сақталады әрі қарапайым халық оларға еліктеп, үлгі алуға тырысады.

Түйін сөздер: қаһарман образы, көркем мәдениет, тұлға, қазақ өнері.

Moldabekov Zh.Zh.,
Mantaeva T.C.

The processes of individualization in the Kazakh art culture

The article examines the character, the image of person. The image of person appears as a brave fellow. He is the rescuer and protector, ready to take care for others. Therefore, the image is stored in the memory of brave man and a role model.

Key words: the image of person, art culture, personality, Kazakh art.

Молдабеков Ж.Ж.,
Мантаева Т.С.

Процессы индивидуализации личности в казахской художественной культуре

В статье исследуются персонаж, образ личности. Образ личности представляется как храбрый молодец. Он спасатель и защитник, готов позаботиться об окружающих. Поэтому образ храбрецов сохраняется в памяти и является образцом для подражания.

Ключевые слова: образ героя, художественная культура, личность, Казахское искусство.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 008 (574)

***Молдабеков Ж.Ж., Мантаева Т.С.,**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық униыерситеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: zhakhan.moldabekov@mail.ru

ҚАЗАҚ КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАРАЛАНУ ҮДЕРІСТЕРІ

Тәуелсіз еліміздің әлемдік өнер мен мәдениеттің кеңістігінде өз орнын алып, уақыт өткен сайын нығайып, кемелдене түсуі қазақтың ұлттық көркем өнеріне, соның ішінде тұлғаны сомдау тәсілдеріне игі ықпалын тигізді. Осы ретте Қазақстанның көркем туындыларын ұлттық дүниетаным болмысынан бастау алатын ұлттық мүдде, ұлттық сана тұрғысынан пайымдау, бүгінгі заман талабы туғызып отырған көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр. Ұлттық рухтың игілігі үшін тер төгу ұлттық бірлікті, тұтастықты сақтап, еліміздің елдігіне, болашақ ұрпақтың кемелділігіне қызмет ету болып саналмақ.

Қазіргі заманғы көркем өнер өмірді философиялық тұрғыдан түсінумен тығыз байланысты. Заманымыздағы көркем әдебиет, театрлық жүйелер, бейнелеу түрлерінің көптігінде қазақ өнері халқымыздың эпикалық мұраларымен шектелмей, заманауи тақырыптарды да көрсетуге ұмтылуда. Бұл қазіргі қазақ өнеріндегі жаңашылдықты білдіреді.

Интеллектуалды ұлтты қалыптастыру – Қазақстан Республикасының дамуының басты мақсаттарының бірі болуда. Интеллектуалды ұлтты қалыптастыру арқылы біз мемлекетіміздің тұлғаларының білім сауаттылығын жоғарылатамыз, сонымен бірге, мәдениетін, рухани өркениетін дамыта аламыз, яғни, бізге қазіргі таңда сауатты, интеллектуалды адамдарды қалыптастыру үшін жасампаз тұлға бейнесін елімізге сіңдіру керек, осы мәдениеттің қалыптасуы арқылы мемлекетіміз дамыған мемлекеттермен бәсекелесе алады.

Көркем шығармашылығындағы тұлғалық бейненің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар: 1) бейнелеу суреттері мен тұлғалық мәдени рәміздер зерделенген батыстық зерттеушілер еңбектері (Р. Гвардини, Э. Кассирер, К. Леви-Строс, А. Потебня, Д. Фрезер, Ж. Делез, Ф. Гваттари, О. Шпенглер, А. Тойнби, Э. Фромм, Фукуяма, Юнг, Хейзинг, Б. Кроче және т.б.); 2) тұлғалық көркем бейнелер туралы ресейлік эстетиктер, әдебиет пен өнер теоретиктерінің шығармалары (М. Бахтин, Ф. Лосев, Л.Гумилев, В. Пропп, В. Лейбин, Д. Лихачев, В. Жирмунский, В. Руднев, Г. Гачев, Мурад Аджи т.т.); 3) тұлғалық көркем бейнелерді қазақ мәдениеті тұрғысынан суреттеуге және түсіндіруге арналған еңбектер (Ж. Молдабеков, К. Молтабарова, Г. Нұрышева, Б. Құндақбаев, А. Тоқпанов,

Ә. Сығай, Н. Шаханова, Т. Ғабитов, К. Нұрланова, және т.б.) деп айтуымызға болады.

Қазақстандық әдебиеттану, өнертану және мәдениеттану жинақтаған тарихи материалды жүйелеу жұмыстары айтарлықтай жүргізді және осыдан да келіп әр дәуірдегі өнер мен мәдениеттің көркемдік мән-маңызын анықтап қана қоймай, сонымен қатар оны түсіндіретін ғылым үшін іргетас дайындалды. Бұл сипатта 2005-2010 жылдар аралығында «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шыққан 100 томдық «Бабалар сөзін», 5 томдық «Қазақ өнерін», 10 томдық «Әдеби жәдігерлерді» және т.б. атап өтуге болады.

Бұл контексте жетекші театртанушы, өнертану докторы, профессор Б. Құндақбаевтың материалдарымен берілген «Кеңес драмалық театрының тарихы» атты алты томдық еңбегін атап өткен жөн. Оның сондай-ақ «Режиссер және спектакль», «Уақыт және театр», «Мұхтар Әуезов және театр», «Заман және театр өнері», «Театр туралы толғаныстар» және басқа да жұмыстары да қазақ театрының тарихын зерттеуге арналған.

Көркемдік мәдениеттің шығармашылықтан тыс әлеуметтік, функционалды, коммуникативті және басқа да аспектілері де бар. Көркемдік мәдениетті ғылыми таным тұрғысынан түсіну бұрын оның барлық нысандарын қамтитын мәдениет семиотикасы мен семантикасы тұрғысында алдымен жүзеге асты. Мәдениеттану көркемдік шығармашылық құрылымының ішкі жүйелерін: 1) көркемдік шығармашылықтық дербес, топтық ерекшеліктерін; 2) оның ұйымдастырушы инфрақұрылымдары (көркем туындылар бойынша тапсырыс беруші және жүзеге асырушы шығармашылық бірлестіктер мен ұйымдар) мен материалдық инфрақұрылымдарын (өндірістер мен демонстрациялық алаңдар); 3) көркемдік білім беру саласы мен біліктілікті арттыру мекемелерінің жетістіктерін (оның ішінде шығармашылық конкурстар); 4) көркем шығармашылық үдерістері мен нәтижелерін ұйымдық рефлексиялауды (көркемдік сын және баспасөз, ғылыми өнертану салалары); 5) эстетикалық тәрбиелік ағарту саласы мен халықтың өнерге деген ықыласын ынталандырушы құралдар жиынтығын; көркемдік мұраны қалпына келтіру және сақтау тәжірибесін; 5) эстетика мен дизайн техникасын (ескірген және қолданыстан шыққан бұйымдарды қалпына келтіру) және халықтың көркемдік шығармашылығындағы дербес сипатқа ие бірқатар ішкі жүйені қамтиды.

Көркемдік мәдениеттің өзегін тарихи талдау мен әдістемелі өнер құрайды. Өнер ұғымы мәдениеттануда сөздің тар және кең мағынасында қолданылады. Терминнің тар мағынасында «өнер» деп көркем шығармашылық үдерісін және оның әртүрлі бітімдерін айтады.

Көне заманнан қазіргі уақытқа дейін тұлғалық кейіпкер бейнесі қандай өзгерістерді бастан кешірді? Тұлғалық бейненің өзегін не құрайды? Қазіргі заманғы тұлғалық бейне несімен ерекшеленеді?

Көне «батырлар дәуіріндегі» көне мифтерде ерлік пен батырлық қаһарман бейнесінің ажырамас қасиеттерін құрайтын. Кез келген кейіпкер тұғалық бейне бола алмайды. Қазір тұлғалық бейне қоғамдық санада мүлде қызықсық болып, ол келемеж, қалжың, әзілдің нысанына айналды ма? Тұлғалық бейне қазіргі заман мәдениетінен мүлде ысырылды деуге болмайды. Адамзат санасы тұлғалық бейнеге әрқашан мұқтаж. Адамзат санасында берік орныққан Тұлға бейнесіне деген қажеттілікті түсіндіру қиын, ол – күрделі ұғым. Сол себепті философиялық-мәдениеттанушылық зерттеуді қажет етеді.

Тұлғалық ерекшеліктерді белгілі ғалым Ж. Молдабеков былай сараптап өтеді: «Тәуелсіздікті адамның тұлғалық қабілет-қасиетінен, қимыл-әрекетінен тыс қарауға, тұлғалықтың гуманитарлық түп негізінен бөле-жара талдауға реті келмейді. Тәуелсіздік-тұлғалы істің және іргелі ұрпақтардың бір-бірімен үндестігі мен үйлесімділігі, тұлғалықтағы бітім кеңдігі мен тұрақтылықтың кепілдігі. Олай болса, тұлғалықтың ерекшелігі мынада:

– кең дала мен тұтас мекен тұлғалары тұрмыста тынымсыздық тінін таратты, қимылда жігерлі іс-әрекетті жаратты, күресте қайратымен көпті қаратты;

– сыртқы ағым мен қатынасты тәуелділік шеңберінен арылтты. Тұлғалық ортаның жайына байыппен бейімделіп, ондағы әлеуметтік-экологиялық, экономикалық-саяси және мәдени-рухани қарым-қатынасты таңдау және іріктеуде адамгершілікті танытты, туралады;

– адамның өз бойындағы ішкі байланыс пен бітімге деген тәуелділікпен қатар бекемдікті арттырып, адамдық ресурсты қоғамдық мөлшерде дұрыс қолдана білудің қайталанбас қуатын қалыптастырды;

– туралыққа кіндік, татулыққа тірек, кісілік қасиеттерге мұқияттық орнықтырды. Тәуелсіздіктегі тұлғалықтың рухы биік, көкке жетер ойы тиіп демекші, саңлақтар тұлғаланып жетілуде, өз бағытының үлесіне қасқа жолмен ұмтылуда» [1, 441 б.].

Қарапайым адам үшін тұлғалық бейне – ерлік пен батырлық қасиеттерін бойына сіңірген, ізгі мұраттар мен игі мақсаттардың жолында құрбандыққа баруға дайын батыл да шешімді образ. Ол – құтқарушы, қорғаушы, айналасындағыларды қамқорлығына алуға дайын. Сондықтан қаһармандар адамзат санасында мәңгі сақталады әрі қарапайым халық оларға еліктеп, үлгі алуға тырысады.

Қарапайым адам қаһарман бола алмайды, тұлғалық бейне болмысы үнемі ерлікпен байланыстырылады, өз бойынан кез келгеннің қолынан келе бермейтін ізгілік жасай алатын, биік құндылықтар мен қасиеттерді танытады. «Тұлғаның қасиеті – елдің арқа сүйер емін қорғаны. Қайырып айтсақ, елдік пен ерлік – өз жері мен мұрасына иелік, әр тумаға келер тиелік, Тұлғалық пен Ұлылыққа, Кәмелет пен қолбасшылыққа нық жеткізер жиелік, күштінің әлсізге қорған болар, болмысты береке-беделмен толастатар кепілдік» [1, 438 б.]. Белгілі бір қоғамдық құбылыстың мәнін, сипатын білуден бұрын, ең әуелі оның тек-төркініне барлау жасап, оны анықтап алу керек болады. Онсыз ол құбылыстың мәні мен сипаты толық ашылуы неғайбыл. Қоғамдық идеологияның құрамдас бөлігі болып есептелетін әдебиет пен өнердің тегі жөнінде де жер жүзінде ежелден қазірге дейін толассыз болжамдар айтылып, түрлі-түрлі көзқарастар ортаға қойылып келеді. Бұндай талас-талқы әлі де толастаған жоқ. Керісінше күн өткен сайын болжамдар саны молайып, пікірлер өрбіп-туындап отыр.

Жинақтап айтқанда, өнер салаларының бәрінің объектісі, пәні – адам өміріндегі әлеуметтік қарым қатынастар, ойлы сезіммен сабақтастыра алынған табиғат. Өнердің әрқайсысы өз жүйесінде өмір құбылысын терең әрі жан-жақты бейнелейді: адам портретін кескін өнеріндей дәл беретін сала жоқ; қоғамдық қатынастарды, әлеуметтік тартыстарды, күрестерді, психологиялық құбылыстарды әдебиеттен сенімді көрсететін сала жоқ; нәзік сезім, ыстық жалынды музыкадай жеткізетін сала жоқ [2]. Италия философы Бенедетто Кроче: «Эпиграмма – өнер, ендеше, қарапайым сөз оған неге жатпайды? Новелла – өнер туындысы, ал журнал хроникасындағы кез келген хабар неге ол қатарда емес? Пейзаж – өнер, топографиялық сурет неге олай емес?» – деп жазды [3, 17 б.].

Оның пайымдауынша, рухани өмірдегі ұғым атаулы – өнер. Ендеше, кез келген ұғым да өнер болса керек. Бұл жерде шын өнер шекарасы жойылады. Эстетика мен тіл білімі бір арнаға түсіп кетеді. Ал өнердің даралық сипаты, құдіреті – бейнеде.

Ғылымның бүгінгі даму сатысында бейне термині әртүрлі қырынан қаралады: 1. Философиялық ұғымда. 2. Психологиялық ұғымда. 3. Өнердегі ұғымда. Ең алдымен терминдер арасындағы шекараны айырып алмай, олардың мәнін анықтамай, біз көркем бейненің, оның ішінде әдебиеттің табиғатын түсіне алмаймыз. Сондықтан бейненің жеке-жеке тармақтарын саралау шарт. Философиялық ұғымдағы бейне – болмыстағы құбылыс атаулының санадағы көрінісі. Бұл ретте түйсік, сезім, ұғым, жеке фактілердің адам санасындағы сәулесі – бейне. Оларды біріне-бірін қарсы қоюға, шатастыруға болмайды. Жалпы бейненің ең кең мағынасы философиялық ыңғайда түсіндіріледі.

Психологиялық бейне – сезімге, адам есіне қатысты сурет. Бұл –философиялық ұғымға қарағанда аясы тар, шеңбері шағын термин. Өнердегі бейне – өзіне ғана тән пәні, объектісі бар, болмысты көрсетудің, танудың айрықша мағыналы құралы. Көркем шығармашылық қашанда іріктеуден, тәсіл-құралдарды талғап пайдаланудан басталады. Бейненің шағын, кішкентай моделіне бой ұсынайық.

Мен тауда ойнаған қарт марал.
Табаным тасқа тиер деп,
Сақсынып шыққан қиядан.

Көпке белгілі Махамбет өлеңінен алынған осы қысқа үзіндіде ерекше мәнді клетка бар. Грамматикалық форма тұрғысынан алғанда, қазақ тілінің қалыпты жүйесін бұзатын еш нәрсе жоқ. Кейбір оқымыстылар айтатын жылтыр бояу, алып-жұлып әкетіп бара жатқан әшекей-айшық та емес, жеке сөздер әртүрлі құбылыстарды қамтып, олар бірін-бірі сәулелендіріп тұр. Тұтас суретті бөлшектеп көрейік: тау, қарт марал, табан. Тау – биіктіктің, өрлеудің, мәңгіліктің тұлғасы, табиғаттың өзі. Қарт марал – тіршілік еңкейген шақтағы адам өмірін еске түсіреді. Марал – сұлулық іспеттес. Қарт марал дегенде жаңа ұғым туғандай: сфинкс, кентавр сияқты. Перзент десе, ішкен асын жерге қоятын қазақтар кейбір сәтте сәбидің табанынан сүймей ме? Қысқасы, құбылыс пен бейне арасындағы қат-қабат күрделі байланысты көргендейміз. Нақтылықтан абстракцияға, абстракциядан нақтылыққа өту жолы аңғарылады.

Абай: «Сөзімде жаз бар шыбынсыз»... Жай сөйлем, хабарлы сөйлем. Осы бағытта синтаксистік, морфологиялық талдауды созуға

болар еді, бірақ ол жазушы қиялында іріктеліп, сұрыпталып жасалған суреттің барлық қасиетін ашып бере алмайды. Мұнда да бірнеше құбылыс тоғысуынан жаңа дүние пайда болған. Бөлшектесек, бір-бірінен алшақ ұғымдар: сөз, жаз, шыбын. Егер біз қалыпты логикаға бақсақ, шыбынсыз жаз болмайды, сөзде жаз болмайды, сөзде шыбынсыз жаз болмайды. Ал, ақын бірнеше бояуларды араластыру арқылы, бірнеше сәулелерді тоғыстыру арқылы жаңа дүние жасайды. Сіз алдымен логикалық қорытынды шығарасыз, өз тарапыңыздан тағы да ойланасыз.

Сонымен, бейнелілікті болмыстың фотографиясы деп ұқпаймыз, суреткер қиялымен екшелген құбылыстардың бірін-бірі сәулелендіру арқылы туған соны әлем деп білеміз. Жалпы бейнелілік табиғатына байланысты теориялық пікірлер айтқан еңбектер көп. Өткен ғасырдағы украин тілшісі һәм әдебиетшісі А.Потебняның көрсетуі бойынша, сөзде екі қабат бар: сыртқы қабат – ұғымдық қабат, ішкі қабат – бейнелік қабат. Керісінше, сыртқы қабат – проза, ішкі қабат – поэзия. Бұл оқымысты әрбір сөздің шығуын құбылыстар арасындағы ұқсастықпен, іргелестікпен қабыстыра қарайды. Заманы өткен соң, уақыт ауысқан сайын, сөз өзінің әуелгі бейнелік қалпынан, құбылыспен байланысқан жүйесінен бірте-бірте айрылады. Былайша айтқанда, сөздің бедері ескіреді. Сөйтіп ол бейнесіз сөзге айналады. Мысалға «город» деген сөздің шығу тегін «қамал, қорған» деген ұғыммен байланыстырады. Потебня: «Сөз – көркем шығарманың барлық қасиетіне ие» дейді [4, 167 б.].

Осы арнада жүріп отырып, біз де өзіміздің ұлттық топырағымызда, бейненің кейбір тілге қатысты мәселелерін қарастыруымызға болады. Қазақта «үркер» деген сөз бар. Дала төсінде тіршілік кешкен сахара перзенті үшін аспан романтикасы қисапсыз. Ішіне пышақ айналмайтын, жетесіз жанды «бақай құрт» дейді. Қадым заманның жүйрік билері төбеге, шаңыраққа қарап сөйлейтін дағдысы екен. Бұл деталь – бір ұлттық ерекшелігі. Жұлдыздың табиғатына сәйкес қозғалысты, таң алдында түнмен қоса күн жарығынан үріккендей, еріп кетуін, үркіп, қашып кетуін халық дәл аңғарған. Үркер – жұлдыздың атын ғана емес, затын анықтайтын сөз. Қазақ сөз өнері өзінің көркемдігімен танымал:

Жерің анау – жасыл жолақ кілемдей,
Желің мынау – жігіт айтқан өлеңдей!
Көлің анау – той қып жатқан ауылдай,
Күнің мынау – елжіреген енеңдей [5].

Бұл өлеңнің бойындағы негізгі принцип – екі құбылысты қатар алу. «А» және «Б», «А» – «Б» сияқты дейді. Яғни бір құбылыс екінші құбылысты бейнелейді. Екі құбылыс бірін-бірі сәулелендіреді, бірақ бұл екеуі тең емес. Осы өлеңнің бойынан біз көркем бейненің төменгі стадиялық формаларын көргендей боламыз. Егер ғылымдық ұғыммен, формуламен сөйлетсек, «А» – «Б» сияқты демейді, «А» мен «Б» тең дейді, ғылым кесіп айтады, қолымызға ұқсатып айтады, сәулелендіріп айтады. Қазақтың той жасап жатқан ауылын көз алдыңызға келтіріңізші! Жылмиған, сақал-мұрттан жұрдай шалдар емес, сақалдары белуарына түскен шалдар, сұлу қыздар, сері жігіттер. Қасиетті ана.

Л. Толстойдың «Глаза Катюши черные, как мокрая смородина» деген сөйлемін еске түсірейік. Екі жазушының принципі ұқсас келіп отыр, оқушы қиялына оқыс әсер етті, арғысын өзі жалғастырады. Бейнеге бірінші тән қасиет – ұлттық ерекшелік, ұлттық бояу. Олай болса, ешбір суреткер ешқашанда тілге, ұлттық бояуға зорлық жасай алмайды. Біз мысалға келтірген жоғарыдағы қарт марал, шыбынсыз жаз, той қылып жатқан ауыл – дегендер қазақ ұғымдары. Өнер өзінің даму сатысында мифтік идеялар, діни ықпалдарға да түсті. Бері келе ғана ол қоғамдық, әлеуметтік проблемаларды көтере алатын биік дәрежеге жетті. Өнердің даму жолынан біз адамның болмысты игеру процесін, соны тану принципін көреміз. Қашанда өнерге негіз болатын – болмыс, болмыстағы құбылыстар. Әрине, жалпы құбылыстар емес, дара сипатты, жинақталған мәні бар құбылыстар. Сондықтан да әдебиеттану ғылымында өмір және өнер, өмірлік шындық және көркемдік шындық төңірегінде талас пікірлер көп.

Кейбір эстетиктердің айтуынша, көркемдік шындық – өмірді әшекейлейтін бояу; көркемдік шындық тек суреткердің қиялында ғана туады; бұл – таза эстетикалық категория; оның болмыста негізі, тамыры жоқ. Біз осылардың үшеуіне де қосылмаймыз, қабылдамаймыз. Ұлы неміс жазушысы Гетенің мына сөздері еске түседі: Мен шығармаларды тек данышпандық арқасында ғана жазған жоқпын, олардың тууына мың сан дүние, адамдар нәр берген. Олар – ақымақтар һәм ақылдылар, естілер һәм есіріктер, балалар, жігіттер һәм шалдар; бәрі де бастарындағысын, не ойлайтындарын, қалай тірлік етіп, қандай қарекет қылатындарын айтқан. Мен үшін оларды жинап, өзгелер еккенді орып алудан басқа ештеңе де қалған жоқ [6]. Көркемдік шындық жазушы қиялы арқылы екшелген, сұрыпталған,

идеологиялық мақсат тұрғысынан бейнеленген шындық. Бұл – өмірлік шындықтың көшірмесі емес. Ол – шашылып жатқан, араласып жатқан, жүйесіз, үзік-үзік құбылыстардың басын біріктіреді, соны сұрыптайды. Бұл орайдағы ең шешуші фактордың бірі – суреткер қиялы. Суреткердің қиялы – ешбір ғалымның қолында жоқ құрал. Суреткердің қиялын батырдың семсерімен, әншінің даусымен, күннің нұрымен, рентген сәулесімен салыстыруға болады. Пәни тіршілікте жазушы – көптің бірі. Тіпті көзге қораш, ол екі иығын жұлып жеген пысық емес, тек шабытты шақтарында ғана биік, оның көзінің көрмейтін нәрсесі, шалмайтын қалтарыс – қапысы жоқ. Суреткер қуаты – талант, сыйынар пірі – қиял шабыт.

Қазақ көркем мәдениетіндегі ең биік сомдалған кейіпкер және көркем бейнесі өте жоғары деңгейде берілген тұлға – Абай Құнанбаев. Абай былай деуші еді:

Адамның кейбір кездері
Көңілде алаң басылса,
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса;
Сылдырап өңкей келісім,
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өзі үшін
Тұра алмас әсте жуынбай.
Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер өзің біл [7, 167 б.].

Осы бір жауһар туындыда суреткер зертханасы данышпандық шеберлікпен ашылып, шабыт сәтінің гөзәл суреті жасалған. Ақын стихиясының керемет сыры, рух, пафос бар мұнда. Мұхтар Әуезов ауылдан тоғыз жасында кеткен, содан кейінгі өмірі, бар қуанышы, қайғысы, жеңген, жеңілген күрес шақтары қала төсінде өтті. Бірақ қазақ даласын жыр етуде оның алдына түскен ешкім жоқ. Жазушы үшін шығармашылықтағы ең керекті нәрсе, басты шарт – көзбен көріп, құлақпен есту, қолмен ұстау, дерек жетегінде кету емес, материалды эстетикалық тұрғыдан игеру, құбылыстардың жігін ажырату. Жез бен алтынның, тас пен алмастың айырмасын бірден тану. Қашан да қиялдан қосусыз көркем шығарма жасалмақ емес. Өмірде Абай үш рет некеге отырған. Бірақ Әуезов Еркежанмен арақатынасты өз мұратына орай әдейі өзгерткен. Өйткені ұрпақ үшін көп әйел алған Абай емес, ақын Абай қымбат. Романдағы Абай – өмірде болған Абайдың сүлдесі емес, ол – біздің халқымыздың ұлттық бейнесін жинақтаған тип.

Күні бүгінге дейін Тобықты шалдары Қодар мен Қамқа арасында сұмдық болғаны рас еді деседі. Солай-ақ дейік тіпті, бірақ ол патологиялық ауру психологияны көрсететін дерек қана. Әлеуметтік романға мүлде қажетсіз нәрсе. Қиялдан қосудың көркем шығармадағы қызметті орайына ұлы жазушының тәжірибесінен көптеген қызық дерек табамыз. Қазақ әдебиетінің тарихында Айдар деген ақын жоқ, «Абай» романында айтылатын Дәрмен деген ақын да тарихта болмаған. Бұл ретте Толстойдың Наташа бейнесін қалай құйып шығарғаны еске түседі. Дәрмен – қазақ тіліне «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын парсы тілінен аударған, Пушкинді, Толстойды қазақ сахарасына таратуға ат салысқан ақын, тарихшы, философ, Абайдың немере інісі Шәкәрімнің бейнесі. Оның кейбір сипаттары – Шұбар, Керім характеріне негіз жасады. Сөйтіп, әйгілі «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» дастандарының авторын, көп ән шығарған композиторды Әуезов өлтірмеген, оны Айдар, Дәрмен арқылы тірілткен. Жеңгелері Абайды жас кезінде Телғара десе, інісін Айдар деген. Сонымен, қашанда көркем шындықтың негізінде өмірлік шындық жатады.

Кейбір жазушылар қаһармандарын тірлікте болған адамның бейнесіне лайықтап жасайды. Бұл ретте И. Тургенев, М. Горький шығармаларын еске түсірейік. Бейнеге арқау – прототип. Бірақ суреткер бір фактіні негізге алып отырғанмен, шығарма жазу үстінде жалпы мақсатқа орай қиялдан қосып, ситуацияларды қалауынша өзгертсе керек. Қазақтың заманында шыққан үлкен қоғам қайраткері, алысқа атылған жебе Тұрар Рысқұлов әкесінің басынан өткен оқиғалар әйгілі Бақтығұл бейнесінің өмірлік арқауы болды. Қазақта ит асыраған, құс салған, саятшылық еткендер көп десек те, бұл төңіректе жасалған реалистік полотно «Көксерек» қана.

Өмірлік шындық пен көркемдік шындықты қарама-қарсы қою өнердің өресін кесіп, алдын тұйықтайтын жат тенденция. Үлкен прозалық, драмалық туындылар өз алдына, поэзияда да әр түрлі фактілер қызық қалпында пайдаға асады. Мәселен, Брюсов «Менің Пушкинім» деген еңбегінде әйгілі «Мыс салт атты» поэмасының өмірлік материалын жан-жақты зерттеген. Тарихшы, географ Бергтің «Санкт-Петербургте болған барлық су тасқындарының егжей-тегжейі» (1826 жылы шыққан) кітабындағы жеке детальдарды ғана емес, Пушкин тіркестерді, жеке сөздерді алғанын зерттеушілер ашып берді. Өмірлік материал көркем шығармаға енгенде,

оны бүлдірмейді, қайта нәр береді, қанат бітіреді. Осы орайда, біз жалпы бейне жасаудағы басты факторлардың бірі – типтендіру, жинақтау принципіне тоқталуымыз керек. Рас, қашан болмасын, өмірден терең еш нәрсе жоқ. Бірақ көркем шығармаға сүйек ету үшін құбылыстарды суретші іріктейді, сұрыптайды. Бұл үдеріс тек қана санға емес, сапаға қатысты құбылыс.

Деректің әлеуметтік мәнін айқындау, етенелігін күні бұрын сезіну, құбылыстардың даму тенденциясын барлау деген сөз. Көркем шығарманың сапасы, құны, негізгі қасиеті – бейнеленген объектісімен, кейіпкерлер нобайымен оп-оңай айқындалмайды. Өнер құбылыстарды философиялық тұрғыдан терең бейнелеу үшін адам характеріне, мінезге зер салады. Әдеби ұғымдағы характер – адамның белгілі бір жәйтке өзінің қатысын білдіруі, басқаға қарағанда даралық ерекшелігі, жанды, өміршең қалыптағы бөлек сипаты. Характерді бейнелеу әдебиетте бірден пайда болған жоқ. Аристотель «Поэтикада» көркем шығармаға қажетті ең шешуші шарт, бірінші шарт –128 сюжет деген. Расында, көне грек трагедияларындағы, «Одиссея», «Илиада» эпопеяларындағы негізгі тірек – оқиғалар жүйесі. Осы пікірді түркі халықтарының эпостары жайлы да айтуға болады. «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар» жырларында мінездік, характерлік даралықтан гөрі, фабулалық айырмашылық мол. Ал, орта ғасырдағы Европа әдебиетіндегі бірталай бейнелердің өзегінде көп қайталанатын діни, мифтік әрекеттер жатыр. Бейненің характерлікке жетуі – реалистік әдебиетке тән сапалық қасиет.

XX ғасырда үлкен суреткерлер бейненің ішкі, соны мүмкіндіктерін ашты. Жюль Верн мен Уэллстің романдарын салыстырсақ, арасында көп айырмашылық бар. Жюль Верн шығармаларындағы мол фактілер ғылымнан, әртүрлі зерттеулерден алынған. XX ғасыр суреткері Уэллс шығармаларындағы басты конфликт – әлеуметтік конфликт, соларды ғылыми идеямен байланыстыра беру, астастыру. Бүгінгі таңда өнер адам тағдырында қандай бұралаңдар, қандай ащы зар, қандай алапат ерлік болса, бәрін бейнелей алатындай, өмірдің өзіне ұқсас түр тапқан. Мазмұн мен пішін арасындағы қазіргі байланыс бұрынғыдан әлдеқайда күрделі. Бұл ретте Карл Маркстің «Пішін – мазмұнның ішкі рухани көрінісі» деген пікірі еске түседі. Нәзік өрнектің бір қылы үзілсе, бүкіл шығармаға нұқсан келері сөзсіз. Дәуірге, осы заманға лайық, әрбір адам өзінің ішіне үңілген, тұлға даралануы күшейіп, психология күрделене түскен, адамдар арасындағы қым-қиғаш қатынас тереңдеген кезеңге лайық туған түр Шыңғыс Айтматовтың әр шығармасында жаңғырып көрінеді. «Ана–Жер-Анадағы» ой ағымынан «Қош, Гүлсарыдағы» ой ағымы мүлде бөлек. «Ғасырға тете күн» романы тіпті басқа.

Еуропаның модернистік жаңа әдебиетіндегі түр мәселесі Марсель Пруст, Джеймс Джойс, Франц Кафка шығармаларына байланысты сөз етіледі. Бұлардың бәрін ұқсас көрсететін ортақ нәрсе: адам психологиясының терең де күрделі қабаттары сан-алуан формалық тәсілдермен бейнеленген. Қашанда бейне объективті дүниенің субъективті сәулесі, ешбір өнерпаз бұл ықпалдан шет қала алмайды. Альбер Камюдің негізгі шығармалары топталып басылды. Оның да басты принципі «объективизм» еді. Бірақ «Оба» повесін оқысаңыз, жазушы пікірі мен көркем шығарма арасында қанша алшақтық жатқанын көруге болады. Өмір құбылыстарын бейнелемей, өмір туралы толғамай, әдебиетке қадам баса алмайтыныңа тағы да көзің жетеді.

Шыңға шыққан бейне, үлкен талант қолынан туған типтер уақытқа, заман тосқауылдарына, ұлттық айырмашылықтарға, нәсілдік өзгешеліктерге бағынбайды. Осы іргеден көркем шығармашылық пен дүниетаным арасындағы диалектикалық байланыс пен қайшылық туады. Революцияны түсінбеген Лев Толстойды Ленин «Орыс революциясының айнасы» деп бағалады, монархияны жақтаған Бальзак – Марксті, Энгельсті таңғалдырған романдардың авторы. Бұл тылсым, ұғынуы қиын құбылыс емес. Суреткер қиялы арқылы, дарыны арқылы өмірді негіз ете отырып, жаңа бір дүние жасайды, ол кемпірқосақ сәулесіндей алуан бояулы жарқыраған, мағыналы, соны әлем. Бұл ретте өнер ғылымнан, оның көп салаларынан ілгері кетеді.

Тұлға − жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі. Ж. Молдабеков өзінің «Қазақтану және жаңару философиясы» атты еңбегінде атап өткендей, «тұлғаның бағыттылығы − тұлғаның іс-әрекетін бағдарлайтын және нақты бар жағдаяттан біршама тәуелсіз, орнықты түрткі-ниеттер жиынтығы. Тұлғаның бағыттылығы оның мүдделерімен, бейімдерімен, сенімдерімен, мұраттарымен сипатталады және бұлар арқылы адамның дү-

ниетанымы білінеді. Тұлға – тәрбиеші, өзін де, өнімді де еңбекпен жасайды. Нағыз тұлға – елін сүйген, елін сүйетін ерлер. Олар елдегі кемшіліктерді қалай түзетуге болатынын, оны түзету жолдарын ойластырады, сол үшін айтысады, тартысады. Бірақ кішіні қорлауға, ауыр еңбекпен жазалауға бара бермейді» [8, 177 б.].

Адамның әлеуметтік-мәдени келбеті оның «Менімен» байланысты. Әдеп адамның бірлесе өмір сүру тәсілі болғандықтан, оның басты белгісіне адамдық қатынастардың мәдени деңгейі жатады. Бұл міндетті түрде Мен – Сен – Ол мәселесін алға қояды. XIX ғасырдың өзінде-ақ Абай мұны жазып кеткен:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «менікінің» айырылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес [7, 225 б.].

«Мен» таза тән де, таза жан-рух та емес, олардың айырықша біріккен бітіміне жатады. Өзіндік сана тұрғысынан «Мен» және тұлғаны айыра білу керек. Ұғымның кең мағынасында тұлғаға оның тек өзі емес, сонымен қатар «менікі» деп атай алатын барлық нәрселері жатады (тәні, жаны, рухы, үйі, әйелі, балалары, достары т.т.). Мені үшін ол бар қайраты мен күшін аямайды. Егер адам туралы ғылымда Меннің жан мен тәннен тұратындығына көбірек назар аударылып, тұлғаның үш элементіне жататындарына денелік, әлеуметтік және рухани тұлғалар аталып өтіледі. Тұлғаның денелік аймағына оның тәні ғана емес, оған қоса киетін киімі, тұрмыстық заттары т.т. жатады. Алайда, тұлға ұғымы жоғарыдағы жіктеудің екінші және үшінші деңгейлерімен тікелей қатысты.

Қазақ тіліндегі әдебиетте тұлға елі мен жерінің қорғаушысы, басқаларға «сүйеніш болатын адам» мағынасында қолданылады. Яғни, тұлға болу әрбір адамның қолынан келе бермейді, ол ерекше әдепті адамдарға ғана тән. Оны мысалы, Жамбылдың мынандай сөздерінен: «Батыр тұлға бола алмай, Елдің түгі жығылды, Үш бөлінді көп дулат», немесе «Қамбар батыр» эпосындағы: «Бөтен туған бала едің, Жұртқа тұлға болғандай, Сол себепті, сені тежеймін» анық көруге болады. Сол себепті азаматтық әр адамның имандылық, әлеуметтік сапа-қасиеттерін білдіретін болса, пенде болу көптің бірі болу ғана болса, тұлға болу – елден ерекше болуды, қатардан алға бөлініп шығуды қажет етеді.

Тұлғаның мәдени оппозициясына «пенде» жатады. Әдетте бұл ұғым діни мағынада да қолданылады. Жалпы алғанда, «пенде» түсінігі «көптің бірі», «жаратылыстың нәтижесі» дегенді білдіреді. Ол күнәға жиі батады, «пендешілік» жасайды. Пенде – қатардағы тірі жан, көптің бірі болып, жарық дүниеде өмір сүруші, «жаратушының құлдарының бірі». Ал «домалақ, жұмыр басты пенде» дегенде көпшіліктің бірі есебінде, ел санатында жүруді айтады. «Пенденің» осындай «орташыл», «көпшілдеу» ерекшеліктерінің «басым» екендігін ескертіп, жоғарыда сот үкіміне кесілген, қамауға алынған қазақтың заң тілінде «азамат» түсінігіне «пенде» деген атаудың сәйкес емесін айтып, оған тек «бодан» деген нақтылы, оның жағдайына жайма-сай атау сөзді ұсынамыз. Ал «адамның пендешілігі» деп, сотқа тартыла қоймайтын күнәні, біле тұра жасаған қателіктерді, имантаразылықты бұзуды, басқаға қастандық ойлау сияқты нәрселерді ғана айтуға болады.

Тұлғаның дамуы − білім беру міндеттері тұрғысынан екі мағынаға ие: 1) тұлғаны қоғамдық өмірдің әртүрлі саласына жауапкершілікпен қатысуға тәрбиелейді; 2) жеке адамның жан-жақты үйлесімді дамуы, зияты, ақыл-ойы, еркі, сезімі мен оңтайлы логикалық-эмоциялық-психологиялық сапалары мен көзқарастары. Тұлға психологияда өзінің өмір жолын белгілей алатын, қайталанбас даралық ерекшелігін сезінетін субъект. Тұлға адам ұғымынан гөрі нақты мағынаға ие. Өйткені, адам тұлғалық сипатты иелену үшін өз «менін» өзге «меннен» ажыратып, есейіп, өз бетінше дербес әрекет ету мүмкіндігін ашуы керек. Яғни, белгілі бір мәнді іспен айналысатын, азды-көпті білімі, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы мен сенімі бар адамды «тұлға» деп атайды. Қазақ ұғымында адам мұндай азаматтық атқа бозбалалық шақта ие бола бастайтынын «Он үште отау иесі» деген мақалдан көруге болады.

Халықта өзінің өнегелі істерімен, имандылығымен ерекшеленген адамды ерекше қастерлеп, «кісілігі бар тұлға» дейді. Тұлға бойындағы адамгершіліктің көрінісі ар-ұятқа кір келтірмеуінен, намысын жоғары ұстауынан байқалады. Тұлғааралық қатынас − этнопсихологияда әрбір тайпаның, халықтың ұлттық дәстүрге байланысты әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері және т.б. Тұлғааралық қатынас әрбір халық пен ұлттың этностық қарым-қатынас ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Мысалы, қарым-қатынастың абысын-ажын арасындағы сақина-жүзік, білезік алмасу; ер-азаматтар арасында ер-тоқым алмасу; сауға тарту, сәлемдеме жолдау және т.б. түрлері болған. Сол сияқты, ізет, құрмет, сыйластық

сезімдері де адамдар арасындағы қатынастың бір түрі болып саналады. Тұлғалық белгілер − адамның даралық ерекшеліктерін көрсететін, психологиялық және физиологиялық элементтерін және оның ойлауы мен қылығын сипаттайтын өмір бойы қалыптасатын психофизиологиялық жүйе. Тұлғалық белгілер теориясы − негізінде «тұлғаның ерекшелік белгілері» деген ғылыми анықталған терминді қарастыратын тұлға теориясы.

Баяғы Аристотель заманынан күні бүгінге дейін адамнан және оның өмірінен тыс ешқандай сөз өнерінің де, өнер туындысының да болмайтыны дәлелденуде, бұл − дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Өйткені, өнер туындысының бәріне ортақ мазмұн-адамның ойы, арманы, мұраты, құштарлығы; өнер туындысының қай түрі болсын, әрқайсысы өз мүмкіндігінше өмірдегі, қоғамдағы адам тіршілігінің мәні мен маңызын суреттейді. Ойдан шығару арқылы жазушы болашақ көркем бейненің эскизін алдымен өзі ойша жасап, көз алдына ойша елестетеді. Суреткердің (көз алдына) өз ойында нақты түрде мүсінделмеген, көз алдына затты түрде елес бермеген бейне оның шығармасында тірі қаһарманға айналуы мүмкін емес. Көркем таланттың айрықша құпиясы мен күйі суреткердің өз жасамақ болған көркем бейненің кескін-кейпін түр-тұлғасын өзінше көре білу қабілетіне осыған орай қиял құпиясына ойдан шығара білу күшіне байланысты.

Сонымен творчестволық фантазия яғни ойдан шығару шығармада суреттелер шындықтан шалғай жатқан оқыс нәрсе емес, сол шындықты сұрыптау саралау тәсілі: шындыққа суарылған адам тұлғасын әрі жинақтау әрі даралау тәсілі образға апарар жол осылай басталады. Образдың қазақшасы − көркем бейне, ең қарапайым мағынасында образ − суреттеу сөзі. Көркем әдебиеттің оқыған адамды баурап алар, оның жан дүниесіне әсер етер құдіретті күші оның образдылығына байланысты. Әдебиеттегі адамның ішкі болмысы тек мінездеу, я болмаса, күйініш-сүйінішін суреттеу жолымен ғана жасалмайды, оның өзін сөйлету арқылы да танытуға болады. Өйткені, әркімнің сөйлеген сөзінен оның бүкіл ішкі жан сарайы, өзіне тән психологиялық өзгешелігі − ақылы, ойы, сезімі, ұғымы, нанымы, танымы, білімі, мәдениеті, т.б. анық байқалады.

Көркем бейненің жасалу тәсілдеріне лайық бейнелеудің түрлері туады. Көркем бейненің жасалу тәсілдерінің әр алуандығы сияқты, оның түрлері де әр алуан. Көркемдік әдіс тұрғысынан келгенде, образ екі түрлі: романтикалық көркем бейне, реалистік көркем бейне. Әдеби тек тұрғысынан келгенде, көркем бейне екі түрлі: эпикалық көркем бейне, драмалық көркем бейне. Ал жалпы жасалу тәсілдеріне бақсақ, көркем бейне тағы да бірнеше түрлі болады: юморлық көркем бейне, сатиралық көркем бейне, фантастикалық көркем бейне, трагедиялық көркем бейне, каһармандық көркем бейне және т.б. Әдебиеттегі көркемдік әдістер мен ағымдарға кейін тоқталамыз, сондықтан сол әдістерге орай романтикалық және реалистік бейнелер жөнінде кейін сөз етеміз.

Эпикалық көркем бейне − әрі нақты, әрі затты тұлға, кәдімгі тірі кісідей сөзін құлақпен естуге, мінезін ұғуға, қимылын бақылауға болатын, бүкіл өмір жолын бар бұралаңымен байқауға, өскен ортасын барлық ойы-қырымен байыптауға болатын күрделі, кесек қаһарман. Лирикалық көркем бейне − сыршыл өлең-жырлардағы ақынның өз бейнесі; оның ішкі бітімі; ақынның мың иірім көңіл-күйінен нәзік сыры мен салқын сезімін өріліп жасалған, өзгеше кейіпкер. Эпикалық көркем бейне нақты болса, лирикалық көркем бейне – шартты. Драмалық көркем бейне − өмірдің өз аясында-сахнада көзбе-көз, қолма-қол жасалатын көркем бейне. Драмалық көркем бейненің эстетикалық және тәрбиелік мәні орасан үлкен, әрі күшті. Драмалық көркем бейненің эстетикалық және тәрбиелік мәні орасан үлкен, әрі күшті. Драмалық көркем бейне оймен қатар іске, сезіммен бірге қимылға құрылады. Юморлық көркем бейне − күлкілі кейіпкер, юмор-өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі. Күлкі − өмірдегі ескі мен жаңаның арасында болып жатқан күрестің жауынгерлік құралы. Юморда күлкілі құбылыстардың ең бір зілсіз, зиянсыз түрлері алынады, мұндағы күлкі − әзіл; ал әзіл келемежге айналса − ирония, келемеж ащы мысқылға айналып, сын үдей түссе − сарказм болғаны.

Қазақ әдебиетінің тарихына үңілсек, баяғы Қожанасырдың күні кешегі Мырқымбайға дейін талай юморлық тамаша көркем бейнелерді атауға болады. Мұндай көркем бейнелер арқылы суреттеп отырған өмір шындығын жинақтайды, адам мінезін ашады, әдеби бейнені даралайды. Сонымен қатар мұндай жағдайда күлкі оқырманға айрықша әдемі әсер етеді, көркем шығармаға өзгеше эмоциялық жылылық әкеледі, жайдары шырай береді. Сатиралық көркем бейне − ұнамсыз тип. Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің алдында қағып, сілкілейді, мысқылмен

түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді. Өмірдегі келеңсіз құбылыстарды аяусыз сынап, адамдарды ілгері басуға, кедергіні жоқ етуге жұмылдырады. Сатира да күлкіге құрылады, бірақ мұндағы күлкі – жай әзіл, әжуа емес, ызалы күлкі. Юморда түзеу мақсаты жатса, сатира да жою, жоқ қылу мақсаты жатады.

Шын өнер иесіне оны қоршап, қолдап сүрінсе – сүйеп, жаңылса – түзеп отыратын қамқор қауым керек. Ақындық-шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне қажетті жағдай еркіндік, ешкімнен қысылмай, қымсынбай еркін сөйлеуге бостандық, сөз бостандығы керек. Бұл жөнінде де қазақ қауымында сөзге тыйым салынбаған, сынға да шек қойылмаған. Қазақтар ежелден шешен халық болған. Соған орай ойын-сауықтарының біршамасы осы сөзге байланысты туып, дамыған. Олар өздерінің шешендігін тәлімді тәрбиенің немесе жақсы тектен шыққандығының дәлелі деп санайды. Шешен кісі әңгімеге бел шешіп араласқан кезде шешендік сөздер мен әдемі теңеулер шегінен аса төгіліп, олар дауысын көтере, қолдарын сермей отырып, сөйлегенді қатты ұнатқан.

Бұл жайында қазақ даласына жер аударылған поляк революционері А. Янушкевич «Қазақ даласына сапар шегуден туған күнделік пен хаттар» деген кітапта қазақ ақыны Орынбаймен, дала Сократы аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлымен кездесуін қазақ халқының ас беру, қыз ұзату, бәйге қосу сияқты салт-дәстүрін өз көзімен көріп, қарапайым тілмен аса қызыға жазған. Ол Құнанбай туралы былай дейді: «Құнанбай – бейне бір сөйлеп тұрған машина тәрізді, немесе бұралмаған сағат сияқты. Әлгі сағатты бұрап қалсаң болғаны, ешбір тоқтаусыз сөйлеп жүре беретін шексіз шешен адам. Оның алдына әр минут сайын кеңес сұрап қазақтар келіп жатады. Ал ол болса, екі бүйірін таянып алып, бейне бір дана абыздай төгіле, тоқтаусыз сөйлеп, келелі кеңес беріп отырады. Ол екі сөзінің бірінде шариғаттан мысал келтіріп, ешбір мүдіріссіз сөйлегенде таңғалмасқа шарең жоқ. Үкіметтің жарлығы мен қаулы-қарарларынан мысал келтіргенде кітап оқып отыр екен деп қаласың» [9, 117 б.], – дейді.

Атақты ғалым В.В. Радловтан тағы бір куәлік келтірейік: «Өздерінің туыстас түрік тектес елдерімен салыстырғанда қырғыздар да, қазақтар да сөзге шешендіктерімен ерекше көзге түседі. Олардың шешендіктеріне, шынында да, таңғалмасқа болмайды. Қазақтар сөйлегенде ешбір мүдірмей, күрмелмей есіп жүре береді, ойларын дәл айқын етіп бере білумен қатар, сөз, сөйлемдерін белгілі бір дәрежеде әсемділікпен безейді, әңгімелесіп отырғанның өзінде жай сөйлемінде, не жайылма сөйлемінде болсын, ырғақ байқалып және жиі кездеседі. Өлең шумақтарында ғана ұшырайтын сөйлем түрлері жәй сөздердің өзінде іргес-тіркеске келіп жатады, тыңдаушыларға өлең тәрізді әсер береді… ырғаққа құрылған сөздерді дүниедегі көрген өнердің жоғарғы сатысы деп ұғынатын, суырылған шешендікке жаны рахаттанатын. Сондықтан да қазақ халық әдебиетінің дамуы жоғарғы сатыға жеткен» деп жазды [10].

Сөз өнері – ата-бабаларымыздың қанына сіңген қасиет. Сонымен, сөз мәдениеті дамыған, не түрлі шешендер мен ақындар туғызған қазақ халқының мәдени өміріне, оның кейбір жеке салаларына ой жүгіртіп көрелік. Қазақ сөз өнерінің ең алып тұлғасы – Абай.

Абай тұлғасы пендешілік пен тобырға қарсы күресте, адамды жатсындыратын қаулаған қылықтармен тіресуде шынықты. Өйткені, ол өзіне үйреніп, тұйықталған жан құмарлықтың құлы, әлжуаздықтың тұтқыны болып қалатынына, ал жаңа талапқа әлсіз тобыр тіршілікке жат көзбен алаңдап, далаңдаудан өктемдікке ауытқитынына күдіктенбеді.

Абай – ыстық жүрек, қайсар ерік, терең парасат теңдігін тапқан ерекше тұлға. Ол – адам дамуының жоғары шоқтығына жеткен бапкер. Оған себепкер болған тағы бір жағдай бар. Абай болмысы қазақ халының үш бірдей өлшемінде – тартыста, шегіністе, шабуылда шынықты. Әлгі тартыс, шегініс, шабуыл қазақ әрекетінде үш бірдей күшті – оң жағымды, теріс-жағымсыз және бейтарап күшті қалыптастырды. Қазақ бойындағы және Абай мінезіндегі осы үш бірдей күштің арасалмағы бір-біріне сәйкес келе бермеді. Тек Абайда әр күштің анағұрлым белсенді, айқын, қарқынды болғаны даусыз. Қарқын тұрмыстағы сырты бүтін, іші түтін қарекеттен ғана қуат алған жоқ. Оның қозғаушы күші – ішкі рухани қайшылықта. Осыдан Абай-индивид пен Абай-тұлғаның қалыптасуы, дамуы бірде қабаттасты, бірде кезектесті, біртіндеп рухани күштің үстемдігі орнады [11, 73 б.]. «Абай тұлғасы – оның даналығында. Абай даналығы – жүрек үнінде, парасатты сөзінде, сүйіспеншілік үмітінде;

– қарсыласынан асып түсетін білімдарлық, сезімталдық, еріктілік икемділігінде;

– қазақты қор қылатын кеселдерден сақтандыратын талап, ұғым, махаббат сияқты рухтың ең мықты қайнар көзінде, қуат аймағында;

– тұтастық пен тыныштықты туралайтын, татулықты тәрбиелейтін тоқтамында;

– шығыс пен батыс мәдениетін үйлестірген шеберлігінде» [12, 76 б.]

Адам болмысының сырын адамгершілік ашады. Адамгершілік адамдар арасындағы қарым-қатынас пен қабілеттен туындайды. Әркімнің өмірдегі өз орнын білуі және кісілік қасиетті құрметтеуі – адамгершіліктің көріністері. Адамгершілік – өмірдің де, ойдың да тұғырын ұстайтын тірек, көтермелейтін діңгек. Адамгершілік есеюді, еңбектене білуді үлгі тұтады. Сол арқылы кісі келбетін танытады. Осы іспеттес ішкі өзгерістерге көзімен қадалған, көңілімен жарасқандар мұқтаждық пен үстемдіктің құрсауынан құтылудың жолын іздестірді.

Әдебиеттер

1 Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 441 б.
2 Мұхтар Әуезов тағлымы: әдеби сын-мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.
3 Бенедетто Кроче. Эстетика как наука о выражении и общая лингвистика. Теория. – М., 1920. Ч. 1. – 17 с.
4 Потебня А.А. Мысль и язык. – Одесса, 1922. – 167 с.
5 Мұқатаева А. Қазақтың әлеуметтік мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 48 б.
6 Қазбеков Н.А. Мәдениет және мәдениеттанулық концепциялар. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003. – 132 б.
7 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық жиынтығы. – Алматы: Ғылым, 1977. – Т.1. – 454 б.
8 Молдабеков Ж. Ж. Қазақтану және жаңару философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 175 бет
9 Янушкевич А. Дневник и письма из путешествия по казахским степям. – Алматы: Қазақстан, 1966. – 320 с.
10 Радлов В.В. Из Сибири. – М.: Наука, 1989. – 357 с.
11 Молдабеков Ж. Ж. Тектілік тұрағы – тұлғалыққа тірек // Адам әлемі. – №2. – 1999. – 12-17 бб.
12 Молдабеков Ж.Ж. Қазақ осы – мың өліп, мың тірілген. – Алматы: Санат, 1998. – 208 б.

References

1 Moldabekov Zh.Zh. Kazakhtanu. – Almaty: Kazakh university, 2003. – 441 p.
2 Mukhtar Auezov taglimi: adebi sin-makhalalar men zertteuler. – Almaty: Zhazushi, 1987. – 432 p.
3 Benedetto Kroshe. Estetika kak nauka o virazhenii I obshaya lingvistika. Teoria. M., 1920. Sh. 1. – 17 p.
4 Potebnya A.A. Misl I yazik. – Odessa, 1922. – 167 p.
5 Mukhataeva A. Kazakhtin aleumettik madenieti. – Almaty: Kazakh university,
6 Khazbekov N.A. Madeniet zhane madeniettanulik konsepsialar. – Kharagandy: Bolashak-Baspa, 2003. – 132 p.
7 Khunanbayev A. Shigarmalarinin eki tomdik zhiyintigi. – Almaty: Gilim, 1977. – T.1. – 454 p.
8 Moldabekov Zh.Zh. Kazakhtanu zhane zhanaru filosofiasy. – Almaty: Kazakh university, 2009. – 175 p.
9 Yanushkevish A. Dnevnik I pisma iz puteshestviya po kazakhskim stepyam. – Almaty: Kazakhstan, 1966. – 320 p.
10 Radlov V.V. Iz Sibiri. – M.: Nauka, 1989. – 357 p.
11 Moldabekov Zh.Zh. Tektilik turagi – tulgalikka tirek // Adam alemi. – №2. – 1999. – 12-17 p.
12 Moldabekov Zh.Zh. Kazakh osi – min olip, min tirilgen. – Almaty: Sanat, 1998. – 208 p.

Жаһандану үдерісінің шеңберінде кең тараған, батыстандыру легімен қазіргі қоғамда белең алған бұқаралық мәдениет бүгінгі күні қоғамдық санаға өз ықпалын тигізбей қоймады. Соның нәтижесі ретінде өзіндік санаға қайшы келетін, әлемдік стандартау мен біркелкілендіруге негізделген бұқаралық сана қазақ қоғамында белгілі бір әлеуметтік ықпалға ие бола бастады. Біркелкілікті, бірөлшемділікті меңзейтін бұл үдеріс бұқаралық санада өзіндік ойлау ерекшелігін, тілдік және ділдік өзіндік белгілер мен тарихи тағылымдарды толығымен өшіруге бағытталған.

Өмірбекова Ә.Ө., Қаңтарбаева Ж.У.

Мұқан Н., Дузелбай А.

Қытайда ислам дінін қабылдаған этникалық топтар

Мақалада авторлар Қытайда ислам дінін қабылдаған 10 ұлттың ресми түрде мұсылман өкілі болып қалыптасып, дамып, нәтижесінде ислам діні қытайлардың дәстүрлі мәдениетіне өзіндік әсер ету үрдісін көрсетеді. Қытайдағы ислам діні жағдайын зерттеу маңызды, өйткені ол ислам дінін қабылдаған азұлттардың дәстүрлі мәдениетін, тілін, ділін анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар исламның Қытай жеріне таралуы мен дамуы қанатын кеңге жайған исламның тарихына енетін күрделі де өзекті тарих болып саналған. Қытайдағы ислам дінін қабылдаған аз ұлттардың өзара ынтымақтастықта бірге өмір сүруіне ислам мәдениеті өзінің игі әсерін тигізіп келеді. Ислам діні этникалық топтардың өзара сұхбаттастығын қамтамасыз етуші құндылық деуге толық негіз бар.

Түйін сөздер: ислам, этникалық топ, азұлттар, дін, дәстүр, мешіт.

Mukan N., Duzelbai A.

Ethnic groups accepted islam in China

The authors show the formation and development of 10 ethnic groups who converted to Islam, resulting in the influence tendency of the Islamic religion on Chinese people's traditional religion. The study of the Islam in China is important, as it gives the opportunity to define traditional culture, language, mentality of the ethnic minorities who converted to Islam, and the history of the spread of Islam in China is a complicated and important part of the Islam history. Islamic culture has a positive effect on the cohesion of the ethnic minorities who converted to Islam in China. There are grounds to say that the Islam is the value of mutual dialogue with ethnic groups.

Key words: Islam, ethnic group, minority, religion, tradition, the mosque.

Мукан Н., Дузелбай А.

Этнические группы, принявшие ислам в Китае

Авторы в статье исследуют формирование и развитие 10 этнических групп, принявших ислам, тенденцию влияния исламской религии на традиционную религию китайского народа. Изучение состояния религии ислам в Китае актуально, так как дает возможность определить традиционную культуру, язык, менталитет этнических меньшинств, принявших ислам, а также историю распространения ислама в Китае. Исламская культура положительно влияет на сплоченность этнических меньшинств, принявших ислам, в Китае. Есть полное основание сказать, что религия ислам является ценностью взаимного диалога этнических групп.

Ключевые слова: ислам, этническая группа, меньшинства, религия, традиция, мечеть.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 28 (510)

***Мұқан Н., Дузелбай А.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: nmk-nurzat@mail.ru

ҚЫТАЙДА ИСЛАМ ДІНІН ҚАБЫЛДАҒАН ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАР

Ислам діні VII ғасырда Арабия түбегінде пайда болып, кейіннен кең көлемді құшақ жайып дамыды. Бұл кезде Қытай тарихының «алтын дәуірі» деп саналатын Таң патшалығына да исламның өзіндік әсері тиді. Ислам діні Қытайға ену барысы салыстырмалы түрде қарағанда қан төгіссіз бейбітшілдік тұрғыда таралған. Таң және Сұң патшалығы кезеңі ислам дінінің Қытайға ене бастаған кезеңі. Кейіннен Жин, Юань патшалығы кезінде ислам діні жақсы дамушылыққа ие болды. Ал Миң, Циң патшалығы тұсында тоқыраушылыққа ұшырайды, бұл да болса Қытай елінің ислам дініне деген принциптерінің өзгере бастауын айғақтайды [1].

Миң патшалығының орта шенінде ислам дінінің Қытайдағы жағдайы түбегейлі өзгерді, жалпы мұсылмандардың әлеуметтік жағдайлары Юань патшалық кезінен басқаша болды. Біріншіден дүнген ұлтының саяси сахнадағы мәртебесінің құлдырауы, олар Юань патшалығы кезінде екінші дәрежелі ұлт болса, ал Миң патшалығы кезінде қаналушы тапқа айналды. Дүнгендердің саясат, экономика, мәдени принциптері өзгеше мемлекет басқару жолына өтеді, дүнгендердің саяси мәртебелерінің күрт құлдырауы өмір сүрудің өзін қиындыққа соқтырды. Дүнгендердің ислам дінді негіз етіп және де ислам діні Дүнгендердің басқа ислам дініне сенетін ұлттардың ауызбіршілігінің, ынтымағының жібегі болды. Екіншіден, Миң патшалығы кезінде Миң билеушілері экономикада «ауылшаруашылықты көтеру» саясатын ұстанды. Бұл дүнгендердің саудадағы үстемдік шеберлік құнының жойылуына әкелді, осылайша олардың экономикалық күш-қуаты мен қоғамдағы орны жағынан күрт құлдырауға әкелді. Үшіншіден, кең аймақта таралған, бірақ азын-аулақ кіші шоғырлану жағдайы кең көлемде орналасқан ұлттар арасындағы байланыстардың үзілуіне әкелді, бұнымен қоса Миң патшалығының өзге ұлт ара үйленуге тиым салу әсерінен дүнгендер қытай тілін ортақ тіл ретінде қолданды. Бұрын қолданыстағы әр ұлттардың өз тілдерінің құны кетіп жойыла бастады. Төртіншіден, ислам діні әр ұлттың рухани байлығы ретінде қалыптасып ислам дініне сенетін әр ұлттар бірлігін, қиын мәселелерді шешуге және ислам мәдениетінің қалыптасуына әкелді. Осылайша ислам дініне сенетін 10 ұлттың тұрақтауы, бұлар негізі Шыңжаңда өмір сүретін қазақ, ұйғыр, қырғыз, өзбек, тәжік, та-

тар алты ұлт өкілі мен Ішкі Қытайда негіз ететін дүнген, салар, доңшияң, бауан төрт ұлт өкілі. Осы кезден бастап алдында айтылып жүрген дүнгендер ресми түрде жеке ұлт ретінде тұрақтасты, яғни қазіргі кездегі дүнген ұлты болып кейінгі тарихтарда қалды.

Ислам діні Қытайда таралу барысында екі үлкен аймақтық топқа бөлінді. Бірінші топқа жататын ұлттар: дүнген, салар, доңшияң, бауан, бұлардың көбі «теңіз және құрлықтық жібек» жолымен Қытайға кірген саудагерлер, моңғол әскерлерімен кіріп қоныстанып қалған әскерлер, қолөнершілер, тағы басқа саладағылар.

Юань патшалығы кезінде ислам діні билеушілердің қолдауында болды, жергілікті халық пен жергілікті билік арасында қақтығыстар өте аз болған. Миң патшалығының орта шенінен кейін мұсылмандардың өмір сүру жағдайы қиындыққа кездесті, дегенмен бұл дүнгендердің ұлттық бірлігін қалыптастырды, күннен күнге ұлттық негізі нығая түсті және бұған ислам діні негіз болды. Миң патшалығының дүнгендерге діни саясатының өзгеруі нәтижесінде дүнгендер үшін хадиспен, шариғатпен өмір сүруі олардың рухани тіректеріне айналдырды. Мұсылмандар арасында діни уағыздар жүргізу барысы көптеген қиыншылықтарды туындатты, себебі бұдан бұрын ислам діні өз еркімен дамыған және мемлекет қолдауында болған. Бұған қоса ислам дінінің қай бағытын ұстану әлі айқындалмаған, діни мамандарды тәрбиелеудің негізі әлі қалыптаспаған. Қытайдағы ислам діні жойылу қаупінде болды. Бұл кезде діни сабақ беру, қытай тіліне араб тілінен аудармалар жасау қажеттілігі арта түсті, бұл қажеттілік Қытайдағы ислам дінінің бір жаңа қадамға жол басуына себепші болды.

Екінші топқа жататын ұлттар негізі Шыңжаңда өмір сүретін қазақ, ұйғыр, қырғыз, өзбек, тәжік, татарлар еді. Бұл аймақтың көлемі өте кең болғандықтан бұл жердегі этникалық жағдайлары да күрделі, бұл жағы көршілес мұсылман мемлекеттердің халқымен, дінімен, экономикасымен, дәстүрімен, тағы басқа да жақтарымен байланысы зор.

Шыңжаңда ислам діні буддизммен қарсылық бағытта саяси күш арқылы тараған. Бұл ұлттардың арасында мұсылман дүнген сияқты ұлттармен салыстырмалы түрде қарағанда, ислам дінінің таралу және дамуының шарттары, мазмұны, әсері жағынан мүлдем басқаша болған.

Жалпы алғанда, ислам дінін қабылдаған 10 ұлт пен қытай арасындағы осы екі үлкен топтың даму барысындағы айырмашылығы өте үлкен болған. Тек Циң патшалығының орта және кейінгі кезеңінде екі үлкен топтың даму сатысы көлемдік жағынан бір деңгейде болды.

Миң патшалығының соңы мен Циң патшалығының басында исламдық діни әдебиеттің қытай тіліне аударылуы Қытайдағы ұлттандыру барысын тездетті. Бұл жердегі ұлттандыру дегеніміз Қытайда ислам дінін қабылдаған 10 ұлттың ресми түрде мұсылман өкілі болып қалыптасып, дамығанын көрсетті. Осылайша ислам діні Қытайда орын алып, қытайдың дәстүрлі мәдениетіне өзіндік ықпалын тигізді.

Қытай мәдениетінің 5000 жылдық тарихы, ислам дінінің Қытайда таралу барысында мемлекеттік саяси биліктің қолдауында болмауы, ислам дінінің Қытайда таралу барысында Қытай мәдениетінің көп әсерінде болғандығын түсіндірді.

Атап айтсақ біріншіден, исламдық мәдениетте, соның ішінде сәулет өнері, мерекелерді атап өту, салт-дәстүр де Қытайдың дәстүрлі ұлттық мәдениетінің ықпалымен дамыған.

Құрылыс жағынан араб елдері мен Орта Азиядағы мұсылман мемлекеттеріндегі мешіттің төбесі дөңгелекше келіп, азан шақыратын мұнарасымен салынған. Ал Ішкі Қытайдағы мешіттер, мысалы Шиандағы Хуажу сы（化州寺), Нанжиндегі Жинжуе сы（净觉寺), Бей Жиндегі Нюже сы（牛街寺), Ланжудағы Чияумын сы（教门寺), Жинандағы Нанда сы（南大寺); ниңшиадағы Инчуан сы（银川寺）тағы басқа да көптеген мешіттер Қытайдың буддалық стилінде салынған, мешіт ішіндегі қабырғалардағы оюөрнек буддалық стильде салынған. Дәрет алатын үйдің босағасының төбесіне «Ушияң Баудиян（无像宝殿)» деген жазу тақтасы ілулі тұрады, яғни сүрет ілінбейтін қасиетті сарай деген мағына береді [2]. Бұдан Қытай буддизмнің ислам құрылысқа әсерін көруге болады.

Қытайдағы мұсылмандар әр жыл сайынғы ораза айт, құрбан айтты тойлау, құрбан шалу сонымен бірге Пайғамбарымыздың туған күні болған мәуліт мерекесін атап өту әр жерде міндетті түрде жыл сайын өткізілетін мерекелік үрдіске айналған. Осы тұрғыдан алғанда Қытайдағы мұсылмандар мұсылмандық мереке атау жағынан және тойлау дәстүрі жағынан ерекшеленетіндерін көруге болады.

Қытайдағы мұсұлмандардың ислам діні бойынша харам деп санайтын заттарға деген көзқарасы бірдей, ал тіл, аты-жөні, киім киіну, үйлену, жерлеу рәсімдері жағынан Қытайдың дәстүрлік мәдениетінің өзіндік әсерін тигізгендігін көрсету. Қытайдағы мұсылмандардың ортақ тілі қытай тілі, ал араб тілі көбінесе Құран оқу немесе

намаз оқығанда ғана қолданылады, халық арасындағы сөйлесу тілі емес. Мұсылмандар киім киінуі жағынан қытайлықтармен ұқсайды. Қайтыс болған кісіні жерлеу рәсімі бөлек, қабір қазғанда алдымен терең ор қазады, ордың ішінен қыбыла жаққа қарай үңгір қазып, қайтыс болған кісіні тек ақ шүберекпен орап жерлейді. Осыдан кейін Құран оқылады, қабір безендірілмейді. Қайтыс болған кісінің 7, 40, 100, күнін, жылдық асын өткізеді, бұл жағынан қытайлардың адам жерлеу ықпалы да тиген [3].

Екіншіден, жергілікті этникалық ерекшелік ислам дінінің кең таралуына септігін тигізеді. Тағы бір жағынан қытайдың ру, дау, фо идеологиясын да қабылдаған, осылайша екі үлкен идеологияның «алтындары» түйіскен, бұдан Қытайдағы ислам дінінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқауға болады.

Мәселен, Ислам дінінің негізі «Алладан басқа жаратушы жоқ» идеясын алайық, Миң патшалығының соңы мен Циң патшалығының басында Ван Даю және Лю Жы бастаған бірқатар исламтанушылар «Алладан басқа жаратушы жоқ» деген қағиданы қытайлық ру идеологиясындағы «Тай Жи（太极)»-мен байланыстырады. «Тай Жи» идеясы ең жоғарғы шегі дегенді білдіреді, яғни шексіз ұғымын береді [4]. Ал осы шексіздікті жаратқан бір құдыретті жаратушы бар және бұл жаратушы тек бір деп түсіндіріледі, бұл ислам дініндегі «Алладан басқа жаратушы жоқ» дегенмен сәйкес келеді. Ислам дінінің негізгі идеологиясы мен Қытай дәстүрлі ру идеологиясымен сәйкес келуі ислам дінінің Қытайда таралуына, халықтың тездеп қабылдауына себепші болды.

Құдай құдіреттілігі мен патшалық билікті байланыстыру идеясы туралы келер болсақ, ислам дінінде тек бір Аллаға сену керек, ал рулық түсінік бойынша «Сан Ган Ву Чан（三纲五)» – да ата-ана, бауыр туысқанды сыйлау бірінші орында тұрады [5]. Бұл екі идеяны байланыстыру үшін Қытайдағы исламтанушылар тек ата-ананы сыйлап, ал жаратушы Аллаға сенбеу шынайы сенім емес. Ал жаратушы Аллаға ғана сеніп, ата-ананы сыйламау – бұл адам арасындағы арақатынасқа лайықты емес. Сондықтан жаратушы Аллаға сену және бауыр туысқанды шын ықыласымен сыйлау керек дейді, осылайша атеистік бағытты ұстанған Қытай мемлекет билігі мен құдай билігін байланыстырды, бұл да ислам дінінің Қытайда дамып өркендеуіне септігін тигізді.

Жалпы Қытай Халық Республикасында 56 ұлт өкілдері бар, бұлардың ішінде дүнген, ұйғыр, қазақ, доңшияң, салар, бауан, қырғыз,тәжік, өзбек, татар, осы он ұлт ислам дінін қабылдаған. 1990 жылғы санақ бойынша, жалпы Қытайда 17 597 362 адам ислам дініне сенеді, жалпы ұлттын 19,3% құрайды [6]. Ал соңғы 2010 жылғы алынған санақ бойынша Қытайдағы мұсылмандар саны бұдан неше есеге көбейгендігін көрсетті. Олардың қатарына төмендегі ұлттар кіреді.

Дүнген ұлты. Қытайдағы дүнгендердің саны 8,6 миллион, көбі нинша Дүнген Автономиясында шоғырлана қоныстанған, осымен қоса Хынан, Шыңжаң, Чинхай, Юннан облыстарында ортақ есеппен 500 мыңнан астам дүнгендер бар. Қытай астанасы Бейжиннің өзінде 220 мыңнан астам дүнгендер бар. Дүнгендер ауылды жерлерде негізі ауылшаруашылық, сауда, кішігірім қолөнермен айналысады. Аудандық, қалалық жерлерде аспаздық, тері сауда сияқтылармен шұғылданады. Дүнгендердің ата-бабаларының өздерінің тілі болған, бірақ Юань патшалығының соңында Миң патшалығының басында Қытай жерінде жаңа бір ұлттың яғни «хуэй-хуэй» ұлты қалыптасты, ол қытай тілінің әсері мен қытай тіліне көшті. Қазіргі Хайнан аралығындағы дүнгендер қытай тіліне ұқсамайтын тілде сөйлесе, жазу-сызуда да қытай жазуын қолданғанмен, кейбір сөздері қытай тілінен басқаша болып келеді, бұлар парсы, араб тілдерінен енген.

Ұйғыр ұлты. «Ұйғыр» деген сөз бірлік, ынтымақ деген мағына береді. Жалпы Қытайдағы ұйғырлар саны 7,2 миллион, көбі Шыңжаңда мекендеген, өте аз бөлігі Хынан облысының Тауюан, Чанды аудандарында мекендеген.

Ұйғырлар Х ғасырдың соңынан бастап ислам дінін қабылдай бастады, араб жазуы негізіндегі ұйғыр алфавитын жасап ұйғыр тілін қолданылады. XV ғасырда ұйғырлар толығымен ислам дінін ұлттық дін ретінде қабылдайды. Ұйғырлардың өлеңдерінің, аңыздарының, әңгімелерінің тәрбиелік жағынан көбі исламдағы жақсылық жасау, жаманнан қашу деген ойларға толы.

Қазақ ұлты. Қытайдағы қазақ халқының саны 1,2 миллионнан астам. Қытай қазақтары өздерінің ана тілін, дәстүрлі төте жазуын қолданады. Сонымен қатар олар қытай және ұйғыр тіл-жазуларын да жақсы меңгерген.

Жалпы Қытай Халық Республикасында түркі тілді 7 ұлт, 9 түркі тілі бар. Жер шары қыртысына қарағанда олар шығыс бойынша 74º-126º ал солтүстік ендікте 35º-50º өңірде тұрады. Атап айтатын болсақ, негізінен Қытайдың батыс-солтүстік бөлігіндегі Шынжаң автономиялы ауданында, Цинхай (Тибет), Ганысу өңірлеріне қоныс тепкен. Бұдан тыс Қытайдың шығыс-солтүстігінде-

гі Хилоңжяң өлкесінің Фуун аудандарында бар. Ал әкімшілік жақтан: Іле Қазақ автономиясына қарасты Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтары, Күйтін қаласы, Сонжы Дүнген облысына қарасты Санжы қаласы, Фукаң, Мори, Мичуан, Құттыби, Манас; Бұратала монғол облысына қарасты Бұратала, Жың, Арасан аудандары; Құмыл аймағының Баркөл Қазақ автономиялы ауданы және Аратүрік ауданы; Үрімжі қаласымен оған қарасты Үрімжі ауданы; Қарамай, Шықызы қалаларында орналасқан [7]. Жалпы Шынжаң қазақтарының 3/5 бөлігі малшаруашылығын кәсіп етеді. Ауылшаруашылығы жұмыстары солтүстіктен оңтүстікке қарай дамиды. Мәселен 1958 жылы Қорғастың басты шаруашылығы жүгері дақылын өсіру болса, кейін ауа райы (климат) қолайлылығы мен су молшылығынна орай астық, мақта, күріш өнімдерін өндірген. Ал, Шыңжаңның солтүстігіндегі Манас өзені аңғары, Ақсу аңғары және Үліңгір аңғары малшаруашылығымен айналысушы көшпелілер үшін өте қолайлы аймақ болды. Бірақ, 1966-1976 жылдардағы Әсіре солшылдық саясат тұсында бұл жерлер отырықшы аудандар болып ауыстырылды [7].

Ғалымдарымыздың «XIX ғасырдың 60 жылдарынан бастап, қызыл сызықтың арғы жағында қалып қойған Қытай қазақтары әр кезеңдегі Ресейлік-кеңестік теперіштер (XX ғасыр 16-жылы, 20-жылдары, 32-жылы, 37-жылы) тұсында жансауғалап келген қандастарымен қатарын толтыра түсті» – деп атап көрсеткеніндей, Қытайдағы қазақтардың демографиялық өзгерістеріне сол тұстағы көші-қон үрдістері әсер етіп, бірде көбейіп, бірде азайып отырған. Нақтылай түссек, Қазан төңкерісінен кейін Ресейдегі большевиктер билігіне қарсылық көрсеткен ақтардың қарулы күштерінің бір бөлігі қызыл армияның тегеуріне шыдамай, солтүстік Шынжаңға қашып өтеді. Бұлардың кейбіреулері көп ұзамай Шынжаң үкіметі жағынан ақ гвардияшылармен бірге қайтарылған. Дегенмен осы келген бетімен қайтпай, қалып қойған қазақтар Шынжаң қазақтарының санын көбейтті. Бұл туралы демограф ғалым Мақаш Тәтімов өз еңбегінде «Қытайдағы қазақтар саны 550 мыңға тек 1920 жылы ғана жеткен. Себебі азамат соғысы мен кулақтар ылаңы кезінде Қытайға, әсіресе Жетісудан Қазақтар көп ауған» [8], – дейді.

Сондай-ақ азамат соғысының салдарынан 1916 жылы Ресей патшалық үкіметінің Қазақтарды жаппай әскери қызметке алуына байланысты да қазақтар көптеп Шынжаңға қарай көшкен. Бірақ олардың біразы көп ұзамай қайта қайтқанмен олардың талайы қалып қойды.

Көп ұзамай Қазақстандағы қазақтардың, әсіресе, шекара маңындағы тұрғындардың тағы да Қытай асуына тура келді. Ендігі жерде олар «ақ орыс» емес, қайта «қызыл орыс» қысымынан қашуға мәжбүр болды. Бұл жағдай 1920-1921 жылдары және 1931-1932 жылдардағы екі дүркін аштықтың, 1929-1931 жылдары кең өріс алған кеңестік жаппай ұжымдастырудың қатал да қатігез саясатына байланысты еді. Бұл туралы тарихшылар «Голощекиннің жүргізген геноциді 1929 жылдың яғни жаппай күштеп коллективтендірудің алғашқы жылдарында-ақ шекаралық аудандағы қазақтардың Қытай жеріне жұмыла да топтаса қаша көшулерін туғызды» [8, 30-35 бб.] дейді. Демек сол тұста шекаралық аудандармен оларға көрші аудандардағы қазақтар үшін Голощекин зомбылығынан құтылудың жалғыз жолы Қытай және өзгеде шетелдерге асып кету болғанын аңғартады.

Нақты мәліметтерге сүйенсек, кезінде Кеңес Одағы П.П. ОГПУ басшыларының Қазақ өлкелі Партия Комитетіне жолдаған өте құпия мәліметінде 1929 жылы ҚазСР-нің шекаралық аудандарынан Қытайға көшкендер 416 қожалықтары яғни 1845 адам; 1930 жылы 3478 қожалықтары яғни 1931 жылдың сәуір айына дейін Қытай 5,903 шаруалар шаруашылықтары (яғни шамамен 29,566 Қазақ) көшіп кеткен болып шығады. Ал КСРОның барлау орындарының дерегі бойынша 1932 жылға дейін Қытайда онда өткен 60 мыңдай Қазақтар тіркелген [7, 275 б.] – деп мәлімдейді Талас Омарбеков. Тағы бір ескерерлік жайт, осы шекаралық аудандарға көрші орналасқан кейбір шекаралық емес аудандарда да Қытайға көшу науқаны орын алған. Мысалы, Алматы және Семей өңірлеріндегі (округтеріндегі) Малайсарыдан 92 қожалық, Шелектен 62 қожалық, Қаратастан 30 қожалық, Күршімнен 11 қожалық 1930 жылы-ақ Қытай асып кеткен [8, 276 б.].

1932-1934 жылдары Кеңес Одағының жүргізген «асыра сілтеу» саясатының кесірінен де көптеген қазақтар тағы да Қытайдың Шынжаң өлкесіне қашып жатты. Олардың жолда аш-жалаңаштық, ауру-сырқаудан опат болғандарынан басқалары Қытайдағы қазақтардың демографиялық өсуіне және бір рет үлкен әсер етті. Бірақ осы тұста, керісінше сондағы қазақтардың шетелдерге жөңкіле көшу үрдісі де байқалды.

Әйтсе де, Қытайдағы қазақ ұлты басқа да аз ұлттар сияқты түрлі үкімет пен кереғарлық саясатының нәтижесінде түрлі қырғындарға ұшырап 40 жылдары тіпті шетелдерде босу әрекетіне ұшырасады. 1940 жылдың кейінгі үш аймақта өріс алған көтерілісте тағы да талай қа-

зақ азаттық жолында қаза болды. Қысым көрген олар қонысын тастап Моңғолия асуға мәжбүр болды. Жоғарыдағыдай түрлі себептерден 1946 жылғы санақта олардың саны шамамен 440 мыңға дейін азайып кеткен [9].

Доңшияң ұлты. Бұл Орта Азиядан келген дұңғандар мен ислам дінін қабылдаған моңғолдар болып саналады, бұл ұлттың аты қазіргі кездегі Гансу облысындағы Доңшияң деген жердің атымен байланысты. Бұл ұлт Юан мен Миң империясы тұсында ислам дінін қабылдап және доңшияң тілімен байланыстыра отырып, қалыптасқан жаңа ұлт. Жалды Қытайдағы доңшияң халық саны 3,73 миллион, бұл ұлт та ауылшаруашылықты негіз етеді, кішігірім сауда-саттық жасайды. Доңшияң тілі алтай тілдің моңғол тобына жатады және қытай, араб, парсы сөздері доңшияң тілінде жиі кездеседі. Бірақ өздерінің жазу-сызулары жоқ, қытайдың жазуын пайдаланады.

Қырғыз ұлты. Қытайдағы қырғыз халық саны 143 мың, олардың көбі Шыңжаң Қызылсу қырғыз автономиясында қоныстаған, және Іле, Қашқар, Үрімшіде де қырғыздар бар. Хилоң-жияңда да қырғыздар бар, бірақ саны өте аз, бұлар діндік жағынан ламаизмді қабылдаған, тілдік жағынан Шыңжаңдағы қырғыз тілімен айырмашылығы үлкен. Қырғыздардың көбі ауылшаруашылығын негіз етеді. Қырғыздардың қолөнер, ауыз әдебиеті, аңыз әңгіме жақсы дамыған, мысалы қырғыздардың сегіз томдық батырлар жыры – «Манас». Қытай деректерінде қырғыз ұлты туралы ең алғашқы деректер «Шы Жи» атты еңбегінде кездескен.

Салар ұлты. Батыс Түрік оғыздардың бір тайпасы. Ислам дінін қабылдаған саларлар Юань патшалығы тұсында Самарханды басып өтіп, Қытай жеріне келіп жергілікті тибеттіктер, хань ұлттарымен сіңісіп ислам дінін ұстанып, салар тілін қолданып қалыптасқан жаңа ұлт. Қытайдағы саларлар саны 87 мың, көбісі Чинхай облысы Шунхуа салар автономиялық ауданында мекендеген. Саларлар негізінен ауылшаруашылықпен айналысады, қосымша малшаруашылық және бау-бақша өсіруге шебер. Салар тілі алтай тілдік топтың түрік тобына жатады, өздерінің жазу-сызулары жоқ, қытай жазуын пайдаланады.

Тәжік ұлты. Тәжіктердің көбі Қытайда Тосқосқан тәжік автономиялық ауданында қоныстанған, басқа да Шачы, Эчин деген аудандарда қоныстанған. XI ғасырда буддизмнің орнына ислам дінін қабылдайды. Қытайдағы тәжіктер саны 34 мыңнан астам. Көбі малшаруашылығымен қосымша ауылшаруашылықты негіз етеді. Тәжіктердің көпшілігі таулы жерлерде өмір сүргендіктен, әдеби шығармалары бүркітпен көп байланыстырады. Қытайдағы тәжіктердің өзіндік ерекшеліктері, мәдениетті бар.

Өзбек ұлты. Өзбек ұлтының қалыптасуы XIV ғасырдың алғы жартысындағы сұлтан Мұхаммад Өзбекханның атымен байланысты. Шыңжаңдағы өзбектер Орта Азиядағы өзбек саудагерлерінің үрім-бұтақтары, Қытайдағы өзбектердің саны 15 мың, көбісі Қашқар, Іле, Хотан, Шачы деген жерлерде шашыраңқы қоныстанған. Бұл өзбектер XVII, XIX ғасырларда Шыңжаңға қоныс аударған, бұлар қоныс аударардан бұрын ислам дінін қабылдаған. Қытайдағы өзбектер төте жазуды пайдаланады, бұлар ұйғыр, қазақтардың ішінде шашыраңқы өмір сүргендіктен, ұйғыр немесе қазақ тілін пайдаланады.

Бауан ұлты. «Бауан» сөзі жердің аты, қазіргі Чинхай Тоңрын аймағы, тарихта бұл жерді «Бауан» деп атаған, бұлар негізі Юан патшалығы тұсында ислам дініне сенетін моңғол, түрік, дунген, тибеттіктермен, тағы басқа ұлттармен ұзақ уақыт араласып, ислам дін мен бауан тілін негіз етіп қалыптасқан ұлт. Бауан ұлтының көбісі егіншілікпен айналысады және қолөнер жағынан пышақ жасауға өте шебер. Бұлардың өздерінің жазу-сызулары жоқ, қытай жазуын пайдаланады.

Татар ұлты. Қытайдағы татарлар XIX ғасырдың соңында XX ғасырдың басында Кеңес Одағының билігі кезінде қоныс аударғандар. Бұлар Шыңжаңға қоныс аударар алдында ислам дінін қабылдаған. Қытайдағы татарлар саны 5000-нан астам, көбі Іле, Тарбағатай**,** Үрімші қаласында тұрады. Қалалы жердегі татарлар сауда немесе дәрігерлікпен айналысады, ал ауылды жерлерде ауылшаруашылықты негіз етеді. Татарлардың білімділік сапа жағынан Қытайдағы ұлттардың алдыңғы қатарына жатады. Қытайдағы татарлар аз болғандықтан, әрі шашыраңқы орналасқанына байланысты қазақ немесе ұйғыр жазуын қолданады [10].

2013 жылы Қытай Халық Республикасында тоғызыншы жалпыұлттық халық санағы жүргізілді. Бұл санақ нәтижесінде Шыңжаңдағы халық саны 22 миллион 915 мың 910 адамға тұрақтапты. Бұл жалпы мемлекет жан санының 1,8%-ын құрайды. Ұлттарға шағар болсақ, ұйғұр 46,84%; қытай 45,47%; қазақ 6,5%. Яғни, мұнда **1 миллион 418 мың 278 қазақ қандастарымыз өмір сүреді екен.**

Бүгінде Қытайда 30 мыңға таяу мешіт бар. Оларда 50 мыңға жуық имамдар мен ахундар қызмет етеді. Мұсылмандар шоғырланған ірі елді мекендердің барлығында дерлік Қытай Ислам қауымдастығының бөлімшелері болса, оларда

белгілі мұсылман қайраткерлері жұмыс жасайды. Олардың кейбірі әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік қызмет лауазымдарында.

Қытайдағы ислам дінін қабылдаған аз ұлттардың өзара ынтымақтастықта бірге өмір сүруіне ислам мәдениеті өзінің игі әсерін тигізіп келеді. Қытайдағы мұсылмандар Қытай тарихи сахнасында маңызды рөлдер атқарып келеді. Ислам діні этникалық топтардың өзара сұхбаттастығын қамтамасыз етуші құндылық деуге толық негіз бар [11].

Әдебиеттер

1 米寿江，《中国伊斯兰教简史》，宗教文化出版社 2000年10月– 24 б.
2 米寿江，《中国伊斯兰教简史》，宗教文化出版社2000年10月– 190 б.
3 Тортаев С.Ә. Орта ғасырдағы шығыс елдерінің тарихы, 108 б.
4 长城与民族 ，来 源：长城百科全书2005-01-21 // www.xinhuanet.com
5 陈中耀，《 阿拉伯哲学》，上海外语教育出版社 – 254 б.
6 陈中耀，《 阿拉伯哲学》，上海外语教育出版社 – 259 б.
7 Бидахмет Мұхайұлы. Төрт би төренің заң-ережелері // Алтай қаласының тарихи материалдары. – Алтай, 1998. – 2 кітап. – 305 б.
8 Қытайдағы аз санды ұлттар демографиясы. – Пекин, 1987. – № 2. – 82-92 бб.
9 Жаңа дәуірдегі діни қызмет мақалаларынан таңдамалылар. Қытайша. – Пекин: Діни мәдениет баспасы, 1995. – 386 б.
10 长城与民族 ，来 源：长城百科全书2005-01-21 // www.xinhuanet.com
11 米寿江，《中国伊斯兰教简史》，宗教文化出版社, 2000年10月. – 328 б.

References

1 Mi shou jiang, 《zhong guo yi si lan jiao jian shi》zong jiao wen hua chu ban she. 2000 nian10yue- s.24.
2 Mi shou jiang, 《zhong guo yi si lan jiao jian shi 》zong jiao wen hua chu ban she. 2000 nian10yue- s.190.
3 Tortaev S.A. Orta gasyrdagy shygys elderininig tarihy. 108 b.
4 Chang cheng wei min zu, lai yuan: chang cheng bai ke shuan shou 2005-01-21 // www.xinhuanet.com
5 Shen zhong yao《A la bo zhi xue》, shang hai wai yu jiao yu hua chu ban she– s.254.
6 Shen zhong yao《A la bo zhi xue》, shang hai wai yu jiao yu hua chu ban she– s.259.
7 Bidahmet Muhaiuly. Tort bi torining zang-erezheleri // Altai kalasynyng tarihi materialdary. – Altai, 1998. – 2 kitap. – 305 b.
8 Kytaidagy az sandy ulttar demographiasy. – Pekin, 1987. – № 2. – 82-92 bb.
9 Zhana dauirdegi dini kyzmet makalalarynan randamalylar. Kytaisha. - Pekin: Dini madeniet baspasy, 1995. – 386 p.
10 Chang cheng wei min zu, lai yuan: chang cheng bai ke shuan shou 2005-01-21 // www.xinhuanet.com
11 Mi shou jiang, 《zhong guo yi si lan jiao jian shi》zong jiao wen hua chu ban she. 2000 nian10yue. – S.328.

Қазіргі заманғы көркем өнер өмірді философиялық тұрғыдан түсінумен тығыз байланысты. Заманымыздағы көркем әдебиет, театрлық жүйелер, бейнелеу түрлерінің көптігінде қазақ өнері халқымыздың эпикалық мұраларымен шектелмей, заманауи тақырыптарды да көрсетуге ұмтылуда. Бұл қазіргі қазақ өнеріндегі жаңашылдықты білдіреді.

Молдабеков Ж.Ж., Мантаева Т.С.

Нұрсұлтан Е., Еркебай А.С.

Қазақ сахнасындағы шетел пьесаларының бүгінгі интерпретациясы

Мақалада тәуелсіздік жылдары М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасында классикалық шетел драматургиясының қойылу деңгейі сараланады. Әр жыл-дары қойылған К. Гоццидің «Турандот ханшайым», Б. Брехттің «Тоғышардың тойы», Г. Ибсеннің «Бақытты болған емеспін», Г. Гауптманның «Ымырттағы махаббат», Н.В. Гогольдің «Пара», А.П. Чеховтың «Шағала» қойылымдары талданады. Драма авторы ұсынған идеямен режиссері ұсынған ой-тұжырым арқылы қойылымның концепциясы қарастырылады. Жаңа бағыт, жаңа мазмұн, жаңа бейнелер жасаудағы режиссерлердің соны сахналық шешімдері сөз болады. Сондай-ақ, кейіпкер сомдаудағы актерлердің шеберлік деңгейі нақты мысалдармен дәлелденеді. Режиссерлердің әлемдік классиканың бүгінгі интерпретациясын ұсынуы арқылы ұлттық театр өнерінің жаңа сатыға көтерілгені анықталды.

Түйін сөздер: театр, классика, драматургия, режиссер, актер, шетел пьесалары, қазақ сахнасы.

Nursultan Y., Yerkebay A.S.

Interpretation of foreign plays in Kazakh stage today

The article deals with the art of the Kazakh State Academic Drama Theater after M. Auezovsince independence. It includes analisis of performances of different years such as «Princess Turandot» by K. Gozzi, «Petty Bourgeois Wedding» B. Brecht, «Doll's House» H. Ibsen, and «Before Sunset» G. Gauptman, «The government inspector» by N.V. Gogol.

Key words: theater, classics, drama,director, actor, foreign plays, Kazakh stage.

Нурсултан Е., Еркебай А.С.

Современная интерпретация зарубежных пьес на казахской сцене

В статье рассматривается уровень постановок зарубежных пьес Казахского государственного академического театра драмы им. М. Ауэзова периода независимости. Анализируются спектакли разных лет, такие как «Принцесса Турандот» К. Гоцци, «Мещанская свадьба» Б. Брехта, «Кукольный дом» Г. Ибсена, «Перед заходом солнца» Г. Гауптмана, «Ревизор» Н.В. Гоголя, «Чайка» А.П. Чехова. Рассматривается концепция спектакля через идею автора и режиссерский замысел. Изучаются современные сценические решения режиссеров в создании новых направлений, содержании и образов. Также на точных примерах доказывается актерское мастерство в изображении персонажей. Определено, что через современную режиссерскую интерпритацию мировой классики повысился уровень национального театрального искусства.

Ключевые слова: зарубежные пьесы, казахская сцена, театр, классика, драматургия, режиссер, актер.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 792(574)

*[1]Нұрсұлтан Е., [2]Еркебай А.С.

[1]Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[2]М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: yeliknursultan@gmail.com

ҚАЗАҚ САХНАСЫНДАҒЫ ШЕТЕЛ ПЬЕСАЛАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Классикалық аударма пьесалар қазақ театрлардың репертуарынан алғашқы ашылған күнінен бастап берік орын алған. Шетел классикасы режиссерлердің кәсіби шыңдалуына жол ашып қоймай, сондай-ақ актерлердің шеберлігінің өсіп қалыптасуына, сахналық өнер биігіне көтерілуіне ерекше ықпал етеді.

М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасында тәуелсіздік жылдары әлемдік классикаға деген қызығушылық арта түсті. Софоклдың «Эдип патша», Шекспирдің «Кариолан», «Асауға тұсау», «Гамлет», «Ромео мен Джульетта», Мольердің «Ақымақ болған басым-ай», К. Гоццидің «Турандот ханшайым», Н.В. Гогольдің «Ревизор», «Үйлену», А.П. Чеховтың «Шағала», «Апалы-сіңлілі үшеу» қойылымдары ұлттық режиссерлеріміз бен актерлік шеберліктің жоғары деңгейде дамып жатқанын байқатты.

XVIII ғасырда өмір сүрген итальяндық драматургі Карло Гоццидің театр сахнасына арнап жазған ертегілерінің бірі – «Турандот ханшайым» фьябасы талай театрдың сахнасында қойылды. Автордың алдына қойған мақсаты – итальяндық қайта өрлеу дәуіріндегі дель арте комедиясындағы маскаларды қайта жандандыру. Ол халықтық импровизация арқылы актерлік өнерді көркейте отырып, көрермендерге дәстүрлі жолды үлгі тұтқан.

«Турандот ханшайым» М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасына 1994 жылы шықты. Осындай думанды қойылымды Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясындағы Т. Жаманқұлов шеберханасының бітіруші түлектері жаңа серпінмен, жастық жігермен ойнап, театр репертуарында жиырма жылға жуық тұрақтады. Режиссер Тұңғышбай Жаманқұлов Гоцидің шығармасын бүгінгі күнге лайықты етіп қойып, қазіргі заманға сай өзіндік интерпретация енгізіп, атақты итальяндық дель арте комедиясының кейіпкерлерінің қатысуымен өтіп жатқан қытай ертегісінің желісін бұзбай, импровизация тәсілін көрермендерге паш етті.

Сұлу да ақылды, бірақ қыңыр мінезді Қытай императорының қызы Турандотты – Д. Жүсіп нанымды бейнеледі. Оның бойында қаншама жігіттердің басын айналдырған ажарлы кескін-

келбет пен бет-әлпет, ізеттілік пен инабаттылық, сонымен қатар хан қызына лайық айбарлы мінез, өжеттілік те бар. Ал Калафтың Турандотқа деген құштарлығы мен сүйіспеншілігі, өзін қоршаған ортаны тек қана өзінің махаббатқа толы жүрегімен, жанды сезімімен ішкі тебіреніспен қабылдайтын қасиеттері актер Е.Біләловтың ойынында көрінді.

Кезінде, «Турандот ханшайым» ертегісін 1922 жылы Мәскеу Көркем театрының үшінші студиясында орыстың танымал режиссері Евгений Вахтангов әлемдік деңгейде қойған еді. Бұл спектакльдің табысты болуының себебі режиссер қойылымның сыртқы формасын театрландыра білген. Ол сахнаға арналған ертегіні автордың мәтіндік негізінде шығарып қана қоймай, «Турандот ханшайым» фьябасын қиялдық негізіндегі реализм ретінде бейнелеген. Е.Вахтангов спектакльдің көркемдік деңгейін бірқалыпты ұстап тұруы үшін көрермендерге ертегілік көңіл күйді сыйлаған. Режиссердің трактовкасы салтанатты той-думан ретінде шешілген. Е. Вахтанговтың қойылымының шынайы ертегі іспеттес болуына, К.С. Станиславскийдің ұшқыр ойлы ұсыныстары көп әсер еткен екен. Оның қойған басты мақсаты – көрермендер өздерін театрда екенін ұмытып, кейіпкерлердің арасында жүргендей сезіндіруге күш жұмсады. Вахтанговтың шығармашылығын зерттеген Ю.А. Смиронов Несвицкий: «Драматизм в «Турандот» снимался иронией, тут же восстанавливался в своих правах, чтобы в следующем эпизоде сново обернуться шутливой игрой. Бесконечная смена красок, чувств, состояний, приемов – и при этом ощущение поразительной стройности, гармоничности спектакля» [1. 225] – деп қойылымға жоғары баға берген. Бұл сөздерді М. Әуезов атындағы драма театрының қойылымына да қатысты қолдануға болады. Бірақ, Т. Жаманқұловтың режиссерлік трактовкасында жетістіктерімен қатар кемшіліктері де көрініп жатты. Оны біз Е.Вахтанговтың режиссерлік қиял жүйріктігімен салыстыра қарасақ, көрермендерге ертегілік атмосфера жағы әлі де толық сезілмеді. Режиссер думанды қойылымды бүгінгі заманға лайықты етемін деп, керексіз сөздерді көп қосқан. Әсіресе маскалардың бір-бірімен диалогы кезіндегі пьеса мәтінінен тыс тұрмыстық сөйлемдер құлаққа жағымсыз естілді. Осыдан спектакльдің жанрлық жағы әлсіреген. Осы спектакль жайында кезінде театр сыншысы С.Д. Қабдиева: «…Гоццидің «Турандот ханшайымын» (режиссері Т. Әл-Тарази) жеңіл-желпі интерпретациялануынан, актерлердің эстрадалық «Тамашаға» тән әдістер мен дағдыларды теріс пайдалануының салдарынан өзіндік даралығынан айрылып, бұрыннан әбден белгілі, сан жүз тираждалғандықтан да мезі етерліктей амплуалардан айналшықтап шыға алмай қалуынан да көрінеді. Бұл – қанша жерден классиканы бүгінгі күн тұрғысынан өзінше оқу немесе көрермен үшін думан деген күннің өзінде кәсіби театрға жараспайтын тенденция» [2.3] – деп айтып кеткен. Біз бұл пікірге толығымен қосыламыз. Әйткенмен де, бұл қойылымның жасы ұзақ болды. Жоғарыда театр сыншысы айтып кеткен кемшіліктер қазақ көрерменін үшін керісінше үлкен қызығушылық тудырды.

М. Метерлинктің «Соқырлар», Б. Шоудың «Бақытты болған емеспін» («Қуыршақ үй»), Ф. Кафканың «Құбылыс», Б. Брехттің «Тоғышардың тойы», Г. Гауптманның «Ымырттағы махаббат» («Күн батар алдында»), т.б. сынды ХХ ғасырдың зиялы өкіліне өзіндік философиялық ой-толғамдарымен, көтерген тақырыптарының өзектілігімен әсер еткен жазушылардың шығармалары да тәуелсіздік жылдары қазақ театрының репертуарынан өз орнын алды.

Қазіргі театр – өмір шындығын терең бойлап көрсетеді. Осының бір айғағы деп атақты неміс драматургі Бертольд Брехттің «Тоғышардың тойы» комедиясын айтуға болады. Осыған дейінгі спектакльдерінде тосын жаңалықтарға толы, жаңа форманы, жаңа заман тақырыбын іздеуші болып көрінген Болат Атабаев бұл қойылымында да тұрмыс пен жеке адамдар арасындағы нақтылықты егжей-тегжейлі суреттеп қана қоймай, дүниенің конфликтісінің маңызын шығаруға баса көңіл бөледі.

Кезінде Брехт өз драматургиясын эмоционалды емес, интеллектуалды, көрерменін ермектеуге емес, ойлануға шақыратын драматургия деп шешкен еді. Режиссердің мақсаты – немқұрайдылық пен түсінбеушілікті көрсету. Спектакль бойы біздің алдымыздан қажыған және рухани жарымжан, кей-кездері тіпті сүйкімсіз кейіпкерлер шығады. Режиссер оларды шетінен әлсіз, мейірімсіз, қатыгез, ақылсыз адамдар ретінде шығарған. Монтанылық пен жалғаншылыққа, көрер көзге ғана тақуалық құлыққа толы, ал оның артында жатқан жалғандықты, салмақты да маңғаз той-думанды суреттеу арқылы шығарманың көркем-идеялық мазмұнын ашуға ұмтылған режиссер спектакльді қазақ көрермендерінің ұғым-түсінігіне лайықтап, қазақы әзіл-қалжыңды да қосқан. Осыған байланысты белгілі театртанушы ғалым Б. Құндақбайұлы: «Сахнадағы «немістер»

қазақша өлең-жыр айтып, домбыра тартатын «шеберлігінің» үстіне, кейбір кейіпкерлердің «қазаққа» айналып кетуі былай тұрсын, олардың әркеттері мен қимыл қозғалыстарында қисын жоқ. Қойылым бастан аяқ электикаға құрылған. Авторды елемеу, оның шығармашылық мұрат мақсатымен есептеспей – өзінің ыңғайына бұрып алу – бұл режиссердің жұмыстарында кездесіп тұратын құбылыс» [3. 257] – деп режиссердің пьесаға қазақи интерпретация бергенін қатты сынға алды. Бірақ, пьеса оқиғалары бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған күндердің оқиғаларымен үндесіп жатқандықтан қойылым көрерменге ерсі болып көрінбеді. Орындаушылардың барлығы режиссер ой-тұжырымының сахналық желісіне бағындырылып, белгілі бір мақсатты әрекет ауқымында ұйымдасқан. Қысқасы, өмірдің қайырымсыздығы мен сүйкімсіздігі Болат Атабаев қойған «Тоғышардың тойы» спектаклінің арқауы болды. Режиссердің басты мақсаты – бүгінгі тоғышарлықтың бет-бейнесін ашу.

2000 жылы М. Әуезов атындағы академиялық драма театры сахнасында норвегиялық драматург Генрих Ибсеннің «Қуыршақ үй» атты әлемге танымал драмасы қойылды. Бұл спектакльдің қоюшы режиссері Қайрат Сүгірбеков. Ол бір елдің әдет-салтын көрсетуді мақсат тұтпай, драмадағы психологизмді ашуды көздеді. Адам баласына тән жан сипатын, мінез бітімін тереңдетіп көрсетуді алға ұстады. «Қуыршақ үй» бұрын талай рет әлем сахналарында қойылып, авторды атақ-даңққа бөлеген шығарма. Бұл пьесаның мазмұны бір буржуазиялық отбасының төңірегінде өткенімен де, оның идеясы отбасылық психологиялық драмадан әлдеқайда жоғары.

Нора өмір бойы өзін жақсы көрген күйеуінен сыр бүгіп келеді. Өтірігі ашылған кезде күйеуі Хельмердің қара ниет, қорқақ болып шыққаны Нора үшін үлкен соққы болады. Ақырында, өзіне, өзінің әлеуметтік жағдайына, материалдық пошымына кесірі тимесе, бәрін кешіруге дайын болған Хельмерді енді Нора кешіре алмайды. Қуыршақ қыз, қуыршақ әйел, қуыршақ үй болудан Нора бас тартып үйін, күйеуі мен үш баласын тастап кетуге мәжбүр болады.

«Қуыршақ үй» – өте күрделі психологиялық драма, бұнда актерлар ойынында үлкен сезімталдықты, бір-біріне түсінушілікті талап етеді. «Спектакльде күрделі мизансценалар болған жоқ. Оқиға кейіпкерлер арасындағы психологиялық арпалысқа құрылып, адамдық құндылықтардың мәні туралы ойлар қозғалды» [4.490] – деп өнертану докторы Б. Нұрпейіс айтқандай Қ. Сүгірбековтың режиссурасы терең психологизмге құрылып, кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесін ашуға бағытталған. Бұл әсіресе актриса Қ. Тілеуованың жұмысынан айқын байқалды. Күйеуін аурудан құтқару үшін өтірікке баруға мәжбүр болып, қарызданып емдетіп, талай жылдар бойы ешкімге білдіртпей ақша төлеп жүріп, қоршаған айналасындағыларға әдемі, әрқашанда қуанышты, тәтті мен көйлектерден басқа ештеңкені ойламайтын әйел ретінде көрінетін «қуыршақ» Нораның бар болмысын Қ.Тілеуова өте терең суреттеген.

Өмірден ерте кеткен дарынды режиссер Қайрат Сүгірбековтың мұның алдында қазақ сахнасында қойылмаған Г.Ибсеннің «Қуыршақ үй» сынды күрделі дүниені сахнаға шығаруы ұлттық театр өнері үшін үлкен мәдени жаңалық болды.

Неміс драматургі, Нобель сыйлығының лауреаты Герхардт Гауптманның «Күн батар алдында» пьесасын театр 2002 жылы сахналады. Қалиқан Ысқақтың аудармасымен, Рубен Андриасянның режиссурасымен қойылған бұл спектакльдің сахналық ғұмыры ұзақ болды.

«Семейная история читается как смена эпох. Семья Клаузенов – своеобразная модель современной Гауптману Германии, в которой филистерская среда уже в 1920-е годы обнаружила явную склонность к грубой силе, а в начале 1930-х позволила ей прийти к власти» [5. 95] – деп жазушының шығармашылығын зерттеген И. Холмогорова айтқандай, пьесаның оқиғасы отызыншы жылдардың басындағы қоғам өмірінің іріп-шіруі арқылы Германияда үкімет басына фашизмнің келуіне себепкер болған жағдайлардың алғашқы кездерін меңзейді. Екі ұл мен екі қызды өсіріп жеткізген құпия кеңесшінің соңғы күндері, арман тұтқан балаларынан көңілінің қалуы Г.Гауптманның өзінің ішкі сезімдерін, пьеса жазылған уақыттағы саяси өзгерістерді сипаттайды. Жетпістегі шал мен жиырмадағы жас қыздың махаббаты – тартысқа жетелер ілгек қана. Негізінде, дүниеқоңыздық пен көрсеқызарлықтан туған қаскөйлік, адамдардың азғындап кеткені шығарманың арқауы.

КСРО халық артисі Асанәлі Әшімов Маттиас Клаузеннің ролімен актерлік даралығын айқындайтын бейне жасады. Клаузеннің психологиялық толғаныстарымен бірге, актер оның қимыл-қозғалыстарын, мимикасын, сырт пішінін де қарастырған. Бастапқы Инкенмен бақытты болған сахналарда жүріс-тұрысы ширақ, сөзге мығым, өмірге деген құштарлығы

мол егде жастағы адамды көреміз. Бүкіл саналы ғұмырын отбасына, балаларына және ең бастысы жұмысына арнаған Клаузен енді өзі үшін өмір сүргісі келеді. Бірақ балалары оған ондай мүмкіндікті бермейді. Ол жеңіледі. Соңғы сахнада шаршаған, қалжыраған шалды көреміз. Егер Гауптманның Клаузені алапауыт фашизмнің арқасында ғасырлар бойы қалыптасқан ұлы неміс мәдениетінің құлауының символы болса, Асанәлі Әшімовтың Клаузені де бір кезеңнің аяқталып (әлеуметтік мағынада – «кеңес дәуірінің») басқа, жаңа кезеңнің келуін көрсетіп тұр. «Асанәлі жасаған бейне психологиялық һәм философиялық мән-мазмұндылығымен, сахналық ауқымының кеңдігімен дараланған. Ол жасаған Матиас Клаузен зұлымдық пен әділетсіздікке, жамандыққа қарсы күрескер болып көрінді. Мұнда кейіпкердің ішкі әлемі мен сыртқы пластикалық үлгісі сай шыққан. Сахналық әрекеттің негізі сөз десек, Асанәлі мұны толық меңгерген. Дауыс, үн, ырғақ бәрі де сахнадан айтылатын сөздің астарын ашуға, кейіпкердің өзіне ғана тән мінезін ашып сипаттауға бағындырылған» [6, 303 б.] – деп Б.Құндақбайұлы актердің шеберлігін жоғары бағалады.

«Ымырттағы махаббат» қойылымында Р. Андриасян шығарманың сахналық ауқымын кеңейтіп, өмір болмысын тарихи шындық тұрғысынан суреттеуге театрлық бейнелеу тәсілдерін молынан қолдануға ұмтылған. Жеке бастың тағдыры әлеуметтік құбылыстармен үйлесім тауып, дәуір сипаты мен тынысын айқындай түскен. Әрбір кейіпкер характерінің даралығын ашумен бірге, режиссер көпшілік көріністеріне, қойылымның өзіндік сахналық үлгісіне жете көңіл аударған.

Қазақ театрының ашылған күннен бастап орыс драматургиясын өз репертуарынан үзбей қойып келеді. Н.В. Гоголь, А.Н. Островский, А.П. Чехов шығармаларының бүгінгі әлемдік, соның ішінде орыс режиссурасының жаңаша интерпретациялау ерекшеліктерін ескерсек, ұлттық театрларымыздың олардың шығармаларына бүгінгі күннің талабымен келуі, жаңа шешімдерді іздестіруі қуантарлық жағдай.

Орыстың жазушысы Николай Васильевич Гогольдің «Ревизоры» жазылған күнінен бастап сахна төрінен түспей келе жатқан шығармалардың бірі. Қазақ сахнасында 1936, 1940, 1943, 1952, 1979 жылдары түрлі режиссурамен қойылған бұл пьесаға Қазақтың Мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театры 2002 жылы «Пара» деген атпен қайта оралды. Н.В. Гоголь XIX ғасырда Ресей қоғамында өткен келеңсіз оқиғаларды бір пьесаға тұтас сыйғызып, өз дәуірінің кемшілігін сатиралық тұрғыда бүкпесіз жайып салған. Осындай бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі – парақорлық пен жемқорлық сияқты ескірмес тақырыпқа құрылған атақты орыс жазушысының бұл туындысы қалың қазақ көрерменін де елең еткізді. Режиссер Е. Обаев қойылымның атын «Пара» деп өзгерткенін біреулер бүгінгі заман тынысы деп қабылдаса, екіншілер драматургиялық идеяға нұқсан келтірілді деп қарсы болғандар да болды. Мәселен, өнертану докторы Б. Құндақбайұлы: «... «Пара» деген сөздің мән-мағынасы, ауқымы «Ревизор» сөзінен әлеуметтік жағынан әлдеқайда олқы жатыр. Пара жеке адамдардың әрекетімен шектелсе, ревизор, ревизия деген ұғым әрекеті тұтас мекемені, регионды қамтиды ғой» [6, 305 б.]– деп өз ойын түсіндірді.Шынында да, қойылымдағы Хлестаковқа пара беру сахнасы тым қарабайыр қалыпта шешілген. Ревизорға пара беріп жатқан кейіпкерлер күндерін көру үшін жағымпазданып жүрген адамдар қатарынан аспай қалған. Режиссер бұл сахналарда тым болмаса пара берудің әртүрлі тәсілдерін ойлап таппаған. Әрине, бүгінгі таңда пара – қоғамда орын алған көп былықтарымыздың бірі. Бірақ режиссер Дуанбасы сияқты ел басқарып отырған адамдардың арамдығын, надандығын, сондай-ақ, Хлестаковтай «ұшарын жел, қонарын сай» білетін таяз ойлайтын, өтірікшілер мен алаяқтар жайлаған қоғам қасіретін ашудың жолдарын қарастырса көп ұтар еді. Дегенмен де, театр сыншысы жалпы қойылымның сыртқы пішіні мен режиссерлік шешімін құптады. Бұған: «Режиссер, бірақ, өзіндік жол іздеген, бұрынғы үлгілерден, ескі дәстүрден кетуге ұмтылған; спектакль мейлінше бүгінгілік, комедияның мазмұнын ашып тұр. Қойылымның сахналық шешім үлгісі бүгінгі күнге сай» [7] – деген Б. Құндақбайұлының сөздері дәлел.

Қойылымның барлық кейіпкерлері бірегей бейнеге айналып, характер даралықтары ашылған. Солардың ішінде, барлық оқиғаның ұйтқысы болған Хлестаков ролін Д. Ақмолда шебер меңгерген. Актер тым ұшқалақ, бармақпен басып қалсаң, шыбындай мыжылатын елпілдек, суайт Хлестаковтың бейнесін өз кейіпкеріне сай жасады. Сондай-ақ, Дуанбасының ішкі әлеміне терең үңілген актер О. Кенебаев ревизордың алдында денесі қалшылдап, аяғы дірілдеп, булығу сәттерін нанымды жеткізе білген.

Қойылымда әйел бейнелерін жасаған Рахилям Машурова (Анна Андреевна) мен Шынар

Асқарова (Марья Антоновна) ойындары сәтті шыққан. Р.Машурованың кейіпкері әйел затына сай сезімталдық пен сыпайылық қасиеттерді игерсе, Марья Антоновнаны Ш.Асқарова нағыз жеңілтек мінезді, сезімге берілгіш, әсершіл жас қыз қырынан танытқан.

Спектакльде режиссерлік шешімінен бастап, жеке кейіпкерлерге берген ой-тұжырымына дейін режиссер өзінше бір көркемдік, танымдық тұрғыдан келген. Сахна төрін тұтас алып жатқан көпір іспеттес баспалдақ Дуанбасы сарайының сипатын көрсететін қисынды декорация. Режиссер мен суретшінің ой-мақсатынан туындаған осы қисынды сахналық шешім актерлердің әрекет жасауына ыңғайлы алынипты. Осыған орай комедия оқиғасы үйлесімді дамып, актерлер импровизация әдісін орынды қолданған.

Автор мен режиссер жағымсыз кейіпкерлердің барлық зымияндығын, қоғамның іріп-шіріген қоңсы иісін көрсете отырып, «жалақорлық пен әділетсіздіктен жиіркенген адам осындай жексұрын әрекеттерге бармас» дегенді меңзейді.

Шетелдік классиканы қою режиссерден қиял көкжиегінің кеңдігін, білім тереңдігін талап етеді. Түрлі ізденістерге баруға жол ашады. Жоғарыда айтылған қойылымдарды сахнаға шығарған Т. Жаманқұлов, Б. Атабаев, Қ. Сүгірбеков, Р. Андриасян, Е. Обаев өз режиссерлік ой-тұжырымын, шеберліктерін көрсете алды.

Әдебиеттер

1 Смиронов-Несвицкий Ю.А. Евгений Вахтангов. – Л.: Искусство, 1987. – 248 с.
2 Қабдиева С. Қазақ театры өзгерістер қарсаңында ма? //Қазақ әдебиеті. – 4.2.2000. – 3б.
3 Құндақбайұлы Б. Заман және театр өнері. – Алматы: Өнер, 2001. – 520 б.
4 Нұрпейіс Б. Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915 – 2005): Монография. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 520 б.
5 Холмогорова И. Герхарт Гауптман: Драма заката. – М.: ГИТИС, 2012. – 224 с.
6 Құндақбайұлы Б. Театр туралы толғаныстар. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2006. – 320 б.
7 Бөпежанова Ә. Гоголь – қазақ сахнасында // «Алтын орда». – 14.06.2002.

References

1 Smironov-Nesvitskyi Y.A. Eugene Vakhtangov – L.: Art, 1987. – 248 p.
2 Kabdieva S. «Is Kazakh Theatre about to change?» //Kazakh Adebieti. – 4.2.2000. – 3p.
3 Kundakbayuly B. The time and theatre art. / – Almaty: Art, 2001 – 520p.
4 Nurpeis B. The establishment and development periodof Kazakh theatre (stage) directors (1915 – 2005): Monograph. – Almaty: «Karatau BT» JSC, «Tradition», 2014. – 520 p.
5 Kholmogorova I. Gerhart Gauptman: The drama sunset. – M.: ГИТИС, 2012. – 224 p.
6 Kundakbayuly B. Thoughts on Theatre. – Almaty: «Art», 2006. – 320 p.
7 Bopezhanova A. Gogol – on Kazakh stage // «Алтын орда». – 14.06.2002.

Омирбекова А.О.,
Кантарбаева Ж.У.

Қазіргі мәдениеттегі ұлттық құндылықтар мәселесі

Қазіргі жаһандану үрдісі кең өріс жайып жатқан кезде біздің тәуелсіздік екпінімен жаңадан қадам жасап келе жатқан мемлекетіміздің беталысын айқындау қажеттілігі туындады. Осы тұста дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттердің саясиэкономикалық іс-әрекеттері ғана емес, сонымен қатар өмір салты да үлгіге айналып бара жатқандығын байқау қиын емес. Ал басқа мәдени үлгілердің енуі бұқаралық санаға кері ықпал етіп, ұлттық құндылықтарды шайқалтуы мүмкін. Авторлар мақалада осы мәселені жан-жақты қарастырып, түйінді идея ретінде жаһандануды терістеу емес, оның кереғар ықпалдарын анықтау, батыстандыру деп батыс үлгілерін жоққа шығару емес, тек өзіндік ерекшелікті сақтай отырып, батыс мәдениетімен сұхбатты қалыптастыру, бұқаралық ақпарат құралдарының бұқаралық санаға әсер ету мүмкіншіліктерін анықтай отырып, оны ұлттық рухты көтеруге және ұлттық идеяны жаңғыртуға бағыттау, рухани адамгершіліктік құндылықтарды насихаттап, техниканың мүмкіншіліктерін дұрыс жолда игеру идеясын ұсынады.

Түйін сөздер: қазіргі мәдениет, құндылық, бұқаралық сана, жаһандану, ұлттық өзіндік сана, ұлттық рух, ұлттық идея.

Omirbekova A.O.,
Kantarbaeva Zh.U.

The problem of national values in contemporary culture

This article considers the problem of the spreading of the process of globalization, which was reflected not only in the political and economic spheres of human life, but also directly touched the spiritual world of modern man. Political and economic achievements of the most developed countries not only have influence, but their lifestyle is becoming a role model. The effect of other cultural samples on the mass consciousness can lead to the transformation of national moral values. The authors всесторенне considering this issue, offer their concluding ideas: no denial of globalization, and the definition of its negative influence; not the negation of all the Western samples (Westernization), but by keeping the originality (identity) to establish a dialogue with the Western culture; identifying ways of influence of the media on the formation of mass consciousness, to direct their activity on revival of a national idea.

Ключевые слова: contemporary culture, value, mass consciousness, national self-identity, globalization, national spirit, national idea.

Омирбекова А.О.,
Кантарбаева Ж.У.

Проблема национальных ценностей в современной культуре

В данной статье рассматривается проблема распостранения процесса глобализации, которая отразилась не только в политической и экономической сферах жизнедеятельности человека, но и непосредственно задела духовный мир современного человека. Политико-экономические достижения наиболее развитых стран не только имеют влияние, но и становятся примером. Влияние чужих культурных образцов на массовое сознание может привести к трансформации нравственных национальных ценностей. Авторы, всесторенне рассматривая данную проблему, предлагают свои заключительные идеи: не отрицание глобализации, а определение ее негативного влияния; не отрицание всех западных образцов (вестернизации), а сохранение своеобразия (самобытность), налаживание диалога с западной культурой; определив возможности влияния средств массовой информации на формирование массового сознания, направить их деятельность на возрождение национальной идеи.

Ключевые слова: современная культура, ценности, массовое сознание, национальное самосознание, глобализация, национальный дух, национальная идея.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 130.2

***Өмірбекова Ә.Ө., Қаңтарбаева Ж.У.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: aliaomirbek@mail.ru

ҚАЗІРГІ МӘДЕНИЕТТЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі әртүрлі пиғылдар мен мәдени үлгілер тайталасып жатқан аумалы төкпелі, жанталасқан заманда руханилық мәселесі алдағы қатарға шығып отыр. Қазақ руханилығының негізі Адамға деген көзқарастан өрбіп отырады. Өйткені, қазіргі қоғам үшін Адам емес, оның қызметі, мүмкіндігі, іс-әрекет икемділігі, қабілеттілігі қажет. Міне осы арада, осындай дүниетанымдық бағыт пен бағдарламада халықтың рухани мәдениеті мен қазіргі замандағы рухани жұтаңдық арасындағы қайшылық өрбиді. Бұл қайшылықтың, бұл қарама-қарсылықтың түп негізі – Адамға деген көзқарас болып табылады. Қазақ халқының рухани мәдениетінде Адам аса жоғары бағаланады, оның жеке басының қадір қасиеті ерекше марапатталады, ал қазіргі заманда адам әртүрлі байлықтарды өндіретін құрал ғана. Шын мәнінде, адам құрал емес, дүниені өзгертуші, жасаушы, барлық жақсылықтың қайнар көзі. Адам мәдениет пен өркениетті дүниеге келтірді, олар дамыған сайын өзі де дамыды, рухани пісіп жетілді. Тәуелсіздікке қол жеткізгенімен қазақ халқының қалыптасу жолындағы сындарлы кезеңдері әлі де болса аяқтала қойған жоқ. Жаһандану үдерісінің шеңберінде кең тараған, батыстандыру легімен қазіргі қоғамда белең алған бұқаралық мәдениет бүгінгі күні қоғамдық санаға өз ықпалын тигізбей қоймады. Соның нәтижесі ретінде өзіндік санаға қайшы келетін, әлемдік стандарттау мен біркелкілендіруге негізделген бұқаралық сана қазақ қоғамында белгілі бір әлеуметтік ықпалға ие бола бастады. Біркелкілікті, бірөлшемділікті меңзейтін бұл үдеріс бұқаралық санада өзіндік ойлау ерекшелігін, тілдік және ділдік өзіндік белгілер мен тарихи тағылымдарды толығымен өшіруге бағытталған.

XXI ғасыр қазіргі заманғы адамзат алдында бірқатар мүмкіншіліктер ашуымен бірге, жаңа қиындықтар да туғызып отыр. Сондықтан біздің міндетіміз – өткен ғасыр саясатындағы шешімдердің дұрысы мен бұрысын саралап, ескі қателіктерге бой алдырмауға талпыну. Жалпы, XX ғасыр көптеген қайшылықтарға толы, игілігі мен келеңсіздіктері қатар жүрген ғасыр болды. Бұл ғасырда қазақ қоғамы түбегейлі өзгерістерге ұшырап, жақсылықтар мен қиындықтарды бастан кешірді, яғни XX ғасыр қазақ халқы үшін сынақ ғасыры болды десек артық айтпаймыз. Себебі, бір жағынан, бодандық

бұғауы мен тоталитарлық жүйенің қыспағына түстік. Санамыздың, тіліміздің, дініміздің бойкүйездік күйге түсуі соның салдары. Ал, екінші жағынан, қазіргі уақытта бодандықтан арылған қазақ халқы жаңа қиындықтармен де бетпе-бет келіп отыр. Бұл қазіргі әлемді қамтыған жаһандану үдерістерінен туындайтын қиыншылықтар, яғни қазақ ұлты мен Қазақстан қоғамының алдында жаһандық толқынымен келіп жатқан батыстандыруға, стандартталған унификацияланған бұқаралық мәдениетке, бірқалыпты ойлау мен бұқаралық санаға төтеп беру және осындай ықпалдарға қарамастан өзіндік ерекшелігін сақтап қалу міндеті тұр.

Қазіргі заманның қалалық өмірінде көрініс табатын қандай да бір жағдайлардың, көзқарастардың, оқиғалардың жоғары белсенді өзгермелілігі құндылықтардың тұрақсыздығына алып келеді және бұл заманауи үрдіс болып тұрғандығын мойындауымыз керек. Мысалы, бүгін аса сұранысқа ие болып тұрған әуен, сән үлгілері, тұтыну заттары ертең-ақ қоғаммен ұмытылып, басқаларымен алмастырылып кетеді. Өйткені бұқара – үнемі қозғалыста болатын, бейнесіз күш. Ол тұрақтылықтан гөрі өзгермелілікке негізделген. Бұқаралық сана көп жағдайда қоғамда болып жатқан белгілі бір экономикалық-саяси дағдарыс, рухани күйзеліс кезінде ерекше көрініс табады. Қоғамдағы болып отыратын белгілі бір уақыттағы тұрақтылық пен тұрақсыздық адам болмысының өзгерісіне алып келеді. Осындай жағдайлардағы адам алдына қоятын шешім қабылдау талаптары немесе жауапкершілік жүктері өте ауыр болады. Осындай сынаққа қарамастан өзіндік «Менін» сақтап қалатындар кемде-кем. Материалдық игіліктерге тәуелді қазіргі заман адамы асқақтықтан гөрі пендешілікке бой алдырып, жат мәдениеттің жаулауына еріксіз түсіп отырады. «Бұнда кез келген тұрақтылық күмәнді, негізділік ескі, тәртіптілік пен принципиалдылық күлкілі болып саналады. Дүние құрылымы мен қоғамның релятивтілігі – міне, осылар бұқараның пайда болу сәтінен жасаған қоғамдық санадағы және дүниетанымдағы іргелі жетістігі болып табылады» [1, 31 б.]. Егер де, бұқаралық қоғам «басымдық танытатын бағдарлары мен ұстанымдары жалған құндылықтарды жоғары көтерсе, ауытқу (флуктация) жолына түссе, онда белгілі тарихи кезеңде көпшілік бұл құндылықтық жүйелердің шылауында болуы да мүмкін. Мәселен, біз қазір тұтынудың бағыты қоғамдық санадағы манипуляцияларға (жарнама, БАҚ-тың пайда іздеген қызметі, өнердің коммерцияланыуы) тәуелді болатын кезеңінде өмір сүріп отырмыз. Әсіресе бұл құбылыс жастардың дүниетанымына, ұстанымдарына барынша ықпалын тигізеді. Рухани қажеттіліктер бірқалыпты постмодерндік типте қалыптасып, талғам мен құндылық өзінің көркемдік әрқилылығын жоғалта бастады. Бұл кез келген ұлттық мәдениетке, азаматтық келбетке нұқсан келтіретін теріс үрдіс. Ал ол өз кезегінде бұқараның іс-әрекеті мен санасында релятивизмнің жүзеге асуына негіз болды. Тіпті бұл жерде релятивацияға барлығы түседі. З.Н. Исмағамбетованың пікірінше, «Медианың ықпалымен мәдени объектілердің трансформациясы, олардың симуляциялық, жасанды заттарға айналуы орын алып отырады, соңғылары индивидтер санасының трансформациясымен нәтижеленеді. Демек, релятивизмнің қалыптасуы қоғамның өзгеруі жағдайында, әлеуметтік-мәдени дағдарыс кездерінде, бұқаралық және ақпараттық феномендердің экспансиясы кезінде іске асады. Мұндай қызығушылықтары мен құндылықтары ығыстырылып жатқан жаңа мәдени кеңістікке кіру үдеріс индивид санасының «мутациясы» мәдени шок ретінде қабылданады» [2, 21 б.]. Демек, қазіргі қоғамда болып жатқан аса жоғары деңгейлі экономикалық, рухани, саяси, мәдени, сән өзгермелілігі болашаққа деген көзқарасқа күмән тудырып, құндылықтардың да тұрақсыздануымен ықпал етеді. Бұқаралық санада бүгінгі және қазіргі сәтпен рахат өмірін кешіп қалу пікірі орнайды. Бара-бара адам жаттандырылған сана-сезіммен өмір сүруге үйренеді немесе, басқа сөзбен айтқанда оның теріс жақтарын байқағысы, өзіндік жауапкершілікті мойнына алғысы келмейді. Бұл – бұқаралық санадағы құндылықтар релятивизмінің айқын формасы. Мысалы, бүгінгі күнде әділеттілік үшін күрес пен жұмыс орнын сақтап қалу сайысында, екіншісі бірінші орынға қойылады. Егер де ол қолайлы өмірге еш кедергі келтірмесе, әділеттілік үшін күрес белгілі бір әрекетке негізделеді. Сол сияқты құндылықтар бүгінде салыстырмалылығымен сипатталып, материалдық игіліктер өлшемімен өлшенеді. Бұл – қазіргі заманның ащы шындығы.

Әлеуметтік үлгілері мен жағдайларының жоғары деңгейдегі өзгермелігі, мысалы сән, саяси жүйелер, саяси жоспарлар, т.б. сенімсіздік, әділетсіздік сияқты сезімдердің пайда болуына ықпал етеді. Бұл қоғамда болашаққа үміт артылмайды, әркім «бүгінгі күнмен және осы сәтпен ғана өмір сүреді». Дегенмен қазіргі заман адамының өзгермелілікке (сәнге, техникалық жаңашылдықтарға, замана талабына) ілесе ал-

май қалуының өзі қорқыныш, үрей сезімдерін тудырады. Бейсаналылықтың белсенділігі мен ақыл-ойдың енжарлығы бұқаралық сананың тұрақсыздықтар мен күйзелістер кезінде өршіп, көпшілікті жаулауына әсер етеді. Қоғамдағы белгілі бір уақытта болатын тұрақтылық пен тұрақсыздық адам болмысының өзгерісіне де алып келеді. Қоғамдағы әлеуметтік құндылықтық қатынастар туралы Ғ.Ғ. Ақмамбетов былай деген еді: «...мораль арнайы әлеуметтік феномен ретінде қоғамдық болмыстың туындысы болып табылады және де қоғамның материалдық жағдайларының өзгеруіне байланысты оның адамгершіліктік санасы да өзгереді» [3, 52 б.]. Бұқара әлеуметтік институттарды, әлеуметтік қатынастарды және тіпті қоғамдық болмыстың негізін де толығымен өзгертуге қабілетті. Үнемі қозғалыста болатын, қайнап толқып қандай да бір өзгерісті қажет етіп тұратын бұқара дәстүр орныққан дәстүрлі қоғамды да өзгерте отырып, сол негіздің өзін ыдыратады, өзіндік құндылығынан айырады. Олар үшін тұрақтылықтан гөрі өзгермелілік, құндылықтардың замана талаптарына сай өзгеріп тұруы маңызды. Мұндай қоғамда барлығы салыстырмалы. Тіпті бұрын-соңды абсолютті болып есептелетін моральдық категориялар бүгінгі бұқаралық қоғамда салыстырмалы түрде қалады. Демек, құндылықтар да салыстырмалы-релятивтік өлшемдерге ие болуымен тұрақсыздықты сипаттайды.

Бұқара жағымсыз әсерімен қатар, жағымды жақтарымен де айқындалады. Қазіргі заманда дәстүрлі қоғамның құндылықтары мен бұқаралық мәдениет ықпалымен келген жаңашыл құндылықтар арасындағы бірқатар қайшылықтар байқалады. Өйткені қазіргі өркениет дәстүрлі консерватизммен, артта қалушылықпен ұштасады, ал жаңа толқынмен келіп жатқан жаңа құндылықтар тек бір сәттік болып табылады. Дегенмен, кейбір ғалымдардың (Э. Тоффлер, Масуда және т.б.) пікірінше, бұқаралық қоғамда таңдау мүмкіншілігі жоғары болғандықтан индивидтердің потенциалдық мүмкіншіліктері де дәстүрлі қоғамға қарағанда әлдеқайда жоғары. Өйткені бұқаралық қоғамда адам ақпаратты алуға және игеруге қабілетті болады. Сонымен қатар жалған мен ақиқат, игілік пен зұлымдық олардың сенімділігімен анықталады. Абсолютті құндылық ретінде бұл ұғымдардың бұқара үшін ешқандай маңызы жоқ, алайда егер қандай да бір пікірді игілікті ақиқат деп жарияласа, соған бұқара күмәнсіз сеніп, бар ынтасымен қызмет етеді. Тіпті бұл мұраттар үшін олар жан қиюға да дайын. Соқыр сенімнен құрылатын камикадзелардың іс-әрекетін осымен түсіндіруге болады.

Бұқаралық сана тарихи мұралар мен тарихи тағылымдарды ұмыт, жабулы қазан ретінде қалдыруға тырысады, өйткені онда қандай да бір ерекшеліктерді жоятын қалыпты, барлығына ортақ мәдениетті уағыздау орын алады. Қазіргі заманда мұндай «үлгілі» модель негізінде бұқаралық сана батыстық немесе американдық мәдениеттер орныққан. Бұқаралық сананың қалыптастыратын, тарихи мирасы жойылған ізгі дәстүрлері мен құндылықтары жоғалған мәңгүрттік типтегі адамдардың болашағы да бұлыңғыр. Тарихи тағылымның өшірілуі бұқаралық мәдениетке артылған міндет тәрізді. «Үшінші әлем» атымен таңбаланған экономикалық саяси әлеуметтік ахуалы әлсіз мемлекеттердің қай аға мемлекеттің жетегіне еру керектігін, оны қай үстем мемлекет қолдап, қайсысы шет қалуы дұрыс екені ашықтан-ашық таласқа түсе бастаған. Әлсіз ұлтты түрлі жаңашыл, заманауи, рухани-мәдени төңкерістердің эволюциялық сатысынан өткеріп, өздері секілді «мықты ұлттардың» өкілін жіберіп, тезірек жаңа деңгейге көтеру үшін жасалынып жатқан іс-әрекеттер жеткілікті. Жаһанданудың теріс жақтарының бұқаралық санаға қалай ықпал ететінін бір американдық генералдың басқа халықтарды жаулаудың «икемді жолы» жоспарынан үзінді келтіре отырып, байқаймыз: «... Біз олардың ұлттық құндылықтарын жалған құндылықтарға байқатпай ауыстырып жібереміз. Осы жалған құндылықтарға сендіреміз. Қалайша? Әдебиет, кино, театр адамның ең лас сезімдерін жариялап көрсететін болады. Адам санасына – тән ләззаты, зорлық-зомбылық, екіжүзділік, тойымсыздық секілді теріс қылықтарды насихаттайтын өнер туындыларын қолдап, қорғаймыз. Арсыздық пен ұятсыздық, өтірік пен сұрқиялық, маскүнемдік пен нашақорлық, сатқындық, өзге ұлтты иттің етінен жеккөрушілік сезімдерін өршітіп, өзінің сол ұлттың өкілі болғандығына намыстанып, бойында бірнеше ұлттың қаны бар ұлтсыз екеніне мақтанатындарды бірте-бірте байқатпай көтермелей түсеміз. Ал мұның адамдарды тұңғиыққа тартып әкететін иірім екенін сезген азшылықты көпшіліктің алдында масқаралап отырамыз»». Жан түршіктірер, қорқынышты жаулаудың бұл жоспары өкінішке қарай икемді түрде жүзеге асуда және оған жол беретін ұлттық қазығы әлсіз, рухы сөнген халықтар көбейе түсуде. Себебі тарихи қазығы, өткені жоқ халықты басқару әрі манипулизациялау оңай. Ол

белгілі бір көсемдер үшін я болмаса белгілі бір саяси мақсаттарды көздейтін басқа «өркениеті» дамып кеткен елдер үшін тиімді. Олардың икемді саясаты өткеннің қателіктерін бетке ұстай отырып, алдағы «жаңа, идеалды өмірді» уәде ететін қияли, мифтік сананы қалыптастыруды көздейді. Бұқаралық санада ұлттық ерекшелік те өшіріледі. Демек, ұлттық рух, ұлттық намыс деген ұғымдар бірқалыптылық пен біртектілікке негізделген бұқаралық қоғамда түкке тұрғысыз, бос сөздерге айналады. Ле Бон мұндай жағдай туралы былай деп жазады: «Бір-бірінен алшақтатылған мыңдаған индивидтер белгілі бір кезеңдерде күшті эмоциялардың немесе ұлы ұлттық оқиғалардың ықпалына бір уақытта түсуі мүмкін, сонымен де рухтанған тобырдың барлық белгілерін өз бойына сіңіреді. Тұтас бір халықтың өзі де белгілі бір ықпалдың негізінде тобырға айналады» [4, 24 б.]. Бұл көзқарасты Г. Маркузе өзінің «Бірөлшемді адам» атты еңбегінде, З. Фрейд «Бұқаралық психология және адамдық Менді талдау» еңбегінде құптаған болатын. Ал Г. Шиллер былай деп жазады: – «Манипуляцияның ең үлкен жетістігі батыстық дамуды индивидуализм философиясындағы еркіндік тілінің жалғыз дұрыс анықтамасы ретінде пайдалану болып табылады. Соның негізінде манипуляцияның барлық құрылымы орныққан» [5, 134 б.]. Манипуляцияға, я болмаса басқа жат қылықты мәдениеттің ықпалынан сақтайтын, иммунитет ретінде халықтық мәдениетті айтуға болады. Себебі, халықтық мәдениет ол тамыры тереңде жатқан мәдени үлгілерге, адамдардың мақсат-мұраттарына, табиғатпен, қоршаған ортамен үндестікке негізделген жоғары өнер түрлерінің жүзеге асуы болып табылады. Бұл жерде мәдени шығармашылық әрекет арқылы халықтардың ойлау бейнесі мен интеллектуалдық даму деңгейін, өмірге бейімделу мүмкіншіліктерін аңғаруға болады. Ал бұқаралық мәдениет адамдардың әлеуметтік-мәдени өмірінде көрініс табады. Оның төмендегідей негізгі белгілері бар: бұқаралық қоғамда адамдардың элементарлық тұтынушылық сұраныстарына өте жақын, мәдени туындылардың кең ауқымға тарап, көптеп таралымға түсуі және қарапайымдатылуы, ол түсінікті болып беріледі. Мысалы, халықтық мәдениет сол халықтың өмір салтын, ұлттық рухын, дүниетанымын сипаттайтын болса, бұқаралық мәдениет ешқандай интеллектуалдық жұмысты қажет етпейтін, басты қатырмайтын, эмоционалдық жоғарғы сезім күйін кешуді қажет етпейтін мәдени фактор болып табылады. Сонымен қатар халықтық мәдениеттің мәні рухани тәрбие ғана емес, ол өмірлік тәжірибеден жинақталған рухани және материалдық құндылықтарды болашақ ұрпаққа мирас ету, ұрпақпен ұрпақты жалғастыру болса, бұқаралық мәдениетте, керісінше, құндылықтар тым тұрақсыз, тез өзгереді және тіпті уақыт өте терістеліп те жатады. Онда тарихи тағылым мен мәдени мұраның ешқандай қажеті жоқ, ол қазір осы сәтте сезілетін фактор ғана. Өйткені, бұқаралық мәдениет пен бұқаралық өнерде көркемдік орта өсіп келе жатқан ұрпақтың қалыптасуына қажетті әсемдікті шынайы жүрекпен қабылдауына бағытталмайды және гуманизмге бағыттайтын нәрселер басқа аспектіден көрсетіледі. Мысалы, қазақи ұлттық киімдерді алатын болсақ, қарағанда көз тоймайтын әсемдіктің, еңбектің көрінісі болып табылатын бұл киімдер жүректе бір жылу сезімін ұялататын, адамзатқа мейірімділікті туғызатын болса, батыстық үлгідегі киімдер, керісінше қатыгездік пен прагматикалықты көрсетіп тұрады. Сол себептен де ұрпақтар арасындағы түсініспеушілік те қазіргі қоғамның үлкен тауқыметіне айналып отыр. Бұрынғы тарихи негіздері бар ұлттық эстетикалық қабылдауға сүйенетін ересек адамдардың дүниені қабылдаулары мүлдем басқа, ал қазіргі батыс үлгілерімен жүретін жастардың дүниеге деген көзқарасы мүлдем өзгеше болып келеді. Қазіргі біздің қоғамда заманауи үлгілердің негізінде батыстық немесе американдық мәдени ықпалдың көрінісі (киім үлгісі, шоу-бизнес, клиптік мәдениет) айқын байқалады. Ұлттық мәдениет рухани құндылықтарға иек артса, ал бұқаралық мәдениет нарықтық қатынастарға сүйенеді, яғни сатылмайтын нәрсенің ешқандай құны жоқ, ар, ұят, абырой, қайырымдылық сияқты категориялар кейінгі орынға ығыстырылып, оның орнын ақша, байлық, капитал басады. Сондықтан да халық **әлемдік мәдениет құндылықтарын игеруге** уақыт пен күш-қуатын жұмсағаннан гөрі, қазіргі техногендік өркениет ықпалындағы өзінің ыңғайлылығымен, **қолайлылығымен, игеруге** деген жеңілдігімен және тиімділігімен айқындалатын тұтынушылық шоу мәдениетімен қанағаттанады. Яғни, «нарықтық қатынастар ұлт психологиясына менталитетіне елеулі әсерлерін тигізуде. Нарық қатынастары психологиясының әсерінің өрістеуінің арқасында және адамның адамгершілік, ізгілік сияқты қасиеттерінің заттануы, ұлттық этиканың орнына құбылмалы, ыңғайлы этиканың келуі жағымсыз жағдайларға, құбылыстарға итермелеуі мүмкін. Нарық кезінде ұлтымыздың рухани өміріне мән берілмесе

ұлтымыздың моральдық-этикалық келбетінен айырылып қалуы мүмкін. Сол себепті ұлттың моральдық деградацияға түсуіне жол берілмеуі керек. Сапаның адамдарды дарақылық пен тоқмейсушілікке, арзан, жылтырақ тіршілік өмірге әкелуі мүмкін» [6, 118 б.]. Сонымен қатар, «бұқаралық мәдениет консьюмеризммен тығыз байланысты болғандықтан тауарлы фетишизмді насихаттайды.

Бұқаралық ақпарат құралдары бұрынғы дәстүрлі мәдени қоңдырғыларды идеологиясыздандыруға байланысты пайда болған кеңістік мәні мен мазмұны коммерциялық негізге құрылған видеотекалар мен жарнамалар арсеналының сюжеттерімен толтырылады. Бұл мағынада бұқаралық сана деструктивті, идеологиялық, конфессиялық және т.б. негіздердегі психологиялық манипуляцияға бейім келеді. Құқық қорғау орындарының кейбір мәліметтеріне қарағанда кино және видеоөнімдердің сюжеттік мазмұны мен қылмыстық істер арасында мағыналық байланыстар бар. «Қаталдық, қасіретнама, агрессия, қылмыс, эротика, зорлық, цинизм, т.с.с. негізгі сюжеттік линиялар пікірлесі барысында кәдуілгі (әсіресе жастардың) санада стереотипке айналып, еліктеудің нәтижесінде шындық өмірге енеді» [7, 56 б.].

Бұқаралық сана деген ұғымның өзі жалпылық, көптік дегенді меңзегеніне қарамастан, жатсыну үрдісі кең белең алады. Бұл адамдар арасындағы жатсынуды тудырып, жалғыздықты көбейтетіндігі анық. Дегенмен бұл жалғыздық өзін-өзі айқындауға негізделген жалғыздық емес, керісінше апаттық, қорқынышты жалғыздық. Басқалар сияқты болмаудың өзі қазіргі заман адамында үрей сезімін тудырады. Демек қалай дегенде де ол барлығы сияқты болуға ұмтыла түседі. Адамдардың назары шығармашылық әрекеттің мазмұнынан және оның абсолюттік құндылығынан тұтыну заты ретіндегі салыстырмалы құндылығына аударылады. Ә. Нысанбаевтың пікірінше, «жеке адам мен қоғамның арасындағы тартысты шешу жеке мен жалпының механизмдерін есепке алуды қамтамасыз ететін азаматтық қоғамды қалыптастыруды білдіреді. Жеке адам өзінің кеудесін тік көтеруі керек, заттар мен нәрселер әлемін құндылықтың ең жоғарғысы деп атамауы тиіс. Әлеуметтік қатынастар мен индивидтердің заттар әлеміне байлануы ақыр соңында адамның деперсонализациясына алып келері анық. Индивид тұлғалық болмыстың өзіндік құндылық ретіндегі мәнін жоғалтатын анонимділіктің түссіз, бедерсіз үстемдігінің объектісіне айналуына жол бермеу керек. Индивид өзін тұлға ретінде, сонымен қатар тұтастықтың мәндік бірлігі дерегінде зерделенеді, қоғамдық өмірдің бастауы екендігін түсіну тиіс: салауатты қоғамды қалыптастыру адамдардың өзіндік дамуына тәуелді екені белгілі» [8, 86 б.]. Әрине, заттар әлемінде адамдық болмысты, өзіндік ерекшелікті сақтап қалу алдыңғы қатарға шығуы тиіс. Дегенмен бұқаралық сананы қалыптастыруда тұтынуға негізделген бұқаралық қоғамның зор ықпал ететіндігі белгілі. Индустриалдықтан кейінгі қоғам тұтынушылық ерекшелігімен бағаланады. Өндіріс пен тұтыну арасындағы тікелей құрылымдық байланыс сақталатын және тұтыну тәсілдері өндіріс тәсілдерімен анықталатын өндіріс қоғамында субъект енжар рецепиент ретінде өндірілген өнімнің енжар тұтынушысына айналады. Дәл осы жағдайлар «бұқаралық қоғамды» – тұтынушылар қоғамын қалыптастырады. Расында, заттық дүниеқұмарлықтан әбден тәуелді адамдар пендешіліктен бой асыра алмай, барлық адамдық, адалдық қасиеттерін ығыстырып қойып, дүние арпалысына көшеді. «Қазіргі әлем өз-өздерінің көшірмелері бола бастаған және өлімнің не екенін білмейтін, инертті, абстрактілі заттардың ғарышына айналды. Шынайылықты жоғалтып және барлық жасандыға айналған заттар мәңгілік сипатқа ие болып, «клондар әлемінің ішіндегі клондарға» айналды» [9, 40]. Сөйтіп, тұтынушылық қатынастар қазіргі қоғамда басты фактор ретінде орнығады. Яғни, қазіргі заманда нарықтық тауарларды, ойын-сауықты тұтыну адамдардың өздерін зат арқылы тануын білдіреді. Тұтыну немесе заттар фетишизациясы тек қана тұтынудың талғамдық және эстетикалық сұраныстарын анықтамайды, сонымен қатар қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік иерархия мен қатынастарды орнатады. Ғ.Ғ. Ақмамбетов тұтынушылық қоғам мен тұтынушылық қатынасты былай сипаттаған еді: «Тұтынушылық қоғамның пайда болуымен бірге, тұтынушылық идеология да өсе түсті. Басқалардың мүдделері ескерілмейтін жеке пайда көру бұл идеологияның ең басты қағидасына айналды. Сондықтан буржуазиялық индивид белгілі бір мұраттарды жүзеге асыруға бағытталмайды, керісінше, материалдылық тәуелділік жүйесіндегі идеалдар «ыңғайлы» немесе «ыңғайлы еместікті» реттеу тәуелділігіне айналатын белгілі бір игіліктерді алуға бағытталған» [3]. Бүгінгі күндегі ұлттық мәдениет туындылары мен құндылықтарын біз тек тұтыну факторы арқылы байқаймыз. Мысалы, ұлттық нақышта жасалған заттарды біз тек

интерьер үшін қажетті сувенир (тіпті бұқаралық тұтынуға арналған кезекті таралым) ретінде танитынымыз тым өкінішті. Бұл заттардың өзіндік шынайы мақсаттылығы мен мәнділігін жоғалтып, симулякрлармен ауыстырылып жатқандығын білдіреді. Заттар не болмаса өз қызметтілігін жоғалтып, белгі қасиетіне ие болады, я болмаса тұтыну контекстіне еніп, аурасын жоғалтады, не болмаса өзін шынайылыққа емес, керісінше абстрактілі саналатын белгілер қатынасына негізделген жүйе шеңберінде тұтынушылық басты фактор ретінде орнығады. Бұл заманауи көрініс туралы Ғ.Ғ. Ақмамбетов: «Қазіргі капиталистік қоғам нәтижесінде тұлғаның адамгершіліксіздігіне алып келетін жалған моральға тартуға кірісті. Капитализмнің адамзат алдындағы ең қорқынышты қылмысы – оның тұлғаны ұсқынсыздандырып, стандарттап, шынайы адамдық қасиеттерінен айыруы. Буржуазиялық идеологияның барлық құралдары – өнерден бастап жарнамаға дейін – және, ең алдымен, болмыстың жағдайларының өзі осы адамгершілікке қарсы мақсатына бағытталуын шарттандырады», – деп жазады. [3, 51-52 бб.]. Қазіргі замандағы бұқаралық сана субъектісінің тұтынушылық таңдауы бұқаралық ақпарат құралдарының делдалдық және тікелей **қатынасы арқылы жүзеге асып отырады. Бұл жолда үлкен қызмет жарнамаға, арнайы** бағдарламаларға және т.б. тапсырылады. Индустриалдық қоғамдағы ойланғысы келмейтін бұқаралық адам таңдау мүмкіншіліктерінің дайын түрде ұсынылғанын қалайды. Дегенмен бүгінгі күнде тұтыну факторлары мен олардың бұқаралық санаға әсерінің екі тенденциясы айқын байқалады (әсіресе ТМД елдерінде). Бір жағынан, жаһандық сипаттағы әлемдік унификацияланған стандартты тұтыну (заттық, экономикалық, рухани және т.б.) бүкіл әлемдік ортақ мәдени кеңістікке ену болса, екінші жағынан, өзіндік ұлттық ерекшелігі мен бірегейлігін қалай дегенде сақтап қалу. Сол сияқты индивидуалдылықтан айырылған адам, тұтынушы саясат саласындағы манипуляция құралына оңай айналады. Экзистенциалдық екіжақтылықтан құтылу үшін адам өзін әлеуметтік ұйымдармен сәйкестендіре отырып, өзінің тұлға екендігін ұмытып кетеді. Сонымен, егер М. Хайдеггердің терминологиясын пайдаланатын болсақ, адам тұлға болудан қалып, белгісіз «ол» (оно)-ға айналады. Ол «жағымсыз экстаз» атанатын күйге түсіп; өзін, өзінің келбетін ұмытады: енді ол тұлға емес, ол тек зат» [10, 310 б.]. Демек, жауапкершіліктен безе отырып, адам жасырынды атомға айналады. Адам алдында үлкен шығармашылық мүмкіндіктер ашатын еркіндік ауыр жауапкершілік жүгімен де жүктеледі. Яғни, қазіргі заман адамы жағымсыз еркіндіктен жағымды еркіндікке (Э. Фромм) өте алмағандықтан жалпы еркіндіктен бас тартуға тырысады. Мұндай еркіндіктен қашу фомаларының бірі көсемге өз өмірін табыстап, оның бағыныштылығына өтуімен сипатталады. Мұндай іс-әрекетте оған «тобырға айналдыруды» билік технологиясы ретінде пайдаланатын саясаткерлер көмек көрсетеді. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады. Жауапкершілігі жоқ адамды еркін, азат деп айтуға болмайды. Демек, ол қандай да бір манипуляция мен басқаруға бейім келеді.

Табиғатынан құл болып табылатындар мәдениетке, өзіндік әрекетке, еркін белсенділікке қабілетсіз болады. Олар біреудің басшылығында болуды қалайды. Американы симуляция мен бұқаралық сананың көрсеткіші ретінде қарастыра отырып, Ж. Бодрийяр былай деп жазады: «Барлығы симуляция арқылы қамтылады. Көркем бейнелер – сурет арқылы, әйелдер – сексуалдық сценарий арқылы, ой – хат арқылы, терроризм – мода мен масс-медиа арқылы, оқиғалар – теледидар арқылы. Заттар осы жалғыз түсініксіз мақсаты үшін өмір сүретіндей көрінеді. Тіпті, мұнда мүмкін бұл әлемнің өзі басқа әлеммен жасалған жарнама шығар деген сауал туындай бастайды» [11, 98 б.].

Жаһанданудың кең таралуына кедергі жасайтын және өзіндік ерекшелігі бар ұлт ретінде танытатын бірден-бір фактор – ұлттық өзіндік сана. Жат қылықты құндылықтар, батыстандыруға негізделген мақсатталған әрекеттер рухани дінгегі әлсіз, ұлттық идеясы жоқ, ұлттық рухы сөнген халықты уландыру қашан да оңай жүзеге асады. Осы жолда бұқаралық мәдениеттің арзан өлшемдері кең пайдаланылады. Бұл жағдайды Н.Д. Сағадиев былай сипаттайды: «Әрине жаһанданудың жағымды жақтарын да ескеруіміз қажет, алайда оның табиғатын түсіндіру барысында жаһандану шекараларының кең ауқымға қанат жаюына мүдделі болып тұрған кейбір саясаткерлер мен кәсіпкерлерді қоғамдағы жалпыадамзаттық құндылықтарды орнату мүдделері емес, керісінше, өздерінің пайдакөздік мүдделері толғандыратындығын мойындауымыз керек. Ал мықты рухани-адамгершіліктік тамырларына сүйенетін кез келген ұлттық мәдениет мұндай пайдакөздік қызығушылықтарды жүзеге асыруда кедергі болатындығы анық. Сондықтан жаһандану үдерісін

жақтаушылар тамыры тереңде жатқан мәдени құндылықтарды қарапайым төмен деңгейге түсіруге тырысады. Тек сонда ғана олар өздерінің космополиттік мақсаттарын еркін іске асыра алады. Ал бұл жолда маңызды рөлді бұқаралық мәдениеттің арзан өнімдері атқарады» [12, 19 б.].

Шындығында, жаһандану толқынында адамның жекелігі, тіпті түгелдей бір ұлттың өзіндік ерекшелігі, даралығы батыстандырудың құралы болып табылатын бұқаралық мәдениеттің ықпалында жойылып кетеді, саясаттың немесе мақсаты бұлыңғыр қоғамның манипуляция объектісіне айналады. Әрине, бүгінгі таңда «Мәңгілік ел» ретінде қалыптасу стратегиясын жүзеге асыру мақсатында біз өзіміздің даму жолымызда батыстық экономикалық, мәдени, кәсіптік және саяси жолдарын негізге алатынымыз сөзсіз, әлемдік стандарт, әлемдік өркениет сияқты ғаламдық өзара әрекеттестік, қарым-қатынас негізінде мәдениеттердің бірі-біріне сіңісуі жүріп отырады, дегенмен «қазақстандық қоғамды түбегейлі өзгерту батыстың модернизациялану мен трансформациялану тәжірибесінен ойсыз көшіру негізінде жүзеге аспауы тиіс. Ол жаһандану кезеңіндегі Қазақстан дамуының нақты-тарихи жағдайлары негізінде жүзеге асуы керек. Сондықтан Қазақстандағы шығармашылық қабілеттерін аша түсетін өзіміздің кеңестік өткеніміздің оңды тұстары мен тарихымыздың дәстүрлі кезеңіндегі құндылықтардың жарамдысын қолдануға болады. Міне, солардың негізінде азаматтық қоғам институттарының консенсусы, қалыптасуы мен дамуы мүмкін» [8, 70 б.].

Бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің шын мәніндегі жаңа тарихы жасалып жатқан кезде, оны жан-жақты пайымдау қажет. Өткен тарихымызға деген шынайы көзқарастар қалыптастырып, оны ғылыми-әдістемелік тұрғыдан тиянақтау уақыт талабынан туып отырған рухани сұраныс. Бұрынғы көшпелі қазақ қоғамындағы рухани-мәдени, саяси құқықтық өмірдің объективті ғылыми бейнесін сомдау атқарылар істің ең бастысы және кезек күттірмес маңыздысы. Яғни, қалыптасқан методологиялық бағыт-бағдарды қайта қарау, елімізде болып жатқан түбірлі саяси-әлеуметтік өзгерістерге сай қоғамдық философиялық ой тарихының белгілі бір бөлігін құрайтын дүниетаным мен құндылықтарды түбегейлі зерттеп-зерделеу аса маңызды болып табылады.

Әдебиеттер

1 Надыров М.К. Социально-философское исследование феномена массовости: дисс... д-ра филос. наук: 09.00.11. – Бишкек, 2004. – 211 с.

2 Исмагамбетова З.Н. Ценностный релятивизм в контексте массовой культуры // Современный человек в поисках души: Материалы межд. науч. конф. – Алматы, 2006. – С. 210-213.

3 Ақмамбетов Ғ.Ғ. Проблемы нравственного развития личности. – Алма-Ата. 1971. – 215 с.

4 Лебон Г. Психология народов и масс. – СПб., 1995. – 232 с.

5 Шиллер Г. Манипуляторы сознанием. – М.: Прогресс, 1980. – 326 с.

6 Қожамберлиев Б. Әпенов Б.М. Ұлттық болмыс сипаттары // Қазақ философиясындағы антропологиялық дискурс және қазіргі заман: Халықаралық ғылыми конфер. материалдары. – Алматы, 2008. – 115-120 бб.

7 Сатершинов Б.М. Қазіргі Қазақстан мәдениеті дамуының негізгі бағдарлары мен қайшылықтары: филос.ғыл.канд.. дисс.: 24.00.01. – Алматы, 2000. – 144 б.

8 Нысанбаев Ә.Н. Егемендікке ие болу мен нығаюы жағдайындағы қоғамдық сананың эволюциясы және жаңа құндылықтық жүйесінің қалыптасуы // Тәуелсіз Қазақстан философиясы: Жиырма томдық. – Астана: Аударма, 2006. – 20 т. – 61-96 бб.

9 Бодрийяр Ж. Пароли. От фрагмента к фрагменту / пер.с франц. Н. Суслова. – Екатеринбург, 2006. – 200 с.

10 Фромм Э. Анатомия человеческой деструктивности. – М.: ООО «Издательство АСТ-ЛТД», 1998. – 672 с.

11 Бодрийяр Ж. Америка / пер.с.франц. Д. Калугина. – СПб., 2000. – 204 с.

12 Сагадиев Н.Д. Спасательный круг в потоке глобализации, или Массовая культура и национальная идея // Мысль. – 2006. – №3. – С. 19-23.

References

1 Nadyrov MK Socialno-philosophckoe issledovanie fenomena massowosti: diss... d-ra philos. nauk: 09.00.11. – Bishkek, 2004. – 211 s.

2 Ismagambetova Z.N. Cennostnyi relativism v kontekste massowoi cultury // Sovremennyi shelovek v poiskah dushi: Materialy mezhd. naush. conf. – Almaty, 2006. – S. 210-213.

3 Akmambetov G.G. Problemy nravstvennogo razvitia lishnosni. – Alma- Ata, 1971. – 215 s.

4 Lebon G. Psychologia narodov i mass. – Spb., 1995. – 232 s.
5 Schiller G. Manipulatory soznaniem. – M.: Progress, 1980. – 326 s.
6 Kozhamberliev B., Apenov B.M. Ulttyk bolmys sipattary // Kazak filosofiyasyndagy antropologiyalyk discurs zhane қazirgi zaman: Halykaralyk gylymi conf. materialdary. – Almaty, 2008. – 115-120 bb.
7 Satershinov B.M. Kazirgi Kazakhstan madenieti damuynyn negizgi bagdarlary zhane kayshylyktary: filos. gyl. kand. diss.: 24.00.01. – Almaty, 2000. – 144 b.
8 Nysanbaev A.N. Egemendikke ie Bolu men nygayuy zhagdayyndagy kogamdyk sananyn evolyutsiyasy zhane Zhana kundylyktyk zhүyesinin kalyptasuy // Tauelsiz Kazakhstan filosofiyasy: Zhiyrma tomdyk. – Astana Audarma 2006. – 20 tom. – 61-96 bb.
9 Jean Bodriyar. Paroli. Ot fragmenta k fragmentu / per.s.frants. N. Suslova. - Ekaterinburg, 2006. – 200 s.
10 Fromm E. Anatomiya shelovesheskoi destructivnosti. – M.: OOO «Izdatelstvo AST–LTD», 1998. – 672.
11 Jean Bodriyar. America / per.s.frants. D. Kalugina. – St. Petersburg., 2000. – 204 s.
12 Sagadiyev N.D. Spasatelnyi krug v potoke globalisazii, ili Massoviya kultura I nazinalnaiya ideiya // Mysl. – 2006. – № 3. – S. 19-23.

Раев Д.С.

Қазақ би-шешендері: «ел бірлігі» тұғырнамасының теориялық-әдіснамалық негіздері

Аталмыш мақалада қазақ би-шешендерінің «ел бірлігі» концепциясының теориялық-әдіснамалық негіздеріне әлеуметтік-саяси философия тұрғысынан герменевтикалық талдау жасауға қадам жасалынады. Мақалада қазақ би-шешендері сүреттеген қазақ қоғамындағы әлеумет бірлігіне қатысты ой-толғамдарының онтогендік, социогендік, этногендік, геогендік, экогендік және т.б. тамырлары теориялық-әдіснамалық тұрғыдан ғылыми талдау объектісіне айналады. Әлеуметтік бірлік феноменінің қоғамдық, мемлекеттік, өңірлік, аймақтық, халықаралық, жаһандық маңызы айқындалады.

Түйін сөздер: ел бірлігі, онтогенез, этногенез, теориялық-әдіснамалық, метатеориялық негіздер, коммуникация, онтроптық бастама, онтоорта, этноәлеуметтік ұстанымдар, геогенез.

Raev D.S.

Kazakh bey-orators: theoretical-methodological foundations of the «unity of the people» conception

This article analyzes theoretical and methodological concept of ‘unity of the people’ of Kazakh eloquent people hermeneutically on the basis of socio-political philosophy. The ideas of ontogenetic, sociogenetic, ethogenetic, geogenetic, ecogenetic and other basis which has been described in social unity of Kazakh society of eloquent people turns to the objects of and methodological analyses in the article . The importance of social, state, regional, international and global phenomenon of social unity will be determined.

Key words: unity of the people, ontogenesis, ethogenesis, metatheoretical elements, anthropic beginning, anthropic enwironment (surroundings) ethnosocial position, geogenesis.

Раев Д.С.

Казахские бии-ораторы: теоретико-методологические основы концепии «народное единство»

В данной статье проводится герменевтический анализ теоретико-методологических основ концепции казахских биев-ораторов «ел бірлігі» («народное единство») с позиций социально-политической философии. В статье предпринимается попытка дать онтогенетический, социогенетический, этногенетический, геогенетический, экогенетический анализ основ с теоретико-методологических позиций, имеющих отношение к социальному единству казахского общества. Определяется общественное, государственное, региональное, международное, глобальное значение феномена социального единства.

Ключевые слова: народное единство, онтогенез, этногенез, теоретико-методологические, метатеоретические основы, коммуникация, онтропные начала, онтосреда, этносоциальные принципы, геогенез.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 32

Раев Д.С.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: Raev_53@mail.ru

ҚАЗАҚ БИ-ШЕШЕНДЕРІ: «ЕЛ БІРЛІГІ» ТҰҒЫРНАМАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ең алдымен, бұл мәселенің бүгінгі күні өзектілігі төңірегіндегі мәселеге тоқталатын болсақ, оны бірнеше факторлармен негіздеуге болады. Қазақстанның өз тәуелсіздігін алғаннан бергі кезеңде Елбасының ресми және бейресми мінберлерден сөйлеген сөздерінде, әр жылғы Халыққа Жолдауларында елдің бірлігі мәселесінің доминанттық статусқа ие болуы аталмыш тақырыптың өзектілігін сабақтай түседі. Мәселен Ел Президенті қазан айының басында Тараз қаласында, Қазақ халқының 550 жылдығына арналған монументтің ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде: «Тарихымызға үңілетін болсақ, халқымыздың тарихы бірлікке негізделген»[1], – деген тұжырым жасаса, енді бірде: «Қазақ басын қосып, біріккен кезде ешбір жауға берілмеген, жеңіп шығып отырған. Қазақ ыдырап, жан-жаққа бөлініп кеткен кезде, жау келіп басып алған»[1], – дей келіп, «Осы тәлімді біз ешуақытта естен шығармауымыз керек. Бірлігімізді ұстауымыз қажет»[1], – деп үндеу тастайды. Шындығында бұл жағдаят «әлеуметтік бірлік» категориясының қоғамдық, мемлекеттік, аймақтық, халықаралық, жаһандық, жалпы адамзаттық дәрежеде маңызының өсуін білдірсе керек. Осыдан келіп шығатын тағы бір мәселе – бүгінгі қоғамда әлеуметтік бірліктің әлсіреу тенденциясының қалыптасуы. Әлеумет бірлігі мен тұтастығы жаһандық мультиөзекті мәселені құрап, қазіргі заманның мегатрендіне айналды деуге негіз бар. Демек, қоғам мен мемлекет шеңберінде әлеуметтік бірлікке деген эмпирикалық сұраныс бар. Осыдан мәселенің теориялық-әдіснамалық тұрғыдан зерттелу қажеттігі туындайды.

Қоғамның қазіргі әлеуметтік санагерлік болмысындағы универсальды ұғымдар мен прагматикалық ұғымдар арасындағы қайшылықтар әлеуметтік бірлік категориясының шынайы болмысын түсінуге көлеңке түсіреді. Қоғамдағы прагматикалық санада әлеуметтік бірлік категориясы тұрғысындағы әмбебап-константтық түсінікті халық жадында қалыптастыру қыйындайды. Сондықтан әлеуметтік бірлік ұғымы халық санасында жалпыадамзаттық онтостық құндылық ретінде қалыптасудан көрі, фрагментарлы, эпизоттық, жағдаяттық сипат алу дәстүрі қалыптасып, топтық, страттық, өңірлік, аймақтық және т.б. мүдделер экзистенциясына айналғандық басым десек қателеспейміз. Міне, осы бір қоғамдық прагматикалық

тұтынушылық «әлеуметтік дағды» аталмыш мәселенің іргелі рухани құндылық ретінде халық санасына сіңірілуіне қыйындықтар туғызады.

Бұл феномен жөнінде қазақ халқының дәстүрлі әлеуметтік санасында қалыптасқан этномәдениет, метатеориялық семантикамен қазіргі дәуірдегі заманауи тағылымдары, ғылыми теориялық ұстындар арасындағы тарихи-логикалық сабақтастықтың үзілуі мәселенің өзектілігін айқындай түседі. Өйткені, қазақ даласында көнеден қалыптасып шыңдалған әлеуметтік бірлік жөніндегі өсиетнама мен тәжірибе-тарихнама аса маңызды әлеуметтік құбылыс ретінде кешенді зерттелмеуі себеп. Мәселен, Сейдімбек Ақселеу «… көшпелілер қоғамындағы адам сапасының тарихи-әлеуметтік сыр-себебі қоғамдық тетігі арнайы зерттеудің объектісі болған емес» [2, 117 б.], – деп көрсетеді Бұл дәлелдерден шын мәнісінде қазақ қауымындағы қоғамдық сананың тарихи-этикалық болмысы – сыры, оның әлеуметтік татулық тұрғысындағы имманентті көздері ғылыми да, эмпирикалық жағынан да арнайы зерттелмегендігін байқаймыз.

Мәселенің өзектілігі қазақ менталитетіндегі әлеуметтік бірлік тұрғысындағы рухани құндылықтардың мемлекеттік дәрежедегі әлеуметтік-саяси мәртебесі мен маңызын теориялық-әдіснамалық тұрғыдан ашып көрсету қажеттігінің пайда болуымен байланыстырылады. Осы орайда бүгінгі Қазақстан халқының әлеуметтік мінез-құлқын бірлікке қарай тәрбиелеуде ұлтымыздың дәстүрлі төл қағидаларын қалай кәдеге жарату керек, әлеуметтік бірлікті қамтамасыз етуге ықпалын тигізетін адамдардың өзара қарым-қатынас эталоны не болады және олар қандай бастау көздерге негізделуі тиіс дейтін сұрақтар тұрады. Сол бір әлеумет тұтастығына қатысты ментальдық мәдениет көзін ұлтымыздың шешендік өнерінен іздеу мақсаты көзделеді. Ондағы сүбелі ойларды әлеуметтік бірлік феномені тұрғысынан теориялық-әдіснамалық талдама жасап, дәстүрлі мұраттар мен құндылықтарды ғылыми айналымға енгізу мақсаты көзделеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ендігі жерде креативті идеология тұрғысынан қазақтың би-шешендерінің әлеуметтік татулық философиясы хақындағы дүниетанымдық ұстанымдарын танып, зерттеу қажет деп есептейміз. Дала шешендік өнерінде қазақ елінің әлеуметтік өмірінің біртұтастығын нығайтып, дамудың ұйытқысы болатын рухани ұстанымдар молынан жатыр. Елдің ұлттық әлеуметтік мәдениетіндегі азаматтық бірлікті ту еткен гуманистік ұстанымдардың қоғамдық қатынастағы біртекті сыйласымды әлеуметтік мінез жүйесін, әлеуметтік үйлесімділікті қалыптастыруда атқарар рөлі зор.

Міне, осыны ескере отырып, аталмыш мақалада қазақ жұртының ұлттық ішкі татулығына алтын қазық болып, елдің этноәлеуметтік мінез-құлқының құрылымы мен құраушы этносына айналған, дала демосфендерінің ақылының төрінен орын алған, ой жүйесінің мәйегі болған, сөйлегенде тілінің ұшында болғанметатеориялық рухани құндылықтарға, ұстанымдарға бүгінгі зайырлы теориялық-әдіснамалық модель тұрғысынан кейбір герменевтикалық талдама жасауға қадам жасалады.

Біріншіден, әлеуметтік бірлік ұғымы жалпы ейкумендік тұрғыдан алғанда онтогенездік феномен деп есептейміз. Бұл орайда бірнеше дәлелдерді келтіруге болады.

Оған дәлел, адам – әлеуметтік жаратылыс. Адамға жаратылысынан бірігіп өмір сүру қасиеті тән. Классикалық көзқарасқа зер салсақ,Карл Ясперс: «Адам бар жерде ғана тарих бар», –дей келіп, «… егер дүниежүзілік тарихтың бастау көзі бар болатын болса, онда ол тек эмпирикалық құбылыс болуы тиіс және барлық халықтарға ортақ болуы тиіс», – десе, енді бірде: «Тарих – ол жекелеген адамдардың табанды да тұрақты алға қарай жылжуы»[3, 117 б.], – деп көрсетеді. Қазақтың рухани мәдениетінде: «Жалғыздық Аллаға жарасқан», – деген мәтел сөз, «Ер елінде көгерер», «Ер жігіт өзі үшін туады, елі үшін өледі», «Жалғыз ағаш орман болмас, жалғыз адам қорған болмас», «...Ел ауырын ер көтереді», «Ер – елдің ық жағының қаласы, жел жағының панасы», «Ханның ісі қараға түседі... Халық қаласа хан түйесін сояды» (Балпық би), – деп келетін мақалдар мен шешендік шиырдан құралған нақыл қалған. Бұл келтірілген нақыл сөздер адам тек әлеуметтік ортада дүниеге келеді және тек сол ортада ғана қозғалысқа түсіп, өмір сүреді әрі осы ортада өмірден өтеді. Мұнда адам болмысы әлеуметтік орта үшін онтологиялық мән ретінде қарастырылады. Әлеуметтік орта әлеуметтік субъектісіз болуы мүмкін емес, яғни адамның өзінде онто-әлеуметтік қасиет болады дейтін идея жатыр. Қазақтың әлеуметтік санасында: «Тіршілігіңде ең кем дегенде төрт адаммен сыйлас», – деген онтогенездік пастулат орныққан. Мұның ішкі логиасын ашатын болсақ, өлгенде сен көрге өзің домалап түспейсің, сенің дененді жер бесіктің төрт құлағынан ұстап қабырға көтеріп апаратын төрт жанашырың

болуы керек дегенге меңзейді. Ал бұның астарындакем дегенде сол төртеумен тіршілігіңде ауызбіршілікте бол дейтін насихат жатыр. Бұл жерде адамның ішкі мәніндегі онто-қасиет оның әлеуметтік болмысына қатысты болмақ деген ой жатыр. Себебі адамдағы социоонтос оны әлеуметтің психофизикалық субстраты ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Міне, осының өзі метатеориялық әрі әдіснамалық тұғырнама десек артық айтпағандық.

Осыдан туындайтын тағы бір онтогенездік дәлелдемелік нұсқа – ол әлеуметтік жаратылысқа тән интеграциялық центризм **универсумы. Ин**трцентризм – адамзатының физикалық және рухани болмысына тән интенсиялық құбылыс. Оны «У ішсең руыңмен», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар», «Адамның күні адаммен», – деп келетін халық нақылдары анық көрсетеді. Олай болса, адамдар арасындағы коммуникация – ең алдымен адам болмысының құрылымдық компоненті, сонан соң әлеуметтік тұтастықтың универсальды шарты деген идея сүлесі. Коммуникациядан тыс адам бостандығының болуы, екінші сөзбен айтқанда, қарым-қатынассыз еркіндік болуы мүмкін емес. Міне, осындай теориялық пайымдауларды негізге ала отырып, қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың да Батыстық үлгіге ұқсамайтын өзінше этникалық үрдістерінің болғандығын айтуға болады. Қоғамдағы вертикалдық әлеуметтік қатынас хан мен қараша, күңге дейінгі аралықтағы қатынас тізбегін құрайды. Біздің пікірімізше, әлеуметтік маңызы зор және әлі ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде зерттеле қоймаған мәселенің бірі – қазақ қоғамындағы әлеуметтік коммуникацияның горизонтальды түрі. Бұл қатынастарды жүзаралық қатынас, руаралық қатынас және туысқанаралық қатынас деп бөлуге болады. Біздің пікірімізше туыстық-қандастық (генологиялық) қатынас қазақ ұлты үшін жалпы және кең ұғым әрі бұл қатынас қоғам өміріндегі ең бір ірі әлеуметтік үрдіс. Осы гендік тұтастыққа негізделген коммуникация қазақ үшін онтостық бастама деп айтуға болады. «Қарға тамырлы қазақ» дейтін сөз тіркесінің әлеуметтік коммуникациялық мәні сонда болса керек. Мысалы, «Кеңесің барда кең толға», «Көппен көрген ұлы той», «Ағаштан ағаш рең алады, адамнан адам тәлім алады», «Асың барда ел таны беріп жүріп, атың барда жер таны желіп жүріп», «Ат берсең аумағыңмен ақылдас, қыз берсең аймағыңмен ақылдас», – деген мақал-мәтелдер оған дәлел болады. Олай болса қазақ үшін әлеуметтік коммуникация – өмір сүру шарты.

Сондай-ақ, әлеуметтік коммуникация – қазақ халқы үшін моральдық-этиалық онто-болмыс. Мысалы, осы орайда «Алыстағы туыстан, жақындағы көрші артық», – деген мақалдың коммуникативтік мәніне үңілетін болсақ, мұнда көрші әр адамның әлеуметтік коммуникациялық кеңістігінің бірі дейтін және көрші әлеуметтің ынтымақ-бірлікте өмір сүруінің отбасылық қатынастан кейінгі субдеңгейін білдіреді деген идея жатыр. Осыған байланысты тағы бір ой – ол қазақ өркениетіндегі әлеуметтік коммуникацияға қатысты діни-этикалық онтостық құбылыс. Мысалы, «көрші ақысы – тәңір ақысы», демек, көршімен дұрыс қарым-қатынаста болу діни таным бойынша мұсылманға тән шартты құбылыс. Көршімен тату болу – әр пенденің Алла алдындағы парызы болып саналады. Діни көзқараста: «О дүниеге барғанда көршіңмен қалай тұрдың деген сұрақ болады. Сонда көрші сені жақсы десе жақсы боласың, ал сені жаман десе жаман боласың», – деген түсінік бар. Көршімен оң қарым-қатынаста болу діни коммуникация бойынша әр адамның онтоболмысы деп айтуға негіз бар. Осыдан «Елді жамандама, жүретұғын жерің», «Көпті жамандама көмусіз қаласың», – деген тағлымдық ұстаным қалған. Алдыңғысы «елді» адамның коммуникативтік онтоортасы ретінде анықтап тұрса, кейінгісі «көпті» адамның коммуникативтік мәдениетінің өлшемі ретінде көрсетеді. Мысалы «Домбырам әнге келмес бұрамаса, кім білер кімнің жайын сұрамаса», – деген қазақ мақалы осының дәлелі. Бұлар бер жағында әлеуметтік коммуникацияға, әргі жағында әлеуметтік бірлікке қызмет жасап тұратын ұлттық онтогендік теориялық парадигма деп айтуға болады.

Ал «Ұлы жақсымен ауылдас болсаң, ұлың жақсы, қызы жақсымен ауылдас болсаң, қызың жақсы», – деген мақалдан әлеуметтік коммуникацияның тиімді прагматикасын аңғаруға болады. Қазақтың дала өркениеті әлеуметтік қарым-қатынастың тәрбиелік қызметін алға тартады. Қазақ үшін әлеуметтік коммуникация адам тәрбиелеу этосы. Осыдан ел арасында «Үй сатып алма, көрші сатып ал», – дейтін ұстаным қалған. Бала тәрбиесінің дұрыс болуы үшін жақсымен жақындасуға, қарым-қатынас жасауға ынталы болған.

Тағы бір дәлел, бірлік – ол әлеуметтің бар болу кеңістігі. Олай болса, адамзатының бар болу контексіндегі бірлік феномені қазақ үшін тіршілік ету, өмір сүрудің онтоэтосы болып табылады. Мысалы, қазақтың «Бірлік бар жерде тірлік бар», – деген мақалы соның кепілі.

Демек «бірлік» қазақ үшін тіршілік тынысы әрі адамзаттың бар болу өлшемі, кепілдемесі. «Бірлік» қазақ мәдениетінде әлеуметтің бар болу онтосубстанциясы. Қазақ өркениетінде «Береке қайда барасың – бірлікке барамын», «Ырыс алды – ынтымақ», – дейтін акмәөлшемдік ұстаным қалыптасқан. Бірлік бар болса, береке болмақ, соның нәтижесінде адамзаттың бар болуы қамтамасыз етіледі идеяны аңғару қиын емес. Береке, байлық, жақсы тұрмыс, әлеумет әлеуеті бірлікке тәуелдендіріледі. Бұл қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық концепцияны білдірсе керек. Елдің материалдық жетілу әлеуеті бірлікке бағынышты дейтін танымдық тұғырнаманы айқын көреміз. Бірлік – елде материалдық базаның қалыптасу өлшемі әрі шарты. Сонымен бірге Елбасының Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған Астанадағы салтанатты жиналысында сөйлеген сөзіне құлақ түрсек: «Бірлігі жарасқанда даңқы асып, билікке таласқанда берекесі қашқан» [4], – дегенді аңғарамыз. Ал әлеумет бірлігі жоқ жерде – кез келген әлеуметтік бүтіннің болуы мүмкін емес. Ол – аксиома. Осыдан қазақтың «Бақыт – бақыт емес, бірлік – бақыт», – деген абсолютті акмәұстанымы келіп шығады. Бұл әл-Фариден бері келе жатқан «Бақытты қоғам» концепциясының логикалық жалғасын білдіреді. Бірлік – бақыттың кілті болмақ. Демек, бақыт қазақ халқы үшін басты онтологиялық бастама, акмәжетістік. Олай болса, онтостық тұрғыдан алғанда «бірлік» ұғымы адам үшін әрі объективті-әлеуметтік, әрі субъективті-әлеуметтік әлем, адамның интерсубъективті айналым ортасы. Ал «бақыт» – субъектінің семиотикалық қалпы.

Келесі дәлел бірлік ұғымының этногендік тамырының бар екендігін байқауға болады. Әйтеке бидің сөзімен айтқанда: «Адам бірге туыспау керек, бірге туысқан соң сөз қуыспау керек», – дейтін қазақта осыған байланысты мықты ұстаным бар. Мұнда қазақ үшін «бірге туысу» – ол ұлт білігі мен тұтастығының рухани жалауы, философия тілімен айтқанда, этонтоғыстырушы бастама. Қазақтың әлеуметтік мәдениетінде туыстық жақындық әлеуметтік байланыс пен бірліктің онтогендік тірегі. Туыстық қатынас, бір жағынан, қазақтың бар болуының тек тамыры, екінші жағынан, әлеуметтік бірліктің болмыстық бітімінің көріну формасы. Туыстық жақындық қазақ жұрты үшін әлеуметтік бірлікті сақтаудың темір қазығы, онтосферасы деп нақ айтуға болады. Осыған Бәйдібек бидің: «...Бәріміздің түбіміз бір емес пе? ...Одандағы ынтымақ, бірлік, достық, сыйластықты сақтайық та!» дей келіп, «Тірлік басқа болса да, тілек бір, бармақ басқа болса да, білек бір», – деп айтылатын шешендік нақыл сөздерін дәлелге тартуға болады. Бәйдібек бидің «...Бәріміздің түбіміз бір емес пе?» деген постулаты этноонтостың біреу екендігіне сілтеме жасайды. Ал «...Одандағы ынтымақ, бірлік, достық, сыйластықты сақтайық та!» дегені алдыңғы айтқанына меңзей отырып, бірлікте болудың болмыстық негізі болады дейтін идеяға жетелейді. Демек, «ынтымақ», «достық», «сыйластық» адам эгосының әрі рухани даму аландарын анықтаса, әрі бірліктің семиотикалық көзі болатындығын, әлеуметтік бірлікке қол жеткізу құралдары болуынан хабар береді.«Тірлік басқа болса да, тілек бір, бармақ басқа болса да, білек бір», – дегенге мазмұндық талдау жасасақ, «тілек бір», «білек бір» ұғымдары әлеуметтік қатынастағы инстанция мен дистанцияны меңзей отырып, елді әлеуметтік бірлікке қарай ойыстырудың этногендік жүйені меңзейді. Төле бидің: «Ала көз болу ағайын адамға лайық па?», – деп келетін шешендік нақылынан да сол сияқты ойды аңғару қиын емес. Төле бидің «ағайын адам» ұғымы әлеуметтік ортадағы туыстық қатынастың мықты болуын шегелейді. Ағайындық, біріншіден, адамның субкеңістіктік-уақыттық өмір сүру жағдайы және ментальдық кеңістігі. Екіншіден, ағайындық – адамның әлеуметтік мәртебесін көрсетіп, әлеуметтік бірлікке қатысты жауапкершілікті жүктейді. Үшіншіден, ағайындық – бірліктің этногендік әлеуетін айқындайды. Мұнда «ағайындық» әр адам үшін этно-эго, ал ол әлеуметтік бірлікті сақтауда онто-эго болуы керек дейтін идея бар деп айтуға болады. Олай болса, мұның астарында ағайындыққа негізделген бірлік антроптық құбылыс дейтін ой жатқандығын айту лазым. Міне, осыдан қазақта «Абысын тату болса, ас көп, ағайын тату болса, ат көп», – деген нақыл сөз қалған.

Осыған байланысты шешендік өнердің әлеуметтік бірлік тұрғысынан идеялық қорды еселей түсетін тұстары – ол туыстық-қандастық әлеуметтік жүйедегі әр топтың, әр буынның бір-біріне генеологиялық байланысын қазақы менталитетке сай ерекше құндылық жүйесін құру арқылы берілуі. Ол ерекшелік туыстық байланыстың адамзатына тегінен «кім жақын?», «не қымбат?» деген сияқты тек вертикальды байланысты күшейте түсетін категориялар арқылы бейнелей берілуінде деп есептейміз. Мәселен, Қазыбек би осы сұрақтарға былайша жауап береді: «Тату болса, ағайын жақын, ақылшы болса, апайың жақын.Бауырмал болса, інің

жақын. Алдыңа тартқан адал асың, қимас жақын – қарындасың. Сыбайлас болса, нағашың жақын. Адал болса, досың жақын, еркелейтін немерең жақын.Өз ұрпағың – шөберең жақын. Жан серігің жас кезіңнен, бәрінеңде әйелің жақын». Әрі қарай осы пікірді Қабан би: «Сүйеуші болса, нағашың жақын. Өз ұрпағың – немерең жақын. Сүт иіс – шөберең жақын», – деп жалғастырады. Бұл ой толғам қазақ нақылдарында «кісіге туыс жақын» деген пікірмен қорытындыланады. Міне бұл дала сөзмерлерінің өз әлеуметтік бірлік идеясын «кім жақын» концепті аясында қарастырудың әдіснамалық тұғырнамасын мойындатады. Мұнда да жоғарыда айтылған қазақ әлеуметіне жарасты бірлік феноменінің іске асырылу логикасындағы иерархиялық инстанция жүйесі және әрбір әлеуметтік страттың бірлікке қатысты мәртебесі мен функционалдық қызметінің ментальдық тізбегі айдан анық байқалады. Осының өзі қазақ даласындағы әлеуметтік бірлік жүйесінің этногендік акмэлогиясын аңғартады.

Қазақ шешендері азаматтық татулық пен әлеуметтік бірлікті қамтамасыз етудің келесі нұсқасын, бұл тіршілікте адамзат араласы үшін «не қымбат?» деген рухани құндылықпен дәнекерлеген концептсферадан байқаймыз. Мәселен, Қазыбек би: «Құт берекең – атаң қымбат, аймалайтын анаң қымбат, мейірімді апаң қымбат, асқар тауың – әкең қымбат,өзің сүйген жар қымбат», – дей келіп, соңында: «Туып-өскен елің қымбат», – деген шешендік жолдармен толғайды. Қазыбек бидің шешендік толғауынан әлеуметтік жақындық иерархиясының этно-онтостық қисынын байқай отырып, әлеуметтік бірлікке қызмет ететін «қымбат» ұғымының онто-этногендік статусқа көтерілгенін көреміз. Соңында ол туыстық бірліктің елдің тұтастығы үшін қажет екенін ескертеді. Ал, Қабан би: «Әлпештеген анаң қымбат, еркелеген балаң қымбат, жақсы дос, жарың қымбат», – деп жырласа, соңында: «Бәрінен де ұят пен арың қымбат», – деп ой толғайды. Мұнда да сол логика бар, сонымен бірге Қабан би этноәлеуметтік татулықты «ұят» пен «ар» акмэөлшемге бағындырады. Бірлік – ұят пен ардың ажары, ал бірлік болмаса – оларға нұқсан. Бұл – қазақтың рухани мәдениетіндегі әлеуметтік бірлікке қатысты метатеориялық әдіснама тұғыры. Айтылған ойлардың тұжырымын Шоқан би өзінің шешендік арнау сөзінде: «… дүниеде туысқан қымбат, туысқан намысын қуысқан қымбат!», – деп береді. Міне, бұл қазақтың әлеуметтік бірлікке байланысты этногендік метатеориясының шыңы деуге болады. Олай болса, қазақтың дәстүрлі қоғамындағы әлеуметтік бірлік тұтқасы – адам айналасындағы туған-туыстың, елдің, достың, ар мен ұяттың «қымбат» сөзімен белгіленген рухани феномені. Адамдардың осы категорияларының бір-біріне деген ерекше жақындық энергетикасы бұл тұста әлеуметтік бірлік дәнекері қызметін атқарып тұр деуге болады. Осы айтылғандардан дәстүрлі қазақ қоғамындағы туыстық ұстанымға негізделетін әлеуметтік қатынастың ерекше тұғырнамалық моделін айқын көре аламыз. Бұл – дала әлеуметінің ынтымақтастық пен тұтастықта болуының онтогенездік тамыры. Біздің пікірімізше, міне сол бір кеңінен ойлап, пішетін кемеңгерлік туыстық байланыс әлеуметтік бірліктің тұрақты субстанциясы болған десек қателеспейміз.

Екіншіден, қазақ даласындағы әлеуметтік бірлікке метатеориялық негіз болатын құбылыс – ол қазақтың дәстүрлі қоғамындағы экожүйе мен әлеуметтік жүйенің онтогенездік байланысы туралы тұғырнамалық түсінік. Оған мысал: «Құлы ғой, табиғаттың – жаратылыс, еріксіз бағынады оған тұрмыс, – дейтін ұстанымы немесе «Елдің көркін көрсеткен – көшіп қонған даласы» (Бөкен би), «… кендігімді ұлан далама тапсырдым» (Шоқан би), «Қара жерге халық ие ...» (Айтуар би), – деген шешендік нақыл сөздер. Көшпелі қазақ қоғамының өмір салты, тіршілік көзі өздері ғұмыр кешкен даласымен тамырлас екендігін мойындағандықты білдіреді. Осының өзі ел бірлігіне базалық субстанция болған деп теориялық-әдіснамалық болжам жасауға болады. Мұның мәніне үңілсек, оның себебі адамзаттың сол кездегі әлеуметтік-экономикалық даму қуаты тек байтақ далаға байланысты болды, ал далада жалпы игілік атаулыны тек қана малдың тұяғымен жасауға болатын еді. Олай болса, қазақ малының ыңғайымен, малы табиғаттың ыңғайымен қозғалды. Демек, адам өмірі деген ұғым оған онтостық бастама болған негіз қос шарттылықты қамтитындығын байқаймыз. Бірі – адамның бар болуы болса, екіншісі – оның тіршілік экоортасы. Осыдан адам – тек экоортаға келуге мәжбүр болатын және оны жамылып өтетін жаратылыс деген теориялық-әдіснамалық тұжырым жасауға болады. Осы орайда «Ырысқа қарай ел өсер, қонысқа қарай мал өсер», – дейтін ұстаным болды.

Бұдан туындайтын алғашқы түйін – ол осы бір экожүйемен тамырластық біртекті шаруашылыққа негіз болумен бірге әлеумет тоғыстырушы, әлеуметтік қатынас тұтастығын қамтамасыз етуші феномен қызметін атқарып

тұрғандығы. Егер тұрмыс табиғатқа бағынса, ал қазақ жұртының тұтастығы, оның біртекті тұрмыс-тіршілігіне тәуелді болып тұрған. Құдайберген Жұбановтың «мал басын бірігіп қорғау» қазақ халқының ең негізгі, ең басты шаруасы деуінің құпиясы осында болар. Сол бір табиғаттың сүрең құбылыстарынан да, көшпелі малшаруашылығынан да туындаған қиындықтардың ортақ болуы, онымен жұмыла жүріп күресу, одан бірлесе жүріп жол табу, мал басын табиғи апаттардан бірігіп қорғау қазақ әлеуметін ынтымақта болуға интермелеген фактор болды десек қателеспейміз. Сондықтан, біздің пікірімізше, дала кеңістігі қазақ қауымы үшін тек тіршілік тірегі ғана болып қалған жоқ, сонымен бірге әлеуметтік бірлігі болмысын қалыптастыруға әдіснамалық негіз болды. Осыдан қазақ әулетін бірлікке жұмылдыратын «жерді жамандама, кіретін көрің», – дейтін онто-эгологиялық уникум түсінік қалыптасты.

Осыдан қазақ әлеуметінің бірлігінің теориялық-әдіснамалық негізіне қатысты туындайтын екінші бір ой-түйін – ол сол бір кең байтақ даламен, көшпелі өмір-салтымен, малмен біте қайнасқан руханилық бітімінен қазақ шешендерінің өрбіткен көзқарасы мен наным-сенімдерінің өзекті постулаттарының негізінде адам баласының табиғатпен тіл табысу идеясының көтерілуі. Көшпелі қазақ үшін табиғатты бағындыру емес, табиғатпен тіл табысу өмір сүрудің бірден-бір басты кепілі болды. Осы орайда, «айтқан сөзі – құрған қақпандай» болған деген ұлттық әлеуметтік нормаға сүйенсек, Майқы бидің: «Бұлт қайда орнаса, береке сонда шөгеді», «Ел сүйгендей досың болсын, жер сүйгендей қосың болсын», – деген шешендік мақалдар дала ділмарларының табиғатпен тіл табысудың өнегелік жолын сілтеп, метатеориялық көзқарасты аңғартады. Асан қайғы шешеннің поэтикалық шумақтарындағы афоризмдерінен экожүйенің ыңғайына жүгіне келе, табиғатпен тіл табыса отырып, өмір сүру ұстанымын мынадан байқауға болады: «Көлде жүрген қоңыр қаз, қыр қадірін не білсін! Қырда жүрген дуадақ, су қадірін не білсін! Көшіп-қонып көрмеген, Жер қадірін не білсін!». Сонымен бірге, «Қара жерді жамандама, кіретұғын көріңді» – дейтін шешендік өсиет сөздерде туған табиғатты сүйе біл, сыйлап, құрметтей біл дейтін насихат бар. Осы айтылғандарды қазақ даласында әлеуметтік иерархияның әртүрлі сатыларында тұрған топтардың өзара азаматтық татулығымен әлеуметтік бірлік, үйлесімділігі тұрғысынан қарастыруға болады. Бұл тұстағы ұлттық әлеуметтік әдіснама не дейтін болсақ, сөз қадірі арқылы өз қадірін өлшеген қазақ елі өзін бүкіл табиғат әлемінің құрамдас бөлігі екенін мойындап, бүкіл макроәлем мен микроәлемнің тұтастығын әлеуметтік бірлік пен тұтастық бастамасы деп есептелген. Сол әлемдік тұтастықтың кепілі – әлеуметтік бірлік деп мойындалған. Оның бұзылуы үлкен қасірет деп есептеліп, оны сақтаудың кілті адамзат татулығында, бірлігінде, ынтымағында деп білген. Бұған Арыстан бидің Бәйдібек биге білдірген: «...Жер нәсібі – ел нәсібі, ел нәсібі – ер нәсібі. Жер мен малдың кіндігі бір деген. Ары тұр демей-ақ қояйын. Жер менікі емес, құдайдікі. Құдайдың жері бәрімізге жетеді. Еркін жайлап, қыстап шығыңдар», – дейтін шешендік уәжі кепіл болады.

Сондықтан шешендік сөз өнеріндегі адам мен табиғат, табиғат пен мал арасындағы өзара сабақтастық байланысты көрсету үрдісі әлеуметтің татулығы, бірлігі, ынтымағын ұйымдастырушы, реттеуші әлеуметтік күш ретіндегі әлеуметтік қағида деңгейіне немесе әлеуметтік-теориялық әдіснама тұғырына көтерілген. Ұлы Дала, қуаң табиғат, көшпелі өмір сол бір қазақ маңдайына жазылған соң, дала ділмарлары сол жағдайға көндігудің бірден-бір кепілі – адамдар бірін-бірі жатсынбай, біріне-бірі арқа сүйеп қана өмір сүру қажет деген идеяны меңзейді. Бұл қажеттілікті терең сезінген шешендер «ексең емерсің» деген принципті тіршіліктің тірегі етіп бекіткендей болады. Олай болса, шешендердің айтпағы – әлемдік үйлесімділік сақталуы үшін адам мен табиғат және адам мен адам арасындағы татулық пен бірлік, ынтымақ сақталуы керек дейтін ой. Міне, бұл қазақ қоғамындағы азаматтық татулық пен әлеуметтік тұтастықтың орнығу механизмін көрсетудің бір сүлесі деп айтар едік.

Үшіншіден, дала қоғамындағы әлеуметтік бірлік тұтастығына негіз болатын онтологиялық бастаманың бірі – жарық дүниеге, адамзаттың бұл дүниедегі жалған өміріне және о дүниеге деген ерекше танымы деп айтуға болады. Қазақ шешендері жарық дүние – «адам ғұмыры», бұл дүние, о дүние деген сияқты рухани құндылықтарды тілге тиек ете отырып халықты азаматтық татулыққа шақырады.

Осы тұрғыдан алғанда қазақ шешендерінің қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтарды, әсіресе бай мен кедейді, жарлы, жалшыны, малай мен күңді өзара тату тұруға, әлеуметтік бірлікке шақырған рухани қаһармандығын айтуға болады. Олар көшпенді қазақ қауымы

арасындағы әлеуметтік қатынаста экономикалық кіріптарлықта ұстау принциптерінен көрі, қазақ даласындағы дәстүрлі қоғамға тән ішкі этникалық бірлігінің бастамалары болып табылатын рухани-имандылық бастамаларды бірінші орынға қойған. Оған, Әйтеке бидің:

Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін,
Бай болып пайдаң тимесе...
Жұрттан ала бөтен үйің күйсін, -

дегені, Бұхар бидің: «Қу таяқты кедейге, мал бітпейді демеңіз. Жарлы байға теңеліп, жарыса қонбас демеңіз», – деген шешендік толғаулары дәлел болады.

Мұнда қазақ би-шешендері әлеуметтік бірлік теориясын, ең алдымен адам бостандығы мен кісілік қасиеттердің ара-қатынас логикасына бағындырады. Яғни, еркіндік индивидтердің эгоистік, пендешілік әрекеттерін шектеуге бағытталуы тиіс. Бұл концепцияның көріну формасын дала ділмарларының әлсізге медет, күштіге айбар, зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу, асқанға тосқауыл болу позицияларынан байқауға болады. Мәселен, Балпық би: «Қу таяқты кедейге дәулет бітпес деме, бақ пен дәулет басымнан кетпес деме», – десе, Досбол шешен: «Дүниедегі жанды-жансыз заттардың пірсізі болмайды, бәрінің де өз пірлері болады. Солардың ішінде, жарлының пірі – қалтаң ата», – деп келтіреді. Қазыбек би: «Елім өссін десең өршіл болма, өскеніңді өшіресің» – десе, Тайкелтір шешен: «Өгізді өлеңге байладық, өрлікті төменге байладық», – деп толғайды. Осылайша шешендер еркіндікке кісілікті өлшем етіп, адам іс-әрекеті мен мінезін шектеуші қоғамдық императивті қалыптастырады. Мұндай әлеуметтік сананың әлеуметті біріктіруші күш болатынын Қазыбек бидің мына айтқанынан көруге болады: «Арға мінажат етілсе, барға қанағат етілсе, әуелінде ынтымақ, ортасында береке, артында шүкірлік тұрмас па».

Осы орайда Бөлтірік шешен: «Бәрінен жолдас-жорамен, ағайын-туысыңмен, ел-жұртыңмен сіз-біз десіп, сүрген өмірге не жетсін», Қабан би:

Ай, мұсылман, жарандар,
Малыңнан зекет беріңіз.
Бірлігін халықтың біліңіз, – дей келіп,

Аз өмірдің ішінде, тату бол да тәтті бол, - деген бәтуалы сөз айтады. Олай болса, Төле бидің сөзімен айтқанда, «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек», – деген тұжырымға келеміз. Жоғарыда келтірілген мысалдар тізбегі қазақ би-шешендерінің бұл дүниедегі тіршілік сипаты о дүниедегі трансценденттік әлемдегі алатын орнының өлшемі болатындығын ескерте келіп, ол бұл дүниелік әлеуметтік болмыстағы қоғамдық қатынас тұтастығына онтологиялық бастама болатындығы жөнінде идея көтереді.

Қорыта келгенде, қазақ қауымының бір-бірімен азаматтық татулық пен әлеуметтік бірлікте тұруының басты тұтқасы ретінде ортақ құндылықты алға тартады. Ол «жарық дүние» – бүкіл адамзатқа ортақ кеңістік. Осыдан шешен-билер барлықадамға сыйласу – ортақ міндет, ортақ құндылық дегенге келтіреді. Демек, олар қауымдастықтағы азаматтық татулықты, әлеумет тұтастығы мен бірлігін, қоғам тұрақтылығын қамтамасыз етудің басты тұтқалары деңгейіне көтере білді.

Би-шешендер адамзаттың дүниеге келуі мен дүниеден кету жолының бір екендігін мойындай отырып та адам мен әлеуметтік ортаның онтостық байланысын анықтаған. Осы арқылы адамзат баласын әлеуметтік бірлікке, азаматтық ынтымақ пен татулыққа шақырады. Осы орайда би-шешендер: «Тірлігіңде құс төсекте жатсаң да, өлсең орның – қара жер» (Балпық би), «Жан денеге қонақ, тіршілікте еткен жақсылық – бұл өмірден өткенде өзіңмен кетер сол-ақ» (Досбол шешен), «Бай болып ешкім жаппас жердің жүзін» (Балпық би), «Адамға дос бола ма жиған мүлік» (Итеш шешен), – деп толғайды. Сондықтан, әр жеке адам болмысы жалпы бүкіладамзаттың әлеуметтік болмыс кеңістігін құрайтындығын, әлеуметтік жүйенің тағдыры адам болмысына тәуелді болатындығын дәлелдеп отыр. Демек адамсыз әлеумет, әлеуметсіз адам болмайды дейтін онтологиялық парадигма туындайды. Адам мен әлеумет – бір-біріне онтостық бастама. Әлеуметтік орта адам үшін – онтоорта, онтокеңістік. Міне, бұл да әлеуметтік бірлік мәселесінің теориялық-әдістемелік тұғырнамасының бір қырын көрсетпек.

Әдебиеттер

1 Елбасының Тараз қаласында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған монументтің ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі. Тараз. 02.10.2015.//Егемен Қазақстан. – 09.10.2015. – №193.

2 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.
3 Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М.: Политиздат, 1991. – 527 с.
4 ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған салтанатты жиналысында сөйлеген сөзі. Астана. 12.09.2015.// Егемен Қазақстан. – 12.09. 2015. – №174.

References

1 Elbasinin Taraz kalasinda Kazakh khandiginin 550 jildigina arnalgan monumenttin ashilu rasiminde soilegen sozi. Taraz. 02.10.2015 // Egemen Kazakhstan. – 09.10.2015. – №193.
2 Seidimbek A. Kazakh alemi. – Almaty: Sanat, 1997. – P. 464.
3 Jaspers K. Smisl i naznachenie istorii. – M.: Politicdat, 1991. – P. 527.
4 KR Presidenti N. Nazarbaevtin Kazakh khandiginin 550 jildigina arnalgan saltanatti jinalisinda soilegen sozi. Astana. 12.09.2015.// Egemen Kazakhstan. – 12.09. 2015. – №174.

Қазақ қауымының бір-бірімен азаматтық татулық пен әлеуметтік бірлікте тұруының басты тұтқасы ретінде ортақ құндылықты алға тартады. Ол «жарық дүние» – бүкіл адамзатқа ортақ кеңістік. Осыдан шешен-билер барлықадамға сыйласу – ортақ міндет, ортақ құндылық дегенге келтіреді. Демек, олар қауымдастықтағы азаматтық татулықты, әлеумет тұтастығы мен бірлігін, қоғам тұрақтылығын қамтамасыз етудің басты тұтқалары деңгейіне көтере білді.

Раев Д.С.

Тәттібек Н.М.

Жаһандану және заманауи мәдени кеңістіктегі құндылықтар өзгерісі

Мақалада жаһандану аясындағы Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени шынайылығы мен құндылықтар жүйесі дәстүр мен жаңашылдық тікетіресі сипатында байыпталады. Кез келген халықтың болашағы мен мүмкіндіктері оның өткен тарихын еңсеруімен тікелей байланысты. Заманауи жаһандану жағдайында мәдени тұтастық пен бірегейлікті сақтау мәселесі өзекті және өтімді бағытқа айналуда. Қазақстанның дамуы қазақ мәдениетінің рухани қайнарлары мен тарихын зерделемей, кешенді түрде зерттемей жүзеге асуы мүмкін емес.

Түйін сөздер: жаһандану, мәдениет, адам, құндылықтар, трансформация, Қазақстан қоғамы.

Tattibek N.M.

Globalization and the transformation of values in the contemporary cultural space

The article discusses the need for a holistic study of the socio-cultural reality and values of Kazakh society in the context of globalization, due to opposition of traditional and modern values. In the history of any nation in the comprehension of the past and lay the foundation of the future development prospects. In today's globalization occurs and strengthens the position that considers the preservation of cultural identity, identity as the highest expression of civilization. The development of modern Kazakhstan is impossible without studying the history and culture of the people, without understanding the origins of ethnic development, priority spiritual, moral values of Kazakh culture.

Key words: globalization, culture, people, values, transformation, Kazakh society.

Таттибек Н.М.

Глобализация и трансформация ценностей в современном культурном пространстве

В статье рассматривается необходимость целостного изучения социокультурной действительности и системы ценностей казахстанского общества в условиях глобализации, обусловленных противостоянием традиционной и современной системой ценностей. В истории любого народа в осмыслении прошлого закладывается основа и перспективы развития будущего. В условиях современной глобализации возникает и укрепляется позиция, которая рассматривает сохранение культурного своеобразия, идентичности как высшее проявление цивилизации. Развитие современного Казахстана не возможно без изучения истории и культуры народа, без понимания истоков этнического развития, приоритетных духовных, нравственных ценностей казахской культуры.

Ключевые слова: глобализация, культура, человек, ценности, трансформация, казахстанское общество.

© 2015 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 130.2(574)

Тәттібек Н.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: nurgultattibek78@mail.ru

ЖАҺАНДАНУ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӨЗГЕРІСІ

1991 жылы Қазақстан Республикасы егеменді мемлекет ретінде тәуелсіздігін бүкіл әлемге жария еткеніне біршама жылдың жүзі өтті. Кеңестік-тоталитарлы режимнен кейінгі еліміздің тәуелсіздігімен келген және мемлекет пен халық таңдаған негізгі құндылықтар еркіндік пен ашықтық, демократиялық-либералдық сипат алды. Қазақтың бағзы замандардан бойына сіңіріп келген қонақжайлылық, еркіндікке құштарлығы, батырлығы мен дана қасиеттері – тәуелсіздіктің қиын-қыстау кезеңдерінде айқын көрінісін тапты және ол – қазақтың тарих сахнасындағы алғашқы таңдауы емес-ті. Сондықтан да, Қазақстан Республикасы жаңа дәуірді басынан кешіруде бейбітшілік пен келісімді орнату мақсатында 1991 жылдың 29 тамызында ядролық қарудан және қаруланудан бас тартты. Бұл тәуелсіздікпен келген үлкен жетістіктердің бірі ғана болса, ядролық қарусыздану еліміздің жаһандық жетістіктерінің бірі және жаңа республиканың әділ қадамын әлем мемлекеттері мойындады. Мұндай батыл шешім мен қадам қазіргі таңдағы дүниежүзілік ядролық клубқа енетін мемлекеттерге көрсетілген үлгілі іс болды және 29 тамыз бүкіләлемдік ядролық қарусыздану күні ретінде халықаралық деңгейде қабылданды. Қазақстан тәуелсіздік іргесін қалаған күндерден әлемді үнқатысу мен бірігуге, өзара болысу мен демеуге шақырып келеді. Көнеден рухани тамырынан қол үзбеген дәстүрлі қоғамымыз жаңа әлемдегі жаңғыру үдерісін сәтті де, тиімді игеру үстінде. Әйтсекте, елдігімізді қалауда қоғамда орын алып жатырған көкейтесті мәселелер баршылық және олардың бірін жаһандану аясындағы адам құндылықтарының трансформациясы, құнсыздануы, құбылмалы күй кешуі, шекаралық өлшемдерден тым өтіп кетушілік болып отыр.

Түрлі тарихи және саяси ықпалдар мен себептер нәтижесінде бірнеше ұлттар мен ұлыстар ХХ ғасырда қазақ топырағына жер аударылған болатын. Сол кездегі кеңестік интернационалистік саясаттың ықпалымен имигранттар қазақ жерінде мәдени интеграцияның құрамдас бөлігіне айналды және оны сол кезең саясаты мен идеологиясы күштеп ендірді. Уақыттық және стихиялы үдерістердің нәтижесінде мәдени диффузионизм көрініс тапты және ұлттық болмысымызға, тәуелсіздігімізге, әділдікке деген халық құштарлығы әрдайым

толастамады. Қазіргі Қазақстан Республикасы Конституциясында азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтары, мүмкіндіктері тең дәрежеде қабылданды және үдеріс демократиялық-либералдық жолмен жүзеге асуда. Сондықтан да, мемлекетіміздің кеңестік-атеистік режимнен кейінгі ашықтық, демократиялық саясаты елімізде діни-мәдени әралуандылық мен көпқырлы рухани құндылықтар жүйесін қалыптастыруда. Бұл кез келген ашық қоғам құрғысы келген мемлекеттің алдында тұрған ұстындарының бірі екені тарихи үдерістерден белгілі. Бірақ жергілікті дәстүрдің тарихи тамыры мен мәдени мұрасы, генетикалық кодын жойып жіберу немесе құрдымға жіберу мүм-кін емес. Сондықтан да болар қазіргі ұлт зиялыларының ұлттық бірегейлік мәселесін жиі-жиі қозғап, мемлекеттік деңгейде көтерулері кездейсоқ құбылыс емес.

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халықтары ассамблеясы құрылды. Қазіргі Қазақстанда 140 этнос өкілдері мен 17 конфессия қатар бейбіт өмір сүріп жатыр деп айтып жүрміз. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім, әлем мәдениеттері мен діндерінің үндесуі Қазақстанның әлемдік деңгейдегі үлгісі ретінде танылды. Қазақстан мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысудың халықаралық орталығына айналды және оған дәлел ең алғаш рет Әлемдік және дәстүрлі діндердің төрт съезі елімізде өткені белгілі. Соңғы съезд жұмысында ел Президенті: «Адамзаттың жаһандық тарихында Бейбітшілік пен Келісімнен өткен құндылықтар болған емес. Мен полимәдениеттілік, этностық және діни саналуандық – ол қоғам үшін қатер емес, орасан артықшылық деп есептеймін», – деп ерекше атап өтті [1]. Мемлекеттік деңгейдегі өткен аталмыш шаралардың барлығы еліміздің идеологиялық іргетасына айналып, қоғамдық санада ұлттық құндылықтардың бағдарларын айқындауда. Мемлекеттік саясаттан аңғарғанымыздай қазіргі еліміз жағдайындағы азаматтарымыздың құндылықтар жүйесі де әралуан. Бұл біздің артықшылығымыз ба, әлде кемшілігіміз бе деген сұрақ қою орынсыз да болар, өйткені XXI ғасыр өзінің қарқынды жаһандық үдерісі мен коммуникациялық технологияларымен әралуан құндылықтар жүйесін некелестіруде.

